Ғалым
МАЛДЫБАЕВ



ЖЫРЛАР...
ЖЫЛДАР...





Ақын Ғалым Малдыбаев
1928 ж. Қызылжар.

Ғалым МАЛДЫБАЕВ

ЖЫРЛАР...
ЖЫЛДАР...

Ғалым Малдыбаевтың
шығармалары мен ақын жайында
жазылған естеліктер.

Петропавл қаласы
2012 ж.

УДК 810.115.2(28)
ББК 81.1 рус.
Г 33

ISBN 978-601-7247-29-1

***Шығырушы:* Ғалым Малдыбаевтың балалары.**

Жырлар... жылдар...

Бұл жинаққа ақын, жазушы, журналист, қоғам қайраткері Ғ. Малдыбаевтың әр жылдары қалам тербеген таңдаулы жыр жолдарының топтамасы енді. Сонымен қатар тарихи сырға толы суреттерді көріп, Ғалекең жайында жазылған естелік әңгімелерді оқи аласыздар.

Кітап ақынның туғанына 110 жыл толу құрметіне арналды.

47430


Жинақты баспаға әзірлеген Шашубай Малдыбаев


Петропавл қаласы
«Северный Казахстан» баспасы
2012 ж.

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск

Артымда қалса ән - жырым,
Өлсемдағы жоқ арман.
Ұмытпа, мені, тірімін,
Өлеңім белгі қалдырған!

Ғалым





Уа, гүл далам, тамшыдай-ақ жемісің,
Мен де өз дәнің, әнді өзіңе арнадым.
Ескі өмір мен жаңа заман бейнесін
Қарт зергердей өлеңіммен жалғадым.

Ешқашан мен ұмытпадым өткенді,
Ұзақ кештім терең, тайыз өткелді:
Жыр жазғанда ақын жаным елжіреп,
Ұрпақтарын, келешегін ескерді.

Келешекке қарадым зор сеніммен,
Бірге болдым қашан да мен еліммен.
Өз халқыма, өз еліме аянбай
Қызмет қып, төктім маңдай терін мен.

Мен де елімнің тынымсыз бір ұлымын,
Сол ел үшін бар тілегім, ұғымым.
Көркейе бер, гүлдене бер әрдайым
О, қадірлі менің алтын тұғырым.

Тірлік - қонақ кімдер мәңгі тұрмақшы,
Ажал бір күн мені де алып ұрмақшы.
Өтей алса өз борышын жырларым,
Шіркін көңіл зор қанағат қылмақшы.

Аяулы елім, маған қалам алдырған,
Ұлым, қызым, келешек жас балдырған,
Бәйтеректің басындағы ұядай
Ескерткішім осы менің қалдырған.

ОҚЫ, ОҚЫ ЖӘНЕ ОҚЫ

Оқы, оқы және оқы -
Ғасыр сөзі тарихта.
Ұрпақтардың шын досы,
Шығады бұл сөз жарыққа.

Бар бала, ұл-қыз оқуға,
Келдің бүгін, қарағым.
Өмірге үлес қосуға
Құтты болсын қадамың.

Толқынындай теңіздің
Ағылдың бүгін білімге.
Сендер нұры өмірдің,
Қуанышы көңілдің,
Ие болдың сенімге.

Отанымның ұрпағы,
Жеткіншегім өренім,
Сенсің ән мен жыр сәні
Сендер үшін өлеңім.

БАЛҒА - ОРАҚ

Алтын күннің нұрын берген,
Жер жүзіне Балға-Орақ.
Теңсіздерді шын теңгерген.
Балға-Орағым жалғыз-ақ.

Балға-Орағым балқытады,
Қатып қалған шеменді.
Көгендегі ағытады
Көгендеулі көп ерді.

Қызыл туды біз қорғаймыз,
Біз қорғаймыз жалшы тап.
Қызыл тумен біз жеңеміз.
Қызыл туда Балға-Орақ.



МОСКВА

Сәлем саған, Москва, кең даладан,
Ақ сақалды, ақ шашты ата-анадан.
Туған елдің жыр-күйін алып келдік.
Қойныңды аш, сыйға тартам бүгін саған.

Өзің көр, өзің айтшы артық, кемін,
Әр сөзің маған қуат берер сепің.
Қазақтың өнеріне назарың сал.
Ән шырқап алдарында тербелемін.

Москва — Отан төрі, өмір төрі,
Қуантты ұлы қала жылы лебі.
Қалықтап қазақ, әні аспанында,
Қойыны домбырамен күмбірледі.

ЖҮКШІНІҢ ЖЫРЫ

Түркістан - Сібір жолында
Он жыл жұмыс істедім
Жүктің кілті қолымда,
Еңбек болды күткенім.

Кешегі бейбіт күндерде,
Арттым астық кенімді.
Талай айсыз түндерде,
Жолға шықтым сенімді.

Бұрынғыдан өзгеше,
Кенет жүгім көбейді,
Вагондарды кернесе,
«Мынауың артық демейді,

Ауылдан келді әскерге,
Арнап тондар тігілген.
Бірге келді будалар,
Азық-түлік киіммен.

Вагоным менің вагоным,
Білек жүктің мәнісін.
Азынаған паровоз,
Үдей берсін шабысың.

Мезгілінде біз жетсек.
Бермес жауға намысын.
Дүние жүзі естісін,
Біздің ердің дабысын

Бар керегі ерлердің,
Өз елімнен табылсын.
Екі талай кезеңде,
Халқым токті бар күшін.

Қылышын сүйреп қыс келед.
Ақтайлақты аязбен.

Боран қонып, түстенеді
Мұз боп қатар алған дем.

Шықса, ерлер тон киіп,
Жалынар аяз бет сүйіп,
Фашистермен айқасса,
Жіберсін атын үйіріп.

Таз тырнадай жарбаңдап,
Тасбақадай тарбаңдап.
Фашистердің солдаты,
Жатсын жайрап күйініп.

Күшке біткен жауырным,
Бұрқат күштің дауылын,
Көтер жүкті, тез көтер,
Әкеле бер ауылым.

Керек затын бауырдың.
Кезің осы жөнелтер,
Армияның көп жүгін,
Тез артайын — вагонге,
Тарт майданға дүлдүлім,
Ерлеріме сәлем де.

МЕНІҢ КҮНІМ

Жұмысшы, сенсің күнім жарқыраған,
Қолыңда болат балғаң жалтылдаған.
Шаңырқап, таңдай кеуіп шөлдегенде.
Күшіңнен бұлақ ағып, шөлім қанған.

Мен-дағы сен гүлденсең гүлденемін,
Құлдырап күннен-жүнге түрленемін.
Қайғырсаң, қапалансаң ортақ болам,
Қуансаң сенен бұрын мен күлемін.

Сенімен жаратылыс жасым құрдас,
Сен досым, жалғаны жоқ жаным сырлас.
Мұңымды, сыр, жырымды саған айтам.
Ақтармай ойдағымды көңлім тынбас.

Ақырын жас қаламым аяңдаса,
Басқадай желіп кетпей баяуласа.
Қызыл тіл, кешең шыққан, кінә сенде
Сияға қағаз беті боялмаса

Бәрі де сол күнәмнің заманыма
Өткен күн сендей маған қарады ма.
Бағыма әділ сыншы сендер өстің
Сына, үйрет, көмектес, талабыма.

КЕЛ, ТУЫСҚАН!

Москвадан келді ыстық леп,
-Тыңға жастар барады, - деп.
Қазақстан даласына,
Колхоз, совхоз арасына.

Жайды құшақ, байтақ дала,
Қуанышта ата-ана.
Тың далаға келді жолдас,
Өз баламыз — лениншіл жас.

Құс ұшпаған, құйын жүрген,
Құлан жортпас, құла түзден.
Құлады егін, тасыды дән,
Жырладым мен шырқадым ән.

Кел туысқан, кел достар,
Басшымыз бар бізді қостар.
Адам атын шықтың ақтап,
Ер намысын қалдың сақтап.

МАЙ СУРЕТІ

Әлемнің шебер ұстасы,
Күннің де нұры тоғілді.
Тағдырдың тұтас тұтқасы,
Жер де маймен көңілді.

Күннің ұста болғаны.
Бар ғылымға берді жан.
Тұтқа боп жердің тұрғаны,
Адамға ана — қорек, нан.

Өліп, тәнін басқан сыз
Тірілді қайнап құмырсқа
Кіріскенін байқаңыз,
Өзінше о да жұмысқа,

Болмаған бірі өткен қыс,
Сыланды көлде аққу, қаз.
Дала, өзенде мың сан құс;
Жеткенін жырлар жәйлі жаз.

Тасыған өзен ашусыз,
Сабасына келіпті.
Сан түбірде қатқан мұз
От жаққандай еріпті,

Жер денесі балбырап,
Бусанып, балқып, терлеген,
Бұлақтар таудан жамырап,
Жарыса өзенге өрлеген,

Бақша, тоғай, ормандар,
Жарған жасыл жапырағын.
Бауырында сайрап бұлбұлдар,
Емізген киік лағын

Дала жасыл жамылды,
Кілем бе, әлде көрпе ме?

Алыппен адам ағылды,
Егіске ерте, кеште де.

Дала көркем егінмен,
Көтерілген тыңдағы.
Далаға күй боп төгілген.
Дән-әннің де ырғағы,

Тыңдағы елдің ұл қызы,
Тауды арқалап, қырға асқан.
Бұлар да қиял жұлдызы,
Жазсаң ғажап мың дастан.

Май десе күнді сеземін,
Күн десе, бақыт көремін.
Жаз десе гүлді теремін,
Осы ғой, өмір, керегің?



ӨЛКЕНІҢ ӨРКЕНІ

Көктен бұлт, орманнан күртік көшіп,
«Біз кеттік, хош-аман бол, елім» десіп.
Жайраңдап жас балдай еркелейді,
Жып-жылы жан тербеткен самал есіп.

Ғаламға құшағын кең ашады күн,
Шұғыласын бар жәндікке шашады күл.
Түсіріп қызыл күрең шымылдығын,
Арудай отауына жатады күн.

Жарындай жерді сүйіп, атады таң,
Орнынан түлік өріп, басар маң-маң.
Боз торғай көк жүзінде жырлап-жырлап
Асыр сап, ойнап, бүлер тоғайда аң.

Жап-жасыл орман, таудың жапырағы,
Ішіне барсаң, сені жасырады.
Бірі әнші, бірі күйші сансыз бұлбұл,
Бірінен бірі үнін асырады.

Аппақ сел, күркіреген өзен тасып,
Түбінен төбе, жардың аттап асып.
Көк сеңнің керуені ағыл-тегіл,
Ашумен бұрқан-талқан өтті ұласып.

Кең дала — қызу еңбек қазынасы,
Егін боп елдің ерлік қағидасы.
Дарынды дауылпаздар орнегіне
Бөленген колхоз, совхоз жазирасы.

Кенелген дәулетіне табиғаттың,
Қуаты бейне тасқын адамзаттың.
Аударып қырда тыңды, ойда шымды,
Толқып жүр теңізінде бақыт шақтың

АҚ ТЕҢІЗ

Арқаның ақ теңізі толқып жатқан,
Ақ бидай желімен ойнап қанат қаққан.
Сұлу қыз, әсем жігіт бәрі сонда,
Егінге еңбегімен ән шырқатқан.

Ақ теңіз — алтын кірпік дәнді аймақ,
Сұлудай бұлтаңдайсың судыр ойнап.
Жырымды, жүрегімді жетелейсің,
Ойымда өлең мен жыр жатыр қайнап.

Қозалы, күрең шашақ қызыл бидай,
Кетуге қызығыңды тұрмын қимай.
Айқасқан алқаптарың көкжиекке,
Кетерсің қызылдаса жерге сыймай.

Арқаның мен жырлаймын ақ теңізін,
Ырысқа, нұрға толы алтын күзін.
Күркіреп комбайндар күй шерткенде,
Әлдилеп тербеткендей жердің жүзін.

Соңынан комбайнның келем еріп,
Қарқыны мол қимылын қызық көріп.
Майысып сары сабақ тербеледі,
Тұрғандай «кел, деп,— досым, кеуде керіп».

Нұрланып күн нұрымен мол денесі,
Кірді, әне, ақ теңізге қыр кемесі.
Ауырды алып, қиынды жеңіп шығу
Ежелден біздің елдің өнегесі.

Ән мен күй толқындаған, дала сайран,
Жастардың көңілі шат, жүзі жайраң.
Шалқыған ақ теңіздің қойынында,
Топ жазбай комбайндар қанат жайған.

Ақ теңіз — ата қоныс мекеніміз,
Еңбектің ырысын теріп өтеміз біз,
Алдағы мақсат еткен нысанаға
Топ жазбай бір кісідей жетеміз біз.

41430

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск

ТҮРКІСТАН ҚЫЗЫ

Түркістан даласынан үн келеді,
Үнменен бірге қызыл күн келеді,
Қыз екен күн дегенім егін еккен,
Қыз жүрсе дала жайнап, гүлденеді.

Тау жарып күркірейді тракторы,
Жер тілер ұстарадай соқа тілі.
Сеялка тұқым сепсе таза сортты,
Аймалап, беттен сүйер күннің нұры.

Бозғыл бел, қара мақпал арқаларды,
Шарлады аспанның жас қалқалары.
Үн қосып бозторғайдың дауысына
Сұлу қыз рульдегі ән салады.

Даланың мінген ару бұғысына,
Көз салған батысы мен шығысына.
Аулымды жер жүзіне танытам деп,
Туған қыз Түркістанның ырысына.

Түркістан жері асыл алтын аймақ,
Қызу еңбек думаны алған жайлап,
Басқа елде мұндай қызды көргенім жоқ,
Тебініп темір тұлпар мінген сайлап.

Іске сәт, жолың болсын, қарындасым,
Толқындай төңкеріп өт жер құйқасын.
Егісте еткен ерен еңбегіңмен,
Күшейтіп тұрғандайсың жыр ұйқасын.

Қарағым қарақат көз қазақ қызы,
Туысым, жарқыраған жер жұлдызы.
Тиеді төбем көкке көрген сайын,
Шыққанда алтын себе жазғытұры.

ТРАКТОРШЫ ҚАРЫНДАСҚА

Жүрекке жылы,
Көктемнің күні,
Жайқалар гүлі,
Әр жыл сайын тағы да,
Ормандай жайнап,
Бұлбұлдай сайрап,
Еңбегі қайнап,
Өмірдің қонар бағына
Табиғат байып,
Құшағын жайып,
Мейірің қанып,
Ойлар туар басыңнан.
Құз қойының жылытып,
Тың сауырын жыртып,
Дөңнің белін қырқып,
Теңерсің бозды жасылға.
Құлазып ұзақ,
Жатқан топырақ,
Жусан мен құрақ,
Жан кіріп ол да оянар.
Басталды ұлы іс,
Орнады құрылыс
Қаптады тың күш
Жастар жоқ бұдан жан аяр.
Арқаның бойын
Жайықтың ойын,
Алатау қойнын
Сайрандап жатыр трактор.
Далаға сыймай,
Жайқалды бидай,
Қараймын қимай,
Мықты болсаң жинап көр.

Айтуға сәнді.
Осы бір әнді,
Тербетер жанды
Қарындас саған арнадым.
Қосылып саған,
Жырлауға барам,
Ақын ағам,
Келер деп мені күт, жаным!

КОМБАЙНШЫ ЖЫРЫ

Совхозымның егіні мол шалқыған,
Араласам денем майдай балқыған.
Түлкі іздеген сонардағы аңшыдай
Жүре берем қалың десте артынан.
Десте-десте
Егін кесте,
Басшы көшке
комбайн.
Көп комбайн тұлпардай жер тарпыған,
Көп комбайн сұңқардай бұлтта қалқыған.
Ақ теңіздің аршындаған кемесі
Ақ бидайды сабағынан арыған.
Дала дарқан,
Тасыды дән,
Шырқалды ән,
Әр дайым.
Дала үніне мен де қосам әнімді,
Кемем кешер бұлттар менен сағымды.
Күн нұр шашты, ай алқасын төседі,
Қарсы алдым мен дән тойымен таңымды.
Таңым — жарқын,
Саған халқым,
Құюға алтын,
Самғайын.
Күркіреген күнге күшім теңелген,
Дауылға да, бұршаққа да бөгелмен.
Түйір бидай қымбат тамшы қанымдай,
Отан, сенің сарайыңа төгем мен.
Жедел басып,
Келем тасып,
Күндей ашық.
Маңдайым.

АЯЗ АТА ТЫҢ ТӨРІНДЕ

Түн ортасы тыңды аралап жүр едік,
Қалың қарды сырғышпенен күредік
Бір мезгілде аспан беті ашылды,
Бұлт тарқады тұрған көптен түнеріп

Трактордың шамынан нұр төгілді,
Тракторшы күлімдейді көңілді,
Жаңа жылдың сәт сағаты соққанда
Аяз-ата тың төрінен көрінді.

Аяз-ата тыңда шалқып сөйледі,
Сақалының әрбір талы биледі.
Тұңғыш рет тыңға келген қария
Жалқауларды сөзіменен түйреді.

Жаңа жердің жаңа елдің кемі көп,
Кемшілікті түзететін сендер тек.
Ұлы - қызы Отанымның бас қосып,
Тың тағдырын шешіп жатыр жүйелеп.

Күні-түні тыңның жырын жырлаңдар,
Тайталасып, тақыстықпен тұрмаңдар.
Партияға берген антты ұмытпа
Тың жұмысын аяқтамай тынбаңдар.

КОМБАЙН

Алқа төс, алып құлаш, қамал қойын,
Кең кеуде, қабырғалы, сала мойын.
Елпілдек екпіндеген елеуішті
Тор көзді, бөгіре бас тұла бойын.

Қайнатқан жүрегіңді жалынды шоқ,
Денеңде қан жүрмеген бір мүшең жоқ
Тісіңнің тегеуіріні тас кескендей,
Көзің бар толған айдай дөп-дөңгелек.

Дейтіндейсің «Егінді өзім шабам,
Дән салып, қап толтырып, сабан қағам.
Берік ұста тізгінімді ертеңді — кеш
Жалықпай пайдаға асыр, еңбекші адам!»

ЖҮГЕРІ

О, жүгері, жүгері,
Арқаға да келдің бе?
Қуанды елдің жүрегі,
Қуандым мен де көрдім де.

Салалы сабақ сәулетті,
Жаяудың биік бойынан.
Желегіңді жел тербетті,
Тердім меруерт қойыңнан.

Арқаның ару қызындай,
Бұлаңдайсың жүгері.
Құрақтарың қырындап.
Желге еркелей біледі.

Қабат-қабат көйлегің,
Судырайды жібектей.
Зор қуаныш келгенің
Біз бағамыз жүдетпей.

ТАРТУ

Басталды бір ұлы той,
Алатаудың бауырында.
Тойға барсаң атқа мін.
Той Жамбылдың аулында.

Балуан күрес, ат шабыс,
Жер қайысқан қалың жан.
Дауысынан тойшының,
Алатау, аспан жаңғырған.

Мауыты шапан кең қолтық,
Ұя борік ақсақал.
Күрең жорға мінгені,
Бокен санды, бұйра жал.

Ақсақалдың қасында,
Той тойлаған топты жан,
Бір жағында тау жара —
Ақындары ән салған.

Домбыра, қобыз құйқылжып,
Алатаудан асады.
Жорға мінген ақсақал,
Күркіреп әнге басады.

Сияқтанды көп халық
Тауға біткен қалың ну.
Осы нудың ішінен,
Көзге түсті бір сұлу.

Сұңғақ бойлы, қара көз,
Ақша беті алмадай.
Жібек мінез, бал тілді,
Шымыр дене балғадай.

Қыз құшақтап келеді
Үлкен қызыл кілемді.
Кілемді жайып салғанда,
Орман, тауға түр енді.



Ұшар шетте самолет,
Көкті жарып барады.
Қуатты біздің Армия,
Зеңбірек — қару-жарағы.

Оған жақын колхозшы,
Егін салған, мал баққан.
Комбайн мен трактор
Ен далаға шам жаққан.

Бір жағында темір жол —
Теңіз, тау, завод шахталар,
Даланың көркін кілемге,
Түсірген түгел жас қыздар.

Толқындаған көп халық,
Ынтамен көрді кілемді.
Сол кезде топ ішінен,
Құлаққа жайлы үн келді.

Терең ойлы сұлу қыз,
Сөз ағытты маржандай,
Тыңдай қалды жұрт үнсіз
Аузынан бал тамғандай.

-Алатаудың қызы едім,
Жібек кілем тоқыған.
Гүлден еңбек еткелі,
Үш жыл болды осыған.

Шыққан күні ұлы заң,
Қолға алып ек кілемді.
Заңмен бірге жүрекке,
Шеберлікпен нұр енді.

Көп қыздардың бірі едім,
Өмірге құмар жүрегім.
Қарт жыраудың тойына
Тартуым бұл кілемім.

КҮЗДЕ

Шаңқай түсте ұзақ күз
Күні сүйген бетінен
Құшағын жайды әсем түз
Жарқырап айна секілді.

Шымши келіп боз қырау,
Түңде жерге төнеді.
Кешегі жасыл бақша-бау,
Бүгін құстай түледі.

Жерді ұялтып ертемен
Терлетеді күн көзі.
Мен де кезем ертемен,
Қызық қой ақын мінезі...

Барады ұзап қырманнан,
Тонналаған дән артып.
Машиналар зулаған,
Элеваторға жол тартып.

МҰЗ ЖАРҒЫШ

Уа дүние! Тағы да бір селт ет, қара,
Туды әне, ғаламат күш мұзды жара.
Асқақтап мұхиттардың төбесінен
Көрінді ол бар ғаламға дербес, дара.

Білмеген өңі түгіл, түсінде адам,
Кестесін келтіре алмас, жазса қалам.
Жарқырап совет туы Неваны өрлеп,
Кеміміз мұзды тіліп басты қадам.

Жазылған Ленин аты әсем жебе,
Қанаты толқындатқан суды кере.
Теңізді қайқаңдатты тау басқандай,
Жүзгенде он алты мың тонна — кеме.

Кеңдігі мұз жарғыштың бейне көше,
Мұз түгіл, жер дірілдер ол теңселсе
Зәулімі алты этажды үйден биік
Қол тұрсын, даусың жетпес «кел мін» десе.

Бөлмесі әшекейлі мыңнан артық,
Отырсаң ой тербелер, бойың балқып,
Ақында, тарихта да арман бар ма,
Шіркін-ай, бұл кемемен жүрсе қалқып!

Мұз мұхит, Арктика, енді оян,
Асау ең, жүгендейді біздің ноян.
Ақ аю адам жеғіш, кит балығын
Су жүрек, бадырақ көз болды қоян.

Кеменің жыр тауыса алмас қасиетін,
Тартпаймыз қиындықтың тақсыретін.
Атомның мұз жарғышы сапар шықты,
Телегей теңіз, құлсын бас иетін.

ЛЕНИНГРАД

Ленинград — батыр қала тарихта,
Ленинград— күндей нұрлы халыққа.
Ленинград — революция бесігі,
Ленинград мәңгі ие даңққа!

Бар ғаламға сәуле шашқан қызыл күн,
Жан тербетіп, асқақ шыққан айбынды үн
Ленин күні, Ленин үні — бәрі де,
Шақырған ол шын бақытқа жер жүзін.

Ғылым нұры, бұлбұл үні тараған,
Кен қопарып, мал өсірген даладан.
Ленинград, туысқандық көп сәлем,
Сәлем жастан, сәлем ата-анадан!

Біз сенімен әрқашан да біргеміз,
Жүрегіміз тұтас, берік іргеміз.
Сен жіберген ұл мен қызың қосылып,
Біздің әнге, шырқатамыз күнде біз.

Құтты болсын махаббатты шаттық жыл?
Сенің тойың, бізге де той, сайрар тіл,
Тойға тарту «Қазақстан» әнімен,
Ұсынамыз қырмызыдан қызыл гүл.

ЖЫЛҚЫШЫ ЖЫРЫ

Жаз келді, күн шұғласы жерді жапты,
Гүрілдеп тау бұлағы өзен ақты.
Жер - анам емшегі ші̇п, көк нөсерлеп,
Ақ сүтін ойға, қырға лақылдатты.

Сарыарқа мейрімді, мырза, кең, бай,
Отыз ұл, қырық қызы бар ақсақалдай.
Баласы, немересі, шөбересі –
Отау боп алды-алдына кепкен жандай.

Көл жомарт, өзен асау, томар мең-зең,
Сағымға би билеткен жота, алқа, дөң,
Тоғай тоқ, орман дел-сал, жайлау жарқын,
Күн сұлу көк шатырда сұлумен тең.

Жайылды жібек кілем жер бетіне,
Көз тоймас көркем өмір келбетіне.
Себілген алтын астық, күміс сұлы,
Ат жетпес ол шеті мен бұл шетіне.

Жыл құсы жайраңдаған күміс қанат,
Қонады көл, орманға бойын тарап.
Суреттеп жер жәннетін фаруаз етсе
Үнінен жұпқандайсың гәусәр-шарап.

Аққу, қаз көлге қонып базар ашты,
Жадыран жаңа жазбен амандасты.
Суылдап қанаттары шағала, үйрек
Ызы-шу музыка ойнап әнге басты.

Құлпырған көк майсада көрінді ауыл
Жеңіспен алға аттанған көңілді ауыл
Өртеңге төрт түлікті өргізді әне
Ертеден мал бағуға сенімді ауыл.

Далада жылқы баққан мен жылқышы,
Мал мен ән маған серік, жазы-қысы.

Ән салсам үн қосады қошаметтеп
Кең дала, өзен, тоғай, жылдың құсы.

Көп жылқым қара кекті бәрі арғымақ,
Боккен сан, борі кеуде, болат тұяқ.
Тұлпарым ерге қанат, елге-көрік
Жанымдай жақсы көрем, бағам сыйлап.

Жарасқан күмпілдеген қара-саба,
Сырлы аяқ, кәрлен кесе, күрең шара.
Сары қымыз сапырулы көнек, піспек -
Әуелден мұра болған Сарыарқама.

Жарысқан сағымменен тай, құлыншақ –
Зымырап көкпар тартып, құстай ұшад.
Козге ыстық, көңіліңді көкке өрлетер
Ойнаған үйіңдегі балаңа ұқсап.

Ер жігіт күлшелі ол жылқы бақса
Жадырап мал бағуға дабыл қақса,
Көрінер Қап тауындай халық алдында
Мал үшін ерте тұрып, кешең жатса.

Жылқышы, үзеңгілес жылқы баққан,
Жаз жаңбыр, қыс аязға тоңып қатқан,
Қоркейтер ауылымды кезең келді,
Құрық ал, әніңе сал, жылқыңа аттан!.

ЖАҢА ЖЫЛМЕН ӘҢГІМЕ

Бас жолы өлеңімнің - бейбітшілік,
Деп қалам отыр еді қағаз сызып.
Жағылған коммунизм шырағындай
Жаңа жыл күлім қағып келді кіріп.

Қош келдің, жаңа жылым, міне қолым,
Дедім де жоғарыдан бердім орын,
Жап-жаңа есік жапқан ескі жылдың,
Шолыды ол сарқылмайтын сәнді қорын.

Сүйініп жас қонақтың денесіне,
Ықласпен құлақ қойдым кеңесіне.
Картасын Ұлы Отанның жайып тұрып,
Көз тікті коммунизм белесіне.

- Мен, - деді ол, — бейбітшілік жылы болам,
Көркейед бейбіт өмір, сүйген қоғам.
Әнекей, коммунизм құрылысы,
Алдымен көмек берем мен де соған.

Елімнің молайтамын егін, малын,
Үйгізем таудай етіп астық дәнін.
Қөремін еңбекте озған ер, әйелді
Төсіне алтын жұлдыз қадағанын.

ЖАЗ

Жасылды шілде, жайлы жаз,
«Жоғары, төмен үйрек, қаз».
Жамырай ұшып, суда ойнап,
Жырлап, тойлап болған мәз.
Ақын Абай, сен сүйген,
Топырағына бас иген.
Жазғы жайлау, сары дала,
Бүгін гүлмен безелген.
Көк орай, шалғын бәйшешек,
Үзарып өсті желкілдеп.
Ат жалымен ойнаған,
Егін - майса, көк жібек.
«Шұрқырап жатқан жылқының»,
Ортасында ұл, қызың;
Еңбек Ері ішеді,
Сабалы сары қымызын.
Ақын, көзің көрмеген,
Өлеңмен ойын тербеген.
Машина бүгін бел асты,
Сүйісіп самал желменен.
«Күркіреп жатқан өзенге»
Күн орнады, бұл күнде
Абай, саған арман ед,
Біз жеттік шат өмірге.
Қыз, келіншек денелі,
Сөзі бал, ісі келелі,
Үйқыдан тыңды оятып,
Моторға жан береді.
Өмірді сүйдің өзгеше,
Жүрегің жанды ел десе.
Далада үнің толқиды
Сенбестей, күн сөнбесе,
Жаздың жыры егінше,
Жайқала шығып көрінсе.
Толғана жүрек түбінен,
Жыр жазам мен де өзімше.

ҚОЙШЫҚҰЛ КҮЙШІ

Тоқым сақал, қырау бас,
Қолында кәрі қобызы.
Шал толғаса жан тоймас,
Самал желдей лебізі.

-Қойшыекем қобыз тартса екен,
Деседі жұрт жиналған.
-Тәтті өлеңін айтса екен,
- Деп сұрайды тойшы жан.

Көзін жапқан кірпігі,
Денесі құздай кәрия.
Қобызы күйге көшкенде,
Бейне шексіз дария.

Тың өлкенің өмірін,
Кәрің міне толғады.
Қайырып иір қобызын,
Түптен терең қозғады;

- Ғасырлар бойы Сарыарқа,
Қуарып жатқан құлазып.
Қаңбақ қонған ой, алқа,
Кім көрді оны суарып?

Көгімде қаз ұшпаған,
Жерімде киік ойнамай,
Аяз бен қар қыстаған,
Өзенде аққу бойламай.

Көтере алмай көл жүгін,
Күшенетін «әупілдек»
Бұлт басып ауыл түндігін,
Күн шықпай, жатқан түн түнеп.

Мен жылқышы - Қойшықұл,
Іздедім байдың саяғын.

Сояу кіріп неше жыл,
Шөлде тозды аяғым.

Қаңтарда мен жылқышы,
Боран айдап адасқан.
Ақпанда болу түз құсы,
Қойшықұлға-ақ жарасқан.

Бас, жолдасым - қобызым,
Безілдеген қос қыл шек.
Тыңдап қобыз лебізін,
Жел жылаған көңілшек.

Жан серігім - домбыра,
Жылқыны әнмен қайырған.
Ұқсаған тұтқын бұлбұлға,
Дала үн қосып қайғырған.

Қара қоста қаңыраған,
Мүзды малта кемірген.
Татпадым қыстай түйір нан,
«Төсегім» суық темірден.

Домбыра, қобыз, қызыл тіл,
Қара қоста күңіренген.
Заман зарлы, дала тұл,
Мен жетімі еңіреген.

Соларды көрген мен едім.
Мен - екі өмір айғағы,
Тың туралы ед олеңім,
Есіме түсті қайдағы?

Еңбек, өнер жасапты.
Совхоздың сары белінде.
Қойшықұл күйші атақты,
Тың өлкенің елінде.

Партия күнді туғызып,
Жүрегімді тербетті.

Даламды нұрмен жуғызып,
Төбемді таумен тең етті.

Шындықты шырқа, қобызым,
Сен боз торғай заманда.
Құлпырды қырда қорығым,
Еңселі егін даламда.

Менде бүгін көп бала,
Тың өлкенің ерлері.
Музейде қара қос қана,
Сақталған әлем көргелі.

Егінбай ең кенже ұлым,
Партия шыңдап өсірген.
Кеудесінде алтын жұлдызы,
Тыңға сәуле түсірген.

Қарсы алуға көктемді,
Тракторын баптаған.
Жасартам деп өлкемді,
Тың жырларын жаттаған.

Өз тобының алдында,
Өз отауы ішінде.
Жетуге қызықты арманға,
От жанар білім, күшінде.

Сарыарқа-менің қарт анам,
Шашуым саған сәнді күй
Тың өлке жұртым, - сүйікімді ән,
Дәнді өлкені мейше сүй!

Толғап отыр Қойшыекем,
Қобызымен тың, күйін.
Қойшыекем де тым бекем,
Тартуға елге тың сыйын!

ӨССІН ДОСЫМ ҰРПАҒЫ

Сағындым қымбат досымды,
Бірге өскен жас шақта.
Жанына жаным қосылды,
Жүрсек те, яки жатсақ та.

Сағындым сырлас досымды,
Төсіне төс тақаған.
Егіз қозы секілді,
Бір қоста өмір жасаған.

- Сағынғаннан не пайда,
Досым қалды алыста.
Төгілді қаны бір саиға.
Фашистермен шабыста.

Елің білген атыңды.
Жігіт едің ақылды.
Отанға бердің басыңды
Өтедің ерлік хақыңды.


Көпке бұлақ көмегің,
Аға болдың ауылға.
Сағынар бәйтерегін,
Бүгін ел-жұрт, бауыр да.

Қымбат адам дүниеге.
Өлім үшін келген жоқ.
Жан кетсе тәнге кім ие,
Жан алған соғыс-қанды оқ.

Амал не, арман көп алда,
Соғыста көрген жападан.
Жаралы жүрек жан мен де,
Ойласам досты қападан.

Жоғалсын соғыс, құрысын!
Жасасын өмір — жыр бағы.
Кеңісін өмір тынысы,
Өссін досым ұрпағы!

АНА АРМАНЫ



Балам, сәлем сағынышты анаңнан,
Сенен қымбат өмірімде таба алман.
Жаным да сен, балым да сен, көз нұрым
Бақыт үшін дүниеге жаралған.

Мен анаңмын ақ сүтімді емізге
Сен дегенде ойым терең тең
Дәмді асты өзімнен де қызғаны
Саған ғана, саған ғана жегізгем.

Түн ұйқымды төрт бөлгемін, қарағым,
Ің- ға!.. десең жадыраған қабағым.
«Әлди-әлди, ақ бөпем», - деп әндетіп,
Тербеткемін таң жайғанша самалын.

Ойнауыңа жібергенде далаға,
Көп ойладым «кім тиді?..» деп балама,
Қапылыста шыбық тиіп жыласаң,
Қызғыштай боп түсуші едім араңа.

Балалармен құс-көбелек қуалап,
Талға мініп, жарысқанда уралап.
Қуанғаннан төбем көкке тиетін,
Бұдан артық ана қайда қуанбақ?
Білдірмедім әкең барын, жоғын да,
Бала құстай бауладым оң қолымда,
Еңбек, ойын, өлең болды ермегің,
Балдырғандай балалық шақ жолында.

Айлардан ай, жыл да жылжып озғанда,
Сен ержетін әр жасыңа толғанда,
Той қылғанмын, тон кигізіп үстіңе
Сайрандатқан өзен, тоғай орманға,

Мектебіңе тұңғыш сені жетелеп,
Апарғанда иіскеп – сүйдім еселеп.
Ұмытам ба айтқаныңды еркелеп.
«Мама, мама, мен көп оқып келдім» деп.

Балам, сені интернатқа бергемін,
Жақсы оқыр деп шын жүректен сенгемін.
Күнмен қатар көңілімде тұрасың,
Ұйықтағанда сенсің түсте көргенім.

Мектебің мен партаң да ыстық көзіме,
Шөлдеп жүрем әрбір айтқан сөзіңе.
Оқушыны сеніменен кластас
Тең көрермін, ұлым, сенің өзіңе.

Жақсы оқысаң жаным жаздай жадырар,
- Ақылыма ақыл қонып, жаңғырар.
Мені ұзақ жасатуға шаттықпен
Әр сабағың - дәрі ауызға тамызар.

Бар арманым - ден саулығың, шырағым,
Таудан аққан мөлдір таза бұлағым,
Дендері сау совет ері көреді
Ай мен Шолпан, Темірқазық тұрағын.

Коммунизм ері деген - ардақты ат,
Ол есімді қойған елің ардақтап,
Өнер, білім, қиырға ұшқаң қыран боп,
Жас күніңде қалауыңды таңдап бақ.

Бар арманым - болсын дәйім ақылың,
Ой иесі табар дүние асылын.
«Ақыл тұрған бойда — бақыт, білім де»,
Еске алсаң халқымыздың нақылын.

Бұл бір тілек — жүрек сыры аналық,
Бар ананың менше ойлауы және анық,
Есіме алсам емшек ішіп, еміреніп,
Ақ жолыңда қарай берем қадалып.

КӨСЕМ ТУҒАН ЗАМАНДА

Ленин өзі жазып берген шежіре,
Ұзақ дастан, алтын қазына еліме.
Ақынның да жүрегін сол тербеткен,
Арманы оның жету заман төріне.

Мың сегіз жүз бесінші жылдары,
Ресей де елдің бірі еді тұлғалы,
Әттең оны бұлт қаптаған зор таудай,
Ел еді-ау бұл, әлі атпаған нұр таңы.

Патша айдаһар тырнақ қадап бергенде,
Канды туын сарайына ілгенде.
Сарыбас жылан оралғанда аяққа,
Халық деген күн сәулесін білген бе?

Кедей-кепшік, аштар бастап ереғіс,
«Жерді аламыз», деп шығарды мол егес.
Жығылса да, тұра берді кекті топ,
Айыр, күрек болса да оқпен тең емес.

Владимир жаралғандай таң нұрдан,
Туған бобек өмір жайлы тың жырдан,
Дүниеге періштедей пәк сәби,
Биігірек «Темірқазық» жұлдыздан.

Түскендей ұл күн нұрының шетінен,
Келді ме әлде алыс айдың төсінен,
Володядай болсайшы деп бар бала,
Талай жүрек сүйген оның бетінен,

Қайырымды, кішіпейіл балаға,
Ақ ниетін тартады екен ер ана.
Қарттан алғыс, жастан тілек нөсердей,
Жауады екен деревня мен қалада.

Қарапайым күйді бала сүйеді,
Тазалыққа, саулыққа бас иеді.
Папасы мен ағасындай ойланып,
Жылағанның зарын ішке түйеді.

Жасы жетіп мектепке де барыпты,
Алғаш рет ақ дәптерге жазыпты,
«Білім жарық, білімсіздік қараңғы»
-Деген сөзді тұңғыш жаттап алыпты.

Құрметтеген ұстаздарын, мектебін,
Абайлаған білім жолы өткелін.
Балалықты жыл құсындай ұшырып,
Қарсы алды ол жасөспірім көктемін.

Құрды патша елге қанды дарасын,
Құрбан етті-ау Лениннің ер ағасын.
Халық кегі,- аға жолы тұтасып,
Бастап кеткен революция данасын!..

АНТ

Қанды арқан дар ағашта тұр теңселіп,
Сияқты қара жылан жылжып, төніп.
Мылтықты күзетші бар екі жақта,
Өткен-кеткен адамға қаһар төгіп,
Жас жігіт Александр Ульянов,
Айдаумен дарға келді оттай жанып.
Қол-аяқ кісендеулі, бұғауланған,
Ағылған қатарласа сансыз халық.
Адамды қандай ауыр дарға асу,
Халықтың көңілі кекті, жүзінде ашу.
Шықылықтап сауысқандай полицейлер.
Міндеті қылыш сілтеп, жұртты басу.
Ілгешек қанқор арқан салбырады,
Төзбей тұр қарауға да адам жаны.
Ульянов Александр шошыр емес,
Қасретке қарсы кеп қаһарланды.
Жоғары көтерілді Александр,
Десті жұрт: «Үзілсейші арқан құрғыр».
Басында мұнараның қара құстай,
Күлімдей залым патша ол қарап тұр.
Осы сәт Владимир ашу кернеп,
Құшақтап Володяны Мария ана,
Жылады жендеттерге зауал тілеп,
Бекітіп жүрегіне қанды кекті,
Қолымен басып жанған көкіректі.
Владимир Ильич Ульянов
Ызамен алға адымдап жүріп кетті.

АҚ КӨГЕРШІН ҰШЫРДЫҚ

Меймандос Май келдің бе,
Гүл көтерген сұлудай.
Қонағы бар елдің де,
-Құрметтімсің сұлу Май.

Ақ самалға ораньп,
Келдің Ленин нұрымен.
Мерейлі мейрам бол анық,
Ежелден жақұт-гүлім ең.

Жан-жүректі тербеткен
Қымбатсың ғой, Май сұлу,
Өмірді өрге өрлеткен,
Дәл өзіңдей қай сұлу!

Сенің дарқан даңқыңа,
Ақ көгершін ұшырдық.
Барлық дүние - халқына
Май сәлемін ұсындық.

КӨРКЕЙТКЕН БАЙТАҚ ЕЛДІ...

Табиғат шебер ғой ол жан жаратқан,
Жалғанда зергер бар ма бұдан асқан.
Бірде жел, бірде тымық, бірде тұман,
Бірде қар, бірде нөсер жер мен аспан.

Жаз жайнап, қыр қыздардай киінеді,
Үстіне жібек, барқыт үйіледі.
Шықтан моншақ таққан күн сұлуға,
Бозғыл бу жылжып келіп иіледі.

Масайрап көз алдында еркін жәндік,
Аралар гүлге қонған құста паңдық.
Ойнақтап, асыр салып көңілді жүр,
Тоғайда, қорықтарда аңдар барлық.

Бұлбұлдар, сайран етіп, сайрар гүлде,
Аққу қаз шомылады күміс көлде.
Ақ иық жердің шарын айнала ұшып,
Қанат қақпай қалықтап келеді елге.

Көресін көк шалғында төрт түлікті,
Түгінен майы шыққан әрі сүтті.
Өсірген жер қайысқан сонша малды,
Жер-ана қандай жомарт, қандай құтты.

Тың тосінде мол егін жатқан шалқып,
Толқыны ақыл-ойды алар тартып.
Ат жеттес алты айшылық кең даладан,
Ақтарып алтын дәнді алдық сарқып.

Тауыса алман таудың айтып тамашасын,
Жүрмесең бұрын мұнда адасасың.
Көкше ғой соның бірі Арқа аралы,
Сан сұлу Бурабайға жуған шашын.

Қыс келсе, қысылмайтын болды заман,
Мың-мыңдап қой қоздайды, төлдері аман.
Кең сарай ақ шатырлы мал қорасы,
Ішінде мұрттан күлген шопан, маман.

КОМСОМОЛ — МЕНІҢ МЕКТЕБІМ

Біз едік партия еккен қызыл қайың,
Біз едік тұңғыш емен, қарағайың.
Аялап алтын шұғыла, күміс нөсер,
Қондырды кеудемізге күн мен айын.

Есімде... жаулар мен жұт қамалады,
Бөрі ұлып, мал өрісін жағалады.
Тойтарды сол сұмдарды тұмсыққа ұрып,
Жастардың көтерілген шаңырағы.

Сол күнгі комсомолдың біреуі мен
Талаптың тұлпарына ерте мінген.
Жалынды жаңа өмірге жетеледі
Қасиетті қызыл билет Ленин берген.

Есімде... ауыл онда мұндай ма еді?
Жоқ, онда байларда еді су мен жері.
Шым үйде шоқпыт киген ұл менен қыз
Қырық құрау борша-борша етек-жеңі.

Серпілтті жастар елден тұман, бұлтты,
Көтерді жастар талай ауыр жүкті.
Тай шабыс, тасбақа аяң кейін қалып,
Өнер мен білім ері озып шықты.

Ол айды, ол жылдарды ұмытпаймыз,
Жолындай жолбарыстың жүректегі із.
Сен үшін не көрсек те сендер үшін,
Сендер өс, бақытты бол, ұл менен қыз!

БІЗДІҢ КЕЛЕШЕК

Ленинның ескерткіші алдындағы,
Ән мен күй, сауық-сайран мектеп маңы.
Баламның өскен жылы бесігіндей,
Көзге ыстық, жанға жайлы, нұрланады.

Қорғаған балапанын қоңыр қаздай,
Бала үшін ұмтылды ауыл жаны қалмай.
Көкшетау- Есіл менен екі арада,
Қарағай тасыды ауыл алты ай жаздай.

Маңдайлардан маржандай тамған терден,
Тұрғандай біздің мектеп ойласам мен
Кірпішін, бөренесін көтергенге,
Жүремін алғыс айтып жүрегімнен.

Жасай бер ұзақ жылдар біздің мектеп,
Отанның ұл мен қызы өссін көптеп.
Еркін ашып есігін болашақтың
Шыңына бар арманның солар жетпек!

ОН КҮН

Декабрьдің аязы тістеп беттен,
Сүйсе-дағы өткізіп ет, сүйектен.
Бақыт, шаттық әкелген ай еді-ау ол
Жаңа ырғаққа жан беріп өмір сепкен,

Жер жүзінің ай, күні - Москваға,
Аттандырып өлең, ән, біздің дала.
Миллиондаған дос халық тыңдап көрді
Алғыс айтты партия,- көсем дана.

Театрда, кинода - Қазақстан,
Бұлбұлдары дәл он күн сайрап ұшқан,
СССР-лық байтақ ел бауырластар,
Жүрегі бір халықтың сырын ұққан.

Дала күйі тартылып Кремльде,
Дала өлеңі айтылған ортақ тілде.
Дала әні шырқалып толқындана,
Дала даңқын жайған-ды дүниеге.

Москва оқып қазақтың романын,
Москва оқып қазақтың дастандарын,
Москва көрді дала қиырларын,
Москва көрді Алатау асқарларын.

Алтын шегі қобыз бен домбыраның,
Гүлеткен-ді нөсердей қазақ әнін.
«Қазақстан, гүлден!»—деп соқты алақан
Ұл мен қызы сүйікті астананың.

Москваның төрінде болып мен де,
Айта келдім сәлемін туған жерге.
Жасқа толған бөбегім күледі әне,
Алғаш рет тәй басқан жаңа белге.



АҒАСЫҢ

Сәбит жолдас, маған ұстаз, ағасың,
Мейірімді көк Еділдей тазасың.
Тамырың жерді, бұтағың көкті орағы,
Көп ініңе жасыл орман панасың.

Сәбит аян сенің «Өмір мектебің»
Көз алдымда ұзақ, терең өткелің.
Әлі есімде алыс қалған жылдарда
Жүрегіме жырдың гүлін еккенің.

Сәкен шырқап «Альбатроспен» ұшқанда,
Ер Алтайын Сұлушашты құшқанда,
Пролетарлық соққы болды күшті үндер,
Күндеп жүрген байшыл, наншыл дұшпанға.

Құлпырғанда байтақ ұлы еліміз,
Сәбит, туған өлкең біздің жеріміз.
Көп жасаған биік сенің тауларың
Таусылмайтын алтын, күміс кеніміз.

Жеппісіңде иіліп сәлем беремін,
Достан шашу осы арнаған өлеңім.
Қолың қысып, бетіңнен сүйіп құрметтеп,
Ұзақ жаса, сау бол, Сәбе, дегенім.!

ЕГІН ЖЫРЫ

Кешегі «Қыр қызының» кестелері,
- Бүгінгі мынау шет-шексіз дестелері.
Іліп ап орамалдай тартар «кеме»
Шағылысып күн сәулеге өкшелері.

Сәулетті, сан мүшелі «қыр кемесі»
Қағып тұр масақтарды керегесі.
Әзірлер алтын дәнді машинаға,
Жем жеген пілдей епті турба - өңеші.

Машина үсті - үстіне кетіп - келіп,
Салмақпен доңғалағы балшыққа еніп,
Тиеп ап қызыл маржан кебежеге
Шу қояр шабысы оның желдей өнік.

Құйылды кең өзектен сабан, мекен,
Сырғытқан сым-саусақтар шебер екен.
Түйедей шөктіреді шөмелені,
Дейді олар: «егіз жылға» еркін жетем...»

Жомарт жер, қойны толы қазыналы,
Тағы да шертті ақынға базынаны:
«Деуші едің саған деген сәнді әнім бар.
Сол дастан енді қашан жазылады?»

Сылтауға сөз таба алмай сасқалақтап,
«Ол дұрыс, - дедім, - жүрмін қалам баптап.
Адам жер, тұқым, бидай бәрін де абзал,
Жазамын, ең жақсыңды, мықтап мақтап».

Тидім бе әлде Арқаның «қытығына»,
Білмеймін ойыны ма, ол шыны ма?
Солқ етіп егін-жайым бір қозғалып,
Сыр айтты адам, егін тұқымына...

Жер
-Көкке ұшсаң, суға түссең қанатың мен.
Кеудеңе күн мен жұлдыз тағамын мен.
Қажеттің бәрі менің құрсағымда,
Ала бер, керегіңді табамын мен.

Көк орман, жасыл алқап бауырымда,
Жемісім, дәрім, шөбім ауылымда.
Әр тұқым, күлшелі дән, сенің жаның.
Қолымда қысқы қар мен жауыным да.

Қопарсам қазынамды нудан тартып,
Ғаламда байлық бар ма менен артық,
Қайнатса, күннің оты қолтығымды,
Ақ бидай алтын көбік алған қалқып.

Менімен тең түсе ме тұқым-бидай
О дағы топырағым, жүрсең жимай.
Мақтасаң мені мақта ақын жолдас,
Қазынам мол денеме тұрған сыймай.

Арқа деп айдар таққан Асан қайғы,
Өлкемін жасыл шөпті, ақ бидайлы.
Қызуым, қызығым да, қыз қойнындай,
Жаныңды тербер сырым таусылмайды.
Дәнменен тау төңкерер, адам қолын,
Дән барса, теңіз, мұхит ашар жолын.
Сап етсе, аш бөрідей кенеттен жау,
Сол жауды құртатын дән - алғашқы огың,

Егіншім, мінді қалай жасырайын,
Мен емес, тегін өскен терек, қайың.
Мен - астық, мен - халықтың рыздығы.
Мен - сенің көркің менен бидайың.

Егінші ел, күт те мені сыйла, бапта,
Көзіңнің нұрындай ғып бағып, сақта.
Агроном, меңгеруші, бригадир,
Достарым, сертіңде тұр, сенімді ақта!

БЕС ЖЫЛДЫҚТЫҢ БАЛҒАСЫ

Бесжылдық деген күйге сал домбыра,
Он перне өрлей жүйткі тайпал жорға,
Екі шек дабылдата, носерлете,
Екпін бер он саусақ пен екі қолға.

Бесжылдық - балға, орақтың бар тұлғасы,
Бесжылдық - ән еркесі, жан сырласы.
Қақ жарған Кафтың тауын найзағайдай,
Қаһарлы қарт Отанның қағидасы.

Бесжылдық бесігінде бекіп белім,
Ғасырлар тарих - жүгін жиған елім.
Берлиннен бермен қарай Қызыл туын
Жайнатқан күн нұрындай қызыл ерім,

Желдете жаңа күйге сал қобызым,
Бас идір аспан желін, көк жұлдызын.
Самсаған самолетті сәндеп мінсін,
Самалда, сахарада ұл мен қызым.

Су кешкен, мұзды кескен, толқын ескен,
Кемелер керуені өрсін өктем,
Сусындап су астымен сансыз жігіт,
Теңіздің тәңірі боп жүрсің көшпен.

Заводтың мойындары көкке өрлеп,
Көк мақпал бұйра түтін құлаш сермеп.
Гудоктер азынасып, көк жаңғырта
«Мекені асыл кеннің қай жерде» деп.

Мыс еріп, алтын, күміс бұрқ-бұрқ қайнап,
Құйылсын болат, темір, құрыш жайнап.
Станок заводтарда зырылдасын
Азуын арыстандай қарш-қарш қайрап.

Трактор қойдай, өріп сеңдей қалқып,
Комбайн көмейінен алтын сарқып,
Құлпырып бидай, бұршақ мақта, жеміс.
Даласы колхоз, совхоз жатсын шалқып.

Туған жер - Есіл, Ертіс, Тобыл, Жайық,
Мал менен өркендесін құлаш жайып.
Бетінде Балқаш, Каспий, Арал, Сырдың
Билесін алтын қалақ, күміс қайық...

ЖЫЛДАР СЫЙЫ

- Мынау кім? Шаш-сақалы күмістей ақ,
Түспеген денесіне кенедей дақ.
- Бұл қазақ өмір-жасын өлеңдеткен,
Жаңа жыл күні бүгін отыр тыңдап.
- Жасымда жігіт болдым биік төстек,
Құм тастан алтын алдым теріп екшеп.
Көктемнің жер жібіткен сәулесіндей,
Бойымды көруге жұрт жүрді көксеп.

«Кім болдың» десе жастар шертерім мол,
Далада құлазыған жайладым көл.
Жұлдыздай жарқыраған ұрпағым-ау,
Тек сүрлеу болды ескі біз жүрген жол.
Мал бағып, өскен жанмын егін салып,
Жапанда ән шырқадым домбыра алып,
Бүгінгі жастар мінген машинаны
Біз бұрын мінгеміз жоқ, ат болды арық.

Дариға, өмірімді айтсам жыр ғып,
Жорғадай өте берді жылдар жылжып.
Теңіздің түбіндегі асыл тастай,
Советім аршып алып өсірді ұл ғып.
Он бес пен жиырмада жанған отсың.
Мылтықтың қорабында жараулы оқсың.
Жанасың, атыласын, аянбайсың
Байсың да, мырзасың да, жомарт, тоқсың

Сәулесі тіршіліктің түрып жақын
Байлайсың иығыңа құс қанатын.
Ұшасың қонасың да қырға, тауға,
Арман ғып өмірдің сән-салтанатын.
Түсірер отқа, суға алғашқы арман,
Ол мирас ата - анадан бізге қалған.
«Па, шіркін: Сүйген қызға қолым жетсе-ау..
Деген ой жүрегіңнің тыныштын алған.

Жиырма мен жиырма бесте дауылдайсың,
Кейде қар, кейде бұршақ, жауындайсың.
Замандас қыз-бозбала бәрі досың.
Жайлаған ала тауды қауымдайсың.
Отыз бен жиырма бестің арасында,
Жұтсаң да балдың көлін қанасың ба?
Құрбылар бәйге атындай озып жатса,
Қосылмай бұл дүбірге қаласың ба?

Мейлің сен азамат бол, министр бол,
Мейлің сен шофер болып тарт ұзақ жол
Шаманша шырқап ұшар тағың осы,
Әділдік, шындыққа тек көп көңіл бөл.
Қырық деген арыстандай қадірлі жас,
Болса да тастан қамал алмай қалмас.
Сөзің маржан, іс самал, күшің қамал,
Даңқың зор, дауылпаздай қанат талмас.

Елу жас жемісі мол тоғайлардай,
Орманды, жапырақты жайлы-жаздай,
Жалғасы жылдарыңның көп жасаған,
Ұл - қызың жарқыраған күн мен айдай.
Алпыста атқа шабу емес қиын,
Сонда да беруден көп, алар сыйың.
«Бәйгеге ұзақ қосқан тарлансың» деп,
Шығарар пенсияға құрметті ұйым.

Жетпісте тәнің кәрі, қиялың жас,
Кездесер ауыл үйде құбы-құрдас.
Құсы ұшқан айдын көлдей сен де тұлық.
Жыл заман қартайтпайды жаның сырлас.
«Сексенде селкілдеген шал болармын»
Десе жұрт тауып айтқан өмір расын.
Тұғырда сен де отырған кәрі бүркіт.
Сыпыртып кезіндегі томағасын.

Осылай ай өтеді, жыл өтеді,
Адамға ұзақ жолдас жыл жетегі.
Серуенден сексен жасқа келіп қаппын,
Жидектей жас болсам да, мен кешегі...

БАҚЫТ ЖОЛЫНДА

Октябрь деген бір сөз құрдасымдай,
Шертетін ойдағыны сырласымдай.
Бірге өскен өлеңім де Октябрьмен,
Құйылған патронға қорғасындай.

Октябрь десем тұрар Ленин есте,
Екі есім көсем болған ұлы көшке.
Екі есім күн мен айдай шұғыла беріп,
Жер шарын нұрландырып тұр емес пе.

Октябрь батырлары көз алдымда,
Топтанған оң жағымда, сол жағымда.
Батыры батырлардың Ильич дауысы
Қалыпты сырдай сіңіп құлағымда.

ӨМІР ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ

Ата-анам - менің сұлу туған далам,
Тойыңды құтықтауға келдім саған.
Ақындық ақ жүрекпен махаббатты,
Қолыңды қысам, қарттар, ұл-қыз, балам.

Құрметті, менің өскен, Қызылжарым,
Ақынның туысысың осы бәрің.
Алдыңа ақын ағаң тартты бүгін.
Алтын табақ ыдыспен жырдың балын.

Торқалы той үстінде есеп берсем,
Қырандай көкте қалқыр ой мен еңсем.
Дауылды үш дәуірдің айғағы біз,
Тарихтың бетін бүгін ашып көрсең.

Біз көрдік феодалдық дәуір қағын,
Елімнің күң-құл болып өскен шағын.
Ақтоқты, Ақан сері, Біржан-Сара,
Шежіресі феодалдық замананың.

Біз кордік капиталист ез дәуірін,
Патша, ұлық қан жылатқан оз қауымын.
Ақшаға алтын-күміс қызыққанын,
Сәудегер байлар сатқан қала, ауылын,

Үшінші дәуір осы гүлді өмірің,
Қаратқан күндей жайнап жердің жүзін.
Перзенті бұл дәуірдің тойшы халық,
Жұлдыздай осы жүрген ұл мен қызым.

Анамдай әлдилеген, Қызылжарым,
Бауырында көк Есілдің жаққан шамын.

Хордағы әнші қыздар секілді боп,
Тарихты жырлады өзен-күміс ағын.

Топырағы қандай қымбат туған жердің,
Сәлемін айта келдім қырдағы елдің.
Бауырлас осы отырған тойшыларым,
Жырымды, жүрегімді саған бердім.
Баяғы қарт бақшасы Қызылжардың,
Жасарған шапағындай алтын таңның.
Ордасы ән мен күйдің, сурет, нұрдың,
Сайраған бұлбұлы сен жастар балғын.

Ауыл да, селолар да ұқсап бұған,
Өмірде, еңбекте де бейне қыран.
Электромоторлардың арқасында,
Жол аштық десе егер: «көкке шығам».

Комбайн, тракторлар егін шапса,
Сол жұмбақ түлпарларға жастар «патша»
Қалайша жүрек жарып қуанбайсың,
Бүгінгі қалың егін тосін жапса.

Сұлудай балқып, толқып тұрғанда егін,
Оруға сыбанғанда егінші елім.
Көмекке, Қызылжарым, барар ертең,
От білек қыз бен әсем жігіттерім.

Патшалық тамұқ заман әлі есімде,
Жүргемін жас шағымда ел кошінде
Жар кешкен жалаң аяқ жалшы бала,
Аязда, борандарда, жел өтінде.

Еске алсын қариялар откен күнін,
Сарыарқа, қазақ халқы қандай бұрын?
Тарихтың бетіне жұрт салсын көзін,
Қарсы алғанда ұлы той елу жылын.

Көз көрген екі дүние бізге анық,
Жастарға өткен заман әлі танық
Ұрпақтар таныссын деп кер заманмен,
Суретін ескі дүние жүрмін жазып.

Сарыарқа - сары теңіз ұлан байтақ,
Қазақтың кең даласын тұрсаң байқап
Данышпан Абай ақын сол далада,
Жырымен надандықты өткен жайқап

Горькийдің дауылпазы мені оятқан,
Ізімен Маяковский қалам тартқам.
Сол екі әдебиет батырлары,
Сөздерін пулемет қып жауына атқан.

Солардың жүрегінен шыққан сурет
-Революция дауылпазы ұшқан гүлеп.
Дүниеде адамзаттар тұрса жасап,
Үндері мәңгі-бақи жасай бермек.

Абайдың, Ыбырайдың замандарын,
Мен дағы көрдім, ұзақ абайладым.
Еске алсам көк Есілдің тасқынындай,
Денемді, жүрегімді билейді ағын.

Елу жылдан арғы өмір қалай өтті?
Десеңіз - қасірет басқан жер мен көкті.
Астында көк тұманның арсылдаған
Көргемін көкжал бөрі бай мен бекті.

Олар айтты: Мықты күш жалғыз құдай,
Құдайға орынбасар - патша мен бай.
Олармен молда, қожа дастарханда,с,
Орнына кедейлердің жалғыз құрай.

Олар айтты: - Жер - судың иесі біз,
Адамдардың әулие - киесі біз.
Адам-ата, Хауа-анадан бермен қарай,
Кедей - есек, адамның түйесі біз.

Дейтұғын: Кедей, жалшы қылған құдай,
Жүре бер құл-құң болып көп сұмырай.
Жаралған артық болып бай мен мырза,
Патшаның самұрығы қойған тұғырындай.

Дейтұғын: Бай-манап жер-су қожасы,
«Алланың добы - барлық адам басы».
Басыңа тебе берсін домалай бер,
Заманның әйел-еркек, қариясы.
Дейтұғын: Бай-молдаға қарсы келме,
Үш әйел бір еркекке тұрады елде.
Қос қатын, бес қатынды бай мен мырза,
Отырсын ақ ордада, жұмсақ төрде.

Дейтұғын: Правосыз малсыз адам,
Сайлауға, сайлануға баспас қадам.
Ауылнай, болысnай, би, аға сұлтан,
Уысында осылардың ауыл, қалам.

Мал баққан, шөпті шапқан тек шаруа,
Сүйенген неше ғасыр аз малына.
Азық қып айран-қымыз көшіп жүрген,
Ұқсап ол Сарыарқаның көп аңына.

Сөл күнде ауыл нанға жарыды ма?
Нансыздар жұтады да, налыды да:
«Мука бар?», «Хлеб кушайт, қатын-балам»
Деп барған деревнялық тамырына.

Балалар оқымаған өскен надан,
Қай күнде білімсіздің күні қараң.
Молданы көзін сүзген, жүзін бүзған,
Ұстаға қараңғы ауыл бірен-сараң.

«Иман шарт», «әптиекке» көзін сүзіп,
Сәбилер отыратын езін-мүжіп.
Үш жылда хат танымай, қол қоя алмай,
Кітабын жыртатұғын мыжын-мыжын.

Молдалар ақ сәлделі ұстап құран,
Ысқырған балаларға бейне жылан.
«Бергенге - жұмақ, бермеске тамұқ бар» деп
Жиғаған өтірікті одан-бұдан.

Ұзақ күн ораза ұстап әйел-еркек,
Атанған оразасыз «кәпір», «тентек».
Молда мен кемпір-шалдың көзін алдап,
Тамақты ұрлап ішкен қыз-келіншек.

Бақытты бұл заманда елдің жасы,
Көп ұлттың жазғы күндей ықыласы.
Украин, орыс-қазақ, татар, башқұрт,
Бірі аға, бірі бейне қарындасы.

Ұлы Отан, даңқы зор ел Қазақстан,
Білімі, өнері де құстай ұшқан.
Теңіздің тасқынындай күш-жігермен,
Жарыста жан аямай озып шыққан.

ҰМЫТПАШЫ, ҰРПАҒЫМ



Ауыр жыл естен қалмайды,
Қара жаңбыр батпақ, саз.
Айтуға ауыз бармайды,
Болды деп жайлы сол бір жаз.

Астан-кестен ел іші,
Ауыл, қала дамылсыз.
Малшылар мен егінші,
Отты ойлы ұл мен қыз.

«Соғыс деген суық сөз,
Жүрекке тиді найзадай.
Иә, ғаламат болды кез,
Түскендей көктен найзағай.

Сарғайды қалың жасыл шөп,
Келіп жетті салқын күз.
Құстарда да сайрау жоқ,
Қанатына қатқан мұз.

Қабағын түйді Алатау,
Шашын жайды орманы.
Тастарын атты Қаратау,
Төбесін бұлт торлады.

Соғыс! Соғыс! Соғыс! - деп,
Ертіс, Есіл тулады.
Аттан, ерлерім-ай! - деп,
Каспий, Арал шулады.

Аттан, аттан, аттан! - деп,
Ұран салды Москва.
Аттан! - деді жер мен көк,
Тіл бітті тауға, тасқа да.

Алатаудың баурына,
Жиналды қыршын қаһарман.

Ант берді қала, ауылына,
Қалмасқа осы сапардан.

Аттанды Талғар бауырынан,
Қанды көз бүркіт жалын боп.
Тайсалмай соққан дауылдан,
Қарсы шапты қалың топ.

Генерал Иван Панфилов,
Дивизияны бастаған,
Ұлы Октябрь солдаты ол,
Жауларын жерге таптаған.

Төлеген, Мәлік, Бауыржан,
Дивизия тобында,
(Үш ер шыққан ауылдан)
Жаудың тұр тосып жолында.

Москваға қорған боп,
Атқыштар шықты алдынан.
Қоманда беріп Панфилов,
Орындап комбат Бауыржан.

Айқасты жаумен кешікпей,
Қырып салды топтарын.
Қояр ма ерлер өшікпей,
Жойды танк оттарын.

Бір жер бар аян әлемге,
Дубасеково атанған.
Батырлық, даңқ дәлелге,
Бөленген мекен қашаннан.

Траншейде - жер қорған,
Солдаттар тұр жау тосып,
Ноябрь айы құс тоңған,
Аяздан ауған аң шошып.

Көктерек жылап мұлгиді,
Бұтақтары қуарған,

Тартқандай зарлы бір күйді,
Керуендей шұбалған.

Жұмбақ күйді тыңдаған,
Жиырма сегіз солдат бар.
Алатаудың бауырынан,
Келген қырғыз, қазақтар.

Граната, бөтелке,
Бесатар мылтық тұр дайын.
Қосаев пен Митченко,
Атуға әзір әрдайым.

Дүрбімен жауды көреді,
Политрук Клочков.
Жиырма танк келеді,
Күркіреді жер мен көк.

«- Россия кең байтақ,
Шегінбе жалғыз қадам да,
Шегінетін орын жоқ,
Артымызда Москва!..»

Өткізбеді алға тым,
Жау танкісін жандырды,
Қырып фашист солдатын,
Артына аңыз қалдырды.

Жер қайғылы, ел мұңды
Күткен Жеңіс ақ таңын.
Төрт жылғы ауыр қырғынды
Ұмытпашы, ұрпағым.

ТЫҢ ЖЫРЫ

Туған жерім - тың дала
Тыңда өскен мен бала.
Тың деген де толғанам,
Ал, қаламым, сырғана.

Тыңда, атаңның күні өткен,
Шақырып ашу сұрлана.
Бетегеге бет сүртіп,
Жылап - сықтап ұрлана.

Сол суық заман айғағы
-Мынау қызыл күн ғана.
Күннің тұңғыш түлегі
- Ай қарайтын мұңдана.
Құлдық, күңдік халқыма
Бұғау болып байлана,
Мал соңында тәмам жұрт
Салпақтайтын айнала...

Соның бәрі - ертегі,
Тың әңгіме құралық.
Еліміздің дәулеті
-Тыңға мойын бұралық.

Қыз-келіншек ансамблі
Совхоздан барды құралып.
Жаңбырдай жақсы жыр жауып,
Бишілер шықты бұралып.

Той тартуы торқалы,
Әндетеді ырғалып.
Тың ерлері тыңдайды,
Әнге құмар бір қанып.

Тың - жазира сары бел,
Құшағында туған ел,
Қызыл керуен көп достар,
Алтын дәнге буған бел.

«Сары бел» - қазір алтын бел,
Дәнге толды қуаң шөл.
Комбайн мен Кировец, .
Жарыса шауып тартты жол.

Осы жолдан жиналды.
Алтын, күміс жиһаз мол.
Бәріне өмір жүргізген
Диқандарым құрыш қол.

Балаусада жайылған
Анау зәңгі шопан, төл.
Алпыс жыл баққан бағым сол,
Алпыс жыл шыққан тағым сол.

Жадырап жасыл кілемім,
Тыңда толқын түлегім.
Теңдесі жоқ өлкемде,
Жайқалған тайлақ, үлегім.

Кең байтақ Қазақстаным,
Партия - алғы штабым.
Сансыз алғыс айтамын,
Болашаққа ұсқадың.

ТОҒАЙ

Қараңдаршы: тоғай қыздай көрікті,
Бай табиғат сырлы сыпат беріпті.
Сүйген жарын құшақтаған сұлудай
Көк Есілге ормандары төніпті.

Аппақ сандал қайың бойын түзеген,
Ақ терегі төбесі көк тіреген.
Өлең айтып бауырында гүлдер тұр,
Исін шашып қыран құсқа түлеген.

Күнде барсам қалың тоғай ішіне,
Жолыққандай болам қымбат кісіме
О да өзімдей бурыл басты адам ғой
Түнде үйықтаса тоғай кірген түсіне

Қарақатты, мойылбасты, жемісті,
Шіркін, тоғай шөпті, иісті, келісті.
Сұлу тоғай - аң мен құстың жайлауы,
Сенен артық таба алмаспын қопысты.

КӨКТЕМ ЖЫРЫ

Даланы дәнді сағынып,
Ойланамын, толғанам.
Жатқан бөстек жамылып,
Жер де жомарт бір анам.

Бой жазып жүр ек жазықта,
Жазира көркем кестелі.
Құйғандай алтын қалыпқа,
Ақ-қала ұзақ дестелі.

Айналам әсем өлең, жыр,
Көктем әнін шырқаған.
Келеді керуен трактор,
Хор айтып алқап, қырқадан.

Күртікте жатып әлде кім,
Егін күйін шерткендей.
«Уай-пәлі!» деп көкте Күн,
Сый ғып нұрын төккендей.

«Ақпанның» асау ызғары,
Долданып неге ақырдың?
Десеңде: «Жерің мұздады!»
Қатпайды анасы ақынның.

Келеді көктем келеді,
Көк жиектен тез асып.
Ол - сұлу алтын денелі,
Көктемге барлық жан ғашық.

КҮЗ

Әлде кімді шақырып,
Жұлдыздар тұр жымыңдап.
Ағады Есіл ақырын,
Жел ызыңдар сыбырлап.

Бозқырау төсеп түлісін,
Көрсеткендей келбетін.
Қар шашады күмісін,
Малындырған жер бетін.

Аққу, қазын ұшырып,
Сонау жылы аймаққа:
Бұлт шымылдық түсіріп,
Күз қарайды жан-жаққа.

КОМБАЙНШЫҒА ХАТ

Комбайншы Әбілқайыр, шырағым,
Бала жастан бізбен бірге тұрағың.
Қарт бүркіттей мен отырмын тұғырд
Мініп жүрсің сен даланың пырағын.

Сен келесің комбайнды зулатып,
Дестелерді асау тайдай тулатып.
Бар дауыспен «Ақ бидайды» айтасың,
Ақ орманның жапырағын шулатып.


Көрем сені таңертең де, түсте де,
Штурвалда отырасың кеште де,
Маңдайыңнан бұршақтаған ащы тер,
Тамшылайды ізіңдей көп дестеге.

Тұңғыш рет көргендей-ақ тесіле,
Қарап тұрмын, қызығамын көшіңе.
Өткен өмір өшірілмес тарих қой,
-Бала кезің түсіп отыр есіме.

...Әкең өлді соғыс салған сындарда,
Шешең өлді елде, ауыр жылдарда.
Балшық үйде балапандай шырылдап.
Қала бердің жетім болып жыларға...

«Жетім» демей, үкімет пен ағайын,
Қамқорға алды сендейлердің талайын.
Бейнеті көп сол жылдардың зейнеті -
Толды ырысқа, үйің менен маңайың.

Бекем ұстап тұлпарыңның тізгінін,
Сен келесің жүйткітіп жер жұлдызын.
«Тоқтамай тарт, Әбілқайыр Есқақов»!
-Таудай табыс тілеп тұрмыз біз бүгін.



ҚАЙРАН БАУЫР

Сәбит аға, қайда кеттің, жан аға,
Барып қана келесің бе далаңа.
Әлде, ардақтым, аттандың ба уақытша,
Өзің туған, өзің өскен қалаңа.

Қайда, қайда, қайда кеттің ілезде,
Құлап түскен жұлдыздай боп теңізге,
Найзағайың жарқылдатпай ұрланып -
Осы көктем сені әкете келді ме?

Енді қайда сені іздеп барайын,
Әлде болса іздеріңді қарайын.
Аппақ селдір шашың маған көрінер,
Есім жинап, көзім сүртіп, табайын.

...Таптым, Сәке, отырсың сен үйімде,
Шат көңілді қарқ-қарқ күлген күйіңде.
Болғаныңдай Мәрияммен екеуің,
Өткен жылғы он бесінші июньде.

Таптым, Сәке, сен отырсың төрімде,
Жылы жүзбен сайрап тұрсың көңілде.
Сен алтын жан шірімейтін, тозбайтын,
Мәңгі жолдас, мәңгі құрдас өмірге.

Кезеді де жақын менен шалғайды,
Ақ жүрегім сені жоқтап зарлайды.
«О дүниеге кетті» деуге, Сәкем-ау,
Менің тілім басқа ұрғандай бармайды.

Өлген жоқсың, сен өлмейсің, тірісің,
Аяқ басқан жақсылардың бірісің.
«Өлді деуге сендей жанды бола ма»
- Ел ішінде таудай-таудай ұлы ісің.

ЕГІНШІГЕ

Ауылымнан Алатауға келемін,
Тауыса алмадым жазып дала суретін,
Теңеу таппай алтын сепкен алқапқа,
Тек дей бердім: «Гүлесін-ау, гүлесін...».

Тың бетінде тұлпарлары өмірдің,
Керуенін тартып барады елімнің.
Есіміңнен айналайын ұл, қызым,
Шежіредей шеберлері егіннің.

Күнім десем, Күннен көркем жүзі бар,
Айым десем, Айдан артық нұрың бар.
Ссндерменен егіз туған Арқада,
Жүз жасасам менің қандай мұңым бар.

Абзал көрем сені алыс жұлдыздан,
Сен - тәңірім тілегімді тыңдырған.
Жігіт - деген атыңнан мен садаға,
Сен ұжымақты өз қолыңмен тудырған

Жүрегіңмен жыр тербеткен даладан,
Көздің отын ұлы асуға қадаған.
Егінші ерлер, жылы ақ сүтті еміңдер,
Ұлы Отан -- қымбат қамқор анадан.

Қайратыңа бүгін далам жаңғырған,
Сенің буың маған да өлең жаздырған.
Сырлы сия етіп маңдай теріңді,
Далаға ән ескерткіш қалдырған.

Ауылымнан Алатауға келемін,
Көкше егінге бір тамшы су өлеңім.
Ақша бұлттай болсадағы мосқал шаш,
Жолың үлкен, егіншім, қол беремін.

Шіркін дала, қымбат бесік қандай кең,
Құшағыма сыймайды ала кетер ем.
Егіншіні, мені де бір жасартты,
Көкірек керіп шырқалған ән, алған дем.

Бүгін жасыл ертең егін жайқалар,
Арғы күні орып көңіл жай табар.
«Нан-жан».- деген осы әнімді, егіншім,
Агроном - туыстарға айта бер.



БІЗДІҢ ЕЛ

Бақытқа боккен халық біздің елде,
Қырандай қанат қаққан белден-белге.
Белестен белестерді асып өтіп,
Ілесіп өз тобыммен келем мен де.

Оныншы белеске кеп тұрсам қарап:
Өзгеден өр тұлғасы сұңғағырақ.
Жарысқан таң атарда жұлдыздардай,
Бірінен-бірі озған жан жылдамырақ.

Қараймын айналама, алысыма,
Халқымның дүбіріне, жарысына.
Теңіздей тулап жатқан тентек толқын,
Тамаша, сан жетпейді табысына.

Бірегей Балға-Орағым қандай мықты!
Көтерді бесжылдықта ауыр жүкті.
Орнатты шелге-өзендер, қырда-электр,
Тау-тасты талқандады, құм ғып үкті.

Өреді тоқты қоздап, бота боздап,
Шопандар сыбызғысы күйді қозғап.
«Не ішейін, не киейін» дейтін жан жоқ,
«Бозторғай қой үстіне жұмыртқалап»

Бекер деп бұл байлықты кім айтады?
Сұрасаң: елдің, жердің үні айтады.
«Жеткізген елдің қолын - Ленин», деп
Бақытты адамның бәрі айтады.

ЕСІЛ ӨҢІРІ

Ерке Есіл өңірі –
Ел – Жұртымның өмірі;
Миллион пұт көтерген
Дала алыбы ең ірі.

Көркем Есіл өңірі –
Көпшіліктің көңілі;
Дариясы еңбектің,
Ертіспенен тең ұлы.

Өртең Есіл қиыры –
Елдің қойы, сиыры; -
Шоқ орманда жусаған
Жылқылардың үйірі.

Желкем Есіл өңірі –
Ақындардың небірі
Жазған жақсы жырлар мен
Әншілердің өндірі.

Ертеңгі Есіл өңірі –
Ерікті еңбек өмірі.
Болашаққа барады -
Дала алыбы ең ірі!

ЖЕҢІС

Европаны күйретіп,
Қанды арқанын сүйретіп,
Қаумалады-ау фашистер
Қабырғаны күйретіп.

Жан достарым, бауырым,
Бойыңда-білек қаруың.
«Жеңіп кел, - деп - жауларды»,
Шығарып салды ауылың.

Есімде сол жыл, сол заман
Оқтар қардай бораған;
«Жолбарыс» мінген фашистер
Елді қырған, тонаған.

Коп жігіттер келмеді;
Туған жерін көрмеді,
Қариялар, келіндер
Арқалап бейнет теңдеді.

Ұмытпаймыз соғысты,
Ұмытпаймыз жеңісті,
Қан жұтқан қалың Европа,
Кеңітті қоныс, өрісті.

Бұл күнде елім өзгерді,
Сан жеңісті коз көрді...
Сол жеңіспе туғандар,
Мен сүйемін, сендерді!

КӨКШЕТАУ

Көкшетау – Арқаның ең сұлу жері,
Жаныңды жетелейді таудың лебі.
Тербетіп жүрегіңді қиял қозғап,
Ойыңды болашаққа өрлетеді.

Біржан сал, Орынбай мен Ақан сері,
Көкшенің бұлбұлдары – ардагері.
"Бесігі ақындардың – Көкшетау" деп,
Оқимыз қуанышпен шежірені.

Көкшетау көркем зеңгір көк тіреген,
Бауырында Бурабай көл мөлдіреген.
Алтын күн айна көлге нұрын төккен,
Тау кербез тұла бойы жасыл берен.

Оңында Шортанды көл күміс төккен,
Солында Бурабай көл толқыны өктем.
"Қоспаймын екеуіңді" дегендей-ақ
Арасына екі көлдің Көкше шөккен.

Бұл тауға Күн-ақ сырлас күлімдеген,
Сыр бар ма ертелі-кеш Күн білмеген.
Қияда шаңқылдаған қыран ұшып,
Долы өзен тулай ағып дүрілдеген.

Жарыса тауға шыққан тал мен қайың,
Қоршаған көк қалпақты қарағайын.
Гүл исін әсем ауа аңқытқанда,
Секілді бүркіп тұрған иісмайын.

Жүндері жуз құбылған түрлі құстар,
Тартады жан-жағыңнан күй, сырнайын.
Қиялың асқарменен аспанға өрлеп,
Шабытың шарықтайды жүрген сайын.

Шыңдары бұлт жамылып көкке тиген,
Секілді әдейі адам қолдан үйген.
Сандықтай текшеленген қой тастары.
Аумаған әшекейлі киіз үйден.

Астың тас, айналаң тау, қырың орман,
Ағады күміс бұлақ ирең-ирең.
Сұлу көл көлеңкеңді тартып алып,
Жеп-жеңіл, жас бөбектей әлдилеген.

Кіршіксіз Бурабайдың күміс көлі,
Ежелден кемімейді бір-екі елі.
Толқыны бұйраланып төңкерілер,
Теңіздің тебіренсе тентек желі.

Шорағай, шортан, шабақ, алабұға,
Сар сазан, қара балық асау бұ да.
Қашады өмір үшін жанын қорғап,
Балықшы келе жатса ауын құра.

Көруге Бурабайды болдым құмар,
Тәкаппар тарғыл тасы тіп-тік шынар.
Ту тіккен батырлардай оғаштанып,
Көрініп күндік жерден қарап тұрар.

Тауларды араласаң ой тербетер,
Кей жерде қанық тасып, жүрек шертпер.
"Жыртқыштың ел талаған ойнағы" деп,
Кей жердің бейнелері баян етер.

Бурабай көл сұлуы, жер жұмағы,
Суы бар, дертке шипа топырағы.
Жатқанды төсек тартып, қаны азайып,
Ажалдың тырнағынан құтқарады.

Арқаның көзі болып жаудыраған,
Сөз жетпес суреттеуге сірә, саған.
Бурабай, Көкшетауды бір көріп қайт,
Көргендер "артық айттың" демес маған.

ЕСІЛ

Есіл биыл күркіреп,
Астан-кестен тулапты
Таудай сеңдер дүркіреп,
Арқаның жонын қулапты.

Есілім менің көк өзен,
Ырысымсың тасыған.
Келешегіңді мен сезем,
Айнымай-ақ осыдан.

Тоғай толар суыңнан,
Қыр сусынын қандырып.
Арқа балқыр буыңнан,
Татырыңа жан кіріп.

Бауырыңда өскен ұлыңмын,
Өлеңімді қабыл ал!
Ақыныңмын, гүліңмін
Толқыныңа жазып ал!

АРҚАДАН ШЫҚҚАН АҚЫНДАР

Қиялым араласа Арқа бойын,
Шымырлап қоя берер тұла бойым.
Кезінде еркін жырлап кете алмаған
Халықтың ақындары сырын, ойын.

Арыстан, Шал, Есенбай, Нұркей, Тоғжан,
Құлтума, Орынбай мен Ақан, Біржан.
Өске, Майра, Бегәлі, Балуан Шолақ
Бәрі де ән шырқасып, сауық құрған.

Солар ғой жоғалтпаған әннің күшін,
Орнатып кетті бүгін ескерткішін
Әрі әнші, әрі ақын ардагерлер,
Бұл күні мақтанышсың біздер үшін.

Халықтың аузында жүр ән мен жырың,
Ежелден ел ұмытпас қыз бен ұлын.
Қалдырған мұраларың қадірленді.
Көрмеген бақыт көріп бұдан бұрын.



ШАШУБАЙ АҚЫНҒА

Шәшекең ән шырқайды ұзақ жолда,
Дауысы қоңыраудай, сырнай қолда.
Барамыз Москваға он күндікке,
Қосамын үлесімді алтын қорға.

Жасы бар Шәшекеңнің сексен бесте,
Бөгейтін Шәшекеңді сексен бес пе?
Кіргенде Москваның құшағына
Таласып талай дүние түсті еске.

Шәшекең тартты сырнай құлаш сермеп,
Кең залын Кремльдің даусы кернеп,
Секіртіп қабағы мен тақиясын,
Қояды комейімен әнін тербеп.

Қасында Шәшекеңнің Кенен ақын,
Нұрлыбек, Нартай отыр оған жақын.
Елімнің ақ сақалды саңлақтары,
Өлеңмен айтып берді қазақ салтын.

ЖЫЛ ҚҰСЫ

Дала мынау құлпырған,
Келді, міне, жыл құсы.
Күні-түні шырқалды ән,
Бұл көктемнің белгісі.

Қоңыр қаздар қаңқылдап,
Қонды көлдің төсіне.
Соқты самал аңқылдап,
Жібектей жұмсақ есіле.

Мамығынан салды ұя,
Қоғалы көлдің қойнына.
Қорғады оны жан қия,
Жұмыртқасын жұрт қойды ма?

Жазғы жайлы өмірге,
Құс та, аң да берген мән.
Шаттық толып көңілге,
Сергігендей шыбын жан.

Жарысып аспан көгіне,
Үйрек пен қаз ағысқан,
Өзеннің ылди, өріне,
Таласа қанат қағысқан.

Көктем келді деп тырна,
Сұрағандай сүйінші,
Ақынның із сап жырына,
Қиялдың құсы, шүйілші.

Жылдың құсы келгенде, –
Қуанып мен де шығамын.
Жасыл жерді көргенде,
Қызыға қарап тұрамын.

АҚ КӨГАРШЫН

Ақ көгаршын, көгаршын,
Қолыма келіп қонарсың.
Бейбітшілік өмірде,
Бақыттың құсы боларсың.

Күміс қанат көгаршын.
Бөгемес сені тау мен шың.
Мың шырқасам әнімді,
Жер шарын сен орарсың.

Адам досы көгаршын,
Жыртқыш құстан озарсың.
"Құрысын соғыс!" дегенді,
Көкке, жерге жазарсың.

Бақыт құсы көгаршын,
Тоспас қолын саған кім?
Бейбітшілік құсы деп,
Жақсы көрем мен де шын.

ДОМБЫРА

О, домбыра, домбыра,
Құлағыңды бұрадым.
Сыңғырлашы, сыңғырла,
Қанар ма екен құмарым.

Ауырсам да домбыра
Сені шертпей тұрмадым.
Сыңғырлашы, сыңғырла,
Саған қосылып жырладым.

Тиегіңді, шегіңді,
Күніне жүз қараймын.
Серігім ең сенімді.
Сүйгеніме балаймын.

О, домбыра, домбыра,
Қызығыңа тоймадым.
Кеудем шұлап тұрса да
Сені алуды қоймадым.

Ақын жанның серігі,
Домбыра едің орнекті.
Күш-қуатым кеміді,
Жанымды өзің тербеттің.

КҮЗГІ КӨРІНІСТЕР

Күзгі жел бірде арттан, бірде алдан,
Үрлейді көзсіз тентек ерік алған.
Бұлттарды керуендей ысқыра айдап,
Жабады жерге шаршы ақша қардан.

Далада көрінбейді жазғы сағым,
Құстардан жылы өлкеге өтер табын.
Суық жел шаштаразы сияқты о да,
Сыпырды қарт қайыңның жапырағын.

Айрылып жаз көркінен терек, қайың,
Бас иер жерге, дауыл соққан сайын.
Бауырында түнде ықтаған көреді анық
Қараша, желтоқсанның жұлдыз, айын.

Тай, құлын тоңазыған, салады ойнақ,
Еліктер оларға ерке көбен бойдақ.
Тон киген жылқышылар шолиды еріп,
Ақпан мен қаңтардағы тебінді ойлап...

БҮРКІТШІ

Ақ иық, қыран бүркіт, балғын түлек,
Қой көзді, орақ тұмсық, батыр жүрек.
Қансонар келген кезде талпынады.
Жез тырнақ, шуда баулы, оқтау білек.

Асығып, алдыруға томағасын,
Қазады қанатымен түғыр қасын.
Алты ай жаз ұзын баудан аса алмаған,
Қалайша ен даланы сағынбасын.

Қансонар, үлпілдек қар, күнде жылы,
Көрінсе құтылмастай түлкі ізі.
Саятшы қыраныңды сен де босат,
Аспанда жылтылдасын шығыршығы.

Жарат та бабын келтір жалықпасын,
Айналып кокте біраз шарықтасын.
Қиырдан қылаң етсе қызыл түлкі,
Жұлдыздай ағып келіп қонын қалсын.

Ақ қарда қызыл түлкі жатсын жайрап,
Ақ сұңқар тоятпасын гүл-гүл жайнап.
Жегізіп тәтті тілін қанды көзге,
Бүркітші, қанжығаңа алшы байлап.

Қасқырға түссе қыран қандай қызық,
Жарқ етіп, қос қанаты жерді сызып,
Ыңыранып арлан жатар дәрмені жоқ,
Қызық қой аңшы өмірін алсаң сызып.

ҚАРАӨТКЕЛ

Уа, Қараөткел, жатырмысың шалқайып,
Айдыныңды кешіп жүр ме жел қайық?
Қайта жасап, жыл құсындай жаңғырған
Жағаңа кеп қарап тұрмын марқайып.

Аспан өзі аппақ суғып жасаған,
Сені неге «Қараөткел» деп атаған?
Суың күміс, толқының ақ жібектей,
«Қара» деген қалай бабам, ата-анам?

Көк Есілдің өткелі сен ежелден,
Толқындардың дем алады кемерден.
Тас жастығың сонау алыс Ұлытау,
Ақын Сәкен аралаған өлеңмен.

Көк өзенді, қара өткелді ел сақтаған,
Суың балдай, балығың май қақтаған.
Сен кең жайған дастарханның дәмінен
Советімде жан бар ма екен татпаған?

Қара емес, аппақ, таза өткелсің,
Мырзалықпен талай ғасыр көшкенсің.
Сырыңды ашып, шыныңды шерт жастарға:
«Қара өткел» деп қашан, қалай, айтқан кім?

- Ол заман ел Арқада аз, дала кең,
Дау-дамайсыз болмас бірақ жер-мекен.
Сонда елін көз нұрындай қорғаған
Қара батыр деген ері бар екен.

Ол бір кезде бөтен ие Арқаға,
Сүйеніпті найза, садақ, балтаға.
«Қаратаудан келе жатқан қазаққа, -
- Депті кекеп, - керегі кең Арқа ма?!»

Кекесін сөз кек болыпты батырға,
Ол шауыпты келгін жүртқа ақыра,
Туған жерге қол созғанды қуалап,
Мақтағанды қыстырыпты тақымға.

Тасып жатқан мезгілінде өзеннің
Осы тұста көшін бастап көп елдің,
Періп кеткен дейді ағынға сол Қара,
Өзі екен ғой «көзсіз батыр» дегеннің.

Дүркірете қуып жаудың қалғанын,
Ел айтады жерді жеңіп алғанын.
«Қара өткелі» деп атаған сол кезде
Көк Есілдің осы бір тұс, аңғарын...


...Бұл өткелді кешкен ақын Сәкен де,
Абдолла мен Сабыр, Нүркин, Бәкен де.
Бірде балдай, бірде мұздай болған су
«Тар жол, тайғақ кешулерден» өткен де.

Сондықтан да қымбат Қара өткелі,
Осы өткелмен бүгінгіге елдің жеткені.
Дәуір жайлы дастан жазып жатқандай
Толқындары жуып, шайып бөктерді.

Тоғайына қарасаң көз қызығар,
Жартасында Қажымұқан ізі бар.
Ақын Шолпан арман еткен теңдікті
Ән ғып айтып, сызылтатын қызы бар.

Келіп тұрмын, Қараөткелім, қасыңа,
Жас кезімнен болған маған ашына.
Елдің сөзін еске салып айтамын,
Тың шаһары - Целиноград жасына

1969 ж.



БАЛАЛАРЫМ – БАЗАРЫМ

Ақжайық деп атадым тұңғышамды,
Түзедім от басымды, тұрмысымды.
Ажал айтып келмейді деген бар ғой,
Ұшырып алдым әттең жыл құсымды.


Жылдар өтіп өмірге Сәкен келді,
Сәкен келді дегенше Әкем келді.
Ғұмыры оның дағы қысқа болып,
Жанбай жатып жұлдызы ерте сөнді.

Атыңнан айналайын, айналайын
Көзімнің асыл нұры Ақбаяным.
Ғалымның дәрігер қызы деп атанған,
Секілді жарық жұлдыз елге аяным.

Тағыда айналайын Шашубайым
Келісті сен туған соң менің жайым.
Жасынан папасының жолын қуған,
Балама жан жүрегім тұрар дайын.

Тағыда айналайын Абайжаным,
Сендерге арналды ғой олең, әнім
Білім ал жастық шақта жалқау болма,
Білімсіз ұл мен қыздың соры қалың.

Әлиям кеудемдегі жүрегімдей,
Жаз болса қаз ілдірер түлегімдей.
Ақылды білім алған іскер қызым,
Папаң мен мамаңның сен білегіндей.



Сәтенім сәнді балам Алматаңым,
Сен десем елжірейді шыбын жаным
Шағында жүдырықтай оқысын деп,
Есімде Қызылжарға апарғаным.

Алтайым Алатаудай панам менің,
Толды ғой сеніменен алқы жерім.
Орнықты орта жасқа келсемдағы
Сендердің қызуыңмен білдірмедім.

Оқушым сопақ ұлым Шәкірбайым,
Алдымда жарқыраған Шакөн айым.
«Сопақ» - деп еркелетіп ат қойғаным,
Ойнақтап шапқылаған сары тайым.

Ойпырмау тентек қызым Галям да бар,
Енші алла мен емеспін балаға зар.
Артымда атымды атар сөзімді оқыр,
Ұмытпас бағып – қаққан бұл жүлдыздар.

Сәбитім ең көпешім кішкене ұлым,
Әлі жас мамасына ерке құлын
Маңдайын ішкемесем тұра алмаймын
Бұл сырым айтылмаған бұдан бұрын.

Дәрігер далада өскен Ақжайығым,
Аспанда қалқып ұшқан бидайығым.
Қалдырған Алматыда тамшы қаным,
Таусылмас айта берсем оның жайын.

ЫСҚАҚ БАТЫР

Поэма

Біз өттік адам өтпес теңіз, мұздан,
Біз өттік адам өтпес тау мен құздан.
Біз ғана Ай, Шолпанға тұңғыш қожа,
Біз өттік «барса келмес» ауыр жолдан.

Біздің ел «жеңілмейтін» жауды жеңген,
Біздің ел Отан үшін құрбан берген.
Біздің ел тау арқалап, тас көтерген
Біздің ел әділ жолда, әлем сенген.

Біз өттік елу жылда асулардан,
Даңқымыз жердің шарын түгел алған.
Батыры елу жылдың жұлдыздай көп,
Бірі - Ысқақ аты мәңгі есте қалған.

Көзі отты, ер мұрынды, сұңғақ бойлы,
Жиғандай ақ жүзіне терең ойды.
Бейнесі батыр қазақ ел алдында,
Қарсы алды өзіндей бон ұлы тойды.

Ол соғыс қалдырды елге мәңгілік із,
Әңгіме айтсам тыңдар ұл мен қыз.
Тарихын сол батырдың жырлап тұрар
Ленинның ордені мен алтын жұлдыз.

Жер шары зор денесін қанға малған,
Ұмытылмас ұлы айқас төрт жылды алған.
Отанымның бірі ұлы - батыр қазақ
Соғыста от пен оққа нық шыңдалған.

Ол соғыс жылдар өтіп алыстайды,
Бірақ та ізін жоймас жара, қайғы.
Ерлігін батырлардың еткен суын
Қаламдар қарт солдаттай қалыспайды.

Ай өтер, жылдар кетер, ғасыр өтер,
Адамдар сең-сең керуен көшіп кетер.
Мен дағы соғыс күйін шертіп өтсем,
Келешек жас ұрпақ өлеңдетер,

Кір шалмас қызыл алтын жатса да ұзақ,
Тоқталмас таудан аққан күміс бұлақ.
Солардай ерге арналған дастаным да,
Ұзақ жыл дәптерімде тұрды шыдап.

Бұл соғыс елу жылдық тарихында,
Кездескен ауыр айлар ел қырғынға.
Жаулардың басын кесіп, баспалдақ қып,
Советтің батырлары шыққан шыңға.

Висла ерен өзен тоғыз тармақ,
Тоғызы тоқсан елді жатыр барлап.
Толқыны нар түйедей тасты қуып,
Құяды Балтикаға пұра сарлап.

Түксиіп түс суытса жортуылшы ол,
Висла шалқи тасып болатын сел.
Дауылдан туған толқын ағысындай
Поляктан жорға, жүйрік өрбіген тол.

Жайлаған Висланы қалың поляк,
Нұр алған туымыздан балғалы-орақ.
Желкеден поляк халқын басып тұрып,
Фашистер біздің елге салған тырнақ.

Сұм фашист арам табан қанышпезер,
Өмірге аш бөрідей азу кезер.
Сусыны қанжұтпаса қанбағансоң
«Тажал!» деп барлық ғалам одан безер.

Қарақшы ол қарияны байлады оққа,
Лақтырды ол сәбилерді жанған отқа,
Әйелін, қызын қорлап поляктардың
Лагерьге қойдай айдап қырған жоқ па?

Қаһарлы басты үсіткен қыстың лебі,
Ақпанның ақ аюдай жат мінезі.
Немістер Висланың батыс бетін
Үш жылдай қан сасытқан бүлік еді.

Өзеннің арғы беті жанған өрттей,
«Жолбарыс» мінген неміс жатыр лөктей,
Киінген темір сауыт жез табандар,
Қуса да «құдай» келіп, шегінбестей.

Көк түтін, күлімсі иіс, жерменен көк,
Түн туса аспан асты қып-қызыл шоқ.
Шұмектеп сұмбіленің жаңбырындай
Оқ - ажал жауып тұрған толасы жоқ.

Өзеннің жағасына басса қадам,
Аз емес екі жақтан өлген адам.
Қат-қабат бекіністер орнатыпты,
Өн бойы ат шаптырым темір аран,

Кек мұзы Висланың тастай қатқан,
Бомбамен күл-талқан боп ықтап аққан.
Сең де от, ракета — аппақ лента,
Снаряд жерді-суды аспанға атқан.

Әрі күш, әрі айлаға сенген неміс,
Толтырып машина у келген неміс.
Өзеннің екі бетін шымылдықтап
Жалынмен қара-күрең жапты тегіс.

Қапыда қарлығаштар қақса қанат,
Мергендер жасырынып тұрған қарап.
Зулатып автоматтың көк жыланын
Ілезде ажал ердің жанын алад.

Қасына шақырып ап Ысқақ ерді,
Батальон командирі бұйрық берді:
Өзеннен от, оқ жаудыр пулеметтен,
Бөгеп, қыр, өлтір ана фрицтерді.

Құп! - деді Ысқақ сержант тіке тұрып, -
Фрицті тоқтатамын оқ жаудырып.
Шыңдалған жас коммунист Отан үшін,
Бұйрықты орындауға кетті жүріп.

Жанына алты жігіт жолдас алып,
Қайраты денедегі оттай жанып,
Висла өзеніне жетіп келді,
Түн төсеп, дауыл киіп, қар жамылып.

Ер Ысқақ, Қажығали, Сергей, Иван,
Радист Жаңқаш бойға қайрат жиған.
Қайыржан граната лақтырымпаз,
Жетінші өр комсомол мерген Құрман.

Әрі оқ, әрі боран, әрі суық,
Қайсысы соқса адамды кетер қуып.
Оранған «ақ шапанға» жеті жігіт,
Ажалға қарсы келді белді буып.

Кім білмес жаудың қатал екендігін,
Айғағы ажалдары, анау қырғын.
Шайқасқан қан майданда солдат түгіл,
Өлтірген бейбіт елдің ұл мен қызын.

Ер Ысқақ долы озенге көзін тіксе,
Аппақ сең көшіп жатыр артқан жүкше,
Тобеде самолет пен ракета,
Шүйілген төмен қарай аш бүркітше.

Кім кірер мұзды суға киім шешіп,
Өтетін заман қайда қайық есіп.
Жеткенше кемерге ерлер ептеп,
Үш жігіт шаһит болды мина кесіп.

Сезді ме, сүйген жары кеше түскен?
Келуін жауды құртып үнем күткен.
«Жаныма сәлемдеме берейін» деп,
Орамал, қалта, байпақ, қолғап пішкен.

Білді ме ата-анасы қалған елде,
Қой менен жылқы баққан алыс белде.
«Жасаған, құҰынымды сақтай гөр!» деп,
Ұйықтамай төсегінде жатыр ма әлде?

Су орғып, мың бұктеліп, тоқсан толқып,
Көк мұздың бірі шауып, бірі жортып,
Дауылмен араласа барады ағып,
Жарылған бомбалардан үркіп, қорқып.

Ер Ысқақ пулеметін алды қолға,
Қорқатын мұзды судан жігіт ол ма?!
Су түгіл именбейді қара құстан.
Төбеде, жалтылдаған тастап бомба.

Түн іші. Ай қараңғы, хауіп күшті,
Сеңдердің бірі ытқып, бірі бұқты,
Көк мұзда сүйретіліп келе жатып,
Күмп етіп суға Ысқақ бір-ақ түсті.

Пулемет, граната, мұзды киім,
Бәрі жүк, малтуына қандай қиын.
Тартады тастай батып су түбіне
Қалжырап қалды аяқ, қол, екі иін.

Біресе суға сүңгіп, бірде малтып,
Біресе құлаш ұрып, бірде қалқып.
Төрт солдат жауға қарсы келе жатыр,
Қиындық қандай болар бұдан артық.

Ұрады жан-жағынан толқын тулап,
Қамайды оқтан ыққан сеңдер шулап.
Жауғандай планета - көктен от, тас,
Самолет, бомба тастар темір тұрап.

Бомбаны елге тастап қырғаны аз ба?
Тас-талқан мың сан қала қысы жаз да.
Қорғаған сол қаланы көп боздақтап
Не өлмей, жараланбай келген бар ма?

Зуылдап оқ жауып түр маңдайынан,
Өтеді мұздың сызы таңдайынан.
Иегін жосып келеді қызыл көбік
Немістің өзен бойын қандауынан.

Бұл судан бұрын да ерлер өтпеді ме,
Атыста суға көп жан кетпеді ме?!
Қайғылы «қара қағаз» майдан-шептен
Ауылға, қалаға да жетпеді ме?!

Төрт жігіт ең алдында Ысқақ батыр,
Алысып мұзды сумен келе жатыр.
Быж-быж, оқ алдан, арттан, оңнан-солдан,
Қамап жүр жауыз ажал - заман ақыр.

Мінекей, бір жолдасы суға батты,
Батпас ед, жүректен оқ иттей қапты.
Күйіренген қара түнек су астында
Жас боздақ Отан үшін иек қақты.

Жас қазақ арманменен кетті-ау өліп,
Ауырмай, шәйіт солдат толқынға еріп.
Сағынып сол жігіттің сүйген жары,
Отыр ғой түнде көзден жасын төгіп.

Болғанда түн ортасы күн ашылды,
Ай туып, ысқырынған жел басылды.
Ысқақ та ақ аюдай судан шығып.
Ойлады жауды қырар айла-ақылды.

Радист, Ысқақ, мерген үш-ақ адам.
Өзеннен тірі шықты әзірше аман.
Желідей жар жағасы қабат-қабат
Қоршаған шым-шытырық сымнан аран.

Ысқақтың сол жағы жау, оң жағы орман.
- Польшаның орманы да ерге қорған.-
Дегендей, осы арада орыс, қазақ
Айқасып фашистермен құрбан болған.

«Өзеннен өткізбен» деп берік жатқан,
Немісті бөріктерді оң қанаттан.
Кенеттен жауған оқтан тұра қашты
Ұрғандай найзағаймен алыс аспан,

Үсті су, денесі мұз, қару қолда,
Ер Ысқақ балта ұрғандай темір торға.
Ұлы Отан есімімен қайрат жиып.
Ілезде ойран салды сансыз қолға.

Жүгіріп бірден бірге пулеметін,
Зулатып паршалады, фриц етін
Тақ ата радисті те берді хабар:
«Өзеннен аудардық, - деп, - жаудың бетін!»

Білдірді фрицтердің шоғыр жерін,
Фашисті қырып жүрген Ысқақ ерің.
Сол сәтте совет жақтың зеңбірегі
Гүжілдеп талқандады жаудың төрін.

Қып-қызыл отқа толды өзен үсті,
Айдады «жолбарысын» жау да күшті.
Жұлдызды болат қанат қаһармандар
Польша үшін, Совет үшін құспай ұшты.

Ер Ысқақ тісін қайрап, көзін тігіп,
Маңдайдан ащы тері қайнап шығып.
Фрицке ит өлімін беріп жатыр
Сұрланып екі беті жұз құбылып.

Көк жүзін самолеттер жауып кетті,
Аспанда бытырлатып пулеметі.
Кей-кезде біреуге оқ жабылады,
Құлайды төбен зулап жағып отты.

Жер беті лаулаған өрт, қара түтін,
Танкінің қалмағандай бірі бүгін.
«Өлесің», «өлтіремін!» деген айқас
Ұмықпан дос, қас солдат жан үмітін.

Борідей жау жалғызды қамалады,
Ер қазақ «Максим» оғын аямады.
«Ұстаймыз, ұстатпаймын!» - кетті ерегіс
Денені күйіп-жанған аралады.

«Жолатпан иттер сені» деген кезде,
Ысқақтықтың есі ауды әлде неге.
Барабан, сырнай-керней болып кетті
Басқа емес, тау басқанын сезді дене.

Айқаста минаға ол сүрінді ме,
Болмаса жау оғымен мұдірді ме?
Я аспаннан тіке зулай бомба түсіп,
Кеудесі осколкоға мұжілді ме?

Әйтеуір батыр құлап бәйтеректей,
Аяқ-қол суынса да, жүрегі өрттей.
Астында таудай жұктің жұмарланған
Жан шіркін, аз-ақ-аз-ақ шығып кетпей.

Сұңқарлар жауды құды жеңісті алған.
Қызыл ту күнге жетті Польшаны алған
Түс бола Висланың батыс беті,
Азаттық ән шырқады еткен арман.

Батальон командирі зор денелі:
- Жолдастар, біздің Ысқақ қайда? - деді.
Іздеді ойдан-қырдан тауып алды
Шала оліп, балшық басып жатыр еді.

Ысқақтың айналасы бейне құрым,
Фрицтер топ-тобымен тапқан қырғын.
Желкесін қыран қиған арам құстай
Ақ қарға домалаған фашист құзғын.

Жол ашқан бір полкке сол Ысекем,
Сондай бол Отан үшін тудым десең,
Ақтады ол ана сүтін тар кешуде.
Сондықтан мен де ерлігін өлеңдетем.

Полковник алғыс айтты ерлігіне,
Ер Ысқақ госпитальдан шықты міне.
«Советтер Одағының Батыры Ысқақ»
Деп жазды «Правда» газеті де

Ұзақ жыл дем алғалы елім, жерім,
Ұзақ жыл тоқтағалы оқтың лебі.
Ұзақ жыл Ыбыраев Ысқақты да
Отанның Батыры деп ел сүйгелі.

Гитлердің табынында көрген азап,
Ері құл, әйелі күң қалың поляк
Советтің көп қаһарман қуатымен
Бөленді күн нұрына болды азат.

Ысқақтың жүрегінде қалған бір із,
Оқ ізі ол - Висладан қалған бір сыз
Жүректің соғуын бір тоқтатқан сол,
Батырмен амалсыздан қоштастық біз.

Өткізді ол ширек ғасыр елде, еңбекте,
Жеткенде ойнап-күліп елу беске
Мезгілсіз жазғы күнмен бірге қонды
Алтынмен жазулы өмірі ескерткіште.

КАРТА КАЗАХСТАНА

Взгляни на карту, на наш Казахстан.
Там снежные пики, степной океан,
И реки, что свет посылают в аулы,
И горы, где дышит в ущельях туман.

Там взоры бескрайний простор окрылит.
Озера притянут к себе, как магнит.
Наш край от Тянь-Шаня до высей Урала
И душу, и сердце, и взор восхитит.

А если в единую нить протянуть
Железной дороги извилистый путь –
Опутает он половину планеты,
И рельсы блеснут под луною, как ртуть.


На западе голые степи пусты,
Там нефть затаили земные пласты.
Вздымаются вышки, как лес величавый,
Чтобы вызволить нефть из глухой темноты.

Безжизненных каменных гор череда
Теперь озарились лучами труда.
Земля распахнула богатые недра,
Железная плавится в домнах руда.

Наш хлопок белей, чем весной облака,
У нас соловьиная песня звонка,
И земли пустынь, рокоча, напоила
Теперь Сыр-Дарья – голубая река.

Травой бархатистой богата Или,
Мы Южной Звездою ее нарекли.
На Кремль в час восхода похож Ала-Тау,
Как знамя, в ущельях лучи расцвели.

На степи взгляни – Казахстан стал иным.
Гуляют стада по лугам заливным.
Наука и труд переделали степи,
И песни над хлебом звенят золотым.



МЕЧТА МАТЕРИ

Я без тебя тоскую, мальчик мой.
Все в этой жизни мерю я тобой.
Мой сладкий, в мир пришел
ты тьму рассечь.
Счастья свет ты мне явил собой.
Из моего брал сил ты молока.
Переполнялась дум моих река.
Ни крошки в рот сама я не брала,
Пока кормила досыта сынка.
Сменялись сны мои чередой тревог:
Заплачешь ты – стою у милых ног.
Баюкать прекращала я тебя,
Когда входило солнце на порог.
Когда же ты играл среди ребят,
Тревоги за тебя был полон взгляд,
И на себя обиды, боль, печаль
Брала я без сомненья наугад.
За бабочкой, я вижу, мчишься ты.
Твой слышен смех средь детской суеты.
Он – счастья материнского родник.
Что выше неземной моей мечты?!
Не все несла до слуха я отца
И приручала юного птенца:
Игру труд, забавы, песни, смех, –
Познал ты в годы детства до конца.
Ты рос, мужал, летя быстрей вперед,
И радовал свершеньями свой род,
И, разделяя жизнь твою с тобой,
Я отмечала тоем каждый год.
Ты сам давно, мой мальчик, стал седым,
Но место, где стояла колыбель,
Для нас с отцом останется святым!

Перевод А. Курлени,
Н. Зимина.

ХЛЕБ И ЖИЗНЬ

Полили землю мы обильным потом,
В родстве мы с нею плоть от плоти,
В моей степной привольной стороне
Налитый колос каждый дорог мне.

Пусть щедрый хлеб украсит скатерть нашу,
И кумыса не опустеет чаша,
Переливайся, поле, и искрись!
Не разделимы вечно хлеб и жизнь!

Рисуй, мой конь, подковами узоры
На неоглядном полотне просторов,
Понравится тебе, кунак мой, знаю,
Хлеб Петропавловска, и Кустаная,

А гляньте, гости вы мои на Джезказган,
И радугою вспыхнет дастархан,
И заиграет медь восходом солнца
Сродни он хлебу, что потоком льется.

...Скачи, скачи, мой верный конь – тулпар.
Подбрось-ка в печь, Караганда, свой жар.
Пусть золотится дорогой мой край,
Как вынутый из печки каравай.
Мой друг!
Смелее за узд держись, неразделимы вечно хлеб
и жизнь!

Перевод
В. Шестерикова

ПАМЯТНИК

Цветам, распустившимся в райском краю,
И зернам степи эту песню пою.
Я голос былого и отклики новых времен
Вложу ювелирно в последнюю песню свою.

Что было – оставило в памяти след.
Я вброд перешел глубину моих лет.
Напутствуя тех, кто по жизни вослед мне идет,
Сжигает свечою поющее сердце поэт.

Я верою тверд.
В череде нескончаемых дней
Я буду душою всегда со страною моей.
Я буду слугою земле своей, сил не щадя,
Все то пожиная, что было посеяно в ней.

Я – пламенный сын возрожденной страны.
Стремленья мои и чисты, и ясны.
Отчизна – источник ты силы моей,
Ручей вдохновенья цветущей весны.
Жизнь так быстротечна, возврата к минувшему нет.
За все перед смертью придется держать мне ответ.

Но если я песни отчизне соей пропою,
То я не напрасно однажды явился на свет.
Я взял из любви к своей родине в руки перо,
Младым поколеньям стараясь содеять добро.
И будет, как памятник, в душах потомков моих
Всех строчек немеркнуще серебро.

Перевод
А. Курлени, Н. Зимина

ПЕСНЯ ШАХТЕРА

Богата черным золотом Караганда
Я здесь рожден в далекие года
Меня качали клетки вверх и вниз
И песни пела мне подземная вода.

Я эту землю с детства полюбил
И в шахте горы угля нарубил.
Немного было нас – шахтеров, по степи
Народ мой кочевал, об отдыхе грустил.

И в первый день, когда я был рожден на свет
У бая сын родился... Разодет
В рубашки дорогие, надушенный
Не знал он голода, общежитейских бед.

В дому у нас пеленки нашлось
Чтобы прикрыть меня... Отцу пришлось
Обрезать мне пупок ножом простым
Скрывая в сердце и боль, и ненависть, и злость.

А в доме у бая праздник - шум и гам.
Мырза на бешбармак баран режет сам.
- Наследника послал Аллах мне кстати –
Бахвалится Мырза своим гостям

Отец мой даже не имел козла
Го богатство – тачка да кайла.
И лампа тусклая для освещения шахты...
А пища скудная я постная была.

Потела за обедом байская жена
Богатыми соседями, родней окружена.
А мать моя потела с углем тачки
После родов бессильна и больна.

Десятилетним взял лапту с тачкой я,
Работал день и ночь», усталость затая.

Чтоб матеря с отцом добыть краюху хлеба
Ценила хлеб как золото семья.

Узнал я радость только в наши дни
Дроби кайла, пласты и ты струна, звени.
И на душе легко, и мысли просветлели
Как яркие янтарные огни.

Я разбиваю мощный пласт угля
И рушится он с грохотом пыля.
Я слышу как в степях шумит трава,
Как жаворонок свищет на полях.

Слышу как идут по пашне трактора,
Как содрогается от гула их гора.
Долблю я пласт – звенит вода в канаве,
Как слитки дорогого серебра.

В забое ярко лампы зажжены
Я ставлю креп из дуба и сосны,
А надо мной, я знаю в это время
Колхозные проходят табуны.

Я в руки взял отбойный молоток,
По проводам бежит незримый ток.
И рушится к моим ногам бушуя,
Весь в черной пене угольный поток.

И там, где тишина была вчера,
Теперь гремят конвейнера.
Течет ручьями, содрогаясь, уголь
Его катают клетки «на гора.

Обуреваем радостью труда,
Горжусь тобой, моя Караганда
Великая партия дала мне счастье жизни,
Его я не утрачу никогда.

Перевел с казахского В.ЧУГУНОВ.

КАРАОТКЕЛ

Данное стихотворение поэта реалиста Галыма Малдыбаева, посвящено одному из батыров казахского народа в период джунгарского нашествия.

В тот период в Казахстане было небольшое количество городов, в основном сосредоточенных на юге и западе казахской степи. Любой город как и крупное поселение являлись оборонительными крепостями. Иное дело бескрайняя степь среднего Казахстана, где оборонительными преградами являлись реки.

Речь идет о старице реки Есиль, местечке Караотколь , что близ Астаны, где проходило крупное сражение казахского ополчение против джунгар.

Это ополчение возглавлял батыр Кара. В этом бою ценою своей жизни он смог дать отпор войску джунгар. Поэтому казахи, отдавая дань уважения своему славному батыру, назвали это место сражения в честь его имени Караотколь, которое существует и ныне близ столицы Астана.

Стою, любуясь видами Есиля
Вода светла, зелены берега,
Но почему-то это место издревле-
Народ прозвал торжественно Кара!!!

Течет Есиль, и волны серебрятся
В их отражение виден небосвод,
Ты по-иному должен называться,
Но предки дали имя – Черный брод.

С великих гор большего Улытау,
Берет начало мощный твой поток.
Много веков, акыны и жырау,
Питали здесь свой творческий исток.

Тебя назвали в честь Кара – батыра,
Известного по всей Сары – Арке,
Его народ под стягами шатыра
Спокойно жил в степи и на реке.

Беда пришла нежданно с Каратау,
Войска врагов пришли в Сара Арку.

Им приглянулись – светлый брод, джайлау
И трудно было дать отпор врагу.

Кара батыр с отрядом ополчения,
Стал защищать степи родную плоть,
На этом броде, дал врагу сраженье
И защитил от гибели народ.

Вот почему сквозь время поколений,
То место боя кличут – Черный брод.
Особый знак, как память уваженья
К Кара батыру сохранил степи народ.

Течет Есиль храня свои сомнения,
Тернистый путь в историю вошел,
Сколько веков вода своим течением.
Творит в степи свой голубой узор.

Акын Сакен и Абдолла и Сабыр,
Писали здесь душевные стихи.
Нуркен Бакен, как уходящий табор
Есилю посвящал свои верши.

Стою любуясь видами я брода,
Когда-то здесь купался Кажимукан.
Как птицы разлетались средь народа
Стихи и песни, данные Шолпан.

И вот я вновь с тобой Черный брод,
Который, еще полюбил еще из детства.
Ты как основа, как надежный плот
Прекрасный мир – живительного места.

Қараөткел хранит свое начало
Целинный край, обильная земля.
Здесь по - другому Солнце засеяло
На новый путь восходит Акмола.

Перевод Сабыр Ибраева
к.и.н. доцент. СКГУ им М. Козыбаева



ӨЗІМЕ

Өмірге қонақ мендағы,
Жырымменен аттанам.
Шірісе де ақын тіл-жағы,
Өлмейді мәңгі хат-қалам

Анадан анық туған соң,
Суық көрді кім көрмес.
Жаз дымқыл, қыс тастай тоң.
Құшағына кім кірмес.

Топырағым шөккен түйеше,
Жатар мұздап, не қурап.
Ағаш өсіп бірнеше,
Не шөп шығар бір шумақ.

Жарың, балаң ақырын,
Басыңа келер күрсініп.
«Өлген-тұрмас» нақылын,
Есіне алар жай сұлық.

Төріңде тұрар суретім,
Үнсіз қарап мөлдіреп.
Көзі маған кідіретін,
Әйелім тұрар елжіреп.

Өлдің, қалдың, шірір тіл,
Сезбессің дүние көлемін.
Басымда сайрар бір бұлбұл
Ол бұлбұл менің – өлеңім.



Ғалым Малдыбаев 1928 ж. Қызылжар.



Ғалым Малдыбаев бәйбішесі Күлшай Нүрпейісовамен. 1930 ж. Петропавл қаласы



Ғалым Малдыбаев. Крым. 1934 ж. Алупка



Ортада отырған Ғалым Малдыбаев 1930 ж Алматы.



Оң жақта отырған Ғалым Малдыбаев
1932 ж. Кереку, Баяныауыл.



Ғалым Малдыбаев, Қожахмет Дәрібаев Преснов ауданы бірінші ауыл 1930 жылдар.



Отырғандар солдан Қалмақан Әбдіқадыров,
Ғалым Малдыбаев тұрған Ғабит Мүсірепов
1932 жыл. Алматы.









Ғалым Малдыбаевтың әр жылдарғы фото - суреттері



Сәбит Мұқановтың Ғалым Малдыбаевқа сыйлаған суреті. Қызылжар. 1928 жыл



Оң жақтан екінші Ғалым Малдыбаев, 1933 жыл. Қызылжар



Отырғандар: солдан Дихан Әбілов, Күлшай Нүрпеисова, Сейтен Малдыбаев. Қызылжар. 1930 жыл.



Ғалым Малдыбаев ортада. Алматы. 1940 жыл



Халық ақыны Кенен Әзірбаев пен Ғалым Малдыбаев.
Алматы. 1949 жыл



Қоғам қайраткері Илияс Омаров (ортада) Ғ. Малдыбаевтың үйінде қонақта 1957 ж. Ленин ауылы.
Оң жақта отырған әйелі Зураш.



Солдан Ғалым Малдыбаев, жазушы Сейтжан Омаров 1959 жыл. Алматы



Солдан: ақын – жазушылар Сафуан Шәймерденов, Мұхтар Әуезов, Белгібай Шалабаев, Ғалым Малдыбаев, Берді Кербебаев, Есмағамбет Смаилов, Зенаида Кедрина, Зейн Шашкин. Алматы.



Москва маңы орманы , 1949 жыл, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғалым Малдыбаев.



Сәбит Мұқанов, Ғалым Малдыбаев.
Қоштасу 1966 жыл Алматы.



Сол жақта Ғалым Малдыбаев ҚазақССР –
ның халық әртісі Құрманбек Жандарбековпен
Алматы 1936 жыл.



Ортада отырған Сәбит Мұқанов оң жағында Ғалым Малдыбаев, Қызылжар «Ленин туы» газетінің редакциясында. 1960 жылдар.



Солтүстікқазақстандық ақын – жазушылар солдан Ермек Қонарбаев, Жарасбай Нұрқанов, Темірғали Қасенов, Игібай Әлібаев, Уахит Темірбеков, Ахметжан Нұртазин, Ғалым Малдыбаев. 1960 жылдар. Қызылжар



Ғалым Малдыбаев 70 жаста. 1972 жыл. Сергеевқа қаласы.



Ғалым Малдыбаев 70 жаста. 1972 жыл.
Сергеевка қаласы, Мәдениет үйі.



Солтүстікқазақстандық ақын – жазушылар, журналистер Целиноград (Ақмола) қаласында 1965 жыл.



Солдан: Уәп Рахымжанов, жазушы Ахат Жақсыбаев, обком хатшысы Әнуарбек Шманов, халық ақыны Игібай Әлібаев, Зураш, Ғалым, баласы Сәбит Малдыбаевтар, жазушы Сәбит Мұқанов әйелі Мәриям, Шашубай Малдыбаев .1972 жыл Сергеевка қаласы



Сол жақтан Ғабит Мүсірепов, оң жақта Ғалым Малдыбаев
1949 ж. Москва маңы орманы



Ортада отырған халық ақыны Молдахмет Тырбиев, оң жақта
Ғалым Малдыбаев 1954 жыл. Қызылжар



Ғалым Малдыбаев Жамбыл ауданы ашылу салтанатында.



Солтүстік Қазақстандық еңбек және соғыс ардагерлері «Ленин туы» газетінің редакциясында қонақта 1975 жыл.



Ғ.Малдыбаев әкесі Рахмет пен бірге 1941 ж



Ғалым Малдыбаев бала – шағасымен бірге .
Ленин ауылы, Октябрь ауданы, 1965 жыл.



Зураш және Ғалым Малдыбаевтар. 1959 жыл.
Ленин ауылы. Сергеев ауданы.



Зураш Ерғалиқызы Малдыбаева.
1960 жылдар.



Ғалым Малдыбаев қызы Зоя (Ақжайық) екеуі.
Алматы 1955 жыл.



Ғалым және Зураш Малдыбаевтар
балалары Алма мен Шашубай. 1956 жыл.
Ленин ауылы. Октябрь ауданы.



Ғалым Малдыбаев. 1978 жыл. Сергеевка қаласы.



Ғалым Малдыбаев әйелі Зураш, немересі Жанар.
1978 жыл. Сергеевка қаласы.



Ғалым Малдыбаевтың 80 жасқа толған тойына келген қонақтардың бір тобы.
1982 жыл. Сергеевка қаласы.



Ғалекеңнің жары Зураш бала-шаға немерелерімен. Сергеевка. 1982 жыл.



Ғалекеңнің жары Зураш балалары мен бейіт басында, 2002 жыл.



Шашубай Малдыбаев жазушы Сабит Мұқановпен 1971 ж Алматы.



Ақынның баласы Шашубай Малдыбаев ақын Тұманбай Молдағалиевпен бірге 2002 ж. Қызылжар.



Солдан Шашубай Малдыбаев, Қазақстанның Халық жазушысы Сәкен Жүнісов, филология ғылымдарының докторы Серік Негимов. 2000 жыл. Қызылжар



Ғалекеңнің балалары (жоғарыда) Абай, Алтай, Шакірбай, (отырғандар) Шашубай, күйеу баласы Сейіт Қадыров. 1982 ж. Сергеевка қаласы



Қоғам қайраткерлері Ғазез Есмұқанов, Аманжол Қошанов және Шашубай Малдыбаев 2007 жыл. Алматы



Ғалекеңнің баласы Шашубай өзіне атын берген Шашубай Қошқарбаевтың елінде. Балқаш қаласы 2011 ж.



Ғалекеңнің баласы Шашубай, немересі Рауан.



Ғалым Малдыбаевтың ұрпағы.





Ғалым Малдыбаевтың келіні Гүлнәр,
шөберелері Ғасыр - Ғалам, Еділ - Жайық



Ғалекеңнің немересі Мүслім балалары Шашубай, Сабит.



Ғалекеңнің немересі Рауан шөбересі Еділ - Жайық.



Ғалекеңнің немерелері Ғабит, Рауан, Дидар, Тимур, Ерназ



Ғалекеңнің баласы Алтай қызы Данамен



Ғалекеңнің қызы Ғалия (ортада) жиені Гүлсая, келіні Айгүл, жиендері Серуен, Арай



Ғалекеңнің қызы Ғалия күйеу баласы Мейірхан.




Ғалекеңнің жиендері Азат Тимур.



Ғалекеңнің баласы Сабит Меккеде.



Ғалекеңнің күйеу баласы Бейбіт балалары Балым мен Илияс.



Ақынның мәңгілік мекені...

Ғалым МАЛДЫБАЕВ

ӨМІРДЕН ЕРТЕГІ

хикаят

1. БАЛАЛЫҚ ШАҚ

Қаңтардың қақаған бораны алай-дүлей соғып тұр. «Тфу» десең түкірік жерге түспейтін аяз, ішін тартып ұлыған жел қарсы алдымыздан ұйытқи ұшқан қардың түйірлері бетке бытыраның оғындай тиеді. Ысқырған борасын лезде дауылға айналғандай. Ескі қыстаудың кәрі ағаштары сықыр-сықыр етіп, жанын қорғауға пана таппай тұр. Дауылдың керемет күштілігінен қыстаудың төр жағында атам заманнан бері шақатта тұратын жалғыз кәрі терек те тоңқайып құлап жатыр.

Біз ағайынды үшеу едік. Үшеуміз де Бәйгел ауылында кісі есігінде жүргенбіз. Үлкеніміз Мырзақмет, оған тете Сейтен, соңғысы мен. Жадағай жұмыс шанасына жеккеніміз байдың үйінің ала өгізі. Үшеуміз де үн жоқ. Менің денемді белгісіз бір ауыр ой, қара тастай басып барады.

Байдың ауылы мен біздің ауылдың арасы сегіз шақырымдық жол. Оң жағымызда Есіл өзені. Жарды жағалап келеміз. Мен әрі тоңып, әрі жарға құлап кетеміз бе деп қорқамын. Сол жағымыз қырат дала. Жер түбінен зымыраған қар, бірін-бірі қуып өзеннің биік жарынан құлап жатыр. Кейде алыстан шапқылап келген «қасқырлар» да, сайға түсіп жоқ болды. Қорыққаным сондай, жанталасып екі ағамның арасына қыстырыла түсем. «Қасқыр емес қаңбақ» деп Мырзақмет айтпаса, жылауға жақын едім.

Өткен жазда қозы бағып жүргенімде бір көкжал келіп, керсен құйрық қозыны арқалап ала жөнелгені бар. Мен қорыққанымнан дауысым шықпай, екі санымды сабалап отырып қалыппын. Ол үшін арқама ақ таяқ ойнаған. Байдың үйіне келген қонақтардың қолына су құйып жүргенімде, естігенім:

«Биыл қасқыр қатты, ана ауылдың қорасына мына ауылдың қорасына түсіп, қойларын жеп, қырып кетіпті» десетін, сол

сөздер есіме түскенде, мені де шанадан қасқыр жұлып алып, арқалап әкетер-ау деген қорқыныш ой зәремді алады. Анадайдан қараң етіп көрініп қалған құмырсқаның илеуі де, шөп тасығанда шанадан түсіп қалған шөп те, ең аяғы жол үстінде өлген малдың сүйек- саяқтары да маған қасқырдай болып көрінеді.

Біздің қырық үйлі Есей ауылы тоғайда қыстайды. Міне, біз де осы Есей ауылындағы үйімізге келе жатырмыз. Орта жолдағы «Бейіт асты» деп аталатын жардан төмен қарай ала өгіз өңкеленде шаба жөнелді. Жадағай шананың қажалған ағаш табаны әр жерден бірақ тиеді. Алдымызда отырған Мырзақмет саспайды. Оның қолында божы да жоқ. Ала өгіздің жас кезінде мұрнын тесіп бұйда тақса да, арба шанаға әбден көмпіс, әрі қалша болған соң, бұйдасын алып тастаған. Бір мезгілде ұршықтай үйірілген шана сырғанап барып жол жиегіндегі түбірге соққанда, мен өзімді сен жыртқан шұқырдағы күртік оппа қардың арасында көрдім. Мырзақмет қолымнан тартып алмағанда күртікте қалатын түрім бар.

- Ой сорлы шіркін, міне, он жасқа келдің бүгін шанадан құладың, ертең өгізден құлайсың, арғы күні аттан жығыласың, сонда Қанкелді байдың есігінде қалай жалшы болып тамағыңды асырайсың.

Ол реніш білдіріп келеді. Сегіз жасында байдың қозысын бағып, одан қойын бағып, одан жалшылығында жүріп, талай азапты басынан кешірген Мырзахмет мені де өзіндей мығым болады деп ойлайды. Ол жасы отызға жақындаса да, ақ үстінен қара танымайтын сауатсыз. Мына суық боранда киіп келе жатқан киімінде де, тамтық жоқ.Жаман ескі қағыр тымақ, шұлығы тесілген бастама етік. Шекпен күпі де құр белбеу болғанымен бірде бір түймесі жоқ. Биялайдың жыртығынан жуан саусағы да көрініп тұр. Жыл сайын аяз қарып, үсіп шилі болған екі беті қара қожалақтанып, темір басып күйдіргендей таңбалы. Ол зор денесімен шанаға отырмастан өгізбен қатарласа жүгіріп келеді. Тегі тоңса керек. «Бейіт астындағы» тоғайға кірген соң, мен де шанадан түсіп, жаяуладым.Аяқ-қолым сіресіп үсіп барады. «Қолыңды үрле, аяғыңды біріне-бірін соқ», деген Сейтеннің ақылы да пана болар емес. Сейтен де жаяу жүгіргісі келеді. Әттең бір аяғы ақсақ, балдақпен жүреді. Жасында Бәйгел ауылының қойын бағып жүргенде, өгізден жығылып, тобығы шыққан-ды. Бері келе тақым сіңірі тартылып, сол жақ аяғы қысқарып кеткен. Бақсылар талай рет шыңғыртып созса да табаны жерге жет-

кен емес. Сейтен соңғы жылдарда жалдама молдалардан оқып, сауатын ашып, хат жазуға мол жараған.

Жиырмадан жаңа ғана асқан сырықтай сұлу жас жігіттің денесі сүйіктей саусақтары, ақ сазандай беті, қара да, үлкен көзі, қиылған қап-қара қасы, жанған оттай қызулы сөздері осының бәрін көрген адамдар: «ақсақ болса да аяғы саудан артық жігіт екен» дейтін, өте зеректігі оны өлеңші, домбырашы болуға дейін жетелеген. Өзінің аяғынан жарым-жан болғанын және байлардың қорлығына намыстанған Сейтен:

Замана, алдың аран, артың батпақ,
Кедейлік қой бақтырып болдым ақсақ.
Тоқтыдай қотандағы қасқыр тартқан,
Кем болып тең-құрбымнан жүрмін қақсап- дейтін.

Біз үйге кештетіп келдік. Қараңғылық басқан сүреңсіз көшемен келгенде терезеден үкінің көзіндей ғана жарық көрінді. Қара көлеңкеде үйге кіріп келдік.Қойны-қоншымыз толған қар. Талдан тоқыған үйдің жартылай тоқыма сәкісіне отыра кеттік. Төрде ұзынынан түсіп шешем Бәден жатыр. Әрине, ауырып жатқаны беп-белгілі. Оның қарсы алдында әкем Рақымет, бас жағында атам Малдыбай отыр. Оның алдында екі жасар інім Нұраш бар. Жеңгем Қант пен сегіз жасар қарындасым Орыштай лаулап жанған пештің отына нан пісіріп жүр. Атамның өңі адам қорыққандай өзгеріп кетіпті. Көзінің алдында іркілген жас бар. Әкем де үн жоқ. Қабағы қатыңқы ол ауыр дем алып, шешемнің аузына су тамызып, ернін жібітіп қояды. Басқа көмек жоқ. Созылып жатқан шешемнің бізге қарауға әлі біткен.

- Адаспай келдіңдер ме?

Атам кір басқан орамалымен көзін сүртіп жақын отырған мені арқамнан сипады.

- Сені үсіп қалама деп қорқып отыр едім. Атпен алдарыңнан шығуға, міне, көрдіңдер ме, келіннен ұзай алмай отырмын. Немене қожаларың қатал адам еді, ұрысып сөйлеген жоқ па? Тез келіңдер деген жоқ па?

- Таңертеңгі мал жайлаудан қалмай кел деп айғайлап қалды. Мұны айтқан Мырзахмет – Бәден көптен ауырып жатыр ма? Тамақ ішті ме? Ол жеңгесіне жанашырлықпен жылы лебіз білдірді.

- Келін ауырғалы бейсенбіден-бейсенбі сегіз күн. Жығылғалы тамақ ішкен емес, кешеден бері сусынды да, аузына алмайды тілі сөйлеуге де келмейді. Құдайдың өзі

жеңілдігін берсін. Кеше бізбен бақылдасып, сендерді іздеп, қашан келеді- деп жатты. Атам одан әрі булығып сөйлей алмай, жылап жіберді. Менің көзім шешемде үрейленіп отырмын. Жылағым да келеді, бірақ көзімнен жас шықпайды.

Денем бір суып, бір ысығандай болады. Жүрегім аттай тулайды. Атама жалтақтап қарай беремін де, оның ық жағына тығыла түсемін. Емшектен шығып, есімді білгелі «Атам баласы, әжемнен туғанмын» дейтін маған, шешем:

- «Құлыным-ай, енді өзіме келші, маңдайыңнан иіскейін» - деп жатқандай. Бұл өңім бе, түсім бе деген оймен лезде көзімді жұмсам, шешемді әлде кімдер көтеріп, далаға әкетіп бара жатады.

Осы қорқынышты ойдан құтылғым келіп, көңілімді қырық саққа жүгіртемін. Ол минут сайын демін қаттырақ алған секілді. Бір сәтте шешемнің өзіме істеген кейбір естен қалғысыз жақсылығын ойлап кеттім. Ол былай еді: бір жылы Есіл өзені керемет қатты тасыды. Жұрт оны әлі күнге дейін «қатты тасқын» деп атайды. Өйткені, Есіл бойын жайлаған елдегі ауылдардан су тасқыны апатынан бірде-бір ауыл аман қалмаған. Көптеген ауылдардан адам шығыны мен мал шығыны ұмытылмастай, көп болыпты. Мен ол жылы төрт жасқа әлі толмаған бала болсам керек.

Біздің ауыл Есей ауылы атанды да, өзі табаны күректей қырық үй болды. Осы қырық үйдің он алты үйін «аз Есей» дейді де жиырма төрт үйін «көп Есей» деп атайды ел. Қотаны басқа екі ауыл да, Есіл өзенінің жағасында, тоғайды паналап қыстайды. Бір жағынан адамдары су сақтап, балық қақтап күп көрсе, екінші жағынан малдарына пана тоғай, мал азығы шөп те тоғайда. Қар күреп, қоқтық тазаламайды. Көктемде, Есіл тасығанда ауыл үйдің арасын судың ағыны жылан жалағандай тазалап, ағызып алып кетеді. Ғасырлар бойы тұрып үйренген ата мекеннің сыры қай ауылға болса да, аян. Сондықтан «Есіл енді тасиды-ау» деген кезде жұрт жапа тармағай қырға шығып кигіз үй тігеді. Бұл кезде тоғай бойының қары еріп, қырдың қары әлі алашабыр болып жататын мезгіл. Дағдылы жазғұтырғы мекенге келгенде, жұрт кигіз үйдің орнын күреп, қардан тазартып барып үй тігеді.

Мінекей, сондай үйлердің біреуі біздікі. Осы үйдің ауыртпалығын атан түйедей көтеріп жүрген мына жаткан менің анам – Бәден болатын.

Науырыз айының орта кезі болуы керек. Күндердің күнінде бүкіл қара тоғай бойын қап-қаранғы тұман басады да

кетеді. Жұрт Есіл тасқынынан бейхабар, жайбарақат отырады. Дәл күн батар алдында тұманмен аралас:

- «Ойбай, тасқын... алла тасқын...!» - деген айғай-шу, азан-қазан үрейлі үндер жер қозғалтқандай болады. Мұндай сасқанда сая болатын Рақымет, Мырзақымет екеуі де үйде жоқ. Жақынымыз атамның немере інісі жалқы жігіт Қожақымет те кісі есігінде жалшы. Үйінде жас босанған әйелі Кәмел мен алпыстан асқан әжеміз Айкүміс қана бар. Қысқасы екі үйдің арасында бас көтерер адам атам мен шешем.

Әлі бойынан қуаты тая қоймаған атам қорқылдақ көк атымен екі үйдің жүгін қырға тасып жан ұшырады. Қыстау мен қырдың арасы үш шақырым жер, осы екі араны алты рет айналады атам. Біздің «аз Есей» сіңірі шыққан кедей ауыл болатын, Тек қатын-бала болмаса, еркектері жалшылықта жүреді. Әсіресе, тоғыз бірдей азамат баласы бар Еламан шалдың барлық ұлдарынан біреуі де үйінде болмайды. Бәрі де кісі есігінде. Міне, осылардың төртеуі бойдақ болғанымен бесеуінің қатын баласы бар екен. Солар «өлдік, қырылдық тасқында қалдық» - деп тоғайды басына көтерді.

Он алты үйдің қырға көшіп баратын жолы біреу-ақ. Оның да үш жерде терең сайлары бар. Жалғыз аяқ жаман жолмен шиқылдаған қазақы арбалар, төсек-орнын арқалап, жас балаларын көтеріп, сасқан жұрт тасқыннан қашып келе жатады. Мезгіл түнге айналады. Екі үйдің екі сиыры мен төрт-бес қой ешкісін қуалап айдап Бәден мен Кәмел де келе жатады. Шешем мені біресе жетелейді, біресе арқалап су кешіп, аз ғана малды айдағаны менің әлі есімде.

Міне, қырға шығар ауыздағы алқаның бауырына жетіппіз. Түнде улап-шулаған адам мен малдың дауысы қандай үрейлі. Бір кезде біздің де малдарымыз айғай таяқтың астында судан өте бастады.

- Әй, арам қатқыр-ай, қарға батып қалды-ау. Шешем мені жерге қоя салып, қарлы суға батып жатқан арық қойды сүйрелеп жатты. Мен судан қорқып, әлгі келген жолмен «үйге барамын» деп жылап тура қаштым. Ойым тоғайдағы үйге барып соқпа пештің үстіне шығып жылынып отыру. Шешем қойды қырға шығарып, маған келсе, әрине мен ол жерде жоқпын. Айқайды үсті-үстіне басып жүр шешем . Мен жолдан шығып, бетіммен адасып кеттім. Қараңғы түнде, айғай-шуда мені іздей береді. Жаны мұрнының ұшына келіп жүгіреді. Жылайды, мен қарға батып құлаппын. Түні бойы

мені іздемесін бе, сапырылысқан көштегі жаяу-жалпының бәрінен сұрап даусы мүлдем қарлығады. Әлден уақытта менің шырылдаған дауысымды естіп, жүгірген бойымен маған да жетеді. «Бейшара-ау, сені қай құйын әкетті» - деген шешем, мені арқалап алды да, қырға тартты. «Жолда арба басып кетсе қайтесің... терең сулы шұқырға құлап қалсаң не боласың?, өлесің де қаласың ғой бейшара» - ол сорлы маған ұрысып келеді. Әбден ентігіп әрең сөйлейді. – «Әкең де үйде жоқ, құдай аямаған сорлы, неге қаштың?»

Алқаның аузына келгенде, шешем мені жоғары бір ырғытып, суға түсті. Менің аяғыма жыртық етігімнен су толып кетті. Тегі су шешемнің белуарынан асып кетсе керек, қырға да шықтық. Алқаның дөңіне көтерілгенде аяғымыздың астынан бір от көрінді. Шешем қуанып: «Жасаған-ай, отты қара»,-деп айғайлап жіберді. Қарасақ, әкем Рақымет те қырдағы байдың ауылынан келіп қалған екен. Ол өзі көтергенше қу отын әкепті. Жалма жан қарды күреп, үш қанат керегені жайып, оған туырлық жауып, «итарқа» жасап, от жағып әжемді, Кәмелді, Сейтенді жылыта бастапты. Шешем де, отқа кіріп кете жаздады. Жауған ағайындар да, жылынып шығып жатыр. Жас балалар отты орай алды. Сол түнде мені ажалдан айырған шешеме, қазір балалық сезіммен қараймын. Бірақ оның тұңғыш жаны ашығаны менің есімнен қалмайды. Ойымда дәнеме де жоқ. Оның қарлы суған малынғаны, үсті-басы сауыс мұз болғаны, соншама жанын қолына алып жүгіріп қиналғаны менің ойыма да келмегендей. Анамның аналық мейірімі түсіп, балапанын қызғанған қаздай мені қорғанын кейін сездім ғой.

Сөйткен асыл анам арыстай болып ауыр халде жатқаны мынау. Менің балалық шағымда, өлімнен арашалаған анамды, міне он жасқа жаңа толған мен, оның ауыр азабына ара түскім келіп отыр. «Әжемнен тудым» - деп ұғынған бейшара басым, туған анам осы Бәден екенін бері де ғана біліппін. Анамның табанын сүйіп неге аяғының астында жатпадым екен. Шешем мені он ай көтеріп, омыртқасын үзді. Ақ сүтімен ауыздандырып, мен үшін түн ұйқысын төрт бөлді ғой. Мұның бәрін мен кеш білгеніме, өлгенше өкінемін. Менің ойымды бөлген осы оқиғалар қазір де.

Үстінен түйе айдап өтсе де, үн бермейтін Мырзақымет манағы кезде далаға шығып кеткен. Ол түн ішінде сақалы қауғадай Жүсіп бақсыны ертіп келді үйге. Бұл осы ауылдың

әрі бақсысы, әрі молдасы. Молда болғанда туған баланың атын қойып, өлген адамның сүйегіне түсіп садақа алғаннан басқа білімі де, бітірі де жоқ, надан адам. Кескін кейпінен жан түршігерлік қара шал, шешемнің тамырын басып отырып: - Бет алдынан жабысқан ұшық екен, кәне ұшықтап жіберейін. Босағада жатқан жаман балтаны алдырып, оны отқа салғызды. Қызып тұрған отқа кірген балта лезде қып-қызыл шоқтай болды. Бақсы «Бессмеллаһи» деп балтаны шешемнің төбесінің тұсына ұстады да, аузын компаңдатып бірдемелер оқыды. Сөйтті де, аузына су толтырып алып, қызарған балтаға бүркіп, түкіріп жіберді. «Ұшық-ұшық, ел ұшығы ескірсе, таң ұшығы тарқыра». Міне, бақсының бар шатпақ емі осымен аяқталды. Бақсының айтуына қарағанда қазір «аз Есейде» ауырмаған жан жоқ. Үлкендері сүзекпен ауырса, балалар шешек, қызылша мен былқып жатса керек. Жүсіп атам берген садақаны қалтасына тығып отырып: «Жалғыз балам Сәрсекбайда қатты ауырып жатыр еді, кетейін...» Мырзақмет бақсыны апарып салды.

Біздің үйдің оң босағасын аттағалы Қант жеңгем мына менің шешемді әрі ене орнына, әрі абысын орнына ұстап сыйлайтын. Ол шешемнің көрпесін қымтап, шамды түзеп жағып, бәйек болып жүр.

- Апам сусап жатқан шығар – деп аурудың алдына шашкемен шәй әкелді. – апа-ау, апа бір шәшке шәй ұрттаршы, шөлдедің ғой. – Жақындап келіп жас баладай жалынып отыр. Амал не, апасы көзін жұмған қалпында сәл басын шайқады да, жөтеліп булығып қалды. Сөйлеуге тілі күрмеліп қапты. Атам алдында ұйықтап отырған Нұрашты ағаш төсекке апарып жатқызуға жиналды. Дәл осы минутта шешем көзін ашып, Нұрашқа қолын созды. Атам еңкейіп жас баланы анасына тоса берді. Шешем баланың маңдайынан иіскемек болып еді, әлі келер емес. Ол баланың оң қолын ұстап атамның қолына жапсырды. Атамның көзінен аққан жасы қара буырыл сақалын аралап бара жатты. Шешем енді Қант пен Орынтайды ымдап шақырып алды. Қанттың қолына Орынтайдың саусағын қысты. Ең соңында мені шақырып алды да, Сейтеннің қолына жапсыра ұстап, едәуір жатты. Сейтен де жылап жіберді. Үй ішіне айнала қарасам бәрінің де жылағанын байқадым. Қара көлеңкеде жанған шамнан маған тек шешем ғана анық көрінеді.

- Жыламаңдар, балалар, келіпді бір тер қысып жатқан

шығар... Шешем батқан күндей күңгірттенген сияқты. Кескіні бозарып кеткен. Атам кішкене немересін төсекке ұйықтатып келіп, бәрімізді кейін шегіндірді. «Я, құдай, өзің жеңілдігіңді бере көр» деп қояды.

- Таң атып келе ме – деді әкем. Оның дауысы өзгеріп естілді маған. Таң атып келеді – далаға шығып келген Мырзақмет әлденеге қобалжып жүр. – Бәден тиыш болса... кетуім керек.

- Сен неге қобалжып жүрсің, - деді атам. Ұнатпаған пішінмен.

- Маған бай «мал жайлаудан қалма» деп айғайлап қалған.

- Қанкелді байдың шаңырағы ортасына түссе де, бүгін қозғалмайсың, осы үйден. Атам айғайлап жіберді. Оның беті жыбырлап, қолы дірілдеп үй ішін сыдырта бір қарап: «жаны ашымастың қасында, басың ауырмасын» - деді.

Май көктем кезі болатын. Қаһарлы қыстан сынадай қысылып шыққан жан да, мал да, қара жерді қаз басқан шақ. Алыстағы орман-тоғайда шақырған көкек дауысы құлаққа талып естіледі. Аспанды торлаған көкшіл бұлттан әлі де болса, қыстың салқын лебі тарай қоймағандай Есей ауылдары ана жылғы сұрапыл қатты тасқыннан ауызы күйген соң, қырға мекендеген. Біздің ауыл «Қаратал» деген бұрынғы күздіктен қыстау салған. Тасқында кейбір малы, дүниесі суға кеткен кедейлер қойып алдырып, қорасын бекітіп, жаңа орынға келген соң «бұл жерге су тасқыны түгел, пайғамбар тұсындағы теңіз топаны қаптаса да, су келмейді» - деп мақтанатын, мықтымситын.

Әкем бұрынғысындай «Аютас» деревньясында етік тігіп жүр. Мырзақымет баяғысындай Қанкелді байдың жалшысы. Сейтен де, осы Бәйгел ауылында бала оқытады. Менің шешем Бәден о дүниеге аттанарда біз осы ауылдан барған едік.

1912 жылы жазда көп Есей ауылы Ақпанбетов Әбу деген «жадит» молдасын жалдап балаларын оқытқан. Міне, осы Әбудің алдына мен де келіп, тұңғыш рет «Мұғалім Әуел» аталатын кітаптың бетін аштым.

Қыс Әбу оқуға кетті де, Сейтен Бәйгел ауылына молда болып келген, мен де Сейтенмен оқуға келдім. Бірақ, Қанкелді бай менің сабаққа баруыма бөгет жасай берді. Сейтен балаларды үй басы жұмалап оқытатын. Менде дамыл жоқ. Қойшы баламен бірге төл емізу, төл алу, оларға шөп, су беру, отын сақтау, су тасу, қонақ күту, анаған бар, мынаған бар жұмыстарға жұмсап алды. Мен «бармаймын» дей ал-

маймын. Өйтсем, дастархан басына жолатпайды. Бұл үйдегі Мырзақмет, Салпық секілді жалшылар да асқа жарыған емес. Нанға тою былай тұрсын, құрт, ірімшіктің түйірі де тимейді. Маған көженің сұйығы, нанның күйігі тисе, ол күні құр атқа мінгендей боламын. Күнім жұмсаумен өткен соң, енді қайдан сабақ оқи аламын.

Шалдың тоқалы Бәтима, келіні Мереш салақ, жалқау, ашушаң болатын... Қанкелді жолбарыстай денелі, асқан ашулы, ызақор кісі еді. Оның айтқанын орындамасаң, басына ақ таяқ ойнайды. Мен одан қорыққанымнан, бай отырған жерде, тамақ та, іше алмаймын. Қит етсе, қылдан тайса, таяқты көбірек жейтін қойшы бала Ысман бейшара екеуміз едік. Әсіресе, байдың ерке тоқалы:


- «Қазандағы құртты жақсылап қайнат, жарымаған неме, мені аяп жүрген жоқсың, тамағың үшін жүрсің. Жексұрын» -деп желкемнен түйгені есімнен қалмайтын. «аналы жетім-арлы жетім, анасыз жетім арсыз жетім »- деген атты арқалай жүріп, онбес жасқа да келіп қалыппын. Ең қымбат дейтін балалық шақ әлгіндей ала сапыран кезеңнің қатігез азабында өтті.

Мен байдың үйінде қозы бағып жүргенімде «шөпшілерге ас апарып кел» деген өмір болды маған. Жаңа ғана отын әкелген ақ өгіздің арбасына, бір сүйретпе айран, бір жанторсық қымыз салып берді Бәтима. «Өзің тез кел, қойдың түнгі күзетінен қалма. Білдің бе?» - деп шегелеп жіберді. Әуе айналып жерге түскендей күн ыстық еді. Ала өгізді еңкілдете айдап тоғайдағы шөпшілерге келдім. Олар қоста жатыр екен.

- Е, немене, жау шауып жатыр ма? Сусынды неге мезгілімен жібермейді. Айғайлап, боқтап шыға келген Әбіл екен, ол орта бойлы, талдырмаш қара торы жас жігіт болатын. Мен де үн жоқ. Әбіл алдымен жанторсықты жұлып алып, қосқа кірді. Шөпші үш адам. Әлгіндей болған жоқ, шөлдеп отырған жалшылар жанторсықты сілкіп алды. Енді сүйретпедегі айранды қостағы ағаш күбіге лақ еткізді. Әбілдің ашуы әлі басылған жоқ, сөйлеп тұр. «Жалғыз торсық ашымал қымызды ұялмай не бетімен жіберді екен. Жұмыс адамына быршыған іркіт тамақ бола ма? Көріңде өкіргір, иттер».

Әбіл сөзін аяқтамастан қалтасынан бәкісін алды да, торсықты үшке бөліп, сүйретпені беске бөліп тіліп тастады.

- Мә, байдың қолына бер, апар...- ашулы Әбіл Есей жігіті



болса да, менің өзімді де сойып жібере ме, деп қорқып діріл-деп кеттім. Бір жағынан байдың үйі жанымды шығарады-ау деймін ішімнен. «Сөзде қаңқу жаман, ауруда шаншу жаман» деген емес пе, «жалшылар Қанкелді байдың торсығын, сүйретпесін тіліпті» - деген қауесет елге сорпаның майындай жайылды. Қанкелді мен бақас байлар: «Ойбай, қара сабасына дейін тіліпті» - деп те шығарды. Жалшы Әбілдің торсық тілгені біздің қырық үй Есей ауылына «қырсық» болып тиді. Қанкелді бай сол кездегі Айыртау болысына қараған билерді, ауылнай старшиналарды жинап Есейге орнатты: «малы жоқ кедей ауылға жер керек емес» десті билер. Қарындары кебежедей болған билер тоғайды, алқаны аралап, ең шөбі мол, шұрайлы шабындықтарды Бәйгел байдың балаларына алып берді. Соның ішінде біздің үйдің де шапқысының жартысынан көбі кетті. Қанкелділер кедейлердің шапқылық жерін алғанда, төрт бұрышынан «жер ошақ» қаздырып белгі салды.

«Жерімізді бермейміз» - деп келген кедейлерге жалданып келген Пристав деген төре орысы мылтық атып быт-шытын шығарды. Қарама-қарсы кедейлер мен байлар от пен судай, қой мен қасқырдай араз болып жүрді. Байдың ауылынан тоқты-торым жоғалса, «Еейге әкеттіге» ұйғарды. Қорасы, шөбі күйсе, «Есей өртедіге» басты. Секемалды сарылардың басынан дау да арылмады. Сол жылы шөптің аяқ шенінде анау жалшы Әбіл әтті-мүтті жоқ болып кетуі бар емес пе? Ортаң қолдай жігітті Есейліктер іздемей қойған жоқ. Менің әкемді «орыс тілін білесің» деп, Қызылжар мен Көкшетауға дейін апарды. Сұрау салды. Құлақтандыру жариялады. Бірақ Әбіл жоғалды, жоқ. Байлар жағынан «ол неменің өзі әрі ұрыншақ, әрі ұры болатын, қолға түсіп, өліп қалған шығар...» - деген дақпырт таратты. Кедейлер жағы «дәу де болса, байлардың өздері жоғалтып отыр» деп күдіктенумен болды. Сөз көбейе берді.

Ақырында күз, су қатарда Әбілдің денесі судың жиегінен табылды. Су болғанда дәл Қанкелді байдың үйінің іргесіндегі дөңгелек шағын Қарасу еді. Өлген адамның мойнында қара қыл шылбыр бар. Жардың іргесіндегі терең батпаққа тығылғандықтан болуы керек, денесі онша жидімеген де, шірімеген де. Күзгі киімдері қой жүн шекпені мен шалбары да сол қалпында сақталыпты. Әбілді балық аулауға барған балалар тапты. Сол балалардың біреуі мен едім.

Күз болды да, мен қозы мен қой бағудан құтылғанмын. Бай енді марқа бұзауларды бағуға міндеттеді. «Бұзауды жамыратып алсаң – деді бір күні Бәтима тоқал ашулана сөйлеп – аузыңды жылан жалағандай кептіремін, айран түгіл сарысу да жоқ, сен собалаққа». Күндегідей бұзау бағып жүр едім. Бір топ бала «дөңгелек Қарасуға» шуылдап келе қалды. Менімен сабақтас бір бала «мында кел», деп мені шақырып алды да, екі қармағының біреуін маған беріп,- балық қапса, кешке біздің үйге әкел, апам пісіріп береді-деді. Бұзау тоғайда жайылып жүр. Қолым қармақта, көзім бұзауда. Күзгі жайма шуақта, ақ шабақты іліп ала бастадық. Қай күнде шабақ көбейе бастаса, балалар жардың жиегінен шұқыр жасап, оған су толтырады да, шабақтарын салып қояды. Балалар қаз-қатар «құдығын» қазып жүргенде мен де, бір жерді тырнай бастадым. Былжырақ балшықтан уыстап жатқанымда, қолыма бір жіп іліге кетті. Суырып қарасам қыл шылбыр секілді. Қаттырақ тартып едім, шылбыр болар емес, «Әй, балалар, шылбыр бар, бері келіңдер! » - деп серіктерімді шақырдым.

- Әу, сен не шатып тұрсың, шылбырың не? – дейді кейбіреулері.

- Рас, айтам – шылбырдың ұшын көрсетіп тұрмын – мында қызық бар, келіңдерші!. Жақын тұрған балалар болып қыл шылбырды тартқанымызда, іргедегі бір нәрсеге байланғаны сезілді. Жалма-жан қос қолдап қаза бастадық. Кешікпей-ақ қолымыз қатқылдау бір денеге тиді, тағы қаздық. Сылқылдап күлеміз, өзімізше «қасқыр ма, ит пе өлген» дейміз, шулап. Бір кезде қолымызға жапырақ-жапырақ болып жұлынған шекпен ілікті.

- Ой, ойбай, мынау өлген кісі. Енді қорқуға айналдық. Балығы құрсын, бет бетімізбен Қарасудан қаша жөнелдік. Балалардың арасында сабақ оқып жүрген көп Есей ауылының да бір-екі баласы бар-ды.

Қайсысы болмасын «өлген кісі жатыр» - деп шуласып келді ауылға. Жамандық жатама, осы хабар жоғалған Әбілдің туыстарына да жетті. Бір айдан бері жоғалтып жүрген туыстары өлі Әбілді батпақтан суырып алып, «Көп Есей» ауылына әкелді. Жаяу жалпы әйелдер... жылау да, еңіреу ағайындас жігіттер Бйгел ауылына шауып, кигіз үйлердің шаңырағын соққылады. Әсіресе, Қанкелдінің үйін киратып, үйірдегі үйдей қара айғырды ұстап әкеліп, тік тұрған жерінде бауыздап жіберді. Есей жігіттерінен қорыққан Бәйгел мырзала-

ры пана табалмай, тоғайға қашып кетті. Әбілдің өлімі туралы сөз болғанда «кісі өлтірген екен» деген қортындыға келді ел. Бірақ үкімет мырзаларға да, байларға да бір жаза қолданған жоқ. «Ет жемедім бір ашу, ернімді кестім екі ашу» дегендей, Есейліктер байларға жұдырық түюмен болды осыдан былай.

2. БОЛАСНАЙҒА ШАБУЫЛ

.... Иә, мен онбес жасқа толған жылы керемет күшті де, уақиғалы таңғажайып өмір басталды да кетті. Бұл жылдың көрінісі бұрын естіп-біліп жүрген тозығы жеткен көріністер емес , жаңа күрес, жаңа хабар, жаңа карым-қатынас пен болған өзгеріс. Сол бір күндерді есіме алсам, үрейлі ертегідей болып алдымда тұрады менің , ойлап отырсам өткен балалық шақтағы өмірдің бәрі де пенде адам нанғысыз. Әйтеуір, сол күндер мен түндерді түп-түгел басымнан кешірген соң, сенбеуге , күдіктенуге болмайды деймін. Өйткені, біздің ата-бабаларымыздан бұрын да, соң да қараңғылық көп еді, ғой , иесіз үйде шам жанбағаны секілді , білімсіз ауылдан көбіне надандықтың , сауатсыздықтың күлімсі иісі аңқып тұрмай ма. Сондай тозған заманның озған заманға, суретін көрсетсем, ол тек менің ғана өмір-баяным бола қоймас. Онда көшпелі, жартылай көшпелі қазақ кедейлерінің де бейнесі суреттеледі...

-Біздің қырық үй Есейге ауылына өшпенділіктің қара тұманы жайылды. Қыстаудан он шақырымдай жерде екі қара-томар қопысымыз бар.

-Мезгіл шілде. Күн құм күйдірген ыстық. Тамшы жаңбыр жоқ. Көктемде көрінген көкөлең, томардың жасыл шалғыны қуарып күйіп бара жатыр. Кедей ауылда мал жоқ десе де, жылқы, сиыр, қой тұқымы қылаң беріп жатады. Ал осы азғана малға су жоқ. Сеніп келген томарда, торғай тояр дымқыл табылар емес.

-« Сауын сиыр шайлық сүт бермейді» деген әңгіме, екі қатын бас қосқан жерден құмырысқадай өріп жатады. Осындай шөлдің үстіне, ауылдың жас бөбектері қып-қызыл шешек ауруына бөленіп жатқан. Сәбилерге ем жасап, жедел жәрдем берер дәрігер де жоқ. Күн сайын бір баланы сонау дөң басындағы бейітке апарып көміп келсе,енді үлкендер, солардың қатарында. Менің інім Нұраш та бізбен қош айты-

сып кете барды. Беті-аузым қожырмақтай қатпарланып, мен құрым күркеде жатамын. Күрке болмаса, көз, құлаққа ауыз-мұрынға қара шыбын үймелейді де, быж-быж құрттайды. Құлақ құрттаса аз күнде миға барып балалап өмірді балтамен шапқандай қиып тастайды. Құдай аяп Орынтайға шешек жеңіл шығып, ол менен қалған қатқан-құтқан тамақты жеп, Қант жеңгеме көмектесіп жүр. Мен күркеде жатып таңның атқанын , күннің батқанын да сезбеймін. Тек түнде жағылған оттың сәулесін сеземін. Атам байғұс «о жасаған баламның көзін ала көрме» деп аузын жыбырлатып тілек тілеп отырады. Өйтпегенде ше. Ауыл-аймақта көздері шешектен соқыр болып қалған Әбдіғафар, Зейне, Қапар деген жап-жас балалар бар, бәрі де сорлы, біреудің жетегімен жүреді.

Құдайым көзімді ала көрмесін деп,
Соңынан жын-шайтан ермесін деп,
Қай молда кітабында көрген екен,
Соқырға хайыр-көмек бермесін деп...

шешектен көзі кеткен ақын Тоғжанды да, жетектеп жүргенін көрдім,- дейтін атам. Біздің ауылдың бір жағынан балалары қырылып жатса, екінші жағынан секіртпеден қойлары, алаөкпеден сиырлары, маңқадан, делбеден бірлі жарымды жылқысы топаланға ұшыраған. Он алты үй Есей аз күнде босағаға қарап соры қайнады да қалды. Солардың қатарында атамның кәрі көк аты да томардың басында арам қатты.

Әрине, бұл сынды жан күйдірген ауырпалықтардан анағұрлым ауыр тағы да, бір қасірет бар. Ол 19 бен 31 жастың арасындағы жастарды патшаның солдатқа шақыру қайғысы , ауыл-ауыл болғалы, ана бала сүйгелі солдат дегенді, соғыс дегенді кім білген. «Екі патшалы ел алтын тау мен күміс тауға таласып соғысып жатыр дейді. Осы екі оқтың арасына қазақтарды тамызыққа салады дейді »,- деген суық хабарлар күннен-күнге күшейе түсті. «Осыған бас айыпты кім?» деген сұрауға «Ауылнай старшиналар мен боласнай, правительдер !» деген жауап та табылды. Осы кезде «солдатқа алынатын жігіттердің тізімі бар, ол боласнайдың үйінде сақталады, сол тізім бойынша, жігіттерді ертең тізіп алып кетеді» - деген хабар тағы да тарады елге. Тізімге іліккен менің әкем Рақымет, оның інісі Мырзақметке де шақыру қағазы келіп қалды. Боласнай Жауылбай ауылындағы Мұқамбетжан қажының баласы Қасым мырза екен. Бір күні шалқа түсте Жауылбай ауылын қаптаған көп жігіт қоршап алды.

- Боласнай, қайда, спесекті берсін қолға, бермесе, өлтіреміз... – Қасымды таба алмады жігіттер. Томар басындағы барлық жан осы қотанға жиналды. Жер де, көк те, айғай-шу, шаңдақ- шабуыл... Жылау да, сықтау... жер күңіренеді...

Аттарынан түсе-түсе қалған жігіттер боласнайды үй-үйден іздеп, тінтіп әбігер болып жүр. Әлде кімнің үйінен боласнайдың хатшысы тілмашы қырма сақал Петраны тауып Қасымның үйіне әкелді. Бұл екі арада үш-төрт байдың шаңырағын киратып та тастаған. Петраның мойнына қыл арқан байлапты.

- Боласнай қайда? – дейді анау өлген Әбілдің ағасы Әубәкір қамшымен тартып – тартып жіберіп, - Әкел тізімді жаның барда.

- Боласнай түнде Көкшетауға кеткен. – Петра жылап қоя берді, - спесек екеу жасалған, біреуін уезге әкетті боласнай өзі, біреуі менде, өлтіре көрмеңдер мені, құдай үшін өлтірмеңдер...

- Қане, тез алып кел тізімді, - деп ақырған Әубәкір тағы да тартып – тартып жіберді, - тез әкелмесең өлтіреміз.

Тілмаш арқанды сүйретіп, шаңырағы ортасына түсіп кирап жатқан боласнайдың үйіне еңбектеп кіріп тізімді алып шықты.

- Қане, оқы, кімдер бар екен солдатқа баратын тізімде. Тілмаш Әубәкірге жалтақтап тұрып «А» әрпінен бастап оқығанда бірден «Алшынбаев Әубәкір» деп қалды. Қорыққанынан дірілдеп-қалшылдаған тілмаш тізімді оқып тұр. «М» әрпі келгенде, Малдыбаев Рақымет, Мырзақымет, Сейдақымет үшеуі де шықты. Рақымет сол жылы отыз алты жаста болатын. Жасы тура келсін-келмесін Есей ауылынан сексен адамды солдат тізіміне тіркепті. Жігіттер тілмашқа тағы да түйілді.

- Тізіп көгендегендеріңнің бәрі кедейлер, - деді қамшысын билеп Әубәкір. – Сонда 19 бен 31 жастың ортасында бірде-бір бай баласы болмағаны ма? – Әубәкір тілмаштың қолындағы тізімді жұлып алып күйдіріп жіберді.

- Мен қайдан білейін, - деп тілмаш қарады. Онда зәре жоқ.

- Тізімді сен жаздың ғой, парақор лағанат!

- Ауылнай, старшина мен билер айтқан соң, мен жаза бердім.

Есейдің кедейлері қаншама көтерілгенімен, шаңырақтарды киратудан, жақсы ат-айғырларды ұстап мінуден, семізін сою-

дан әрі аспады. Бірақ байлармен, билер боласнаймен ауыз жаласып, кедейлерге зорлық-зомбылықты күшейтіп, жағынуда екенін әбден түсінді. Ертеңінде жиырма шақты жігіт Аманкелді Имановтың патшаға қарсы көтеріліс жасап жатқан сарбаздарына қосылуға кетті. Соның біреуі Мырзақымет. Бірақ олар қайта оралды. «Сарбаздар соғыста шегініс тапты», деп келді. «Қырсыққанда, қымыран іріді» дегендей біздің кедей жігіттер барғанда, Аманкелді де тұтқын болыпты.

Шаңырағы ортасына түскен Қасым боласнай, кедей жігіттерінің көтерілісінен қорқып, сол барған бетінде өзі тіленіп: «мені болыстық қызметтен босатыңдар»деп оязға арыз беріпті. Ояз губернамен сөйлесіп , Қасымды босатады. Енді боласнай болып, Айыртау еліне билік, үстемдік жүргізуге Мақымет Шыңғысов деген кісі келді.Мақымет атақты Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың інісі екенін мен кейін білдім.

Жаңа боласнай денелі ақсұр, жуантық адам екен. Мен оны манағы Қасым үйінде көрдім. Елдегі байларды, билерді, ауылнайларды шақырып алып, жиналыс өткізді. Мақымет:

- Халайық, патшаға солдатта болып соғысу да қызмет, солдаттарға окоп қазуда қызмет, ал солдаттарға астық тарату да қызмет нансыз солдат, қарусыз солдат! – боласнай сөзін осы араға бір түйді. Ол бір-екі рет тамағын қырып жөтеліп – сендермен тегі құда болатын шығармыз, жігіттер келіндерден ұзамай ел арасында патшаға қызмет етуге, яғни астық тартуға қызмет етуге уәде беріп келдім. Жұрт үндеген жоқ. Сонымен қырық үй Есейден қырық жігіт астық тартқан болды. Солардың ішінде менің әкем Рақымет пен ағам Мырзақымет те бар.

-Бұл қорлық естен сірә қаласың ба,
Кедейдің құрық түсті баласына.
Боласнай мырзаларды жасырасың,
Пара алып етегіңмен жабасың да.. –
десті ауыл ақындары.

3. ОРЫНТАЙ ЖЫЛАДЫ, ҚАНТ ҚИМАДЫ

Орынтай менімен туысқан жалғыз қарындасым анасы өлгенде ол бес жасар ғана болатын. Міне, қазір ол жер бауырлап етбетінен түсіп жылап жатыр. «Қой шырағым, жылама,» дегенді тыңдамайды. Жылау дегенді білмейтін менің көзімнен жас ағып, Орынтайдың басын сүйей беріп:

- Орынжан, Орынжан, неге жылайсың. Жыламашы бауырым деймін. Бірақ бұл сөзге өзімнің тілім әрең келіп жүр булығып.

- Апам жоқ, үйде әкем де, ағам да жоқ, енді сендер де кетейін деп жатырсыңдар – Орынтай әр сөзін бөліп, сақау балаша тұтығып – Біз қалай күн көреміз... атам кәрі, жеңешем сырқат... сөз осы.

Бұл әкемдер астық тартуға аттанғаннан бері жұма күнгі көрініс.

- Інішегім, сен де, кетесің – ау енді, - деп менің бетімнен сүйіп жақсы оқы, адам бол, ойнап кетпе, ақылды бол, үсті – басыңды таза ұста. Бар ақылын айтып жатыр. Мен бауырым Орынтайды да, Қантты да қимай, ішім елжіреп тұр. Қант болса, маған туған шешемдей болып, асырап-сақтап келді. Мен байдың үйінің босағасынан келгенімде, бар дәмді алдыма қойып «інішегім, іш же» дегенін ұмытам ба. Үстімдегі қой жүн шекпен өрім-өрім болып жүргенде, жаңа көйлек – дамбал тігіп беріп, мені алғашқы оқуға жіберген де осы емес пе. Ол киім тігіп бермесе, мен бейне қайыршы бала қалпымда: «мойнына шылбыр салса да, бұл қалпымда оқуға бармаймын» - дейтінмін. Қант менің оқымай алым-жұлым болып жүргеніме намыстанып: «Жақсы оқысаң, мен саған жақсы киім тігіп беремін» дейтін, ол әркімнің ісін тігіп, содан қалған қиықтардан құрастырып, маған камзол, шалбар да тігіп берген ді. Сондықтан да мен Қант жеңгемді силаймын да, қимаймын. Мен түгіл Қантты бүкіл он алты үй Есей силайды. Неге? Қант тігінші шебер, бүкіл ауыл тігін машинасын өңі былай тұрсын, түсіне де көрмеген машинаға үй басы бір-бір аяқ сары май, ақ-ірімшік, бір аяқ ұн байғазыға әкелінгенін мен ұмытқан жоқпын әлі. Жеңгемнің ағасы, Рамазан машинаны Шаихитден саудагерге еріп Кетрамбордан (Экатеринбург) әкепті деп жұрт аңыз қылатын. Есейдің етекжеңін бүтіндеген Қант келін – деп кемпір-шалдар да мақтап отыратын. Менің алыс ауылға баруыма Қант қарсы емес, бірақ мені қимайды.

4. ЖОЛДАҒЫ ӘҢГІМЕ

Сонымен қой қотаннан өре, біз де жолға шықтық. Күн буалдыр тұмандау болып, томпаңдап қашқан ор қояндың торпақтай етіп көрсетеді. Арба бойы қорап салған таранташ та, түндегі қонағымыз бен Сейтен отыр. Мен божы ұстап келемін. Бетіміз Күнбатысқа қарай шабандау келген жуан жи-

рен ат, жерді ойып жібергендей, дүрсілдетіп желе-жортып келеді. Көпке дейін тым-тырыс, үндегеніміз жоқ.

Қаратомар басы қаншама жұтаң болғанымен менің туған жерім ғой, оны да ішім қимайды. Асық ойнаған, ақ сүйек алып қашқан, алтыбақан тепкен жерлер жолдың екі жағында қалып, барады: «аман сау бол» - дегендей маған. Туған жерімде ескіше бірінші май күнінен бастап, сұңқылдап шақырған көкек, тек бүгін ғана соңғы рет сайрайды. Ертең ескіше жаз ортасы – шілде (июль). Ертеңнен әрі қарай көкек шақырмайды. Бүгін бізбен олар да амандасып қалып жатқандай. Аспанда шырылдаған күміс қанат бозторғайлар да, ертеңнен бастап шырылдамайды, жай жымпылдап ұшады да, көденің түбін қуалап жүгіреді. Бұл Сарыарқа табиғатының, менің туған жерімдегі табиғи заңдылық.

- Мынау қала – деп сұрады ат иесі Мырзай отағасы, көшесінен өтіп келе жатқан деревняға қарап тегі жақында түскен қала ғой, үйлері аз екен.

- Бұл Қоскөл деген жаңа қала – Сейтен деревняға көзін тігіп аз ойланып қалды – анау түйенің екі көзіндей екі Жайқын көл. Бұрын біздің ауылдың жайлауы екен, осыдан жиырма жылдай бұрын көшпенділер келіп орналасыпты. Содан бері «Қоскөл» аты қалып, «Ступинский» аталды. Жол қысқарсын дегендей Мырзай «Есей ауылы Қаратомарға қамалып, шөлдеп отырғанда, мына «Стапанскейлердің» қоскөлді жайлауы қалай?» - ол ұнатпай келеді.

- «Тоқпақ нығыз болса, қазық жерге кіреді» - деген емес пе, патша өкіметі озбырлық еткен соң, қазақ қаңбақ қой, біз еріксіз домалап төмен түстік. Сейтен де көңілсіз айтып отыр.

- Патша қулады ғой, аты өшкір Мекалай біздің де шұрайлы жерімізді тартып әперген Болатнайдың қазақ – орыстарына. Отағасымыз да Сейтенді жақтап келеді: - Ал, қазір Керенскей деген жарты патша билеп отыр дейді ғой елді. Сол кісі «тартып алған жерді шаруаларға қайтарып береміз» - депті. Одан не білесіңдер?

- Қайдан білейін? – дейді Сейтен ақырын – Неколай патша құлағалы бес ай болды, бірақ Керенский бес тиындық жақсылық көрсеткен жоқ-ау...

- Сонда «жарты патша» Керенский де Мекалай секілді қасқыр болғаны ма?

- Қасқыр ма, ит пе, оны жұмысы біледі ғой, ал біздің елдің Мақымет Уалиханұлы деген болысы жақында жина-

лыс өткізіп, учительдердің, молдалардың тізімін алды. Сонда ол кісі «Бұл уақытша өкімет, орнықты өкімет әлі кейін құрылады» деп өтті.

- И, иә, орнықты өкімет кедейлерге жер бере ме? – деп сұраған адам болды ма болыстан.

- Расын айтайын, жұрт жер сұраған жоқ болыстан, анау алыстағы соғыс қашан тоқталады, окоптағы, астық тартудағы жастарымыз қашан босайды – деп шулады.

- Оған не жауап берді болысың. Елің тегінде арқасына батқан аяңшыл екен.

- Кешікпей бәрі де босайды – деді. Біз қатты қуандық, бұл сөзге.

«Қоскөлдің» жотасына шыға күн де шайдай ашылған еді. Айналадағы сирек ормандар да, обалар да көзге анық көріне бастады. Әлде қайда алыстан ұшып келе жатқан топ-топ қараша қаздар көлге құлап барады. Олардан жоғары аспанда аққулар да бар. Жиегін шегіртке жеп қойған егінде өң-түс жоқ, сап-сары. Егін сабақтары тасбақаның бойындай болып, жерден бірақ сүйем жоғары. Көз ұшында ат, өгіз жегіп соқамен тың көтерген орыстар көрінеді. Міне, біз оларға да жақын келдік. Шаштары дудардай бұрқыраған жалаңбас, үстерінде көйлек те жоқ, тырдай жалаңаш, аяқтарында тоқыма шабата, маңдай тері бақайына дейін құйылған орыс шаруалары. Бұлар «Қоскөл» егіншілері.

- Здорова, здорова, десіп қазақ пен орыстар баж-баж сәлемдесті. Мен тани кеттім, үш адамның москалдауы Күргөрей Мекайлов. (Григорий Михайлов) деген орысты. Жаз тоғайдан құндақ, қарақат тергенде, қыс Есілден балық аулағанда, біздің үйде болатын, тамыр.

- Сен қайда барады? – деді аздап қазақша сөйлей білетін Күргөрей.

- Оқуға – дедім. Сейтен өзі ертіп, оқуға апара жатқанын орысша айтты.

- Вот что, оқуға барады тамыр – деп ауызы ырсиып қарай қалды Күригөрей – Біздікі Сашка солдатқа барған. Романовтарды (патшаны) долой қылған, қазір ол большевик, вот, оқисын, тоже сен де большевик боласын... Хорошо бала, хорошо.

- Мынау орыс не айтып тұр – деген ат иесі жуан жиренді айдап жіберді. Кетіп барамыз. Мен тамырдың «сен де большевик боласың» деген сөзіне түсінбей ойланып келемін.

- «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның емінбей» - деген Абай данышпан ғой – дейді Сейтен әлгі егіншілерге бұрыла қарап – мына орыстар бірлесіп, залог жыртып жатыр, ал қазақтар ерінбей үйлерінде жатыр. Орыстар нанды жыл бойы тегін жесе, қазақтар сатып алып жейді. Оған да жарымайды, сорлылар.

Айтпақшы, менің «ат иесі» деген кісім Сейтенді молдалыққа жалдап әкеле жатқан Мырзай отағасы еді. Ол бұрында, қазір де, Преснов ауданына қараған «Баян» аталатын ауылдың қазағы. Бұл кісі мен атам әңгімелескенде:

- Біз «Баян», «Шоңай» деген екі ауылмыз, руымыз Көшбе-Керей – деп арғы-бергі ата-бабаларын түгендеген болатын. – Руымыз атақты ел болғанымен біз кедей ауылымыз, айналамызды орыс байлары құрсаулап, жақсы жерімізді алып қойған. Өзіміз оқымаған надан қалған ауылмыз. Ақ үстіне қара танитын адам жоқ деуге болады. Ұзақ жылдар бәріміз де «Кпитан», «Болатной»-дың байларынан таяқ жеп келдік.

Міне үш жолаушы сол «Баян», «Шоңай» ауылдарына бет алып келеміз. Мырзайдың атама айтуынша бір ауыл «Баян» оңаша молда ұстауға шамасы келмейтін болған соң, «Шоңай» ауылымен бірлесіп молда ұстауға келісіпті. Екі ауыл арадан ат жалдап Мырзайды аттандырыпты. Мырзай атамнан жас шамасы кіші де, әкемнен үлкен, түлкі мұрт, ақ-сары, орта бойлы, жөн-жоба білетін адам.

- Осы Атығай еліне осымен үш рет молда іздеп келдім – деген атама.

- Неге үш қайтара келдің? – деген сұрауға, Мырзай былай деді.

- Молдеке, заман оқуда қалды ғой. Ол біраз ойланып, қабағын сәл түйіп: Солдатқа алып кеткен, боздақ ерлерге хат жазатын адам жоқ ауылымызда.

- Соғысқа әкетті ме? – деген атам.

- Жоқ, соғысушыларға окоп қаздырып жатса керек. Мырзай атама жетім балаша жалтақтап қарай берді де: Осы елге үш келгенде, орысша, қазақша хат білетін молда іздеп келдім, - деді.

- Сонда қай ауылдан молда іздедің дейді атам.

- «Ел құлағы елу» емес пе, әуелі Есіл бойындағы Қожақмет хазіретінің ауылында «молда бар» дегенді естіп, соған бардым. Онда сәлдесі қара қазандай бір молдаға келісіп, енді ауылға келіп айтып көрсем:

- Бізге сәлде керек емес, бала оқытатын, хат танитын молда керек деулері бар емес пе? Енді Сейдақымет хазіреттің ауылында «молда бар» деп естіп, сонда бардым. Бұл ауылға келіп сұрастырсам, әрбір бес үйде бір молда бар десті. Ең үлкені Сейдақымет хазіреттің өзі. Ол ұзақ жылдар Бұхарада, Еламполда (Стамбул) оқып, елге хазірет атағын алып келген кісі екен – бірақ, - дейді Мырзай күліп:

- «Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды» дегендей бұл ауылда медресе «Галия» мен медресе «Расулия» дан оқыған Қазиқан молда, Әбду молда дегендер бар екен. Сол соңғы екеуі хазіретке қарсы болып, елді соңынан ертіп, хазіретті «указнай молда» сайлатыпты. Медресесін жапқызып тасапты, бұрынғы бір ауыл, қазір бақастықпен екі ауыл болып отыр.

- Ол рас – деп атам да қонағын мақұлдады. Бұлар екі жік болып араз.

- Хазірет дін молдасын таратпақ болады екен. Мырзай сөзін жалғастырды.- Ал, Қазиқандар «жәдит» оқуын таратып, балаларды бұдан былай дін жолымен емес, өнер-білім жолымен және орысша үйретуге бейімделіп отыр екен.

- Өзің қайсысын таңдадың – деген атама:

- Мен дін молдасы, орта жастағы адамға келісіп, ауылға барсам:

- Жоқ, бізге ораза – намаздың молдасы керек емес, «жәдитін» молдасы керек. Ауыл жастары ренжитін болған соң, үшінші рет тағы да атқа мінгенім ғой. – Мырзай үнсіз келе жатқан Сейтенге сөз тастағандай болды. Бірақ Сейтен «ләм» демеді. Тегі ол «сырын білмесең, сыртынан жүрме» деп, баратын ауылдың жастарымен таныс болмаған соң, «не жақсы, не жаман» демей ауызын бағып келеді.

- Сейтен, сен өзің орыспен әлгінде шүйіркелесіп, сөйлесе кеттің, - Мырзай мұртын сипап қойып іштей риза болғандай – задында орысша оқығаның бар-ау, солай ма? Мен бұл жолы «ат басындай алтын тапқан» адамша қуана-қуана баратын болармын сір, дұрыс па осым.

- Дұрыс, Мырзеке, дұрыс, мен орыс школынан аз да болса оқыған едім, тілін де үйренгенмін, о жағынан саспаңыз.

- Сонда қалай оқыдың шырағым?

- «Жақсы әке, жаман балаға қырық жыл азық» дейді ғой қазақ халқы, сол сияқты манағы әкеміз мені орыс школынан екі жыл оқытқан – ды.

- Қай қаладан оқыдың?

- Қала емес. Сергеевка деревнясының небары екі жылдық қана школы болатын, әкем содан оқытты.

- Сонда сен әлгі ауылыңнан барып оқыдың ба?

- Жоқ отағасы. Әкеміз кедей болған соң, Сергеевка деревнясында онбес жылдай сиыр бақты, үлкен ағамыз да мал бақты. Шешеміз бен жеңгеміз орыстың тонын тігіп, нан тауып жеді. Мен жарымжан болған соң, оқуға бардым, епті шебер де, болдым.

- Бәсе – бәсе, Малдекең өзі мың жасағыр адам екен ғой, сені оқытқаны жараған. Менің бүйірімнен түртіп қалып еді, мен жалт қарадым – мына шұбарды оқытып, тегі бәрің де орысшаға тілмаш болмақсыңдар ғой. Ат иесі қаркылдап күліп алды. – Жарайды, құдай өзі абырой берсін.

- Отағасы, тілмаштық қайдан болсын, еңбекпен күнгөріс қой біздікі. Ал, мына бала әлі орыс школын көрген жоқ, ол кезде жас еді. Бертін келе үйіміз ауылға көшіп келді де, бұл кісі есігінде жүрді. Сейтен осы сөзді айтқанда, өткен бес-алты жылғы кедейлік, бейнет менің көз алдыма келді.

5. САҒЫНЫШТЫ САРЫН

Баян, Шоңай ауылдарына мен тез танысып кеттім. Әлі күнге дейін хат танымайтын жас өспірімдер мені бір «керемет оқымысты» бала есептеді. Ауыл кітабын оқи бастаған балалар, 30 әріпті айналасы бір айдың ішінде оқи, жаза да білді. Менің тұратын үйім Өсіп дегендікі. Бұл үйден Қасен, Құсайын, Рақима атты үш бала оқыды. Мен бұлардың әке-шешесіне жақсы атты көрініп, сол балалармен бірдей тамақ ішуді ойлаймын. Өсіп отағасы мен бәйбішеге жақсы атты көрінудің шарттары мынадай еді: Біріншіден әлгі үш баласының күнделік сабақтарын үйретіп, өзгелерден оздыру. Екінші – сиырдың кезегі күні Қасен мен брге сиыр бағуға бару;Үшінші қой кезегі келгенде, оны да өтеп жіберу. Төртінші келіні Жұпарға отын ұсақтап, су әкеліп беру. Бесінші ауылдағыларша жылқының бір түнгі күзетін өтеу. Мен бес түрлі шартты мұқият орындап жүруге тырыстым.

Бірақ, менің сорыма қарай Рақима оқуды тастап кетті. Себебі бастапқы кезде, «иман,намаз» үйретеді деп ойлаған кемпір- шалдардың үміті желге кетті. Қыздар да ер балаларша «мұғалім әуелдегі ата-ана, арба, шана, аға, бала, жан, нан»- деп оқыған-ды. Мұны білген діншілдер «арба-шана-

ны былай да білеміз, дінсіз оқу қыздарға керек емес» - десті. Сол кемпір-шалдардың бірі Өсіп ақсақал еді. Рақиманы оқудан шығарып алуға Қосаметкей Құсайынның сабақ білмеуі болды. Ол тұтықпа сақау болатын. Әрі жалқау да. Мен қаншама көтермелесем де, Құсайын кейін тарта берді. Шағын ауылдың қыз-келіншектері мен жас өспірімдері түн шағында қой күзетуге шығады. Өткен жазда осы қотанға қасқыр шауып, кейбір қойларды өлтіріп, кейбіреуін тамақтап, біреңсараңын арқалап алып та кетіпті. Содан запы болған соң, қой күзетуді әдетке айналдырған. Міне, мен де, сол дырдуға баруға үйрендім. Ай жарықта «ақ сүйек», «қара сиыр», «»Ай керек», ойындарын ойнаймыз. Көбінесе қыздарға қосылып өлең айту жағы басымырақ. «Алтыбақан» басында өлең, ән қоздап жатады. Өленнің басымырақ жағы «шығарма» болады.

Өткен 1916 жылы жаз, бұл екі ауылда 31 жігіт майданға аттанған екен. 19 бен 31 жастың арасындағы жігіттерді, патша өкіметі қара жұмысқа жиғанда, бұл «Баян», «Шоңай» ауылының бар бас көтерген жастары тегіс кеткен. Олар қазір Германия мен Россия империализімінің соғысушылары арасында окоп қазу жұмысында жүр деседі жұрт. Екі оқтың арасындағы қазақ жігіттерінен, өлген де, жараланған адамдар да бар екенін әңгімелейді. Әлгі «шығарма» өленлер солар туралы.

Иә, қой күзетіндегі өлең, әндер осы окоптағыларға арналған сарын. Елдің көзі ұйқыға барған кезде қотан шетінен шыққан дауыс аспанға бозторғайдай, бірақ көтерілді. Ән бастайтын Бәтима мен Қаматай деген қыздар. Екеуінің де жалғыз-жалғыз ағалары окоп қазуға кеткен.

Қан майдан адыра қалғыр мидай дала,
Күн-түні окоп қазған біздің аға.
Сағынып бауырларды жүрген шақта,
Сүйінші сұрар екен қандай бала

Берер ем сүйіншіге қара басым
Аяман келіп қалса, бауырласым.
Айырылған ұясынан қоңыр қаздай,
Көп төктік көлдей қылып көздің жасын.

Аңсадық дидарыңды бауырларым,
Кемпір-шал жүдеп кетті ауылдарың
Тілейді жасағаннан бір сендерді,
Жолыңа көз талдырған сүйген жарың.

Қабдолла, Қоқи, Сатай, Нұрмағамбет,
Сәдуақас, Қапаш, Қожа шықтыңдар шет.
Окопта Қапет, Мейрам, Шаку,
Сұм патша, бәрінен сен садаға кет.

Осылай өлең кете береді де, әрбір ауыздың ән қайырмасы «Аһ-уай» - деген күрсінумен тынады. Қозысын бөріге алдырған ата-аналар да бүкшеңдеп келіп отырып ән тыңдайды да, жылайды, боздайды, бозінгендей.

Анда – санда қой күзетшілеріне келіп, Бәтиманы жамбастап отыратын бір жігіт бар. О да ептеп өлең айтады. Жасы отызға келген адам. Аты – Сағит. Орта бойлы, қараторы, үлкен көзді, қалың ерінді, дауысы жуан, аз-мұз мұрынынан сөйлейтін адам.

- Сен кім боласың?- деді маған бір күні. Мен жөнімді айттым. – Жиен екенсің ғой.

- Қалайша? – дедім, қуанып кетіп. Бұрын нағашымды білмеуші едім.

- Нағашы атаңның аты – Бағанаты, нағашы әжеңнің аты – Мойынтай. Менің әкем – Қожаберген, Бағанатының туған інісі. Сенің шешең Бәден менің апам біліп қой шырағым – деді. Бақсам Сағит сол ауылда Төкен дегеннің үйінде жалшы екен.

Бір күні түнде біздің арамызға Тәттіқыз бәйбіше де келді. Өлең-ән сақаусыраған кезде Тәтті апай ертегілер айтады. Ол «қыз алып қашу» ертегісін айтқанда, тыңдаушылар күлкіден езуін жия алмайды. Ал «Пері мен жын» әңгімесін, «Сараң байдың» көрден қалай тірілген ертегісін айтқанда зәрең ұшады. Адамның үрейін алатын сондай қорқынышты. Мен Тәтті апайдың үйінде тұрған соң, ол менің не оқып жүргенімді, қандай өлең, ән білетінімді ептеп домбыра тартатынымды жақсы біледі. Бір күні күзетшілер «Тәтті апа, ертегі айтшы» дескенде ол:

- Бүгін басымның «сақинасы» ұстап отырғаны мен үшін менің мына оқушы балам домбырамен өлең айтып берсе қалай болар еді. – деді.

- Дұрыс-дұрыс – десіп отырғандар шу ете түсті – балаң бірдеңе білетін бала ма еді. Менің жүрегім лүпілдеп кетті. Оған қарай ма. Әлгі Қаматай деген қыз домбыраны маған бергіштеп, жағамнан ұстап сілкілеп қойып:

- Қане, бас өлеңге, Атығай өлеңші, домбырашы ел дейтін, бол баста, өзіңе не керек. – Қыз тағы да әзілдей түсті. Мен айдың жарығымен Тәтті апама жаутаңдап қарай бердім. Ол маған:

- Әй, Ғалым, қарағым-ай, ұялшақ болмасаңшы, - ол күлкі араластырып – Анау Қаматай сені жақсы көреді, айта бер... Әлгі Біржан молданың шығармасын айтып жібер...

Біржан Берденов Преснов ауданы, Қантай ауылының сіңірі шыққан кедейінің баласы. Жасында ауыл молдаларынан, одан медресе Ғалиядан оқып, «жәдит» мұғалімі болады. Өткен 1916 жылғы окоп қазу қара жұмысына кеткендердің бірі де осы Біржан еді. Жас мұғалім ептеп өлең шығарып жүрген кезде «сорлыға шоқпар тиеді» дегендей, окопқа айдалып кетеді. Былтырдан бері Біржанның окоптан жазған өлеңдері тарай бастап, сол Сейтеннің де қолына түскен еді. Мен Сейтеннен жазып алғанмын. Оның бірі «Біздің заман» өлеңі.

Біздің заман сорлы заман,
Алдын қазған орлы заман.
Басың сұқсаң шырматылып,
Қоршап тұрған торлы заман.

Елге бар ма қайтар заман,
Көргеніңді айтар заман.
Көрген мехнат естен шығып,
Ұрттап-тоғіп шайқар заман.

Елді бар ма көрер заман,
Рахат дәурен сұрар заман.
Көрген бейнет ұмыт болып,
Еркін ойнап – күлер заман.

Өленді домбырамен қоңырлатып аяқтасам, кәрілер жағы еңкілдеп жылап қалған екен. Әлгі бар болғыр Қаматай тағы да сүліктей маған жабыса кетуі бар емес пе? – «Тағы да, тағы да айтып жібер». – Бүйірімнен түртіп-түртіп қояды – Ұялма,

айта бер. Ал, балалар оның аржағында шулап: «Маған жазып берші, маған да жазып берші» - деседі. Біржанның окоптағы көптеген өлеңінің біреуі «Кітабым» деген шығармасы болатын:

Зар болдым бір көруге сипаттарын,
Ермегім, жан жолдасым кітаптарым.
Боларын бұл сұмдықтың көңілім сезіп,
Сандыққа салып едім жинап бәрін.

Сағындым бір ашуға беттеріңді,
Баруға патша бөгеп өткелімді,
Біз қоян, патша мерген қолында оның,
Қораласа, айдаса, асса, атса кімді

Шығарма аяқталмай қалған.
1976 жыл.



СӘБИТ МҰҚАНОВ.
«Ленин туы» газеті
13 май 1972 жыл

ӨЛЕҢДЕРІ ӨМІРШЕҢ

«Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабады» дейді қазақтың данышпандығы.

Тіршілік тарауларының өн бойы толған жарыс бәсеке: осы жарыста оза шауып, көптің көзіне түсетіндер де, қарапайым қалың топтың арасында қарасын болып қалып қоятындар да аз емес.

Халқы, әдебиет қауымы, баспасөз жетпіс жасын есіне алып, мерекелеп жатқан Ғалым Малдыбаев советтік дәуірдің жарысында көзге ілінген ақындардың бірі.

Алғашқы сүрлеуін Сәкен Сейфуллин Октябрь күндерінде салған қазақ совет әдебиетінің кадрлары тек советтік дәуірде ғана көбейді, солардың елеулілерінің бірі Ғалым Малдыбаев.

Сол кездегі өзге қаламдастары сияқты Ғалым да тек ақын емес, ол қоғам қайраткері де.

«Қайраткер» дейтініміз орыстың өткен ғасырдағы данышпан ақыны Н.А. Некрасов айтқандай Ғалым советтік социалистік дәуірдің әдебиеттік істерінен басқа да толып жатқан жүйелеріне ат салысты. Мысалы ол жиырмасыншы жылдар ішінде Ақмолада шыққан «Жаңа арқа», Оралда шыққан «Қызыл ту», Керекуде (Павлодар) шыққан «Колхоз», Баянда шыққан «Ленин жолы», Балқашта шыққан «Балқаш жұмысшысы» газеттерінің бірінен соң бірінде үздіксіз редактор болып қызмет атқарды. 28-ші жылы «Социалистік Қазақстанның» оңтүстік облыстарындағы тілшісі болды. 26-шы жылдан Коммунистік партия қатарына кіріп, барлық істерінде осы партияның идеясын жүзеге асырудан тайған жоқ.

Баспасөздің қауырт істерінде жүріп Ғалым аталған облыстардың советтік, мәдениеттік, партиялық, комсомолдық істеріне де қызу қатынасты. Мысалы бұрын Төңкеріс, кейін Жамбыл аталған ауданның комсомолдар комитетінің алғашқы

керегесін Ғалым жәйді. Тап күресі қызу жүріп жатқан шақта Ғалым бұған да қызу араласып, ауылда советтендіру, қоныстандыру, жалшылар комитетін құру, газеттерді тарату, мектеп ашу, жер бөлісі, ірі байларды конфискелеу, ауыл шаруасын колхоздандыру істерінің жуан ортасында жүрді.

Ғалым үшін мұның бәрі табиғи нәрселер еді. Оған Ғалымның өмірбаяны кепіл. Қоғамшыл қайраткердің жетпіс жасқа толған мерекелі күндерінде, оқырман көпшіліктің есіне оның өмір жолын елестете кетудің артықшылығы жоқ.

Ғалым қазіргі Көкшетау облысындағы Володаров (бұрынғы Айыртау) ауданында 1902 жылы кедей семьяда туған. Әкесі Рақмет өмірін жалшылықта өткерген кісі. Он жасында шешесінен жетім қалған Ғалым ауыл молдасынан «жәдидше» (жаңаша) хат таныған.

1920 жылы Ғалымның ауылына, белгілі революцияшыл ақын Баймағамбет Істөлин келеді де, Ғалымның домбыраға, әнге, әдебиетке әуестігін көріп, Қызылжарға ерте кетеді, онда «Ақтас» аталатын жасөспірімдер мектебіне орналастырады. Бірақ оқудың аяғы сәтсіздікке соғып, келер 21-ші жылдың басында ақ бандалардың көтерілісі шығады да, олардың совет адамдарына көрсеткен айуандық қылықтары шәкірттердің жанын түршіктіріп бет-бетімен қашады. Ғалым туған ауылына кетеді.

Ол кездегі ауыл мектебіне мұғалім болу үшін, Ғалымның білімі де жетіп жатыр. Ғалым сол қызметте жүргенде ауылына уездің оқу бөлімінің меңгерушісі Әнес Ілиясов келеді де, Ғалымды Сәлімбай ауылы дейтін жердегі мектепке мұғалім етіп жібереді. Оқуға сусыны еркін қанбаған Ғалым 25-27-ші жылдарда Қызылжардағы совет партия мектебін тәмәмдап, 1934-1936- шы жылдарда Москвадағы Күншығыс еңбекшілерінің университетін (КУТВ) тауысады. Ғалымның мектептік білімі осындай.

Оқи жүре қызмет атқарып, қызмет атқара жүріп оқу, солармен қатар қоғамдық істерге де қызу араласу Ғалыммен замандас ақын-жазушылардың маңдайына жазылған бақыт. Ғалымның не істегендерін жоғарыда айттық. Сол істерімен қатар Ғалым жазушылықпен де ерте шұғылданды.

Ғалымға Баймағанбеттің 1920 жылы көңіл бөлуі әшейін емес. Баймағанбет Ғалымды Жақаттың Сәдуі аталатын пәтер үйіне ертіп әкелгенде мен де сол үйде едім. Ғалым онда қоңқақ мұрын, қара бұжыр, талдырмаш, ұяң мінезді жеткіншек екен.

«Бұның кім?» деген сұрауға Баймағамбеттің қолақпандай ғып қайтарған қысқаша жауабы: «Ақын». Сол өнерін білгіміз келген бізге, өзі ұялшақтанған соң, Баймағамбет Ғалымның өлеңдерін оқып берді. Тырнақалды шығармалардың мазмұны елде, Қызылжарда совет өкіметі жүргізіп жатқан құрлыстарды мадақтау.

- Қазақтың совет жазушылары осындайлардан шықпаса, әзірге өте аз ғой, - деді Баймағамбет.

Ғалым Қызылжардағы Совпарттан оқыған жылдары, мен осы мектепте саяси сабақты жүргіздім. Сол кезде қаланың көркем әдебиетіне ынталы жастары әдебиет үйірмесін құрды. Белсенді мүшелер: Мәжит Дәулетбаев, Ғалым Малдыбаев, Есмағанбет Ысмайлов, (балалар коммунасында оқыды), Абдолла Сәдуақасов, Зараб Темірбеков (уездік комсомол комитетінде секретарь), Шахмет Хұсайынов, Сейфолла Байғожин, Мәлік Тәкішев, тағы басқалар. Ғалым-ұйымның секретары. Осы ұйым өсе келіп, 1928 жылдан ҚазАПП-тың бөлімшесіне айналды да, «Жарыс» деген атпен бірер альманах жариялады.

Жазушылық істерін сол жылдардан бастап өрбіткен Ғалым оннан астам шығармаларын кітап түрінде жариялады. Газет, журналдарда басылғандарында сан жоқ.

Ол қысқа өлең түрінде де және поэма түрінде де жазды. Солардың ішінде «Қырым қызы» сияқты әдебиет тарихынан орын алғандары аз емес.

Қоғамдық істерінің ішінде Ғалым қазақ совет әдебиетінің кадрларын өсіруге де елеулі еңбек сіңірді. Мысалы: Қызылжардағы шақтарында Есмағамбет Ысмайловтың, Баян-Ауылда – Дихан Әбілевтың, Оралда – Ғабдол Слановтың, Ақмолада – Сейтжан Омаровтың тағы бірнеше жастардың әдебиетке келуіне себепкер болды.

Жалпы алғанда Ғалым күнделікті өмірдің жаршысы. Оның шығармалары советтік дәуірдің күндерінде, айларында, жылдарында атқарылатын игіліктердің шежіресі.

Біз мақаланы «алуан-алуан жүйрік бар» деген қазақ мақалынан бастадық. Солардың бірі Ғалым екенін айттық. Жасының кемел, қайратының мол шағында өмір жарысынан Ғалым алған жүлде аз емес. Сол Ғалым, соңғы он-он бес жылда бәсеңдей көрінді. Оған ең басты себеп осы кезде денсаулығының жылдан-жылға азаюы. Қаршадай шағынан ауыр тірлікте болу салдарынан ол өкпе науқасына шалдығып,

сол науқас оқуына да, қызметіне де, шығармалық істеріне де үнемі бөгет жасады, ақыры соңғы он-он бес жылда туған ауылынан шықпауға мәжбүр етті. Ол сонда да қаламын тастамай жазып келеді. Жазғандарының біразы газет-журналдарда жарияланды. Оның соңғы еңбегі «Сарыарқаға саяхат» атты поэмасы. Ғалым бұл жырын «мүмкін бұл соңғы сірге мөлдіретер» деген сөздермен аяқтайды.

Қазақ ғұрпында «сірге мөлдіретер» деп күз сауын биелерді ағытарда, соңғы қымызды төңіректегі ауылдарға, үйлерге таратуды айтады.

Бұл уайымды Ғалым сырқаты меңдей түсуіне кейігендіктен айтқан болуы керек, әйтпесе идеологиялық майдан жорығының жолында ол ешуақытта заманынан қалыс қалмай өмірге үлкен оптимистік көзбен қарап келген адам.

Сәкен бастаған қазақтың советтік әдебиетін қазіргі күнде салтанатты кең сарайға мегзесек, оның бойында Ғалымның қолынан қаланған кірпіштер аз емес.

Ғалым – жанды – жақты семья. Одан өрбіген он шақты перзенттің үлкені дәрігерлік қызметте, бірнешеуі жоғары оқуда, соңғылары мектептердің әр кластарында. Ғалым оларға көп үміт жүктейді.

Құрметті мереке иесінің 70 жасқа толған тойы күндерінде өзіне, бала-шағасына берік саулық, тұрақты бақыт тілейміз!



Дихан Әбілев,
Алматы 1982 жыл.

ҒАЛЕКЕҢЕ

Әліде алыстан, әліде бір төтеменен,
Аға едің мені өлеңге жетелеген.
Құнан боп қалған былтыр асау тайды,
Бәйгеден келтірем деп көтермемен.

Білмеймін ол ойыңды ақтадым ба?
Көңіліме үмітіңді сақтадым да.
Жүйткіте бердім асау жыр тұлпарын,
Жетпіске жеткенімше ақтарыла.

Бұл емес айтарлығым бұл өлеңде,
Тұрасың көз алдымда өзің өрде.
Ассалаумағаләйкум, ақын аға,
Болғайсың ұзақ жылдар жырлы төрде.
Қашанда еске алсаң жылдарды өткен,
Оянар кейбір ойлар қалғып кеткен.
Көтерген жеңіс туын жас жігіттей,
Тербейді сол жылдарғы жырың өктем.

Сомдалған «Балға орағың», «Доңғалағың»
Күйі ғой шерткен жаңа замананың.
Арманшыл «Ақ келінің», «Қырым қызың»
Айшықты жыр шыңында қос шынарың.

Ақынсың ақ қағазға өрнек төккен,
Бақытты барма осы құдіреттен!!!
Ақынға, өлең-жырға кәрілік жоқ
Жалғасып жатсын солар келешекпен.

ДИХАН ӘБІЛЕВ,
Қазақстан халық жазушысы
1992 жыл

ЗЕРГЕР

(АҚЫН ҒАЛЫМ МАЛДЫБАЕВ

ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІК ӘҢГІМЕ)

Өлкелік партия комитетінің шешімі бойынша Баянауылда «Ленин туы» атты тұңғыш рет жас газет – жаңа газет шығатын боп жатқан қуанышты кез. 1931 жылдың күзі. Редактор болып Ғалым Малдыбаев келді. Интернатты мектепте үш жыл бойы директор болып істейтін мені аудандық партия комитеті Ғалым редактор болып келерден бір ай бұрын осы «Ленин туы» газетінің орынбасары, әр жауапты хатшысы еткен. Шығаратын газетіміздің дайындық жұмысына партия, совет орындары боп, біз боп кірісіп, енді тек газетіміздің 1-номерін шығаруға қызу әзірленіп жатқанбыз.

Мен бұрын сырттай білетін «Балға орақ», «Доңғалақ» атты өлең-жыр кітаптарының, әсіресе «Қырым қызы» тәрізді поэманың авторы – талантты ақынның Орал, Көкшетау, Павлодар газеттерінің редакторы болып істеген тәжірибелі журналист Ғалымның редакторымыз болып келгені – жаңа шығатын жас газетіміздің болашағын құдайдың жарылқағаны – деп қуандым. Сөйтіп, Ғалымды сырттай мен қандай жақсы білсем, мені Ғалым да біледі екен. Өйткені «Қазақ тілі», «Ленинші жас» газеттерінде өлеңдерім басылып жүретін. «Әдебиет майданы» журналында «Сырлы шкафтың сыры» деген әңгімемді де оқыған екен. Азаматтықта да, қызметте де өнегелі ағамен әріптес болуымның сәті басталып кеп берді.

1931-дің 4- сентябрінде газетіміз – «Ленин туының» 1 нөмерін шығарып қуанышқа бөлендік. Сөйтіп алғашқы сең қозғалды. Газетіміздің кезекті нөмерлерін шығарып жатқан күндеріміздің бірінде: Москвада «Крестьянская газета» - съезіне делегат біздің «Ленин туынан» да шақырылыпты.

- Мен бірнеше облыстық, аудандық газеттерде редактор боп істеген азды-көпті тәжірибелі журналиспін ғой. Мына газет

съезіне сен бар, Дихан! Соны жөн көрдім. Райком секретары Нияров жолдаспен солай келістім.- деді Ғалым. Болашағыма жолдама бергендей көрдім. Жақсы ағаның жақын іниге жол ашар адамшылығына рахмет! Сәт сапар тілеп, Москваға, «Крестьянская газетінің» съезіне жүріп кеттім. Төс қалтамда Ғалымның «Ғабитке бер!» деген хаты.

- Қазақстан уәкілдігіне бар. (адресі Трубниковская 10) сонда кездестіресің Ғабитті, егер Москваға келсе,- деген еді.

Әрине, жаным тіріде Ғалым ағаның бұл тапсырмасын орындамай қоймаспын!

Мен кешігіп келіппін. Съездің екінші күні екен. Ақырында «Крестьянская газетінің» редакторы Рюриков жолдас қорытынды нұсқалы сөз сөйледі. Москваға - мұндай съезге бірінші рет келіп қатысып отырған мен сияқтылар көп екен. Рюриковтың сөзін ыстық ждахатпен тыңдадық.

Ертеңіне Ғалымның жазып берген адресі бойынша Қазақстан уәкілеттігі үйіне бардым. Екінші қабатқа көтерілдім. Именуді білмейтін жастық шақ. Бастықтың кабинеті алдындағы кең каридорда біраз адам шылым тартып, әңгімелесіп, әзілдесіп, күлісіп те тұр екен. Ғалымның сипаттап беруі бойынша «Әй, осы дәуде болса, Ғабит сіз шығарсыз» деп, қасына жетіп барып:

- Ғабит , сіз бе?.. – дедім.

- Ия... – деп « әрең» айтты. Үні маңғаз шығады екен.

- Мен Баянауылданмын. «Крестьянская газетінің» съезіне келген едім, Ғалым сізге хат берген еді, - деп хатты ұсындам.

- Сен оған айт, «Қырым көркі» екен оның сұрайтыны. Шығарамыз кітап етіп, биыл шығады. (Ғабең бұл жылдарда қазақ баспасының бас редакторы екен). Аз кідірді де : - сен... солай де, Ғалымға! Прозаны қойып, поэзиясын бұрқыратсын, - деді.

Мен оны Ғалымға айта келдім. Қоштасарда «Сен өзің де қаражаяу емессің ғой жігітім? – деген де менің де өлеңге «Жол жорғам» басталып жүргенін айттым. Жаз! Өлеңіңді жіберіп тұр!» – деді.

Сөйтіп Москвадан қанаттанып қайттым, көргенімді, сезгенімді, білгенімді, сапарыма соншама ризалығымды әуелі Ғалымға және басқаларға айтып рахаттанып жүрдім. Осының бәрі Ғалымның парасаттылығы, жанының тазалығы ғой, ағалық парызының кең тыныспен атқара білуі ғой. Әйтпесе, Москваға съезге өзінің орнына мені жіберер ме еді...

Газетімізді шығарып, күнделікті тіршілік әлемінің өзіне тән өрнектерін өрнектейміз

Баянауылда – Баянда ақ түтек алай-тұлей боран соғып тұр. Бүгін редакцияға қызметке менен кейінірек келген Ғалым қызыл пүлішпен тыстаған түлкі тымағын бөлмеге кірісімен бауын шешіп қарын сілікті де, үстеліне отырар – отырмастан:

-Дихан, бері келші! – деді. Бардым.

-Тыңда, оқып берейін! – деп бір ашық хатты портфелінен алды да оқи бастады.

«Ғалым! Сен қызмет етіп жүрген Баянауылда бүгінгі тірілердің ірісі Мәшһүр Жүсіп Көпеев қайтыс болыпты. Мәшһүр хIх-хх екі ғасырдың бірдей уәкілі. Әрі ақын, әрі шежіре, халық творчествосының жиынтық қазынасы. Оның дүниелері өте мол болуға тиісті. Ел іші әзірше бәрін түсіне бермейді. Әркімнің қолында кетіп жүрмесін. Сондықтан, сен сол Мәшекең шығармаларын – қолжазбаларын маған – «Қазақстан» баспасына жібер. Тез кіріс. Қапыда қалып жүрмейік!

Ғабит Мүсірепов. 1932 жыл 4 январь»

деп оқып шықты да, орнына отырып Ғабит жайын айтты: Астанада кітап баспасында бас редактор. Үлкен жазушы. Оның мұнысы үлкен қамқорлық деп сәл кідірді де, Мәшекеңді есіне түсірді.

Өткен күзде Баянда Сағынай ұстаның үйінде Мәшһүр отырғанын естігесін, барып, сәлем беріп, бір кеш бойы әңгімесін тыңдағанын, жарықтықтың нағыз шежіре , нағыз ғұлама, нағыз ақын, нағыз аққөңіл әулие адам екенін айтты. Аз өмірімде, - деді Ғалым – Қазақстанның мен қызмет етпеген, мен болмаған облыс, аудандары кем де кем. Солардың бірде бірінде Мәшекеңдей адамды кездестірген емеспін. Сонда, жетпіс үштен аспаймын,- деп өзі отырған «жетпіс үшінде» қайтыс болыпты, жарықтық. Соны естігенімде мынадай екі шумақ өлең жазғанмын, Тыңда, Дихан! Сен де тыңда, Рахыш!

Ұмытқам жоқ Мәшекеңді,
Ақ сақалды, тақиялы.
Заманында жазды өлеңді
Өлең қалды, өлім алды.
Мекендеген Баянтауды
Мәшһүр аты мәңгі қалды
Ақын да адам, ажал алды,

Бірақ.... өлмес сөзі қалды!- деді Ғалым. Риза болдым. Ал, Ғалым сәл ойлана қалды да тез шешті: - Мен, - деді ол, - қазір-ақ жүріп кетер едім, бірақ... Мәшекең айналасы мені ауданның «белсенділерінің» бірі көреді ғой. Мәшекең еңбектерін маған сеніп бере қоймас, осыған сен бар. Дихан! Саған берер, Әбдірахман деген атыңды өзгертіп «Дихан» қойған Мәшекеңнің балалары саған сенер. Берер.

-Ойланайын, - дедім.

Түскі демалыста үйге келіп, шәй ішіп отырғанымызда әкем Әбекеңе айттым. Әбекең көп сөздің адамы емес. Кесіп айтатын шешімді адам.

-Жаз! – деді.

Қағаз- қаламымды алып дайындалып едім:

-Жаз! – деді тағы да, «Шәрапи!» – деп жаз. Екеуміздің сарабдалдығымыз үшін Мәшекеңнің асыл сөздері жұрт қолында кетіп жүрмесін. Бер! Жоғарғы жер кітап етіп шығаратын көрінеді. Бер!

Айтқанын жаздым, оқып бердім «Әбіл» деп (арапша) қол қойды Әбекең.

-Жолың болсын! Жүріп кет! – деді.

Ертеңіне таңертең аудан аткомінің кашаваға ұқсастау шанасына жеккен бурыл атпен «Я, сәт!» деп жүз елу шақырым жердегі Мәшекеңнің қыстауына – Қалымошақ биігіне беттеп жүріп бердім.

Айтқандайын мен шанаға мініп, божыны енді ғана қаға бергенімде Ғалым келіп;

-Шәрапи арапша сауатты ғана адам деп естимін. «Арапша шығаратын болсаңдар ғана... дер. Ия, арапша етіп шығарамыз кітап етіп» де! Қазанға жіберіп бастырамыз!-де

-Олай ете алар ма екенбіз? Өтірікші болармын...

-Жоқ, Дихан! Рас солай етуге тырысармыз. Ғабитке соны айтармыз. Ең бастысы – қалайда Мәшекеңнің шығарма қолжазбаларын жұрт қолында таратып кетірмеу. Қолға алу. Астанаға – Ғабитке жіберу.

Үш күн жүріп, төртінші күні Мәшекең қыстауына (Қалымшоқы - Ескелдіге) жеттім.

Жалғыз үйдің аты - жалғыз үй ғой. Оның үстіне Мәшекең о дүниеге кеткеннен бері бұл үй-іші басы Шәрапи ағаның өзі болып Мәшекеңнің жоқтығын бүкіл әлем көшіп кеткендей қоңылтақсиды – ау деймін.

Мен атты «дыр-р» деп тоқтатқанда үйден Шәрапи аға шыға

келді. Ой-хой қуаныш! Қуаныш! Шанадан атып түстім.

-Диханбысың, айналайын! Деп сәлемімді алар-алмастан құшақтап,маңдайымнан иіскеп қарсы алды. Армандап барған шаруама Шәрапи аға кең тыныстық қарақтылықпен ғажап мүмкіндік жасады. «Қараместен» басқа қолжазбаларын қарауға рұхсат етті. Сөйтіп, үйінде тоғыз күн жатып, Мәшекең шығармаларын екі кенеге қолжазбаларын қарындашпен беттеп алып (поэзиясынан) әкеліп Ғалымға тапсырдым. Ғалым Мәшекеңнің жаңағы екі кенеге қолжазба поэзиясын менің көзімше сол күні почтаға апарып, астанаға Ғабитке жөнелтті. Сондағы менің қарындашпен беттеген Мәшекеңнің екі кенеге поэзиясы Ғалым Академиясының әдебиет институтының қорында көп жылдар бойы сақталып, тек қана өткен 1991 жылы ғана екі томдығының бірінші томында басылып шықты.

Осы бірінші томның құрастырушысы, әрі алғы сөзін жазған С. Дәуітовтың не Ғабитті, не Ғалымды, не мені аузына алмауы келіссіз – ақ шығар.... Сөз арасында айтпасқа болмайтын реніш сөз кіріп кетті. Кешірерсіздер. Енді әңгімені өз жүйесімен қайыра жалғастырайын.

Ғалым жаны кең, мейірбан, мінезі тұрақты, көзі қарақты, ойы алғыр, сұлу жырдың толғанысты ақыны. Іс-әрекетке, өмірге үлес қосуға құштар, өзіне, өзгеге, әсіресе жас таланттарға қолынан келген жақсылығын жасайтын еді. Жас қаламгердің талабы мен талпынысын өмірге жаңа бір үлес қосуға бастайтын. «Қызыл Баян» деген альманах шығару идеясына беріле кірісті де, ақындардың алыбы Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Сәбиттен бастап белгілі қазақ совет ақындарының және жастардың өлең-жырларынан альманахқа шығармалыр құрастырды. Фотоларын жинап, Москваға жіберіп клишелерін жасатып альманахты баспаға тергізіп те үлгерді. Тап осы тұста шақырылған Қазақстанның Орталық Атқару Комитеті сессиясына райком Ғалымды жіберген еді. Ғалым сессияға ғана қатысып қайтпапты, жаңа ғана құрылып жатқан қазақ пролетариат Жазушыларды ассоциацияның ұйымдастыру комитетінде болып, Баяндағы үш жас жазушыны Жазушылар одағына мүше еткізіпті де, мынандай мүшелік билет жаздырып алып келіпті.

БИЛЕТ № 2

Осыны көрсетуші Әбілұлы Дихан жолдас Қазақстан пролетариат колхозшы жазушылары ұйымының 1931 жылдан анық мүшесі.

ҚазАПП басқармасының Төрағасы Ғ. Мүсірепов

Хатшысы Т. Жароков. – деп қол қойған. Жазушылар ұйымына мүшелік билет әкеп тапсырды. Тап осындай № 3 билетті Зейтін Ақышевқа, №4 билетті Рахыш Хайруллинге алып келген екен. Үшеуміз де рахметімізді айттық. Жаңа шығармалар жазуға шабыттандық.

Міне, Ғалымның бұл еңбегі өмірі ұмыт болар ма!

«Қызыл Баян» альманағы теріліп бітті. Кітап болып түптелді. Екі мың дана цензурадан (жоғарғы) рұқсат күтіп баспаханада жатыр.

Жыл ауыр. Аштық. Өлім... Опат, опат. Март айының аяқ шенінде Ғалым «Қарағанды пролетариаты» газетіне қызмет етпек боп семьясымен көшіп кетті. Баянауылға қызметке келген күнінен бастап Ғалыммен екі үйіміз бірге, бір пәтерде (төр бөлмесінде Ғалым семьясымен, екінші бөлмесінде мен семьяммен) тұратынбыз. Ғалым көшіп кеткенде үй тұрмысымызда жұртта қалғандай елегізсек, қызметте одан да бетер қоңылтақсыдым. Алайда, жауапкершілікті мойныма алып жаңа редактор келгенше (үш ай бойы) басқарып газет шығарыстым. Майдың ортасында Алматыдан партия мектебін бітіріп шыққан жаңа редактор келді. Мен дереу демалыс алып семьяммен Алматыға тартып бердім. Мақсатым: басқа бір ауданға қызметке ауысу еді.

Алматыға бірінші рет келуім. Әйелім Шәрбан мен кішкентай бөпеміз Майда бар, үшеуміз.

-Мәдениет пен әдебиетті білетін адамың бар ма еді? – деді Зайда (Зайда Ақышева Қазақстан пионер ұйымын басқаратын) іңірде, мән-жәйді кеңесіп, әңгімелесіп отырғанымызда пәтерінде.

-Көп адамдарды білем. Басқаларын былай қойғанда «Тар жол тайғақ кешу», «Мырқымбай», «Дала», «Адасқандар», «Тулаған толқында», «Қаралы сұлу», «Қаракөздің», «Шерниязды» авторларын білем. Оқығанмын.

-Шығармаларының білгенің бір басқа ... өздерін көргенің бар ма?

Мүдіріп қалдым да:

-Сәбит Дөнентаев ағаны....

- Ол кісі мұнда жоқ....

- Ғалым Малдыбаевты білем. Баянауылда бірге газет шығарысқан...

- Ол кісі де мұнда емес.

- Ия, мұнда емес, Қарағанды облысында.

- Бұл екеуінен басқа тағы қай жазушыны білесің. Шығармаларын емес, өзін, - деді тағы да.

Менің қазіргі халіме Шәкенім ысынып, суынып отыр екен.

-Әлгі былтыр Москваға съезге барғанында Ғалымның хатын тапсырғаның кім еді? Сол кісіні аташы!

Зайда білетін шығар ол кісіні. Мықты жазушы деп едің ғой....

-Е.... ол кісі, Ғабит қой, Мүсірепов.....

Зайда кеседегі мана суып кеткен шайына жаңа ғана құйылған ыстық шайдай бір рет қана ернін тигізді де:.

-Ғабитті білсең, ол кісі сені ұмытпаса жолың болады! – деді.

-Ол кісі қайда? Қалай тілдесе алам!

-Халық ағарту комиссариатында Мәдениет секторын басқарады...

Зайданың берген адресі бойынша үкімет үйін тауып, Ғабеңе телефон соқтым.

-Алло! Ал- л – оо!

-Ия! Тыңдап тұрмын. Мүсіреповпын. Өзің кімсің?

-Есіңізде ме, Мүсірепов жолдас, мен өткен жылы Москвада жолыққанмын. Ғалым Малдыбаевтың хатын табыс еткенмін... Қазақстан уәкілдігі үйінде....

-Ә... Есей.... сен, - деп сәл ойланып қалды да. – Кел! – деді.

Осында келіп тұрғанымды, кіру үшін «рұқсат қағаз» керегін аптыға айтып тұрмын.

-Қазір... Күт есік алдынан!

Кіре беріс есік алдына мен жеткенде аржағынан Ғабең келіп, амандасты да, - жүр! – деп мені ертіп ішке, кабинетіне кірді.

Бұл жылда өз елінен басқа елге қызмет ауыстырғандар көп болыпты. Өлкелік партия комитеті қаулы алып «ауысуды» тоқтатыпты.

-Сен оны қой. Курсқа барасың ба?

-Оған кім жібереді мені?

-Келісіміңді айт!

-Барам!

Телефон трубкасын алып, бұрап жіберді де;

-Ілияс, өзіңдемісің! Мен қазір барам. Асығыс шаруа бар.

Ілияс Қабылов сол жылы ғана Москвада «Қызыл профессураны» бітіріп келіп, өлкелік партия комитетінің үгіт насихат бөлімін басқарады екен.

-Ілияс! – деді Ғабең, - осы жігітті «Правданың» тоғыз айлығына жіберу керек. Мен соны жөн көріп ертіп келдім саған.

Ұзын сөздің қысқасы, мәселені қолма қол шешті. Курсқа жіберетін болды. Қуаныштымын. «Жақсыдан шарапат» деген осы-ау- деп соғады жүрегім. (Ғалымның шарапаты ғой шынында. Әйтпесе Ғабитті білермін бе. Бұл кісі де мені білер ме?) Документтерімді Крайком ЦК ВКП (б) ға тез жөнелтті. Курске алынатыным туралы хабар да тез келді. «Курстің қашан ашылуын хабарлаймыз. Хабарсыз, келмесін» - депті.

Семьямды Павлодарға жіберіп, өзім «курстың хабарын» күтіп ай жарымнан бері Алматыдамын. Бір күні Ғабеңе барып ақылдастым. Елде «Баянда» әке-шешем, жас інілерім, қарындастарым бар. Бәрінің «Әйт-шу алаты, сүйеніш қанаты» мен ғана екенімді айттым. Ғабең бұл мәселені де ойлы тыңдап, оңай шешті. Маған тіл қатпастан тағы да Қабыловқа телефон соқты. Сөйлесті. Телефон трубкасы да Ғабеңнің өзі тәрізді маңғазданып барып орнына отырды.

-Ал, жігітім, келісілді, Ілиясқа бар. Жолдамаңды, жол қаражатыңды ал. Курстың ашылу хабарын Павлодарыңда күт. Жүріп кет! – деп аз ойланғандай болды да, - Курсқа бармай қап, бағыңды шайнап, өкініште қалмассың! Байлауым солай.

-Әрине Ғабе! Қол жетпес арманым ғой ол менің.

Сөйтіп.. бәрі тамаша басталыпеді-ау. Бірақ... ойдағыдай боп шықпады. Павлодарға поездан ауырып түстім. Табандатқан үш- ай сүзек боп ауырып жатып қалдым. Сол күндерде әйелім Шарбан (Шәкең) менің атымнан Алматыға, Москваға – ЦК ВКП(б) ның насихат бөліміне жиі-жиі телеграмма беріп, курстың қашан ашыларын сұрап, хабарласып отырды. Курс әлі ашылған жоқ, қашан ашылары да белгісіз....

Бір күні, әлі есімде, декабрьдің 14 күні таяқ таянып, тәлтіректеп жүріп «Кеңес туы» газеті редакциясына бардым.

Бойыма әл кірмеген кез... Адым басқан сайын әрі ентігем... әрі терлеймін. Әйтеуір жеттім. Сағат төрттің кезі. Редакция қызметкерлері сирей бастапты. Бір жігіт мені танып:

-Саған хат бар, Дихан! Қызылжардан Ғалым Малдыбаевтан, - деп бір ашық хат ұсынды. Хат маған емес осы редакцияда істейтін Омаров Уалихан ағаның атына жазылған екен. Сөзі өте қысқа: «Уәке, Сіздің Павлодарда Дихан Әбілев ауырып жатыр деп естимін! Тауып, халін біліп хабарлауыңызды өтінем. Мен Петропавлда облыстық баспаның бас редакторы болып істеймін. Құрметпен Ғалым Малдыбаев!» депті. Адресін көрсетіпті.

Осы хатты оқып шығысымен сырқаттан мүлдем жазылып кеткендей болдым. Қолыма ұстап келген таяғымды редакцияға тастап кетіппін. Үйге ширақ кірдім, әке-шешем, жездем, апайым, әсіресе сезімтал Шәкенім өзі де сүзектен тұрған әлсіз күйіне қарамастан қолымнан жетелеп төргі бөлмеге апарып, бүрмелі қара тонымның түймелерін ағытып жатып, жүзімнен көңілімді көріп:

-Курсыңнан хабар алғансың ғой, сірә? Әй, бір жақсы болған екен. Қашан жүресің! – дейді.

-Ғалымға телеграмма берем. Соның баспасында қызмет етем, - дедім.

Әкем отырып:

Он үш жасыңнан бізді асырап сақтаймын деп... Бағың ашылатын оқуыңнан бұл жолы да қалмақ боп отырсың-ау! – деп күрсінді де орнынан тұрып кетті. Шешем Мағраж томсарып отырып қалды. Төменгі бөлмеде бесіктегі інім Хайролладан үлкен бес жасар, жеті жасар Әбілда, Әбдікәрім інілерім бар, апайым Зықыштың екі жас баласы Рузия мен Үміт бар. Осынша жас жандардың, кәрі әке-шешемнің бәрінің өмірі тек қана менде, менің қызмет етуімде. Ал, курс ше? Ол менің келешегім ғой. Әуелі мына аштық жайлап ажал қаптаған апат (1932) жылда үй ішімді, жақындарымды аман сақтап қалудан қасиетті парыз жоқ мен үшін. Ал, курс ше? Керек-ақ! Менде білім дейтін зор білім бар ма? Ауылшаруашылық техникумының (Семейде) екі-ақ курсын бітірдім емес пе? Осы ой түнімен дөңбекшітіп шықты.

Таң атты. Шәкен де ояу екен. Жүзіне қарасам, бұл да тап өзім сияқты ой толқынында екен.

-Қиын болды – ау, саған! – деді ол.

Мен тіл қатпадым. Таңертеңгі шайдан кейін почтаға барып, Ғалымға: «Қызметке алсаң көшіп барам», - деп телеграмма беріп келдім.

Ертеңіне кешке:

«Редакторлық қызмет береміз, кел. Жол қаражатың келгесін төленеді. Малдыбаев» деген телеграмма алдым.

-Курсыңды қайтесің... Шынымен-ақ... – дейді әкем де, Шәкен де, ой толқынындамын.

Сөйтіп дал болып отырғанымда почтальон хат әкеп берді. Алматыдан Ғабит Мүсірепов жазыпты.

«Дихан! Москвада ашылатын редакторлар курсы кейінге қалыпты. Уақыты белгісіз. Хатыңнан хал-жайыңа түсіндім. Сен енді уақытша болса да, қызметке орналаса бер! Ғабит».

Сонымен... Декабрьдің 17 күні Павлодар темір жол станциясынан он бір адам поезға отырып Қызылжарға аттандық. Ғалым өзі шығып қарсы алды. Баспаның бір жұмыс орнын босаттырып, бізді сонда кіргізді. Редактор етіп қызметке орналастырды мені. Ал, жездем Ақтай Жәміковты Ақмола жақтағы Шолақ сандық совхозында директор Риза Чокин қызметке алатын болып үй-ішімен көшіп кетті.

«Ух!» - деп, көңілім жайланып қызмет істей бастадым.

Қайда да жақсы бір іс бастауды өзіне парыз көретін Ғалым көп кешікпей Баянауылда өзі ұйымдастырған, өзі шығарған «Қызыл Баян» альманағы тәрізді Қызылжарда «Қарағанды қаламы» альманағын шығаруға кірісті. Облыстық партия. совет басшыларынан рұхсат, күш, көмек алды. Альманахқа керекті материалдарды ұйымдастырды.

ҚазіргіСолтүстікҚазақстан,Көкшетау,Ақмола,Қарағанды. Жезқазған бес облыс. Ол тұста бір-ақ облыс – Қарағанды облысы болатын. Орталығы Петропавл – Қызылжар қаласы.

Ол жылдарда бұл аймақтың мәдени орталығы да осы Қызылжар қаласы. Көркем әдебиеттің ең көрнекті сұңқарлары Мағжан, Сәбит, Мәжит, Әбдірахман Айсарин бастаған ақын, жазушылар тобы ой толғаған, өлең-жырларын өрнектеген Қызылжар. Бұл жылдарда да Әбдірахман Айсарин, Ғалым Малдыбаев, Абдолла Садуақасов, Жүсіп Алтайбаев облыстық газетте («Ленин туында»), баспада қызмет етіп жүріп көркем сөз көрігін суытқан емес-ті. Ғалым ұйымдастырған

«Қарағанды қаламы» альманағының негізгі авторлары да осылар. Альманахтың инициаторы Ғалым еді.

Қарағандыға шығармашылық командировкамен бара жатқан сапарында Қызылжарда болған Бейімбет Майлинді, Москвада «Красный профессурада» оқып жүріп жазғы демалысқа келген Сәбит Мұқановты бірінші көруім, кездесуім Ғалымның үйінде болған еді. Ғалым мені екеуіне де жайсаң мінезімен жақсылап таныстырды.

Би ағаң да, Сәбең де менің азын-аулақ жарияланған шағын-шағын шығармаларымды естеріне түсіріп, ағалық мейірбандық білдірді. Көңілім көктегендей сезіндім.

Сәбит аға Ғалым ағаның талантын, ақындығын жоғары бағалайды. Сол үшінде оның жоғарғы білімді болуын жөн көреді, қызметті қоя тұрып, оқып алуын қалады. Ғалым құп көріп, Сәбит облыс басшылары обкомның бірінші хатшысы Амосовпен, екінші хатшысы Садық Нұрпейісовпен сөйлесіп Ғалымның Москваға оқуға баруын шешісіп берді. Сөйтіп, Ғалым сол жылдың күзінде Москваға коммунистік журналистер институтына оқуға кетті. Келесі 1934 жылы мен Алматыға коммунистік журналистер институтына түсіп, оқып 1937 жылы бітірдім.

1939 жылдың жазында Қазақстан жазушылар Одағының съезі өтпек боп, съезд делегаттары келе бастаған. Мен сол жылдарда Жазушылар Одағы басқармасының председателі боп істейтінмін. Қызметтен үйге кештеу қайтқан едім. Есік алдында әкем – Әбекең:

-Ғалым келді, - деді көңілді үнмен.

-Рас па, аға, рас па?!

-Рас. Үйде отыр.

Мен кіріп келгенде төрде отырған Ғалым орнынан тұрып, асыға басып келді де – Дихан! Дихаш! – деп құшақтады.

-Өзіңізбісіз, Ғалекс?! Рас өзіңбісің?! – дей бердім.

-Өзіммін, Дихан! Өзіммін! – дейді Ғалым, бүкпесі жоғын білдіріп тұратын жарқындығымен. – Үш жыл көріспеуіміз былай тұрсын.., саған «сөз» еріп жүрер деп сақтанып, хатта жазбадым. Түсінесің!.. Уақыт солай болды ғой. Үш жыл солай... тағдырым тайғанақтап... Міне енді... аман-есен көрісіп тұрмыз... Соған риза болайық... – деді Ғалым.

- Амандықтарың да, қуаныштарың да ұзағынан болсын! Мен соны тілеймін екеуіңе, - деді біздің Әбекең.

Бірер күннен кейін Сәбитпен, Ғабитпен, Жақанмен, Шахметпен кездесіп жүрді. Жазушылар съезіне қатысты. Съезде мен есепті баяндама жасадым. Әбділда бастық боп сайланды. Мен ҚазПи-дің аспирантурасына түстім. Ғалым КазГУ-дің журналистік факультетіне барды. Оқу басталғанша елге үйіне барып келді. Жаңа жылға дейін біздікінде болды да, жаңа жылдан кейін бір бөлме пәтер тауып, елден семьясын көшіріп алды. Баяғы Күлшай жеңгей... баяғы кішкентай Ақжайық, жас қарындасы Балапан. «Баяғы» деп отырғаным 1931-1932 жылы Баянауылда – Баян қаласында бір семьядай болып кеткен жандармыз ғой. Сөйтіп біріміз аспирантурада, біріміз журфакты оқып жүргенімізде... кенеттен... Сойқын соғыс басталып кетті...

Мен майдандамын, Ғалым журфакты бітіріп, ҚазГУ-дің аспирантурасына түсіп, оқып жүрген жылдарында өкпе ауруына шалдығыпты да, Алматыдан өзінің Солтүстік Қазақстанының Октябрь ауданын қоныс аударыпты. Күлшай жеңгей енді құрсақ көтермейтін болғандықтан, Ғалекең «Адамның бір қызығы бала деген» - деп Абай айтқан қағиданы пір тұтып, Зураш деген бойжеткенге үйленеді.

Біраз жылдардан кейін кездескенімізде Зураштан перзенттер көре бастағанын айтып ақжанды ақын Ғалекең менен сүйінші сұрағандай болған еді. Бұнысын тәңірде құптапты. Қазір Ғалымның сол сүйікті Зурашынан туған Ақбаян, Шашубай, Абай, Әлия, Алма, Алтай, Шәкірбай, Ғалия, Сәбит деген тоғыз толқын ұлдары мен қыздары бар. Бұларының бірі дәргер, бірі журналист, бірі ғалым, бірі студент азаматтар – әке үмітінің жарық жұлдыздары. Облыстық «Ленин туы» газетінің 1992 жылғы 13 мамырдағы санында:

Атыңнан айналайын Ақбаяным,
Ғалымның дәрігер қызы деп атанған!
Немесе:
Тағы да айналайын Шашубайым,
Келісті сен туғансың менің жәйім.
Жасынан папасының жолын қуған,
Балама жан жүрегім тұрар дайын!-

деген шумақтармен басталатын «Балаларыма - құлындарыма» деген арнау жыры барша балаларының сыр-сипатын көз алдыма мөлдіретеді.

Басқаларды білмеймін, ал мен өзім жан күйіммен еміреніп,

тебіріне оқыдым. «Асқар тауымыз еді» - деген Әлиясының естелік – мақаласы да көңілді қоштандырады екен.

«Атадан бала туса игі, ата жолын қуса игі» - деген осы да! Тәңірім, тек бұл жас Малдыбаевтарды тіл-сұқтан сақтасын! – делік.

«Баладан қайыр болмаса, баланы неге сұрайдыны» ыстық зердемен ұғына білген баласы Шашубай әкесі Ғалекең1982 жылы 80 жасқа толар алдында Алматыға келіп маған сәлем берді. Ғалекеңнің таңдамалы өлеңдерін, поэмаларын әкеліпті. Мен кітап етіп шығаруға қызу кірістім. Жазушылар Одағында оқып, талқылап баспаға ұсындық. Жинақ Ғалымның өзінің тірісінде бір томдық кітап боп басылып шықты. Соңғы рет қолымнан келген шығармашылық жанашырлығым осы болды.

Ғалекеңнен мен қандай көз жазбасам, Ғалекең де сондай менен көз жазған емес. Жаңа шығармаларымызды оқу өз алдына жалпы өмірге, әлеуметтік өмірге қатысымызды сырттай естіп, оқып, біліп, хат жазысып хабарласатынбыз.

Ғалекең тарихи таланттарды ерен құрметтеуші еді. Соған бір мысал маған 1961 жылы жазған мына хаты:

Дихан!

Сенің еңбегің Мәшһүр Жүсіп Көпейұлына көбірек сіңгенін білемін. Сонау ауыр жылдарда Мәшекеңнің томдаған өлеңдерін Академия Наукаға жеткізген сен едің. Міне сол Мәшекеңнің жалғыз (менше болай) суреті! Мен мұны және ақын Майраның суретін Жазушылар одағына жібергелі отыз жылға жуықтады. Бірақ олар жарыққа шығарған жоқ. Өткен жаз өзімнің Мәшекеңмен 1931 жылы күз кездескенімді жазып, осы фотасын көрсетіп, «Қазақ әдебиеті» газетіне жіберіп едім, бірақ та олар әлі күнге дейін жарыққа шығармады.


Ия, сенің Мәшекең туралы жазғаның менің есімде бар. Оның қасиетіне қол тнгізгендерді қатты сынағаныңды да білемін. Өте дұрыс еді. Кім өлмейді?

Сол Мәшекеңнің суретін, міне саған тағы да жіберіп отырмын. Реті келсе үлкейтіп, портретін марқұмның кітабының арасына қойсаң да ескерткіш болар еді деген сенім бар менде.

Мәшекеңді құрметтеген Ғалым Малдыбаев
15 декабрь 1961 жыл.

Міне Ғалым осындай жаны ізгі, ақылы алғыр, парасатты зергер ақын еді.

Менің ұстазым Ғалым Малдыбаев қазақ совет поэзиясының негізін салысқан саңлақ ақын. Әсіресе тарихи шындық шырындарын шырайлы өрнектеген жиырмасыншы жылдардың аяқ кезінде жазған «Қырым қызы» поэмасы қазақ поэзиясының эпикалық жанрында Сәбиттің «Сұлушашы» мен Исаның «Құралай сұлуымен» тетелес деп тануымыз керек. Ал, «Ақ келін» поэмасындағы : «Ақылына ай жүзіп, күн сүңгіген ару ана» - Ақ келін бейнесін тарихи мақтанышымыз етерлік бейне етіп сипаттаған. Ал «Қажымұқан» поэмасында қазақ халқын дүние жүзіне паш еткен теңдессіз балуан Қажымұқан тұлғасы оқырман жанын сүйіндіретін поэма. Осы тәрізді «Қорқыт батыр», «Сарыарқаға саяхат», «Шахтер» поэмаларыда Ғалым ақынның бірегей өрнектенген туындылары.



Мұқаш Елеусізов
экономика ғылымдарының докторы,профессор
«Ұстаздық еткен жалықпас» атты кітабынан...

АҒАЛЫМ АҒА

Менің бала кезімде біздің ауылдан шыққан «жыртық етек» (қызметкер) деп, артынан белгілі жазушы болған ағамыз Ғалым Малдыбаевты атайтын. Жаз жайлауға шығып, аққа біршама тойғаннан кейін, Рахима әжеміз ауылдағы абысын, келіндеріне жолыға калса, «Дайынсыз отырмаңдар, аман болса, жуырда біздің Ағалым ла Күлшай екеуі демалысқа келуге тиіс»,-деп ескертіп қоятын. Бұны естіген үйлер, әсіресе, бие байлағандары қымыз қорын үзбеуге тырысатын, ал биесі жоқ үйлер құрт, ірімшік қайнатып, май жинап, қыстан калған сүрлерін кебежеден алып, кептіре бастайтын.

Бұл дайындыққа біздің үй Рахима әжеміздің хабарына қарамай-ақ кірісетін. Оның себебі менің әжем Қырмызы Ғальм ағамызды жақсы көретін, өйткені ол келгенде ауыл іші бір түрлі куанышқа бөленіп калатын.

Ағамыз келген күні Рахмет атамыз әдейі дайындап семіртіп отырған тоқтысын сойып, ауылдың үлкен адамдарын шақырып, баталарын алатын да, ал кешке карай Ғалым ағамызға амандасуға келген жастарға да қалған еттің саркытын беретін. Кештің ақыры өлең айту, домбыра тартумен аяқталатын. Кей жылдары жаздың осындай кезінде, Ғалымның елге келгенін ести қалса, әжемнің сауыққой жалғыз інісі Жәуке де Керей елінен келіп жатып кететін. Бұл кезде әжем бір жасарып калатын. Ғалым ағамыз шақырту іздемей, ауыл аралап, сәлем беруді біздің үйден бастайтын. Оның себебі әжем Қырмызы біздің ауылдағы әйелдер қауымының жас жағынан ең үлкені болатын. Онымен қатар меинің әкем Ғаббас ауылдағы ең сауатты адам, кезінде мұсылманша окыған және қазақтың ауыз әдебиетіне құмарлығының аркасында сол өңірде өмір сүрген ақындардың өлең жырларын жинап жазып жүретінін Ғалекең іштей колдауымен катар, кей-

де сол ақындардың өлеңін өзі де көшіріп алып кететін. Оның үстіне әжем де, әкем де Ғалекеңнің домбырамен орындаған күйлерін сүйсіне тыңдайтын.

Кей жылдары Ғалым ағамыздың ауылда жүрген кезінде Керейдегі нағашым Жәуке де келіп қалатын. Мұндай екі ақынның кездесуі оларға да , әсіресе, ауыл адамдары үшін табылмайтын салтанатты жиын, көңілашар думанға айналатын.

Осындай тамаша думанның жадымда сақталғанының бірі -1928 жылдың жазындағы екі ардақты ағамыздың жайлаудағы біздің үйде өткен бас косулары еді.

Кешкі қонақасын ішкеннен кейін қонақтар үйдің сыртындағы дөңес алаңға шығып, ойыл-сауыққа жиналып жатқан жастардың жанына келіп, олардың өлең айтып, домбыра тартқандарына риза болысып, бірге өздері де өнерлерін ортаға салатын. Ғалым ағамыз қазақтың күйлерін желдірте тартумен жастарды таңқалдырса, ал Жәуке нағашымыз ашық қоңыржай даусымен ән салып, жиналған жұртты сүйсіндіретін.

Бұл думан дәстүрі бірнеше күнге созылып, тек екеуінің көрші ауылдарды аралап кеткенінде ғана аяқталатыны есімде.

Келесі жылы елде басталып жаткал ұжымдастыру (колхоздастыру) науқаны біздің ауылға да жетіп, «Байтал түгіл - бас қайғының» кебіне түсіп, ауылымыздың тас-талқаны шығып, жан-жаққа бытырай шашырап, көшкені көшіп, ал көше алмағандары ТОЗ дейтін шаруашылық құрып, оны артынан ұжымшарға айналдырып, жаңа күн көру жолына түскен болатын. Омар |атамыздан тараған үш ұлының - Сәйду, Ғаббас, Ғабдолланың үйлері нағашымыз Жәукенің ақылымен Ресей шекарасына жақын жерде, жаңа құрылып жатқан кеңшарға барып жан сауғаладық.

Бұл кеңшар қара мал өсіретін шаруашылық екен, үш үйдің ересек адамдарының бәріне жұмыс табылды, ерлер мал бағады, ал, әйелдер жағы сиыр сауып, сүт қорытатын болды. Оқу жасындағы балалар мектеп-интернатқа алындық, киімкешек, тамақ тегін, жұма бойы сонда жатып, тек демалысқа үйге келіп жүретін болдық. Мен ақыры сол шаруа балалары мектебінің 7 класын бітіріп шықтым.

Осы кеңшарға ойламаған жерден Ғалым ағамызбен бір қызық әрі қорқынышты жағдайда кездескеніміз есімде.

Бұл 1937 жыл болатын. Ғалекеңнің Алматыда тұратынын еститінмін. Бір күні сабақтан үйге келсем, жүзі таныс, бірақ сақал мұртын өсіріп жіберген бір орта жастағы кісі отыр екен, бейтаныс адамша сәлем бердім. Қолымды қысып тұрып: «Мұқаш-ау, шынында мені танымай тұрсың ғой»,- деп бетімнен сүйді. Даусынан тани қалдым да, шынымды айттым, кірген бетте «бөтен біреу ме» деп күдіктенгенім рас еді.

Кешке қарай Ғалекең: «Жүр, Мұқаш, аздап бой жазып келейік»,- деп далаға ертіп шықты. Үй сыртында ағаш ішімен жүріп келеміз. «Ал, енді мен саған осы жаққа қалайша келгенімнің себептерін айтайын,- деді Ғалым аға, - Өзің де байқап жүрген шығарсың, елімізде ауыр кезең басталды. Ел ішінде жаңа өмір салтына қарсы шыққан ағым бар деген желеумен қазір «халық жауларын» іздестіру науқаны басталды. Қай жерде болмасын халқымыздың бетке ұстайтын белгілі азаматтарын шетінен ұстап, лақап жазамен соттап жатыр. Ең аяғы өзіміздің ауылдан да үш-төрт «халық жауын» тауыпты дегенді естідім. Олардың бір-екеуін өзің де білесің, мектеп директірі Жандостың Садуақасын, ауылдағы колхоздың ұстасы Балғараның Сейтқазысын ұстап алып кетіпті.

Осы «наукан» басталғалы жазушылардың да біразы ұсталды. Менің жақын жүретін жерлесім Сәбит Мұқановты да тексеруге кірісе бастапты. Сол кісінің ақылымен мен осында уақытша жүре тұруға келген жағдайым бар. Ал, саған ескертерім, менің аты-жөнімді сұрағандарға, «білмеймін, әкемнің іш жақта тұратын нағашысы дей сал»,- деді.

Сөйтіп Қазақстанның белгілі жазушысы, жұртқа аңыз болған «Қырым қызы» поэмасының авторы, өзіміздің ағамыз Ғалым Малдыбаев «бейтаныс» нағашы болып жүре берді.

Сонымен отыз жетінші жылдың ызғарлы қысы аяқталып, жаз да шыға бастады. Қар кетіп, күн жылынған кез, сәуір айының соңғы күндері болу керек. Бір күні мектептен келсем, Ғалым ағамды тағы да танымай қала жаздадым, сақал-мұртын қырған, баяғы ауылға келіп жүретін кезіндегідей жасарып кетіпті, көңілі де көтеріңкі. «Ал, Мұқаш, тез тамағыңды іш те, сосын ана торы биені жек, совхозға барып қайтамыз»,- деді. Айтқанын орындап, екеуміз шалдың жеңіл тарантасымеи жолға шықтық. Бір кезде мен Ғалекеңнен бұл өзгерістің себебін сұрадым. «Ау, Мұқажан, тіпті қуанғанымнан саған айтуға да ұмытып кетіппін ғой,- деп, мынаны айтты.-Ана көршілерің Мұқан ақсақалдың ұлы қалаға барған екен, сол

жігітке редакциядағы менің бір жолдасым Алматыдан Сәбит Мұқановтан келген хатты беріп жіберіпті. Бүгінгі қуаныштың бәрі сол хатпен келген жаңалықтардың белгісі ғой,- деп мені құшақтай бетімнен сүйді.- Сәбең досым,-деді Ғалекең,-хатында тексерістен аман-есен ақталып шыққанын айтыпты, және мен жөніндегі «өсектердің» де басылғанын, жалпы жағдайдың бәсеңси бастағанын айта келе, «енді Алматыға қайта беруіңе болады» депті. Онымен бірге Күлшәй женгең мен Ақжайықтың да есен-сау жүріп жатқандарын да хабарлапты. Бұдан артық маған қуаныш бола ма?»,- деп балаша қарқылдап күлді ағамыз.

Кеңшардың дүкеніне барып, бірнеше шөлмек қызыл арақ алды, кәмпит, печенье, әжеме деп кант, шәй алды, сөйтіп артталмай-тарталмай үйге келдік. Кешке ет асылып, көршілердің басын қосып, той-думан болды да қалды.

Келесі күні Ғалекеңді мен торы биені жегіп, Қызылжар қаласына апарып салдым.

Артынан бір айдан кейін Ғалекеңнен хат келді, есен-сау жеткенін, үй ішінің амандығын және Жазушылар Одағына қызметке орналасқанын жазыпты.

Сол жылы жазда кеңшардың жеті жылдық мектебін бітіріп шығуыма байланысты мені әрі қарай оқыту үшін біздің үй кеңшарды тастап, Қызылжардың жанына бес шақырымдай жерде орналасқан былғары зауытына көшіп келіп орналасқан боатын. Бұл жерге келісімен Зәйкең ағам зауытқа жұмысқа кірді. Мен Қызылжардың бір онжылдық мектебінің 8-сыныбына оқуға түстім. Қыркыншы жылы мен оныншы сыныпты тәмамдап, сонан соң үш айлық мұғалімдер курсын бітірісімен, облыстың ең алыс аудандарының бірі - Қызылтуға облыстық оқу бөлімінің жолдамасымен мұғалімдік қызметке жүріп кеттім. Ғалекеңе де осы өзгерістерді жеткізіп, хат жазып та жіберген едім.

Сонымен, Омбы облысымен шекаралас Жарқын деген ауылдағы жетіжылдық мектебінің тарих пәнінің оқытушысы болдым да кеттім. Менің еңбек жолым осылай басталған-ды.

Мұғалімдік қызметімді ойдағыдай орындап, оқу жылын аяқтап, 1 жылдық маусымының орта кезінде демалысқа үйге келдім, бір жұмадан кейін алапат соғыс басталды. Маусымнын 23 күні Қызылту ауданының оқу бөлімінен жеделхат келді. Онда соғыс басталуына байланысты тез арада қызмет орныма оралуды жүктеген. Мектебіме келгеннен кейін

сабақтыц орнына жоғары сынып оқушыларын басқарып, егін жинау науқанына қатысып, қарша айының басында әскер қатарына шақырылдым.

Сол кездегі тәртіпке байланысты әртүрлі тексерістен өтіп, караша айында КСРО-ның шекара коргайтын әскерінің катарына алынып, Киыр Шығысқа аттандым. Владивосток қаласында алты айлық командирлер курсын бітірісімен Жапон мемлекетімен шекаралас Манчжуриядағы өзіміздің әскери бөлімге жіберілдім. Екі жылдай ит тұмсығы өтпейтін ну орман Тайгада Жапонның Квантун армиясына қарсы тұрып, Отан шекарасын кнні-түні коргаумен болдық.

1944 жылдың жазы басталысымен Тегеран конференциясының шешімі негізінде Жапонияға қарсы соғыс ашу компаниясына дайындық басталған болатын. Осыған орай бұрынғы жерімнен Камчатка түбегіне әскерлік бөлімдер жіберіле бастады. Солардың ішіне мен де ілігіп, соғыс кемесімен кыркүйектің аяғы кезінде бір жеті күні-түні жүзіп, Петропавл қаласына келіп жеткенбіз. Келген әскерлерді әр мамандыққа бөліп, теңіз шекарасын күзететін бөлімдерге жіберді. Енді Охот теңізінің жағасын жапондықтардан қорғайтын болдық Осы қызметімізді Жапонияға соғыс жариялағанша атқардық, ал тамыз айының басынан десант бөліміне қабылданып, Курил аралдарын босату операциясына қатысып, бір айдың шамасында сол аралдардың бәрін және Сахалин түбегінің түстік жағын босатып, бұл соғысты да аяқтағанбыз. Сонымен әскер қатарында, негізінен шекара күзетуде барлығы бес жыл жүріп, елге есен-сау 1946 жылдың қ азан айында оралғанмын.

Сағынған кемпір-шалдың мауқы басылғаннан кейін ауылдағы туыстарға бардым. Ауылда әкемнің ағасы Сәйду, інісі Ғабдолла аталарым тұратын, ал қалғандары бұрынғы Есей ауылынан тараған жамағайындар болатын.

Соғыстан кейінгі ауылдың хал-ахуалы өте нашар, әр үйден бірден, кей үйден екі адам соғыстан оралмаған. Келген бетте әр үйді аралап, амандасып, соғыста опат болғандарға көңіл айтып, парызымды орындап шықтым. Сұрастыра келе Ғалым ағамыздың да соғыс кезінде елге оралғанын, жаңа жанұя құрғанын естідім. Ол кісінің мекен-жайы Есіл өзенінің арғы бетіндегі Ленин атындағы ұжымшарда болып шықты. Жаныма Қайыржан деген немере інімді ертіп, Ғалекеңнің үйіне келдік.

Аулаға кіре бергенімізде алдымыздан үйден басына түбіт шәлі салған үлбіреген сұлуша сары келіншек шыға келді. Жанымдағы Қайыржан, «Ал, Мұқаш аға, «жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан» дегеннің нақ өзіне кездестік, мына үйден шыққан кісі Ғалекең ағамыз үйіндегі жеңгеміз Зураш болады»,- деді. Қайыржан жақындап барып жеңгеміздің қолын алды да, менімен таныстырды. Жеңгеміз есік ашып, үйіне кіргізді. Ғалым ағамыз дем алып жатыр екен, барып ол кісіге біздің келгенімізді хабарлады. Ағамыз келіп, құшақтап, бетімізден сүйді. Мәре-сәре боп, бір-бірімізден өткен-кеткендерді сұрастырып, жағдаймен танысып жатырмыз. Әңгіме кешке дейін созылды, Зураш жеңгеміздің дайындаған дәмін іштік, ақыры сол үйде қондық. Ғалекеңнің бәлен жылдай отасқан Күлшәй женгемізді тастап, жас қызға үйленуінің себебін білгім келсе де, әдеп сақтап, өзінен сұрай алмадым.

Ертеңінде сол ауылда тұратын, өзіммен әскер қатарына бірге алынып, соңынан бөлініп кеткен жас күнгі жолдасым Әбілхаир Мұкановтың менен бір жыл бұрын аман-есен келіп, үйленіп жатқанын естігенмін. Сол үйге бардық. Мұқан ақсақал өз бөлмесінде бұрынғы дағдысымен етік тігіп отыр екен, барып сәлем бердім, ол кісі де, бәйбішесі де құшақтап бетімнен сүйді. Даладан естіп қалып, жүгіре кіріп келген Әбық, досыммен де құшақтасып, кезек-мезек амандастық. Бір кезде Әбық жетелеп бөлмесіне кіргізіп, шымылдықтың ішінде отырған келіншегінің жанына әкеліп, «Ал, көрімдік дайында»,- деді. Қалтамдағы осындайға даярлап жүрген азын-аулақ ақшамды бердім. Шымылдық ашылды, басына жеңіл жібек шәлі салған, екі бұрымы беліне дейін түскен, тостаған көз, қара торы, үлпілдеп тұрған сұлу келіншек екен, қолын алып, бетінен сүйдім. Әбық досым: «Әй, мына қудын көрген бетте менің келіншегімді сүюден бастағанын қарашы»,- деп күліп жатыр. Әбық екеуміздің бес жылдан бергі өткен-кеткен жайларымызды еске түсіруіміз ақыры бір жұмаға созылды.

Өзіміздің әңгімеміз аяқталған кезімде досымнан ана Ғалым ағамның жас қызға үйленгені туралы сұрадым. «Ел ішінде таралған «ұзынқұлақтың» хабарына қарағанда,-деді Әбық, - Ғалекең соғыс кезінде Алматыдан елге ауырып жатқан қарт әке-шешесіне келеді-мыс, ол кісілер көп ұзамай дүние салады. Сол жағдайдың арқасында ауылда қалып қояды, біраздан кейін қырықтың қырқасына шыққан ақын ағаңыз он класты тәмамдайын деп жүрген сұлу қызға көзі түсіп, ғашық болып,

арнап өлең шығарады, оны домбыраға қосып, ауылдың жігіттері айтып жүретін болады. Ақыры тағдырының жазуымен, біз немісті жеңіп жатқанда, ақын ағамыз сұлу қыздың махаббатын жеңіп үйленеді. Ағаңыздың мен естіген ғашықтық тарихы осылай аяқталған, - деп досым күлімсіреді. Ақыры, Ғалекеңнің жас жеңгеміз Зурашпен құрған жанұясы өте сәтті болып шықты, екеуі отасқан 40 жылдың бақ-дәулеті ретінде бес ұл, төрт қыз бала дүниеге келіпті. Бәрі бірдей жоғары білім алып, журналист, дәрігер, мұғалім, аграном, инженер, құрылысшы деген мамандықтарды игеріп жеке-жеке үй болып, әке- шешесімен қатар ауыл-ағайындарды да қуанышқа бөлеп жүріп жатыр.

Осы балаларының бәрінің білім алып маман болғандарын, ал, үлкендерінің жеке отау тіккендерін көріп, қуанышына бөленіп жүргенде, Ғалекең ағам тағдырдың жазуымен 80 жасты алқымдап, бұл дүниемен қоштасты.

Ғалекеңнің әлі де болса көрем бе деген қызықтарын енді Зураш жеңгей көріп, отауларын аралап, немерелерінің қызығына тоймай, бақытты ананың балдан тәтті өмірін сүріп жүріп жатыр.

Балаларының ішінде Ғалекеңнің жолын қуған үлкен ұлы Шашубай жақсы журналист, ол әрі өлең жазып, ән айтып, күй шығаратыны да бар. облыс және республика теледидарларында жүртшылықтың алғысына бөленген жас таланттардың бірі. Осынау талантын әрі қарай шыңдай берсе, келешекте талай жүлдеге иегер болатынына сенеміз.

Өкінішке орай, кезінде әдебиет майданында Сәбең, Ғабеңдермен үзеңгілес болған белгілі ақын Ғалым Малдыбаевты соңғы жылдары Жазушылар одағы ұмыта бастағанға ұқсайды. Көнекөз ақынның көзі тірі кезінде өтетін 80 жылдығы Жазушылар одағы жағынан атаусыз қалды. Тек жергілікті мекемелердің ескеруімен бұл кісінің атымен өзі туған ауылының орта мектебі аталды, бейітінің басына кесене қойылды. Аманшылық болса, алдымызда мерзімі жақындап келе жатқан ақынның 100 жылдық мерейтойы жазушылар қауымының есінен енді шыға қоймас деген үміттеміз.

Бақыт МҰСТАФИН,
Қазақстан жазушылар одағының мүшесі.

ЖҮЙРІК ҚАЛАМ ҚҰРҒАМАС

(ЖАЗУШЫ АУЫЛЫНДАҒЫ ӘҢГІМЕ)

Асыл сөздің құдіреті қашанда бірден баурап, ақынға деген ілтифатыңды, бар ықыласыңды жарқыратып жайып салады-ау. Ақын Ғалым Малдыбаев тұратын Ленин ауылының көшесіне ілікенде-ақ сондай сезімге еріксіз бөленесіз. Қаламгердің күйлі жырлары көкірегіңізде сырлы пернелерді басқандай болады. Сол бір қадірлі жанға жеткенше асығарыңыз және анық.

... Жетпістің желісіне атбайласа да кәріліктің қоңыр отауына әлі кіре қоймаған ақын ағамыз есіктен кіргенімізде – ақ қабағы жадырап,күлімсіреп қарсы алды.

- Ә, «Ленин туы» амансыңдар ма? – дейді қуанышты көңілмен. Осы бір амандық- сәлемде өзгеше жылылық бар. Ия, «Ленин туы» Ғалекеңнің алтын босағасы іспетті. Ақынның алғашқы өлеңдерінен бастап жаңада сиясы кепкен тың дүниеліктеріне дейін осы газеттің бетінде өз оқырмандарының жүрегіне жол тапты. Газет те, Ғалекең де жарты ғасырдан аса достас, сырлас. Біз ақынға 70 жылдық торқалы тойына қарсаңында газет оқушыларының көп құттықтау жолдайтынын айттық.

- Рахмет, шырақтарым рахмет.

Ақын бөлмесінің қабырғаларын қаптадаған суреттер де біраз сыр шерткендей еді. Әне, академик-жазушылар Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов бастаған топтың ішінде де Ғалекең дидары. Түрлі-түрлі дерек берер суреттер, Бірі Москвада, бірі Алматыда түсірілген. Жазушылар съездері, кездесулері. Осының өзі ақын жерлесіміздің үлкен мерейін аңғартқандай.

Қарт ақын әр өлең-жырдың туу турасында да келелі әңгімелер қозғайды. «Шашубай ақынға» деген өлеңінің бір-екі ауызын жатқа оқыды да, бұл туындының 1949 жылы Москваға қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне бара жатқан жол үстінде дүниеге келгенін баяндайды.Осы өлең қағазға түсірілгендеақ белгілі халық ақыны Шашубай қаламы жүйрік Ғалекеңе үлкен құрмет көрсетіп «Ұлың болса менің атымды қоярсың» депті.Мұндай өлең тақырыптары көп-ақ. Жазушы өзі тұратын ауыл өміріне байланысты да көп дүниеліктер жазған. Олардың әрқайсысы да бір хикая әңгімелер.

Ғалекең стол үстіндегі қағаздарын ақтара бастады. Сірә, ақ параққа тың жолдар маржандалған шығар. Көзілдірігін киіп сұрыптап жатты. Біз газет оқырмандарының атынан ақынның биылғы мерекелі жылғы творчестволық жоспарын сұрадық.

- СССР – дің 50 жылдығы сынды дүбірлі той жыр қозғамай қоя ма, - дейді ол, - Ыңқыл-сыңқыл ауру жағаласа да қолыма қалам алып шабыт шақырсам бір серпіліп қаламын. Үйде жай отырмай түртіне беру әдетім. Алдымен айтар нәрсем: 50 жылдыққа арнап өлеңдер жазып жатырмын. Ол әрине ұлы достық туралы болмақ.

- Ғалеке, анадағы бір әңгімеңізде Петропавл-Көкшетау темір жолының салынуына байланысты толғанып жүргеніңізді айтып едіңіз?


- Бұл тақырып мені көптен мазалап жүр . Бұл жолдың салынуына ұлы көсеміміз Лениннің нұсқауы болғаны тарихтан белгілі. Міне осы әкелік қамқорлық жүрек тебірентеді. Қазір бұл жол қазақ жерін Отанымыздың түкпір-түкпірімен байланыстырған күре арнаға айналды. Осы жолдың құрылысында тамаша халықтар достығы қалыптасты. Қазақ жұмысшы табы бар тұлғасымен көрінді. Міне осы мәселелерді өзекке өріп , «Асан-машинист» атты дастан жазып жатырмын. Бұл дүниелік негізінен біткен, қазір қайтып өңделу, қырағы көзден өту шағында.

- Сіз қазақ жұмысшы табы туралы алғаш күрделі поэзиялық туынды жазған адамсыз. «Шахтер» поэмаңыз жарық көрді. Енді осы тақырыпқа оралмайсыз ба?

- Қарағанды шахтерлерінің өмірі мені ертеден толғандырғаны бар. Соның бір нәтижесі жоғарыда аталған

«Шахтер» дастаны. Ол қарағандының қарт тарланы, белгілі кенші, Социалистік Еңбек Ері Түсіп Күзенбаев туралы болатын. Осыған қайта оралып бұл күнде «Қарағанды » атты ұзақ әңгіме жазу үстіндемін. Онда 1920 жылдардың оқиғасы қамтылады. әрине, әңгіме арқауы халықтар достығы жайлы. Биыл «Жазушы» баспасынан жаңа өлеңдер жинағым шыққалы жатыр. Халықтар достығының ұлы тойына алғашқы тартуым осы.

....Сыртта маужыраған май күні мейір төгіп тұр. Айнала дүние көктем ғаламатының сиқырлы сазына бөленіп ғажап әрмен, көркем сәнмен құлпырып жатыр. Сонау қыр қаларда дуылдаған еңбек үні естіледі. Ақын көңілі бір сәт соларға ынтық көңілмен елжіреп, жаңа бір жыл жібегін ескендей толқып кетеді. Тереңнен тебіреніп, шалқардан шалқыған шабыт шырайы бар жүзінде. Жанары нұрланып ақ қағазға тағы да төне түседі. «Жүйрік қалам құрғамас» деген осы-ау. Қарт тарлан «тағына жетіп қайырып» жаңылмай жыр сілтеп жатты. Жыр жүйрігі жетпістің жабысы емес, шабысы жаңылмас жиырма бестің жел сұңқары дегің келеді осындайда.



Сұлтан Қанафин,
еңбек ардагері.

ҚАЖЫРЛЫ ҚАЛАМГЕР

Ақын Ғалым Малдыбаев - 75 жаста

Көгілдір қиырлардың кеңістігінде қалықтаған ұлан-ғайыр Қазақстанның жалпақ жұртшылығына жарты ғасыр бойы өлең-жыр жаңбырлатқан Ғалым Малдыбаев бүгінде жетпіс бес жасты бөктеріп отыр. Зымырандай зырлаған осынау ұзақ жылдардың желісі өмірді өлеңмен өрнектеген ардагер ақынның поэзия әлеміне салған даңғыл жолын жалғастырып жатыр.

Оның ата-мекені – Сергеев аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестігінің орталық қонысы – Жаңажол ауылы. Әкесі Рахмет етікшілік кәсіппен күнелткен кедейлігіне қарамастан, болашақ ақынға білім көзін көрсетеді. Жас Ғалым Қызылжар мен Алматыда мұғалімдік курстарда оқыды. Кейінен С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірді.

Ол өзінің сан жылдардың соқпағын жалғаған еңбек жолында салмағы батпан журналист жүгін көтерді- Ақмола, Орал, Павлодар облыстық және Баянауыл, Балқаш аудандық газеттерінің редакцияларында жұмыс істеді. Ұлы Отан соғысына дейін және кейін төл газеті – «Ленин туында» қызмет атқарды. Одан соң Октябрь (Қазіргі Сергеев ауданы) ауданы бойынша осы газеттің меншікті тілшісі болды.

Ғалым Малдыбаевтың тұңғыш туындылары «Балғаорақ», «Доңғалақ» атты өлеңдер жинақтарында алғашқы бесжылдықта совет адамдарының ерлік еңбегі суреттеледі.

«Заводтың мойындары көкке орлеп,
Көк мақпал бүйра түтін құлаш сермеп.
Гудоктар азынасып, көк жаңғырта
«Мекені асыл кеннің қай жерде?» деп.

Мыс еріп, алтын, күміс бұрқ-бұрқ қайнап,
Құйылсын болат, темір,құрыш жайнап,
Станок заводтарда зырылдасын,
Азуын арыстандай қарш-қарш қайрап.

Трактор қойдай оріп, сендей қалқып,
Комбайн көмейінен алтын сарқып.
Құлпырып бидай, бұршақ, мақта, жеміс,
Даласы колхоз, совхоз жатсын шалқып! » -

деп жыр шерткен еді ақын.

Отызыншы жылдардың бірінші жартысында Ғалымның «Қырым көркі» өлеңдер жинағы, содан кейін «Қырым қызы» атты күрделі поэмасы баспадан шықты.

Ғалекеңнің өз сөзіне қарағанда, жинаққа берілмеген өлеңдері өте көп. Солардың көпшілігі – 40 жылдан астам қол үзбестен автор болған сүйікті газеті – облыстық «Ленин туында» жарияланған.

1967 жылы «Қалдырған», 1972 жылы ақынның «Жолдірме» атты өлеңдер жинағы «Жазушы» баспасынан жарық көрді. Оған бірнеше жеке өлеңдерден басқа «Қорқыт батыр», «Қажымұқан» сияқты поэмалары енген.

Ғалекең қазақтың алып балуаны Қажымұқан Мұңайтпасовпен талай мәжілісте болып, оның талай жеңіске жеткен күш сынасуларын көзімен көрген. Мұнымен бірге:

«Қызылжар,-дейді палуан,- туған қалам,
Күреске белді бекем буған қалам,
Жылына бір келмесем сағынамын,
Қазақ, татар – өзімнің інім, ағам», -

деп Қажымұқанның Қызылжар қаласында өскендігін, ондағы тұрғындарға етене жақын туыс сияқты екендігін баяндап таныстырады. Сондай-ақ ақынның ел аузынан алынған аңыз ізімен жазылған «Қорқыт батыр» поэмасындағы ел-жұрты үшін талай қиын-қыстауда ата жауымен шайқасып, жеңіске ие болған Қорқытты:

«Еліне әрі қорған, әрі дана.
Үлкенге-бала, жасқа-туыс, аға.
Қақ жарған қара қылды әділ Қорқыт
Нашарға Қаратаудай болған пана», -

деп кейінгі ұрпақтарға оны үлгі-өнеге етеді.

Ғалекең Ұлы Отан соғысы жылдарында да, одан кейінгі уақыттарда да совет адамдарының майдан мен тылдағы қаһармандық қимылдары жайында бірсыпыра өлеңдер жазған. Соның бірі 28 панфиловшы батырлар туралы поэмасы.

Ғалым Малдыбаевтың қазақ әдебиетіне қажетті құнды материалдарды ізденіп, жинастыруда да қосқан үлестері бар. Ол жоғары оқу орындары филология факультетінің студенттеріне арналған XVII – ғасырдағы қазақ әдебиетіне Шал ақын (Тілеуке) Құлекеұлының өмірі мен өлеңдерін жинастырып оқулыққа енгізуде еңбек етуші адамның бірі.

Ғалекең СССР Жазушылар одағының мүшесі және СССР Жазушылар одағының съезіне делегат та болған. Ол әдебиет саласындағы творчестволық елеулі еңбегі үшін бірнеше рет Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен наградталды.

Ендігі айтарымыз ақын ағаның денсаулығы мықты болып, көп жыл жасап, әлі де болса кейінгі ұрпақтар үшін творчество тұғырынан таймауын тілейміз.



ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ.
14 май 1982 жыл

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының секретарнаты ақын ҒАЛЫМ МАЛДЫБАЕВТЫҢ 80 жасқа толуына байланысты құттықтау ж о л д а д ы. Онда былай делінген: «Қадірлі Ғалеке! Сізді қаламдастарыңыз бүгінгі торқалы тойыңызбен шын жүректен құттықтайды. Сонау отызыншы жылдардан бастап өмірдің қайнаған ортасында көзбен көріп, көңілге түйгендеріңізді жырға қосып келесіз. Қаламыңыздан туған «Орақ пен балға», «Дөңгелек», «Қырым қызы» секілді алғашқы жыр жинақтарыңыздан бастап, күні кеше шыққан «Қалдырған», «Желдірме », «Поэмалар мен өлеңдер» атты кітаптарыңызда коммунистік партиямыздың ұлылығын, жаңа да жарқын өмірде салтанатты тұрмыс құрған республикамыздың еңбек адамдарын, дарқан даламыздың бүгінгі келбеті мен келешегін өлең-дастандарыңызға өзек еттіңіз. Бүгінгі мүшелді тойыңызбен құттықтай отырып, Сізге зор денсаулық, творчестволық табыс т і л е й м і з».

Қазақстан Жазушылар
одағының секретариаты.

МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ,
филология ғылымдарының докторы.
Қаз МУ-дің профессоры.

УАҚЫТПЕН ҮНДЕС ЖЫРЛАР

Ақын Ғалым Малдыбаев 80 жаста

Ғалым Малдыбаевтың қолына қалам алып, айтыс сәттерінде ауызша өлең шығарғанына алпыс жылдан асты, ал баспасөз бетінде «Нұрғисаның сәлемі» атты жыры 1926 жылы жарық көрді. Қазақ әйелдерінің бас бостандығын, олардың ерлермен тең правolылығын жырға қосқан сол шығармасынан бастап, күні бүгінге дейін Ғалым жырлары еліміздегі, республикамыздағы үлкенді-кішілі өзгерістерді насихаттауға арналып келеді. Ауыл шаруашылығын коллективтендіру, өндірісті индустрияландыру, алғашқы бесжылдықтар, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы майдандағы ерлік пен тылдағы қажырлы еңбек, тың және тыңайған жерді игеру, совет адамының ғарышқа алғаш жол салуы, т.б адамзат тарихына із қалдырарлық таңғажайып құбылыстардың барлығын да Ғалекең қаламына ілігіп отырды. Демек, мұның өзі жасының егде тартқанына қарамастан, ақынның өмірге жіті көзбен қарап және оған өз үнін қосып отыруды азаматтық парызы санаған ниетін айқындайды. Ақынның жұмысшыны жырлаудағы позициясы өмір шынайылығынан шығып жатады. Жер жыртып, астық молшылығын жасап жатқан дихан қауымды жырға қосқан да, Ғалекең осы мақсатынан ауытқымайды. «Тракторшы қарындасқа», «Комбайншы жыры», «Комбайн», «Жүгері» өлеңдері – осының куәсі. Табиғат лирикасын жырлауда Ғалым Малдыбаевтың бір ерекшелігі- ақын айналадағы құбылысқа тебіреніп қана қоймайды, сол құбылысты адам көңілімен, еңбекпен ұштастыра, байланыстыра жырлайды. Мәселен, мына өлеңінде: Ақ теңіз-атақоныс, Мекеніміз. Еңбектің ырысын теріп Өтеміз біз. Алдағы мақсат еткен Нысанаға Топ жаз-

бай, бір кісідей Жетеміз біз, - дейді. Ендеше Ғалекеңнің пейзажды суреттеуге арналған өлеңдері ақынның тек сырттай тамашалауынан ғана туындаған жырлар емес, адамды абыройлы еңбекпен байланыстыра жырлаған өлеңдері деп түйін жасауға толық хақылымыз. Ақынның халықтар достығын, адамдардың жарасымды татулығын бейнелеген өлеңдері де («Түркістан қызы», «Тарту», «Жыл құсы», «Кел туысқан» т.с.с) баршылық.

Ақын ел өміріндегі елеулі оқиғаларға қатысты поэмаларын көлемдерінің қомақтылығына қарамастан, сол оқиғаның ізін суытпай, тез жазып шығуды әдет еткен. Бұл, әсіресе, Ұлы Отан соғысы оқиғаларын суреттеген поэмаларынан байқалады. Айталық, «Мәлік» (1941), «Жиырма сегіз» (1941), «Мәншүк» (1943) сияқты поэмалары бұған дәлел болып табылады.

Ғалекең таланттардың әдебиетке келуіне көп көмегін тигізген ұстаздық қызмет те атқарды. Сонау 30-жылдардың өзінде жас ақындардың өлеңдерінен «Қызыл Баян» (1932), «Қарағанды қаламы» (1933) атты жинақтарды құрастырып, шығарды. Халқымызға танымал болып қалған талай ақындар мен прозаиктер, ғалымдар Ғалекеңді ұстаз, аға тұтады. «Әдебиет әліппесін үйреткен Ғалекең» - дейді белгілі прозаик Зейтін Ақышев,. Ақындар Дикан Әбілев, Қалижан Бекхожин. Ғалым Малдыбаевтың ағалық ақылын тыңдап, әдеби жолды біржола қалап алғандар.

1926 жылдан бері Ленин партиясының қатарында келе жатқан Ғалым ағаның адамгершілік қасиетінің өзі кімге болса да үлгі. Өмірлік жолдасы Зураш шешеймен екеуі он баланы тәрбиелеп, ұядан ұшырып отыр. Ғалекең бұл күнде өзі дүниеге келген Солтүстік Қазақстан облысы, Сергеевка ауданының орталығы Сергеев қаласында тұрады. Жасының ұлғайғанына қарамастан, қолына қаламын алып, карт жүрек түйген әсерлерді қағаз бетіне түсіріп қояды. Ақын бір өлеңінде:

Мен де елімнің тынымсыз бір ұлымын,
Сол ел үшін бар тілегім, ұғымым.
Көркейе бер, гүлдене бер әрдайым,
О, қадірлі менің алтын тұғырым, - деген еді.
Осы тілекті сол өзіне айтқанымыз мақұл болар.

Серік Негімов,
филология ғылымдарының
докторы, профессор.

ЖЫЛДАР МЕН ЖЫРЛАР

Ақын ҒАЛЫМ МАЛДЫБАЕВ – 80 жаста

Отызыншы жылдары қазақ совет поэзиясы орасан зор роль атқарды. Ойы сергек, қиялы ұшқыр, көзі көреген, жаны елгезек ақындар жаңа өмірдің, Ленин дәуірінің жанашыр жыршысы бола білді. Жұмысшы табының революциялық санасын білгірлікпен бейнеледі. Қазақ совет әдебиетінің алғашқы дәуірінде С. Сейфуллиннің, С. Мұқановтың, І. Жансүгіровтың, Б. Майлиннің, А. Тоқмағанбетовтың дауысымен бірге, коммунист ақын Ғалым Малдыбаевтың үні де айқын естіледі. А.В. Луначарскийдің редакторларымен 1932 жылы шыққан «Әдебиет энциклопедиясында» былай делінген: «Малдыбаев Ғалым – қазақтың пролетарлық ақыны. Петропавл округінде кедей семьясында туған. 1924 жылы советтік партия мектебіне оқуға түсіп, оны 1926 жылы бітірген. Содан бері бірнеше округтік газеттерде редакторлық қызмет атқарды. Бүгінгі таңда «Колхоз» газетінің редакторы. Қазақстан пролетарлық жазушылар ассоциациясы Павлодар секциясының председателі болды. 1930 жылы «Орақ пен Балға» атты өлеңдер мен поэмалар жинағы жарық көрді». Әдебиет әлемінде Ғ. Малдыбаев творчествосының өзіндік орны барын осы пікірлерден таныгандай боламыз. Ақынның «Балға - Орақ», «Доңғалақ», және «Қырым қызы» атты кітаптары көркемдік сапасымен, эстетикалық сипатымен, өмірлік шындығымен бағалы. Ақын жұмысшыны өз поэзиясының алтын арқауы, тірек-діңгегі етеді.

«Бүгін балға қолында,
Тасып қайрат
Көрік гүрс-гүрс, құрымың
Бұрк-бұрк қайнап.

Тарихыңды ашыпсың
Өз қолыңмен
Жаса, жаса жұмысшы
Құлпыр жайнап!»

Ғ. Малдыбаев дәуірдің талап тілектерін жіті аңғарып, уақыт көтеріп отырған проблемаларды тез танып, шапшаң қабылдап, үн қосып отырған. Уақытпен бірге ілгері басып, қатар адымдаған, қазақ даласындағы әр жаңалықты, әр құбылысты поэзияның тіліне түсірген.

Кейбір тақырыптарды поэзиялық тілмен жырлау оңайға соқпайды. Оның табиғатына, мінезіне оғаштау сезіледі. Алайда осындай қиындықтарды Ғалым ақын жеңіп отырды. Бәрі де ақындық талантқа байланысты, шеберлікке тәуелді.

1933 жылы ақынның «Доңғалақ» атты жинағы шықты. Доңғалақ – үздіксіз қозғалыс пен тынымсыз еңбектің көрсеткіші, яки реалистік образ. Атап айтқанда, «Доңғалақ» кітабы - советтік дәуірдің алғашқы жылдарының шежіресі іспеттес. Қарағанды мен Қарсақпайдағы, Доссор мен Екібастұздағы, Балқаш пен Оралдағы өндіріс ошақтары Ғалым Малдыбаев творчествосында үлкен орын алған.

Отызыншы жылдарда қазақ поэзиясы түр, өлшем жағынан да жетіле, кемелдене түсті. Сәбит Мұқанов «Поэзия мәселесі» деген мақаласында Сәкен Сейфуллиннің «Советстан» поэмасының өлеңдік түрімен Ғалекең де жырлар жазды деп атаған. Әлбетте, бұл тұста Сәкен ізімен жүргендіктен емес, поэзияның қуаттылығы, өткірлігі үшін күресті ғой.

«Қырым қызы» поэмасы оқиғасымен ғана емес, көркемдік қасиеттерімен жүрек тербейтін, ой сезіміңді баурайтын дәмді, нәрлі, тұздығы мол эстетикалық тұшымы бар туынды. Бәрімізге мәлім, көркем туындының ең басты элементі – оның тілі ғой. Осы арқылы ақынның шеберлігі, қуат-құдіреті, қабілет-дарыны, ой-байлығы, қиял-сезім дүниесі танылады. Ғалекеңнің 1979- жылы шыққан кітабына алғы сөз жазған Дикан Әбілев былай дейді: «... ол орыс классиктері – Пушкин, Лермонтов, Маяковский, Асеев поэзияларынан нәр алып, Абай, Сұлтанмахмұт, Сәкен, Сәбит, Иса шығармаларынан сусындап, өнеге тұтқан және соңғы үшеуімен тетелес, қанаттас болып қалам тербеген ақын. Айталық, Сәкеннің «Көкшетауы», Сәбиттің «Сұлушашы», Исаның «Құралай сұлу», дастандарына өкшелес Ғалым «Қырым қызы» дастанын ақындық жарыс іспетті жазды».

Шындығында, «Қырым қызы» поэмасының образдық, тілдік поэзиялық, құрлысында әдемі нақыш-өрнектер көптеп кездеседі. Мәселен, ақын Арзы қыздың бейнесін былайша сипаттайды:

«Сойлесе сөзінен нұр
төгілгендей,
Күлгенде қызыл бидай
себілгендей.
Қайғырса аспан жерге
қирап түсіп,
Қуанса өлген өлік
тірілгендей».

Нұрлы сөз, қызыл бидай – халықтың сан ғасыр жасаған қазыналы дүкенінен алып қолданған. Сөздің шыпайлысы мен шынайлығы, мағыналық, байлығы, семантикалық түрленуі, шыныдай таза мөлдірлігі, суреттілігі мен бейнелілігі, әуезділігі мен образдылығы – ақындық ойдың асқақтығын көрсететін көркем куәліктер.

Асылы, ақын шығармасына ой көзімен үңіліп қарағанда, оның өмірбаянына да соқпай өтуге болмайды. Көрген білгені, сезген-түйгені, тоқығаны пожзиясының ажарын аша түседі. Өміршең етіп, ой салады. Осы реттен келгенде, Ғалекең отызыншы жылдары Қазақстанның кең байтақ даласындағы жаңалықтарды өз көзімен көріп солардың үгітшісі, насихатшысы болған. Редакция құру, газет шығару – Ғалекеңнің еншісіне тиген. Қызылжар, Орал, Қызылорда, Балқаш, Қарағанды, Кереку қалаларында және Баянауыл да қызмет етті. «Қарағанды қаламы» (Қызылжарда), «Қызыл Баян» (Баянауылда), «Жусан» (Оралда) атты жинақтар құрастырған. Сол кезде ақын тындырған шаруалардың бәрін шетінен тізіп жатқан жоқпыз, ең бір елеулі дегендерін еске алып отырмыз.

Қорыта айтқанда, ғылыми техникалық прогрестің, әдебиет пен мәдениеттің қарыштап дамыған дәуірінде өткен күндердің көркем шежіресіне зейін салсақ, онда Ғ. Малдыбаевтың отызыншы жылдардағы поэзиясынан революция рухын, бесжылдықтар ырғағын, өмір жаңалығын танимыз. Егерде поэзияны көркемдік тұрғыдан тексеруге талаптансақ, сол кездің поэзиялық стилін, тілді көркем қолданудағы ерекшеліктерін баяндауда көмегі мол демекпіз.

Болат Қожахметов,
ақын

ҚАРЫМДЫ ҚАЛАМГЕР

Ақын ҒАЛЫМ МАЛДЫБАЕВ - 80 жаста

«Алғашқы сүрлеуін Сәкен Сейфуллин Октябрь күндерінде салған қазақ совет әдебиетінің кадрлары тек советтік дәуірде ғана көбейді, солардың елеулілерінің бірі – Ғалым Малдыбаев». Даңқты жерлесіміз, академик – жазушы Сәбит Мұқанов әдебиет әлемінде өзімен өкшелес шыққан Ғалым Малдыбаевтың өлең өнеріндегі ерен еңбегіне осылай жоғары баға берген болатын. Ең бастысы сол – тарихымыздың сарғайған парақтарына айналған сонау жиырмасыншы жылдардың бел ортасынан бастап, күні бүгінге дейін жыр жолынан жазбаған тарлан ақын жыр құмар халқымыздың зор ілтипаты мен қадір-құрметіне бөленіп отыр. Бұл қошемет еліміз бен жерімізді, бақытты халқымызды, бай дәстүр салтымызды, зор абырой-даңқымызды жарты ғасыр бойы жырлап келе жатқан қарт ақынның бүгінгідей сексен жасқа толуы салтанатты сәтінде айырықша аңғарылады.

Болашақ ақынның балалық шағы балдай тәтті болды деу қиын: шешеден жастай айырылған оны кісі есігінде күн кешкен әкесі молданың қолына береді. Бірақ ол жәдидше оқуды үйреніп қана қоймай, сонымен бірге өлең-жыр мен ән-күйге әуестігін одан әрі дамыта түседі. Жас талаптың әдебиет пен мәдениетке құлшынысын бірінші болып аңғарған революционер ақын Баймағанбет Істөлин көрінеді. Халық ауыз әдебиетінің асыл қазыналарының бірі – батырлық және ғашықтық қиссаларын жатқа білетін болашақ ақынды Қызылжар қаласындағы жасөспірімдер мектебіне түсірген де сол.

Орыстың ұлы ақыны С. Есениннің сөзімен айтқанда, Ғалекеңнің де өмірбаяны өлеңдерінде өшірілместей болып жазылғандығы аян. Оның өлеңіндегі өмірбаянының алғашқы

парақтарын 1930 жылы жарық көрген «Орақ - Балға» кітабынан-ақ оқуға әбден болады. Одан кейін араға үш жыл салып жарық көрген «Доңғалақ» атты жыр жинағы да жаңа дәуір тынысын, алғашқы бесжылдықтар ырғағын дөп бейнелеген поэзиялық полотно болды. Бұл екіарада жұмысшы дәуірді жаңаша да тамаша жырлап үлгерген оның есімі пролетар ақыны ретінде Москвада орыс тілінде жарық көрген «Әдебиет энциклопедиясына» енгізілген болатын. Қолына қалам алған бас аяғы бес жылдың ішінде осыншама дәрежеде танылу көп ақынның қолынан келе бермейді, әрине!

«Қызыл тумен біз жеңеміз,

Қызыл туда – Балға-Орақ!» - деп жар салған ол С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров тәрізді топжарғандарға үзеңгілесе отырып, «бесжылдықтың балғасын солқылдата соққан Т. Жароков, Ж. Сыздықов іспетті жаңашыл ақындармен бірге дәуір дидарын өршіл өлеңдерімен өрнектеді. «Тыңдайық жаңа дабылды жолдас Маяковскийден!» - деп үн қатқан С. Мұқановты қызу қостап, жаңа дәуірге лайық математикалық пафоска толы тың ырғақты патриоттық өлеңдер жазған ақындардың бірі де Ғ. Малдыбаев еді. Нәтижесінде оның бірқатар өлеңдері отызыншы жылдар поэзиясының озық үлгілеріне айналды.

Қандай қаламгер болмасын, ең бастысы – көп жазуда емес, дөп жазуда екендігі аксиома тәрізді дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат. Мамандық емес, тағдырға баланатын қаламгер қарекетінің осындай бір құбылысы «Қырым қызы» поэмасы қазақ совет поэзиясының алтын қорына қосылған Ғ. Малдыбаевтың творчествосына да тән. Өкінішке орай, бұл поэма ақын асуының алғашқысы да, ақырғысы да бола жазда-ды. Бірақ ақын рухы күшті ғой: ол көп жылдан бері төсектен тұрғызбауға тырысқан науқасына жеңдірмей келеді. Қырық жылдың ішінде қаншама өлең жазылды?! «Қошан карттың әңгімесі», «Сарыарқаға саяхат» сияқты ондаған дастандар дүниеге келді. Қажырлы қаламгер лирик қана емес, диапазоны кең эпик ақын екендігін де толық дәлелдеп берді.

Бүгінгідей ақынның мүшел тойы үстінде оның әдебиетшілердің бүкіл бір ұрпағы дерлік қаламгерлердің қалың легін тәрбиелегендігін айтпау мүмкін емес. Ол отызыншы жылдары Қызылжарда әдебиет үйірмесін құрып, оған кейіннен көрнекті қаламгерлер қатарына қосылған Ш. Құсайынов, Е. Ысмайлов, М. Дәулетбаев және басқаларды

тоғыстырды. Кейіннен Қызылордада – Е. Ысмайловтың, Баянауылда – Д. Әбіловтың, Оралда – Ғ. Слановтың, Ақмолада – С. Омаровтың әдебиетке келуіне себепкер болғандығы тағы белгілі. Ақылгөй ақынның игі ықпалы нәтижесінде ол көп жылдар бойы тұрған Ленин ауылынан (Сергеев ауданы) бірнеше ақын жазушылар мен журналистер шықты.

Журналистика демекші, Ғалекеңнің бұл саладағы еңбегі, тіпті. ерекше. Ол Қызылжардан – Қарағандыға, Қызылордадан – Оралға дейінгі бірнеше қалалардағы газет редакцияларындаеңбек етті. «Социалистік Қазақстан» газетініңоңтүстікоблыстардағытілшісіболды. Егдеқауымның есінде болуға тиісті, ол өзінің сүйікті әрі қадірменді газеті – «Ленин туында» редактордың орынбасары және бұрынғы Октябрь ауданындағы меншікті тілшісі болды.

«Ленин туы» газеті Ғалекеңе аса ыстық, әрі қымбат. Өйткені, оның 1926 жылы жазған алғашқы өлеңдері осы газеттің бетінде жарық көрген болатын. Содан бері жазылған мыңдаған өлеңдері, жүздеген очерктері, ондаған поэмалары мен пьесалары, бірнеше фельетоны мен көп мақалалары – бәрі-бәрі «Ленин туында» жарияланып келеді. Қарт ақынның жинақтарына енгізілмеген дастандары мен ертегілері де осы газет арқылы оқырмандарға кеңінен таныс.

Ғалекең әдебиет әлеміне қанат қаққан 1926 жылы Коммунистік партияның мүшесі болып қабылданған екен. Ал, 1934 жылы СССР Жазушылар одағының мүшесі болып қабылданыпты. Елу жылдан астам партиялық және жазушылық стажы бар коммунист ақын осынау зор сенімімен үлкен құрметті ақтады деп айтуға әбден болады. Біз қарт ақынның ғұмыры ұзақ болуына тілек қоса отырып, оның мына бір шумақ өлеңін қайталай бергіміз келеді:

«Келешекке қарадым зор сеніммен,
Бірге болдым қашанда мен еліммен,
Өз халқыма, өз еліме аянбай-
Қызмет қып, төктім маңдай терін мен»

МҮТӘЛЛАП ҚАНҒОЖИН.
ақын, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі

ДҮЛДҮЛ АҚЫН, АБЗАЛ АҒА

Қазақтың көрнекті ақыны
ҒАЛЫМ МАЛДЫБАЕВ туралы сөз

1920-30 жылдары революцияның ұранымен қолына қалам ұстаған жас ақын Ғалым Малдыбаев қазақ халқының бостандығын, теңдігін және сәулетті болашағын жырына арқау, тіліне тиек етті. Ғасырлар бойы күйзелген елінің, құрып бара жатқан халқының қасіретіне жас ақынның жүрегі сыздап, жаны ауырғаны анық. Сондықтан да, ол қазақтың өзге ақын-жазушылары сияқты, тіпті, күллі халқымыз іспетті жаңа өкіметті үлкен сеніммен, жүрегінде шаттықтың отын лаулата қарсы алып, оның әр қадамына жанының ыстық сезімін білдіріп отырды. Ғалым ағаның сол тұста жазған өлеңдерінің қайсысын алып оқысаңыз да, халқымызды елдікке, теңдікке және күреске шақырып отырған. Ақын «Балға-орақ» деген өлеңінде:

Алтын күннің нұрын берген,
Жер жүзіне Балға-Орақ.
Теңсіздерді шын теңгерген,
Балға-Орағым жалғыз-ақ.
Балға-Орағым балқытады,
Қатып қалған шеменді,
Көгендегі ағытады,

Көгендеулі көп ерді, - деп жаңа өкіметке үлкен үміт артып, халықты бақытты өмірге, теңдікке жеткізеді деген сенімді айқын, ашық көрсетеді. «Халқының азапты тіршілігін өз көзімен көріп, басынан өткеріп өскен жас ақынның өнеге алып, үйреніп, ұстаз тұтқаны кім?» деген сауал өзінен-өзі қойылары сөзсіз. Ол туралы Ғалым аға:

Менің қолыма қалам алғалы пір тұтқан ақындарым – Абай мен Мағжан. Мағжан Жұмабаевтың өлеңдері мен дастандары өзіне ғашық еткен, - дейтін.

Ал тікелей маған қол ұшын беріп, қомқор көңілде болған кәдімгі Бейімбет Майлин еді, - дейтін әңгімесін одан әрі жалғастырып. – Бейімбеттің шығармаларын мен 1924 жылдан бастап «Еңбекші қазақ», «Ауыл» газеттерінен оқып білгенмін.

Гүлденсе ауыл, гүлденеміз бәріміз,
Ақыл-дене, біз қозғалтар жанымыз.
Сен жыласаң, көзден жасым тамшылар,
Сен қуансаң қайғы-шерім ашылар,-

деген өлеңдерін сол кездің өзінде-ақ домбыраға қосып айтатын едім. Соның бәрі менің жанымды тербеп, қаламымды қайрай бастайтын еді. 1928 жылдан бастап мен Бейімбетпен қашан оны арамыздан сұм ажал жұлып әкеткенше жолдас болдым. Кейбір дастандарыма ол редактор болды. Иә, оның бәрін айта берсе ұзақ әңгіме, - дейтін асыл аға.

Ғалым ақынның кереметтігі – оның батыс пен шығыс әдебиетін және поэзиясын жете білетін ғұламалығы еді.Поэзияға көп білім керек, өлеңді құрастырғанмен, оқырманның көңілінен, көкейінен шығатын шығарма тумайды,- дейтін ол. Анау қара шал да (онысы Абай болу керек), Мағжан да жер көктегі білім-ғылымды тауысқан ақындар, - деп жымиып қоятын.

Қазақтың көрнекті ақыны Ғалым Малдыбаевтың есімін бүкіл республикаға мшһүр еткен-оның атақты «Қырым қызы» дастаны. Ақынның бұл шығармасы Мағжанның «Батыр Баяны», Сәкеннің «Көкшетауы», Сәбиттің «Сұлушашы» секілді поэмалардан кейін іле-шала жазылған ақындық жарыс нәтижесі іспетті болатын. Бұл аталмыш дастан – қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған біртуар туынды. «Қырым қызы» мазмұн-мәні, сюжет құрылымы, тіл көркемдігі, жалпы поэтикалық құндылығымен дараланады. Бұл шығармаға мұндай жоғары лепті бағаны жалғыз мен ғана беріп отырған жоқпын, менен бұрын да дүлдүл ақындар мен сарапшылар осы бағаға қол қойысқан. Менікі-сол ойларды бүгінгі ұрпаққа жеткізу.

Ғалым ағамен әр кездесу, сұхбаттасу үлкен бір оқиға, өмір

мектебі сияқты болатын. Қазақтың тарихы мен әдебиетінің небір беймәлім беттерін ашқандай болушы еді. Біз біле бермейтін жайлар мен сырлардың куәгері болған ақын, жазушы, журналист ағаның айтары көп-тін.

Сонау 1929-1930 жылдардағы колхоздастыру, қазақ халқының жартысына жуығы қолдан жасалған аштықта қырылған зұлмат заман, әйгілі 1937 жылдың адамзат баласы шошырлық оқиғасы оңаша отырғанда әңгімесінің арқауы болатын. Ондағысы сол қаратүнек жылдардың шындығын кейінгі ұрпақ білсін деген ниеттен туындаса керек. Қайран дүлдүл ақын, абзал ағам-ай! Үндеместің жалыны аспанға атып, партия жалын күдірейтіп тұрған кезінде Сіз маған тарихымыздың ақтаңдақтарынан іштей күйзеле отырып, толғана әңгімелеуші едіңіз. Сіз шығыс халқына есімі 16 жасында-ақ тамаша ақындығымен танымал болған жерлесіміз Мағжан туралы көп айтатын едіңіз-ау. Мағжан тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл түрік тілдес халықтардың жарқыраған жұлдызы дейтін едіңіз.

Татар әдебиетінің классигі Ғалымжан Ибрагимов өзінің «Қазақ қызы» романының эпиграфына 16 жасар балауса ақын Мағжанның өлеңін алуы жайдан-жай емес. Көреген жазушы жас қазақ ақынының келешекте қандай дәрежеде болатынын оның алғашқы жинағы аңғартып тұр ғой,-дейтін Ғалым аға. Мағжан поэзиясы жиырмасыншы ғасырдың басында өмірге келген қазақ ақындарының үйрену мектебі болды. Оның жан-жүрегінің нәзік те сезімтал қылдарын қозғайтын жырлары, азаттық пен бостандыққа шақыратын дастандары ғасырымыздың басында халықты Ресей империясына қарсы көтерген жоқ па?! Біздің ардагер Амангелді сарбаздарымен бірге Мағжан жырымен сусындап, «Кестелі орамалын» жүректерінде желбіреткен. Сондықтан, патша заманында да ақынның басқан ізін аңдып, оны үнемі қарауылға алып отырған Мағжаннан С. Сейфуллин де, С. Мұқанов та, І. Жансүгіров те, мына мен де дастан жазуды үйренгенбіз. Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасы қазақ әдебиетінде бұрын болмаған құбылыс еді. Қазақ ақындарының арасында «Батыр Баян» сияқты дастан жазу арқылы өнер жарыстыру, жыр жарыстыру дәстүрі қаулап кетті сол кезде.

Ғалым Малдыбаев ағамыздың қазақ әдебиетіне қосқан үлесі мен қазақ кеңес әдебиетінің іргетасын қаласудағы

рөлі жайлы күні бүгінге дейін ешбір сыншы тереңдей зерттеген жоқ. Бұл кісі тамаша ақындығымен қоса, қазақ кеңес әдебиетінің шаңырағын құрысқан қаламгер деп тануымыз керек.

1925 жылы Ғалым Малдыбаев Қызылжарда ашылған кеңес партия мектебінде оқып жүрген кезінде осы оқу орнында саяси сабақ беріп жүрген ұлы жазушы Сәбит Мұқановпен танысып, соңынан екеуі пікірлес жолдас, дос болып кетеді. Бұл туралы Сәбит Мұқанов былай жазады:

Ғалым Қызылжарда совпартта оқыған жылдары мен осы мектепте саяси сабақ жүргіздім. Сол кезде қаланың көркем әдебиетке ынталы жастары әдебиет үйірмесін құрды. Белсенді мүшелері: Мәжит Дәулетбаев, Ғалым Малдыбаев, Есмағанбет Ысмайлов, Абдолла Сәдуақасов, Зарап Темірбеков, Шахмет Құсайынов, тағы басқалар. Осы ұйым өсе келіп 1928 жылдан ҚАЗАПП-тың бөлімшесіне айналды да, «Жарыс» деген атпен әдеби альманах та шығарды. Ғалым осы ұйымның секретары болды »

КСРО Жазушылар одағының 1934 жылы ашылған бірінші съезіне қатысқан Ғалым Малдыбаев Одаққа мүшелікке өтеді. Әдебиеттің бүгіні мен болашағы жайында баяндама жасаған Максим Горький қазақ ақын-жазушыларының шығармаларына тоқталып баға бергенде Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Сәбит, Ғабиттермен бірге Ғалым Малдыбаевтың да есімін атаған. Үлкен мінберден ұлы жазушының ақын Ғалым Малдыбаев туралы айтқан жылы лебізі оны биіктерге меңзеп, қанаттандырғаны анық.

Сол сияқты Ғалым ағамыз қазақ кеңес баспасөзін де алғаш ұйымдастырушылардың қатарында болғаны шындық. Көрнекті жазушы Сейітжан Омаров Ғалым ағамызға арнаған хатында:

«...Менің сізге деген пәк махаббатым өле-өлгенше өшпейді, Ғалеке! Бұған кәміл сеніңіз. Сіз мені сонау бір жас шағымда, кем кезімде Тазтөбе даласынан тауып алып, ұядан ұшырып жіберген алғашқы шапағатшым емессіз бе?! Меніңше, Дихан да сіздің жақсылығыңызды ұмытпасқа тиіс».

«Мен бұрын сырттай білетін «Балға-Орақ», «Доңғалақ» атты өлең-жыр кітаптарының, әсіресе, «Қырым қызы» тәрізді поэманың авторы, талантты ақынның Орал, Көкшетау, Павлодар газеттерінің редакторы болып істеген тәжірибелі журналист Ғалымның басшы қызметке келгені жаңа шығатын

жас газетімізді құдайдың жарылқағаны деп қуандым. Менің алғашқы өлең-жырларымның ұстазы Ғалекең болатын. Иә, Ғалекеңнің шәкірт ақын-жазушылары бір мен емеспін. Жұмағали Саин, Есмағанбет Ысмайылов, Қалижан Бекқожин, Зейін Шашкин, Зейтін Ақышев, тағы-тағылар... бәріміз Ғалекеңнің ағалық жәрдемін көргенбіз», - деп жазды қазақтың белгілі ақыны , Ғалекеңнің алғашкы шәкірттерінің бірі- Дихан-баба Әбілев.

Міне, Ғалым Малдыбаев ағамызға берілген баға.

Ұлан- байтақ еліміздің батысында да, шығысында да, оңтүстігінде де, солтүстігінде де қазақ газеттерін шығаруға басшылық жасаған Ғалым Малдыбаев қазақ кеңес журналистикасының шаңырағын көтеріскен адам деп айта аламыз. Қысқасы, қазақ әдебиеті мен қазақ баспасөзіне ересен еңбегімен есімін алтын әріппен жазып қалдырған жерлесіміз, көрнекті ақын, журналист Ғалым Малдыбаев шығармашылық ғұмыры қазақ деген халық барда, егеменді еліміздің көк туы көкте желбіреп тұрғанда жасай береді.

Десек те, осы бір ардақты арысымыздың есімін ұлықтауда кейінгі ұрпақ, біздер, немқұрайдылыққа, жайбасарлыққа салынып жүргеніміз рас. Ақын, журналист ағамыздың 100 жылдық тойында да, одан кейінгі жылдарда да Ғалым Малдыбаевтың есімін Қызылжар тарихында мәңгі қалдыру үшін қаланың бір көшесін ақын атымен атау ұйғарылған. Тіпті қалалық ономастикалық комиссия мүшелері өздерінің кезекті бір отырысында Совет көшесін ақын-журналист Ғалым Малдыбаевтың есімімен атау керек деп нақты тұжырымға келген. Қалалық депутаттар да бұл ұсыныстқолдаған. Өкінішке қарай, сол шешім іске аспай, құр сөз күйінде қалғанға ұқсайды.



Бақыт МҰСТАФИН,
жазушы.

ТУҒАНЫНА 90 ЖЫЛ

Біз кеше ғана Жамбыл ауданындағы Жаңажол ауылында қазақ әдебиетінің жарық жұлдыздарының бірі, ұлы сөз зергері Ғабит Мүсіреповтің туғанына 90 жыл толуын ұлы думан, үлкен той етіп атап өттік. Енді міне екінші Жаңажол ауылында көрнекті қазақ ақыны, Ғалым Малдыбаевтың туғанына 90 жыл толуы мерейтойының салтанатына жиналып отырмыз. Ғабең қазақ әдебиетінің көшбастаушысы, көсемі болса, Ғалекең көрнектісі, көсіле сілтер қаламгері болып, олар өз есімдерін туған әдебиетіміздің тарихына алтын әріптермен жазды.

Ұлы Қазан төңкерісінен кейін қазақтың кең даласында ұлы өзгерістер толқыны өріс алып, жаңа өмірдің екпінді белгілері бой көрсеткені аян. Әдебиетте де, мәдениетте де жаңа қаламдар қаулап, жаңа үндер естіле бастады. Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Мыржақып Дулатов, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов сынды көркемсөз шеберлерінің есімдері халық ауызында аңыздай жатталып, олардың жаңа туындылары қараңғылықтан оянған халықтың жүрегінде ой тербеп, киял самғатып жатты.

Осынау талантты дүлдүлдердің дүбірі сайын даланың құшағын тулатып, туған халқының көкірегін оятып, жаңа өмірге, жақсылыққа, жақсы күнге шақырып атой салды. Осындай алыптардың ізін басып, олармен бірге халық мұңын, халық қуанышын, халық шаттығын жырлап, шабыт туын көтерген ақын-жазушылардың ең ортасында біздің жерлесіміз Ғалым Рахметұлы Малдыбаевтың болғанын бүгін біз орынды түрде мақтан етеміз.

Бүгінгі таңда казақ елі мүлде жаңа өмірді бастап отыр. Еліміз егеменді алып, өзінің бейбіт күнді көксеген көк туын

жоғары көтерді, бүкіл әлемге өзінің еркіндік аңсаған асқақ тұлғасын танытып жатыр. Міне осы тұста біз байлығымызды, барымызды алға тосып, ешкімнен кем емес, өнер-білімінен кенде емес бар болмыс-бітімімізді паш етуіміз заңды құбылыс. Біз халқымыздың бетке ұстары болған, өнерін өркендеткен, әдебиетін асқақ көтерген ұл-қыздарын бұл сәтте алдымен ауызға аламыз.

Бүгін мерейтойын атап отырған Ғалым Малдыбаев міне осындай халқы ардақтаған жұлдызды перзенттеріміздің бірі болды.

Ғалым Малдыбаев 1902 жылы 14 мамырда Ақмола облысының Көкшетау уезіне қарасты 1-ші ауылда кедейдің отбасында туды. Ол ауыл қазір біз ақын тойын өткізіп отырған осы Жаңажол ауылы. Болашақ ақынның балалық шағы жоқшылық пен таршылықтың бейнетін белшеден кешкен зарлы заман өтті. Ол буыны бекіп, бұғанасы қатпай жатып жалшылық қамытын киді, байлардың малын бағып, бақташының ақ таяғын ұстады.

Жасынан зерек, алғыр болып өскен ол ауыл арасында жүріп ауыз әдебиетінің асыл мұраларын жаттап өсті, қариялар айтқан қиссаларды, қилы-қилы хикаяларды ауыздан қағып алып қайталап, мүдірмей жырлайтын жүйрік майталман атанды. Небір асыл сөз маржандарын түйдек-түйдегімен термелеген жыршы бала келе-келе өзі де өлең отымен тұтанып, ақындық ақбозатының жалына жармасты. Ауыл арасында өлең шығарып, ақын бала атана бастады.

1920-шы жылы осы өңірге келген белгілі революционер-ақын Баймағанбет Істөлин жас Ғалымның таланты мен талабын бірден аңғарып, ілгері оқуға түсуіне көмектеседі. Баймағанбет сынды ақиық ақынның аруақты демеген бозбаланың жігерлі қайраты қанат қағып, үлкен өмір жолына нық қадам басқаны бірден танылды. Ғалым Малдыбаев ауыл мектебінде мұғалім, Төңкеріс облыстық комсомол комитетінің хатшысы болды, 1925-1927 жылдары ол Қызылжар қаласында партия-совет мектебін бітіргеннен кейін облыстық «Бостандық туы» газеті қазіргі «Ленин туы» газеті редакторының орынбасары болып тағайындалды.

Осы кезеңнен бастап Ғалым Малдыбаев республикада баспасөздің өркендеуіне белсене араласып, қайраткерлікпен кіріскенін аңғарамыз. Ол өзінің өмірін газет жұмысына арнап, күні-түні редакция үстелінде жазу-сызудан бас көтермей,

баспахана цехтарында көз ілмей, қайнаған қиын еңбекке жұмыла кірісті. Оның еңбек жолынан мынадай деректерді оқуға болады. Ғалым Малдыбаев 1928 жылы «Еңбекші қазақ» газетінің ауыл секторының меңгерушісі, 1929 жылы Ақмола уезінде «Жаңа арқа» газеті редакторының орынбасары, 1930 жылы Орал облысында «Қызыл Ту» газетінің редакторы, 1931 жылы Павлодар облысында «Колхоз» газетінің, 1932 жылы осы облыста Баянауыл ауданында «Ленин жолы» газетінің редакторы болды.

Мен бір кездескенде Ғалекеңнің жыл сайын осылай республиканың бір қиырынан бір қиырына ауыса берудің мәнісін сұрағанымда, ақын ағамыз күлімсіреп қоңыр үнмен: «Ауысуға құмар болғаным жоқ. Журналист кадрлар жоқ еді ол кезде. Мен тәжірибелі маман ретінде жаңа ашылған газетті шығаруды ұйымдастырып жолға қойған соң, басқа жерге жоғаргы жақтың нұсқауымен ауыса бердім», - деген еді.

Енді бүгін ойлап қарасақ Ғалым Малдыбаев республикамызда баспасөздің қалыптасып орнығуына елеулі үлес қосқан газетші қайраткер екен.

Кейінгі жылдарда Ғалекең облыстық «Ленин туы» газеті редакцияның бөлім меңгерушісі, республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша меншікті тілшісі, облыстық «Ленин туы» газетінің Октябрь ауданы бойынша меншікті тілшісі болып қызмет істеді.

Қызмет істей жүріп оқып, үйрену, талмай іздену Ғалым Малдыбаевтың сүйегіне сіңген әдеті болатын.Ол 1933-36 жылдары Мәскеуде мемлекеттік университеттің шығыстану факультетінде оқыды, ал 1939-42 жылдары Алматыда Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірді.

1945 жылы Ғалым Малдыбаев Октябрь ауданына қарасты Ленин ауылына орнығып, осында демалысқа шыққанға дейін кітапханашы болып істеді. Осы қызметтердің қайсысында болсын Ғалекең іскерлік, жауапкершілік, адалдық, принциптілік таныта білді, жаңа өмір үшін күресте алғы саптан көрінді.

Ғалым Малдыбаевтың ақындығы, шығармашылық жолы жөнінде сөз етер болсақ біз ауылдан шыққан жалшы баланың ауыз әдебиетінің асыл қазыналарынан сусындай жүріп поэзияның биік шыңына көтерілуде зор еңбеккорлық, талмас ізденімпаздық, терең білім, жалынды шабыт танытқанын

алдымен атар едік. «Менің қолыма қалам алғалы пір тұтқан ақыным Абай мен Мағжан. Әсіресе Мағжан Жұмабайұлының өлеңдері мен дастандары өзіне ғашық еткен. Ал тікелей маған қол ұшын берген кәдімгі Бейімбет Майлин», - деп жазды кейін Ғалекең.

Поэзияның қасиетті де киелі шаңырағына Баймағанбет Істөлин жетелеп әкеліп табалдырық аттаса, кейін Сәбит Мұқанов, Бейімбет Майлин қамқорлығына алып, әрдайым қолтығынан демеп отырды. «Алғашқы сүрлеуін Сәкен Сейфуллин Октябрь күндерінде салған қазақ совет әдебиетінің кадрлары тек советтік дәуірде ғана көбейді, солардың елеулілерінің бірі Ғалым Малдыбаев», - деп жазды Сәбит Мұқанов.

Ғалым Малдыбаев поэзиясының негізгі тақырыбы қазақ даласына бостандық таңын әкелген жаңа өмір өзгерістері, еркіндік, теңдік алған кедейлердің қуанышы, шаттығы, қазақ даласының жаңарған бейнесі болды.

Алтын күннің нұрын берген,
Жер жүзіне балға-орақ.
Теңсіздерді шын теңгерген,
Балға-орағым жалғыз-ақ.
Балға-орағым балқытады,
Қатып қалған шеменді.
Көгендегі ағытады,

Көгендеулі көп ерді,- деп ақынның асқақ даусы екпінді естіледі.

Ғалекеңнің алғашқы өлеңдер жинағы «Балға-Орақ» деген атпен 1930 жылы жарық көрді. Одан кейін «Доңғалақ», «Таңдамалылар», «Қырым қызы», «Желдірме». «Поэмалар мен өлеңдер», «Сарыарқа», «Таңдамалы шығармалар» деп аталатын жыр кітаптарын қалың оқырман қолына ұсынды. Бұл жыр жинақтары ақын Ғалым Малдыбаевтың қаламы қуатты, қиялы ұшқыр, шабыты арынды, ойлары тасқын, өлең жолдары-кестелі маржан екенін паш етіп, оқырман жүрегінен лайықты орын тапты.

Ғалым Малдыбаев поэзиясының биік шыңы «Қырым қызы» поэмасы екені айдан анық. Сонау 1933 жылы тұсауы кесілген бұл дастан бірден жұртшылық назарын аударып ақынның зор мүмкіндігін әйгілеп берді. Сәкен Сейфулиннің «Көкшетау», Сәбит Мұқановтың «Сұлушаш», Иса Байзақовтың «Құралай сұлу» сияқты атақты дастандарымен өкшелес дүниеге келген «Қырым қызы» поэмасы өзінің көркемдігі, жоғарғы сапасы

жағынан да осы асыл текті дүниеліктермен терезесі тең түсіп жатты.

Қырымға дүниеде жер жете ме,
Өзге тау көңілді ондай тербетеме,
Қырымның тауы, гүлі сыр шертпесе
Көзден жас, көкіректен шер кете ме, -

деп алғашқы шумақтарымен – ақ сиқырлы әлем дүниесіне жетелей жөнелетін бұл поэманың поэзиялық күші кімді болсын арбап алатыны сөзсіз. Сол жылдары «Қырым қызы» дастаны мектеп оқулықтарына кіргенін, оны біздің ағаларымыз бен апаларымыздың тұтас бір ұрпағы жаттап айтып жүргенін біз жақсы білеміз. Бұл поэманы Ғалекең өзінің алдындағы дүлдүл ақындарымен жарысып, бәсекеге түсіп, шабыт бәйгесінің жалауын көтеріп жалындап жазды. Қиыннан қиысқан ұйқастар, тіл үйіріп тамсантар көркем кестелер, айшықты теңеулер оқырманын әсте алдамай құпиялы сырларына жетелей береді.

Бұдан кейін ақын «Шахтер», «Қажымұқан», «Қошан қарттың әңгімесі», «Батыр туралы дастан», «Ақ келін», «Ана әңгімесі» атты поэмалар жазып, алдан тақырыпқа қалам тербеді. Бұл сүбелі туындылардың қайсысын болсын кезінде оқырман қауым жылы қабылдап тиісті бағасын берді.

Ғалым Малдыбаев поэзия алқабына ғана емес, әдебиеттің басқа жаңалықтарында да жемісті еңбек етті. Оның «Кекті шабуыл» атты повесі, әңгімелері жарық көрді. Сондай-ақ Қарағанды шахтерлері туралы романын еңсеріп жазып тастағанын бір кездескенде маған айтқан еді. Сонау 1927 жылы «Үй тұтқындары» атты пьеса да жазып жариялады. Қай жанрға қалам тартса да көркемдік, шеберлік оның ең бірінші серігі еді. Сондықтан да Ғалекеңнің шығармалары бірден жарық көріп, оқырман көңіліне ұялап жатты.

«Мен Ғалекеңмен бірсыпыра жылдар қызметтес, қаламдас болдым. Менің алғашқы өлең-жырларымның ұстазы Ғалекең. Ғалекеңнің шәкірт ақын жазушылары бір мен ғана емеспін. Жұмағали Сайн, Есмағанбет Ысмайлов, Абдолла Сәдуақасов, Қалижан Бекқожин, Зейін Шашкин, Зейтін Ақышев және тағы басқалар Ғалекеңнің ағалық жәрдемін көргенбіз», - деп жазды қазақтың көрнекті ақыны Дихан Әбілев. Міне осы пікірдің арғы астарына үңілсеңіз Ғалекеңнің ірі тұлғасын көзге елестетуге болады. Әлгі аталған ақын-жазушылар қазақ әдебиетінің дарынды таланттары. Біздің Ғалекең соларға

ұстаздық етіп, үлгі көрсеткен, жыр жазуды үйреткен, бала қырандарды шырқау биікке самғатып баулыған. Осының өзі де Ғалекеңнің әдебиеттегі орны үлкен екенін тағы бір дәлелдей түседі.

Поэзия көгінде кең құлаш сермеп, қаламды шарықтата ойнатуға денсаулығы мұрша бермеген Ғалекең өмірінің көп бөлігін ауылда өткізеді. Төсек үстінде отырғанда да қаламына тыным бермей ұдайы жазу үстінде болды. Ол ғажап еңбеккер, тынымсыз, ізденімпаз, жазудан жалықпайтын қаламгер еді. Ғалекең өмірінің көп жылдары біздің «Ленин туы» газетімен байланысты болды. Біздің редакцияда ол редактордың орынбасары, бөлім меңгерушісі, меншікті тілші болып қызмет істегенін жоғарыда айтып өттім. Ал, соңғы қырық жылдай ауыл тілшісі болып мақалалар, очерктер жазып тұрды. Әрине ақынның редакцияға жолдайтын ең сүбелі дүниелері поэзиялық туындылар-поэмалар, өлеңдер болды. Ақын өмірдің ен ортасында отырып, жүрек тербеген өзекті тақырыптарды жырына арқау етті. Ол қырмандарда диқандар ортасында, фермаларда малшылар арасында, мектептерде мұғалімдер мен оқушылар алдында өлеңдер оқып, әдебиет туралы сырлы әңгімелер шертті. Өмірінің соңғы күндеріне дейін Ғалекең әдебиетке ақниет, адал көңілмен жан сала қызмет етуден айныған жоқ. Ол ақындық қаламын әрқашан нық ұстап, тынысы таусылғанша өлең құдіретіне имандай беріліп, жыр жолдарын кестелеуден бір тынбады. Мұны да ақын ағамыздың азаматтық ерлігі деп білуіміз керек. Ол артына халқы қастерлеген қымбат мұра қалдырды. Бүгінгі ұрпақ Ғалым Малдыбаевтың тамаша туындыларын мерей етіп, қымбат қазынаға балары да анық.

«Өлді деуге бола ма ойлаңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» деп ұлы Абай айтқандай кейінгі ұрпаққа мирас етіп асыл мұра қалдырған ақын әрқашан біздің ортамызда бірге жүреді. Бүгін міне Жаңажол ауылының құшағында, көк Есілдің көк шалғын алқабында осыдан біраз жыл бұрын Ғалым Малдыбаев жыр тербеген мына қасиетті топырақта бүгін тағы да ақын дауысы асқақ естіліп тұр. Ақынның өзі өлсе де сөзі өлмейді деген өмір шындығы осы емес пе. Ғалекең өзінің мейлінше кішіпейіл, қарапайым, қоңыр үнді қалпымен күлімсіреп қана бүгін де ортамызда отырған сияқты.Ақын жырлары бүгін де талай ұрпақты тамсантып, талай көкіректі тербете бермек.

Құрмаш Баязиев,
Қазақстан Республикасы оқу ісінің үздігі,
жерлесі.

АЗАМАТ АҚЫН

Ғалым Малдыбаев туғанына 90 жыл толуына орай

Алдымыздағы жылы туғанына 90 жыл толғалы отырған жерлес ақынымыз Ғалым Малдыбаевтың өмірі мен творчествосына шолу жасауды өзіме парыз санадым.

Ғалым Малдыбаев Ұлы Қазан төңкерісіне дейін көшпелі, жартылай көшпелі өмір сүріп келген қазақ ауылының ортасынан шыққан адам.

В.И. Ленниннің қолма-қол басшылығымен республикалар қатарына қосылған қазақ даласынан, айналасы бес жылдың ішінде сауатын ашып, комсомолға мүше болып, одан партия қатарына қосылған батырақтардың бірі осы Ғалекең болатын. Оны лениндік партия трбиеледі, енді ол қалаға жармасты.

Адам баласының тарихында жаңа өмірге басқан алғашқы қадам өте қиын қадам, оның ішінде әдебиет үшін жол табу қиын. Алдында Абайдан басқа алар үлгісі жоқ, әдеби даярлығы, мектебі болмаған қазақ жастарына әрі қиын. рі жауапты кезеңді зор талапкерлікпен өткізген ақын-жазушылардың бірі де, біреғейі де осы Ғалекең. Ол қолына дөкір қаламды шала сауатты кезінде ұстады да. ақ жүрек, ақ ниетпен партияны, пролетариатты, Советтік ауылды, жалшы батырақтарды жырлаудан бастады.

Қазақстанда беті әлі ашылмай жатқан, жаңа әдебиетті бастаушы Сәбит Мұқановқа, Бейімбет Майлинге, Сәкен Сейфуллинге, Ілияс Жансүгіровке ере шыққан Ғалым Малдыбаев өзінің ақындық бар күшін советтік поэзиямызды нығайту, өсіру жолына арнады. Ленин айтқан «әдебиеттің партиялық болуы үшін» күресті. Сол кезеңде өріс алған

қазақ байларының қолжаулығы болған алашордашылармен айқасқа түсті. Заман бағыты солай еді. Ғалым Малдыбаевтың 70 жасқа толуына арнап «Қазақ әдебиеті» газетінің бетінде марқұм профессор Бейсенбай Кенжебаев былай деген еді:

«Малдыбаев баспасөзде, жазушы бола жүре, жастардың күшімен әр облыстарда, яғни Оралда «Жусан», Павлодарда «Қызыл баян», Петропавлда «Қарағанды қаламы» атты жинақтар шығарып, қазақтың белгілі ақын-жазушыларына әдебиетші, ғылым адамдарына Дикан Әбіловке, Сейтжан Омаровқа, Есмағанбет Ысмайловқа, Жұмағали Саинға тағы басқа көптеген адамдарға ағалық көмек қолғабыс жасады». әрине бұл шындық, бұған бізде қосыламыз.

Ғ. Малдыбаев жарты ғасырдан астам жазушылық, журналистік өмірінде, көбіне еңбек адамдарын-механизаторларды, малшыларды, диқаншыларды жырлағанын байқаймыз. Суреткерге тебіреніс салған қазақ даласындағы ірі оқиғаның бірі – тың көтеру еді. Бұл жөнінде «Алтын арқа» поэмасы оқырмандарды рухани, эстетикалық, интернационалдық тәрбиеге бөледі десек артық айтқан болмаспыз. Уақиға «Ақсуат» совхозында (Тимирязов ауданы) өтеді. Поэмада қазақтың орта мектебін бітірген Хорлан атты қыз тың игеруге көмекке барып, өзінің талабымен трактор жүргізуді меңгерді, тың көтерді. Кейінде өзімен бірге жүрген Иван атты комсомол жігітке тұрмысқа шығады. Орыс-қазақ деп бөлінушіліктің, діни көзқарастың тамырына балта шабады. Расында сол кезеңде қазақ қызының орыс жігітіменен некеге отыруы жөнінде бұл тұңғыш көркем де мазмұнды шығарма екендігін өзінің көзі тірі кезінде Ілияс Омаров газет бетінде бағалаған болатын.

Малдыбаевтың «Ленин туы» газетінде жарияланған «Сарыарқаға саяхат» атты соңғы поэмасы да кезінде оқырмандардан жақсы бағасын алды. Ақын мұнда патша заманында өнсіз қалашық Петропавл шахарының, оның құрлысшыларын суреттейді. Солтүстік, одан Орталық Қазақстанда (Қостанай, Павлодар, Қарағанды) аралап, еңбек ерлерімен, даланың шопандарымен кездесіп, сырласады. Отанымызға алтын беріп келе жатқан дикандарымызды бейнелейді. Солардың адамгершілігін , парасаттылығын образбен суреттейді.

Ғалекең тек жыр жазумен шектелген жоқ, ол тамаша фельетоншы да еді. Облысымыздың оқырмандары «Ленин

туы» газетінің бетінде жиі жарияланып тұрған Ғалекеңнің идеологиялық, тәрбиелік мәні зор фельетондарын есінде сақтап келеді. Ақын аудармашылықпен де шұғылданыпты, бірақ олар біздің қолымызға түскен жоқ.

Ғалекең драматургия саласына да қалам сілтеген. Оның «Қанды азап» (батырықтар өмірінен), «Тасыған теңіз» (соғыс кезіндегі халықтың көмегі.) пьесалары көптен мәлім. Ал, очеректері өз алдына бір төбе. Әрине, жарты ғасырдан астам баспасөзге, әдебиетке еңбек сіңірген қарт ақынның өмірі мен барлық шығармаларын бір мақалада түгелдеу мүмкін емес. Алайда ақынның әрбір кезеңдерде жазған шығармаларының басты-бастыларын атап өтуді мақсат еттік.

1920 жылдар кезеңі: Партиямыз бен үкіметіміздің социализм үшін күресті күшейткен жылдары. Социализмге қарсы тап дұшпандарына экономикалық және идеологиялық соққы берген кезең. Міне, осы жаңа күрес майданында Ғ.Малдыбаев большевиктік баспасөзде жұмыс істей жүріп, өзінің жырымен де күреске аттанғанын көреміз.

Мысалы: «Менің күнім» атты өлеңінде: Жұмысшы, сенсің күнім жарқыраған,

Таң маған болат – балғаң жалтылдаған.
Шаңырқап, таңдай қатып, шөлдесем де,
Еңбегің күміс бұлақ шөлім қанған. – дейді.

Бұл өлеңі ақынның социализм орнатуға тек жұмысшы табына сенгендігін сипаттайды.

Ақын- жазушы өмірдің айнасы іспеттес, ол қоғамның саяси-әлеуметтік өміріне белсене араласып, өзі байқаған құбылысқа жырымен баға береді. Маяковский айтқандай бізде көркем сөз адам күшін алға бастайтын қолбасшыға айналды. Социалистік реализм әдісінің әдебиеттегі аса бай да мазмұнды тәжірибесі бізге осыны сипаттатады. Оған мысал, ақынымыздың 1930 жылы басылып шыққан «Балға- Орақ», «Доңғалақ», «Соқ балғаны», «От арба» атты өлеңдері бар. Осылардың негізгі сюжеті пролетариаттың еңбек, күрес бейнесі.

Алтын күннің нұрын берген,
Жер жүзіне балға-орақ
Теңсіздерді шын теңгерген,

Балға-орағым жалғыз-ақ!-деп, пролетариаттың жер жүзі еңбекші табына көсемдігін жырлайды,оларға сенім білдіреді. Күрес бастауына шақырады.

Сол сияқты 1933 жылы басылып шыққан «Доңғалақ» атты жинағында, бірінші беттерінен бастап «Қазіргі Қарағанды», «№1 шахта», «Балхаш» деген өлеңдерін көреміз. Мұндада Қазақстанда жаңа типті жұмысшы табы туғанын олардың Отан үшін жер астында қарулы білекпен, адал жүрекпен көмір шығарғанын бейнелейді.

Кешегі қара түн басқан,
Ағылшын жемқор сұм басқан
Қарағанды босанды
Бүкір белі түзеліп,
Денесіне күш, нұр еніп,
Советтік көмір атанды!-дейді.

Жинақтағы «Комсомолдар маршы», «Жаңа ауыл», «Комсомол Отан қорғаны» атты өлеңдері де ұзақ жасайтын тарихи шығармалар.

Ақын Ғалым Рахметұлының құнды шығармаларының бірі- «Қырым қызы» поэмасы. Бұл шығарма өзінің мазмұны тереңділігімен, көркемдігімен ел көзіне ерте түсті. Қазақ-совет әдебиеті тарихынан орын алды.

Бұл сонау ерте замандағы Россия мен Түркия байларының арасындағы феодалдық тартыс, күресті суреттеген трагедиялы легенда. Қырымда жалшы болып жүрген Қазан татарының сұлу қызына Қырымның купеці мен Түркияның ханы таласады. Хан қызды ұрлап әкетеді, бірақ қыз туған жері Ресейге қашып келе жатқанда, ханның қарақшылары қуып келіп, Қара теңізде атып өлтіреді.

Ақынның «Қалдырған» атты жинағында «Қошан қарттың әңгімесі» атты поэмасы, «Ана әңгімесі» бар. Қошан қарт елін, жерін сүйеді. Сонымен бірге қазақ даласына қызығып, шабуыл жасаған қалмақтармен қазақтардың қалай соғысқанын әңгімелейді. Өз отанын, өз жерін қорғаған еңбекші қазақ халқының батырлығын суреттейді. «Ананың әңгімесінде» жазушының А.М. Горькийге еліктеушілігі байқалады. Көп жасаған ананың әңгімесі мынандай мазмұнда: Аю атты хан 60 әйелдің үстіне тағы бір жас қызды алғысы келген. Ол үшін хан жұмбақ айтқан, оны шеше алмаған адамның басын кесе берген. Поэманың негізгі идеясы жауыздықты әшкерелеу. Ханның жұмбағы «Дүниеде не тәтті, не қатты, не ауыр?» Бұл жұмбақты басқа адам шеше алмай, 18 жасар кедей қызы шешіп берген. Енді ханның осы қызға үйленгісі келеді, бірақ хан қанша әлектенсе де,ақылды қыз ханның дегеніне жеткіз-

бейді. Арманына жете алмаған хан қор болып, трагедиямен өлген. Ханнан қалың малға қырық үй кедей ауыл 40 есекке артқан алтын-күміс, азық-түлік, олжа алған. Сондықтан «Бір әйелдің ақылы қырық есекке жүк болған» деген қазақ мақалы осыдан қалған.

Қаламгердің көсеміміз В.И.Леннинің жүз жылдығына арнаған партиялық топтама жырлары да бар. «Күн көсем», «Ант», «Нұрлы дүние» т.б идеялы, көркем өлеңдерін оқырмандар қанағаттанғандық сезіммен қабылдады. Сондай-ақ Қазақстанның 50 жылдық мерекесіне арналған «Қажымұқан» поэмасы жарық көрді.

Ақын ұлы отан соғысы жылдарында тынымсыз еңбек етті, патриоттық рухта көптеген өлеңдер жазды. Халықты қажырлы еңбекке, фашизмді құртуға, Қызыл Армияға көмекке шақырды. Осы кездегі «28 батыр туралы» поэмасын ерекше атаған жөн.

Отан соғысы жылдары Ғалекең екінші бір қырынан көрінді. Партиямыздың басшылығымен ұйымдастырылған халық ақындары айтысында Малдыбаев бригадир болды. Ауылдарда, облыс орталығында, Алматыда өткізілген ақындар айтысында Ғалекең әрдайым ұйтқы болып отырды.

Сол жылдары жазылған «Ұмытпа мені, ғашық жар» атты өлеңі ел арасына тарап кетті. Мұнымен бірге «Батыр Мәншүк», «Бауыржан Момышұлы», «Атты солдат» өлеңдеріне сол кезде композиторлар Ахмет Жұбанов, Борис Ерзакович, Л.Хамидилер арнаулы ән шығарды, ол әндер эстрадада айтылып жүр.

Ақын Ғалым Малдыбаев өзінің денсаулығының нашарлығына қарамастан өмірінің соңғы кезеңіне дейін өмірімізде болып жатқан жаңалықтарға өзінің ақындық үнін қосып отырды.

Осындай артына өшпес із қылдырған, қызық пен қиыншылықты халқымен бірге көрген абзал азаматтың алдымызда 90 жылдығы жақындап келеді. Соған орай Ғалекеңнің барлық жинақтарын қайыра бастырып шығаратын және оның есімін мәңгілік қалдыру жөнінде көтерілген мәселені ақынның жерлестері, ауыл азаматтары, шаруашылық басшылары оң шешеді ғой деген сенімдемін.

Жарасбай Нұрқан,
Қазақстан жазушылар
одағының мүшесі, ақын

ШЫНАЙЫ ҚАЛАМГЕР ЕДІ . . .

Ғалым Малдыбаевтың туғанына 90 жыл толуына орай

Үлкеніміз бар, кішіміз бар, ол кісіні Ғалекең десек, ол құрметіміз түсінікті ғой. Сонымен бірге біз көбіне бұл кісінің аты-жөнін толық айтып, Ғалым Малдыбаев деп сөйлеуші едік. Бейнебір әдебиет сабағында Сәбит Мұқанов, Жақан Сыздықов, Тайыр Жароков дейтініміз тәрізді.

Ақын ағаұзақ жылдар елде тұрды. Солтүстік Қазақстанның бұрынғы Октябрь ауданындағы Ленин ауылын мекен етті. Көшедегі ойын балалары, сыртта жүрген жас келіншектер үйге жүгіре кіріп, «Ғалым Малдыбаев ағай келе жатыр» деп дауыстайтыны, үй-ішінің әбігерге түсетіні әлі есімде. Елдегі өзге белсенді, өзге үлкендерден гөрі бұл кісіге деген бейіл, құрмет бөлек сияқты көрінетін. Мұны кезінде аңғарғаныммен кейінде ғана байыптап түсінгендеймін.

Ғалекең туралы алғашқы «мағлұматты» шырқап салатын ән арқылы естіп едік. Біздің Көктерек ауылы жаңағы Ленин ауылынан жеті-сегіз шақырым жерде. Осында менің атаммен аталас Құлеке, Тілеке деген ағайынды екі кісі болды. Тілекенің бақсылығы бар еді. Ел кезіп, дамыл көрмей жүргенде жолықтырған біреудің қызын әй-түйге қаратпай ауылымызға алып келіп, үйленген екен. Сол жеңгеміз кереметтей әнші болып шығып, бүкіл ауыл оны «әнші келін» атаушы еді. Ұмыры қысқа болған сол маркұмның жүзі есімде жоқ. Өйткені ол жүзін төрдегі үлкендерден бұрып, үйдің бұрышына қарап отырып айтар еді әнін. Соғыстан кейінгі әндер қандай зарлы, әуен қандай асқақ! Әсіресе «Ей, Зәуреш, сенің үшін елден келдім» деп зарланғанда үлкен кісілер әнші келінге қосыла жылап қоя беретін. Аздан соң: «Енді, «сен Зуращы» айт» деген сергек дауыс естілер еді. «Е, сөйт шырағым» деп қолқалайтын бәрі. Сонда: «Ғалымның

қызыққаның бұжырына, ербиген, түйе таппай ұзынына сен, Зураш» дейтін қызық сөздер әсем ырғақпен шырқалатын. Отырғандар қозғалақтап, жадырай түсіп, жайраңдасып қалатын. Кейін білдім, оның көп себебі бар екен...

Атақты «Қырым қызы» поэмасын жазған ақын Ғалым Малдыбаевтың қырықтың қырқасына шыққан кезі. Ол Алматыдан Қызылжарға ауысып, одан кейін ауданға шығып, ел аралайды. Сонда Ленин орта мектебін жаңа ғана бітірген бойжеткенге көзі түседі. Ақыры Асылтайдың Ерғалиының ерке қызы атанған Зурашпен көңіл қосады.

Ешкімнің зорлауынсыз өздері қосылса да, Ғалекең мен Зураштың жас айырмашылығы ел ішінде қаңқу сөз туғызбай тұрмайды. Тап сол кезде осы жаққа Алматыдан бір тілші келеді. Ол Қабыл Боранбаев деген, борандатып жүретін ақын екен (Ғалекең өзі солай деуші еді). Ақын жігіт, әрине, Ғалым Малдыбаевты жақсы біледі. Келе сала сұрастырып, бірден іздеп барады ғой. Бұл – Ғалекеңнің облыстық «Ленин туы» газетінің аудандағы тілшісі болып қызмет істей бастаған уақыты. Екі тілші, екі ақын шұрқырасып, табысса керек еді. Бірақ олай болмайды. Жас отаудағы қонақасыға (турасын айтқанда, арақтың аздығына) жас ақынның көңілі толмай қалады. Мазасыз мейманға Ғалекең де ықылас бейіл бермесе керек. Осыған өкпелеген астаналық жігіт ауылдағы ақынды кекетіп, мұқатуды ойлайды. Оған әлгі ауыл ішіндегі қаңқу сөз жарай қалады. Сөйтіп, Қабыл марқұм Ғалым ағай мен Зураш тәтеміздің жас айырмашылығын әжуалап, өлең етеді. Және сол сықақ өленді кәдуілгі «Қарлығаш» әуеніне салып әндетіп, елге жайып, таратып кетеді.

Міне сол әжуа әнді жаңағы әнші келіншек керемет әдемі айтады екен-ау. Содан бірде Ғалым Малдыбаев өзі Көктерек аулына келіп, Тілекенің үйіне түсіп, шай ішіп отырып, осы әнді айтуды әнші келіннен әдейі өтінсе керек. Ғалекеңнің бетінде аздаған қорасан дағы бары рас еді. Бірақ сол үлкен кісінің алдында оның бетінің бұжырын айтып, әндетіп қоя беру оңай емес қой. Ғалекең сұңғақ бойлы, сидақ кісі еді. Соған енді «ербиген, түйе таппай» деп тап берудің ешбір қисыны жоқ қой. Сондықтан әнші келін әбден қымсынып, қиналса керек. Әйтсе де Ғалекең: «Мен ренжімеймін, өкпелемеймін, айта ғой, айналайын» деп, қолқалап қоймапты дейді. Содан әнші келіншек «Қарлығаш» әуенін қалықтатып, Ғалекеңе тиісетін сөздердің бәрін әнмен айтып, әлсін-әлсін «Сен Зураш» деп

қайталап, ұяттан өртене отырып, әжуа әнді тамылжытып тамаша орындаса керек. Осыған қатты сүйсінген ақын аға «Ой, бәрекелді. Әнші екенсің, шырағым. Айтуыңда мін жоқ. Бізден ұялып, тартынба. Айта біл, айта жүр» деген көрінеді. Көктерек ауылының үлкендері осыны аңыз қылып айтып отырар еді. Ақын Ғалым Малдыбаев туралы бала кезімде естіген алғашқы мағлұмат осы болатын.

Мұны еске алуымның да бірнеше себебі бар. Біз білетін Ғалекең өзінің тұрмыс салтында, дастарқан, дәм рәсімінде асып-тасып, шашылып-төгілмейтін, рәсуаға жол бермейтін жан еді. Өзгенің де шашылып, шабылуын қаламайтын. Солай болуы заңды ғой. Жасында талшылық, таршылық көріп өскен адам, кезінде заман тауқыметінің бәрін бастан өткерген жан, ойлы азамат жоқ жерден бекерге шығындалып, босқа рәсуа болмаса керек. Шын ықылас-бейіл, сый-құрмет бөтелке санымен есептелмейді..

Ақын Ғалым Малдыбаевтың, қарап отырсаңыз, оқымаған оқуы қалмаған екен. Ол Қызылжардағы партия кеңес мектебін, Алматыдағы Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін, Мәскеудегі Жазушылар Одағының Жоғарғы әдеби курсын тәмамдаған. Яғни, оның санасы оқумен ағарған. Ғалым Малдыбаев – білімді ақын, білікті қаламгер, шын мағынасындағы мәдениетті жан еді. Соның бір белгісі – жаңағы көрші ауылдағы әнші келінді ізденіп барып, өзінің намысына тиетін әжуа әнді шамданбай тыңдағаны. Әлдекімдерше ашуланбай, жас келінге сес көрсетпей, оның өнеріне ырза болып, ықылас көрсетуі Ғалекеңнің өзінің де үлкен өнер иесі екенін, үлкен мінезді адам екендігін айғақтайды.

Иә, ақын ағаның өзі де домбыра тартып, ән салушы еді. Және ел ішінде сирек айтылатын, тыңдаушыға тосын әндерді ойда жоқта қоңырлатып, ғажайып күйге бөлеуші еді. Біржан салдың «Теміртасын», Үкілі Ыбырайдың «Қара көзі» мен «Қалдырғанын» мен ең алғаш осы кісінің аузынан естіп едім. Ғалекең Үкілі Ыбырай атамыздың өзін көріп, сөзін естіп, шын қадір-қасиетін айқын сезіп қалған адам ғой. Ол кісіге деген ықыласы өте ерекше еді. Сондықтан да болар, Ғалекең өзінің 1967 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген жинағын «Қалдырған» деп атаған екен. Сол кітабының алғы бетіне:

Ағаңның әні осындай,
Кемпір-шалдың қосындай.

Өргіседі ертегі
Шал да қарап отырмай, -

деп, арнау сөз жазып беріп еді маған. Ақын ағаның сол қолтаңбасынан әлі күнге бір жылылық сезіледі. Оған да міне ширек ғасыр болып қалыпты.

«Қалдырған» деп атаған сол кітабын Ғалекең қалың елге, оқырман қауымға өсиет етіп арнап, аманат етіп қалдырған еді.

Аяулы елім маған қалам алдырған
Ұлым, қызым келешек жас балдырған.
Бәйтеректің басындағы ұядай –
Ескерткішім осы менің қалдырған, -

деп толғанып өтіп еді. Сол сөзі шын болып шығып отыр. Ақынның өмірге келуіне тоқсан жыл толуын елі болып атап, Есіл бойы болып еске түсіруде.

Үлкеніміз бар, кішіміз бар, ол кісіні Ғалекең десек, ол құрметіміз түсінікті. Бірақ кейінгі жас, бүгінгі ұрпақ айқын түсінуі үшін ол кісінің аты – жөнін ақын Ғалым Малдыбаев деп толық атап, шынайы қаламгерге лайық ізет көрсетеміз. Бейнебір әдебиет тарихын саралағанда Сәбит Мұқанов, Жақан Сыздықов, Тайыр Жароков дейтініміз тәрізді. Әр ақын, әрбір жазушы өз шығармашылығымен елге қымбат, оқырманға қызық.



Зейнолла Әкімжанов,
Қазақстан жазушылар
одағының мүшесі, ақын.

ӨЗ ДӘУІРІНІҢ ҮНІ

Ғалым Малдыбаевтың туғанына 90 жыл

«Мен де елімнің тынымсыз бір ұлымын,
Сол ел үшін бар тілегім, ұғымым.
Көркейе бер, гүлдене бер әрдайым,
О, қадірлі менің алтын тұғырым!

Аяулы елім маған қалам алдырған,
Ұлым, қызым, келешек жас балдырған.
Бәйтеректің басындағы ұядай,
Ескерткішім осы менің қалдырған!» -

деп ғауһардай мөлдір сезіммен сыр ақтарған ақын кім еді? Тұлпардың соңғы шабысындай, дарияның толқынды ағысындай тулаған жыр жолында қаншама тұнық сыр жатыр өзі. Ақынның бар болмысын бір-ақ шумағы танытатын айғақтар аз емес қой. Осы бір үзінді соған нақты дәлел емес пе. Иә, бұл жырдың иесі – нағыз ақын, шымыр шайыр ғасырдың басында дүниеге келіп, жыр шыңына шын қуатымен өрлеген өнерлі ақынның соңғы жинағының жырашар өлеңі «Ескерткіштен» алынған осы бір үзіндіні қай уақыттарда болмасын, кімге оқып, содан соң «Ия, қалай екен?» дерлік болсаң – «Бұл тамаша жыршыл, сыршыл ақын екен!» дері анық ақиқат. Ендеше, ол ақын – Ғалым Малдыбаев дейсің.

Соңғы жыр мен алғашқы қарлығаш арасы ақындық ғұмырдың жолы. Өйткені соңғы жырға дейін оның алдында үнемі басталуы да болады. Демек, біз ақын жырының басталуын, алғашқы тұма бұлағын іздейміз. Сол бастауды тапқан соң ақын жырларымен сапарлас боласың. Сонда осы жырлар оның өсу, өрлеу биігіне бастап апарары анық. Ал, Ғалым Малдыбаев шығармашылығының жолы – бүкіл қазақ әдебиетінің өсіп, өркендеуінің де жолы деуге болады. Ол дәлелдеуді қажет етсе, әдебиетіміздің алып та арыс тұлғасының бірі

Сәбеңнің мына бір лебізіне ден қоялық: «1922-1923-ші жылдардың деңгейінен бастап Шолпан Иманбаева, Жақан Сыздықов, Ғалым Малдыбаев, 24-25 жылдардың деңгейінен бастап Қалмақан Әбдікәдіров, Асқар Тоқмағанбетов, 26-27 жылдардың деңгейінен бастап Ғабит Мүсірепов, Тайыр Жароков, Әбділда Тәжібаев, 1930 жылдардың деңгейінен бастап Ғали Орманов, Жұмағали Саин, Қасым Аманжолов, Әбу Сәрсенбаев, тағы солардай шын мағынасындағы жазушылар шықты» деп жазады ол «Өсу жолдарымыз» деген әйгілі кітабында.

Әдебиетіміздің кәркесте де кесек тұлғасы Сәбең айтқандай шабыт құсын ұшырған алғы лектегі Ғалым Малдыбаев ұлттық әдебиетіміздің қазақ кеңес әдебиетінің тарихын бастаушылардың бірі екендігі тарихи шындық болып отыр. Өз жырларында дәуір ақиқатын көз алдыңа әкелетін, сол дәуірдің адамының тиянақты тұлғасын жырмен безендіріп беретін, образдарды, оқиғаларды кестелі тілмен кескіндейтін ақын поэзиясы қастерлі. Демек, біз Ғалым Малдыбаевты өз дәуірінің анық үні, сыры дей аламыз.

Жаңа әдебиеттің қалыптасу кезеңіндегі негізгі ұмтылыс, ой, идея, тақырып, мазмұн, кейіпкерлер қандай еді? Ол Ұлы Қазан төңкерісі, таптық күрес, оқу, сауат ашу, жаңа колхозды ауыл, оның адамдары сияқты тақырыптар еді ғой. Айталық, ақын алғашқы жыр жинағын «Балға - орақ» деп тегін атамаса керек. Балға мен орақ қанаусыз еңбек етушінің өз игілігіне алатын еркін еңбектің көрінісі, жұмысшы мен шаруа ынтымағының бейнелі белгісі. Ондағы өлеңдерде бүгінгі тұрмысқа қуаныш, қазақ даласына келген білім мен ғылым өзгерістеріне шаттану сезімі аңғарылады. Оның бұл өлеңдері жаңа тұрмыс пен жаңа адам жайлы шындықты суреттейтін замана барометрі. Ең бастысы сол – Ғалым Малдыбаев қай өлеңі, қай жинағы арқылы болмасын – өзі суреттеп отырған кезеңінің кесек, толымды суретін салып бере алады. Бұл ақынның аса зор жеңісі, оның шығармашылығының шымырлығы.

Ғалымның ақындық жолы – үнмі, тынбай ізденудің жолы. Ол өз мүмкіндігін сезеді. Бұл әдеби өрлеуге жетелейтін үлкен қасиет. Ақын «Балға - орақтан» соң «Доңғалақ» сияқты жинағын да шығарады. Онда ақын бұрынғы өлеңдеріндегі ойларды қайталайтын тұстары да бар. Алайда ол болмыс шындығын, өмір тынысын, өзгерістер мен жаңалықтарды айқын кестелейді.

Ақынның алдында ұстаздарының болуы да, өз тұстастарымен үзеңгілес өнерсайысына түсуі де оның шығармашылық күш-қуатын өрлетіп ж берді. Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетауы», Сәбит Мұқановтың«Сұлушашы», тұстастары Қ. Әбдікәдіровтың, Ж. Сыздықовтың поэма – дастандары Ғ. Малдыбаевтың үнемі алға жетелеумен болды. Өйткені, жасыратын несі бар, өнер дүниесі – бәсекенің дүниесі. Ал, бәсеке болғанда адал, өнерді шын мәнінде өрлететін, пәк жүректен өлең өретін жарыс болса қандай игі.

Ғалекең осы соңғы жолмен жүріп өткен ақын.

Ғалекеңнің өнер мен өлең әлеміндегі осындай ұмтылысы оны үлкен, кесек дүниелер тудыруға дейін шыңдап, өсірді. Оның өз шығармашылығының бір асқары (жалпы қазақ поэзиясында ауыздан-ауызға алынып, мақтауға ие болған) «Қырым қызы» поэмасына ол осындай даярлықпен келген. Бұл поэманың өміршеңдігі сондай жыр сүлейлерінің, оқырмандардың қандай бір ұрпағының қолына түспесін, әр кезеңде де өз күш-қуатын, құнын жоймай, әсем суретімен, оқиғалардың өрбуімен, тапқыр өрімделуімен , композициялық, сюжеттік құрылымымен көңілде жаттала беретіндігінде. Поэма Қырымда болған оқиғаны – кедей қызының бас бостандығы үшін күресін негіздей отырып, қазақ даласындағы нақ осындай болмыстан санаған сәуле тастайды.

Қырымның сұлу қызы Арзыны сүйген Мұстафа ердің тағдыры, оның ұлы Мүбәрәктің бөбек шағында әке жауының қолынан қаза болуы – бәрі де ақиқат. Арзы да сол арам қолдан ажал табады. Жауыз Әли мерт еткен ана мен бала өлімі қандай аянышты. Осы арада Ғалымның өзіне дейінгі қазақ поэзиясын жетік білгендігін әбден аңғаруға болады. Өйткені сол кездегі қазақ ақындарының бәрі де сол поэзиямен шыныққан, халық ақын – жыршылығынан нәр алып өскен. Сондықтанда Ғалым поэтикасында осындай эпикалық сарындағы, мол тыныстық, неше түрлі оқиғалық, сюжеттік құбылыстарға құрылған кесек туындыларға жүйріктіктің бедері айқын.

Ақын оқиғаны суреттегенде тамаша алғырлығын алдыңа тартады. Мысалы, Арзының опат болуын суреттеген тұсын қараңыз:

Су бетін алып кетті қанды көбік.
Оққа ұшып екі балғын қалды сөніп.
Күрсініп кок толқындар тулап жатты,
Арзының жібек шашын кезек өріп.

Жазықсыз екі жұлдыз суға батты,
Жас бөбек су астында иек қақты.
Күңіренткп Қырым қызы қайғы зарын,
Тау, тас, шың, аң менен құс – шулап жатты.

Ғалым Малдыбаевтың бүкіл өмірі творчествоға адалдықтың, үлкен адамгершілік пен парасаттың өнегесі іспетті. Ол өз ғұмырында ізденуден, оқудан, үйренуден талмаған, қиыншылықтардан тартынбаған. Облыстық «Ленин туы» газетінде қызмет істеген Ақмолада, Оралда, Павлодарда, Баянауылда, Балқашта журналистік қызмет атқарған. Соғыс жылдары Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. Өзінің көптеген өлеңжырларының кейіпкерлерімен дәмдес болып, қатар өмір кеше жүріп еңбекке араласқан, ұстаздық еткен. Ол денсаулығы кеміп, сырқатқа шалдыққанда да жыр жолынан ат басын кейін бұрмаған. Аталған «Қырым қызынан» басқа «Шахтер», «Қажымұқан», «Қошан карттың әңгімесі», «Батыр туралы дастан», «Ақ келін», «Ана әңгімесі» сияқты поэмалар мен кесек те көркем жырлары – оның науқасқа бой ұсынбаған науан дарынының дәлелі.

Ақынның «Қалдырған», «Желдірме», «Сарыарқа» жинақтарындағы, 1979 жылы шыққан таңдамалысындағы өлеңдері шығармашылық дарынын даралай айғақтайды. Ол өлеңдерде, дастандарда өмірдің тынысы, сарыны мен сыры жүрегіне ұялайды.

Қай бір өнер иесі, шығарма адамы болмасын, өзі біреуден өнеге дарытады, өзгеге ғибрат береді. Ғалым Малдыбаев осының екеуі де молынан болғанына көзіміз анық жетеді. Манағы айтып кеткеніміздей, оның эпикалық туындыларына Сәбең әсері бары ақиқат. Сәбеңмен, Ғабеңмен жерлес, өнер мен өлеңде сапарлас. Олардың арасындағы достық та сол себепті елге аян. Екі жас үлкендігі бар, Сәбең сол үшін де Ғалекеңе әдеби ұстаз, жанашыр дос, жақсы аға. «Алғашқы сүрлеуін Сәкен Сейфуллин Октябрь күндерінде салған қазақ совет әдебиетінің кадрлары тек советтік дәуірде ғана көбейді, солардың елеулілерінің бірі Ғалым Малдыбаев.

Сол кездегі өзге қаламдастары сияқты Ғалым да тек қана ақын емес, ол қоғам қайраткері де.

Қайраткер дейтініміз – орыстың өткен ғасырдағы данышпан ақыны Некрасов айтқандай, Ғалым советтік социалистік дуірдің әдебиеттік істерінен басқа да толып жатқан жүйелеріне атсалысты. Мысалы, ол жиырмасыншы жылдар ішінде Ақмолада шыққан «Жаңа арна», Оралда шыққан «Қызыл ту», Павлодарда шыққан «Колхоз», Баянда шыққан «Ленин жолы», Балқаштан шыққан «Балқаш жұмысшысы» газеттерінің бірінен соң бірінде үздіксіз редактор болып қызмет атқарды....

Сәкен бастаған қазақтың советтік әдебиетін қазіргі күнде салтанатты кең сарайға мезгесек, оның бойында Ғалымның қолымен қаланған кірпіштер аз емес. Міне бұл Ғалым Малдыбаевқа өмірдегі де, өлеңдегі де ағасының берген адал да әділ бағасы болмақ.

Ғалекеңнің өзі де Сәбеңе інілік ізетпен, достық, қаламдастық пейілмен бауыр басқан. Оған ақынның өз шығармашылығында айғақтар аз емес. Мәселен, «Сарыарқа» жинағындағы «Қайран бауыр» деген өлеңі мұңға толы ардағын, аяулысын абайсызда жоғалтқан ақын мұңы, қапыда қалған, ағадан айырылған адамның зары.

Сәбит аға, қайда кеттің жан аға,
Барып қана келесің бе далаңа?
Әлде ардақтым, аттандың ба уақытша,
Өзің туған, өзің өскен қалаңа?

Өлген жоқсың, сен өлмейсің, тірісің,
Аяқ басқан жақсылардың бірісің.
Өлді деуге сендей жанды бола ма,
Ел ішінде таудай, таудай ұлы ісің!

Ғалым Малдыбаев ағаларына – тұстастарына ғана сыйлы болып қоймаған, ініге де ілтипат көрсете білген адам екеніне ол жайында жасы кішілердің, өкшесін басып жүрген өнер иелерінің лебіздерінен көзіміз жетеді. Сондай інілерінің бірі Дикан Әбілев, қазіргі қазақ әдебиетінің ақсақалының бірі былай деп жазады:

«1931 жылы біздің Баянауылда тұңғыш рет аудандық газет шығатын болды... Газетіміздің редакторы – Ғалым Малдыба-

ев. Бұған дейін облыстық, аудандық газеттерде редактор болып істеген тәжірибелі, коммунист, белгілі ақын, «Доңғалақ», «Балға-орақ» жинақтарының «Қырым қызы» поэмасының авторы. Шығармаларын талай оқығам. Міне осы Ғалым Малдыбаевтың редактор болып келуі мені қатты қуантты.

1927 жылдан бастап менің де өлеңдерім республикалық, облыстық газеттерде басыла бастаған. Ғалым екеуміз бірден үйлесе кеттік. Қызмет дәрежесінің айырмасына да, жасымыздың үлкен-кішілігіне де қарамадық. Құрбы адамдарша сырлас, пікірлес болдық». Міне, оның «Ой толғауы» атты естеліктер кітабында Ғалымның ақындығы мен адамгершілігі жөнінде осындай шынайы інілік ізет көзге түседі.

Ал, осы Дикан ағамыздың мына бір пікірінде ақын екінші бір қырынан танылады:

« .... Ғалекеңнің шәкірт ақын жазушылары бір мен ғана емеспін. Жұмағали Саин, Есмағанбет Ысмайлов, Абдолла Сәдуақасов, Қалижан Бекхожин, Зейін Шашкин, Зейтін Ақышев, тағы-тағылар... бәріміз – Ғалекеңнің ағалық жәрдемін көргенбіз.

Ғалекең өлең жолдарын ұйқастыруды ғана білетін, қарадүрсін ақын емес, білімді қарулы ақын.

Жаны таза, жақсылыққа жомарт, жарқын мінезді аға, ақын Ғалекеңнің парасатты өлең-жырлары мен қызықты дастандарының жинағын жұртшылық жылы қабылдайды ғой деп ойлаймын»- дейді ол Ғалым Малдыбаевтың 1979 жылы жарық көрген таңдамалы жыр жинағына жазған алғы сөзінде.

Ғалым Малдыбаев өзінің шығармашылық күш-қуатымен, заман үнімен үндестігімен, жыр жемісімен қазақ әдебиетінің тарихынан орын алған ақын. Оның өмірі мен шығармашылығы бірқатар әдеби зерттеу еңбектерге арқау болған. Сол еңбектерде ол жайында жылы лебіз білдіргендер қатарында М. Қаратаев, Т. Кәкішев, М. Дүйсенов, М. Сергалиев сияқты ғалымдар бар.

УӘЛИХАН ҚУАНЫШҰЛЫ,
еңбек ардагері, қарт қаламгер.

ҚОЛТАҢБА

Ғалым Малдыбаевтың туғанына 90 жыл

«Құрметті Уәлихан! Өмірден ескерткіш. Автор. Ғалым Малдыбаев, апрель, 1973 ж». Қарт ақын Ғалым Малдыбаевтың бұл кітабына екі поэма және бірсыпыра өлеңдер енген. Автор өз шығармаларында әділеттікті, ерлікті, адамгершілікті жырлайды. Ана мен баланың мейірімділік қасиеттерін паш етеді. Туған ел, туған жер туралы толғанады. Кітап «Қалдырған» деп аталады. «Жазушы» баспасынан 1967 жылы шыққан.

Мен Ғалекеңді сонау соғыс жылдарында естіп-білгенім барда, көргенім жоқ еді. Сол кісі мен жүздесіп, кездесуді қалайтын да едім, соның сәті 1973 жылдың басында Сергеев аудындық мамандандырылған шаруашылық бірлестігінде директор болып барғанымда түсті.

Ол кезде Ғалекең көп жүрістен қалған кезі болатын. Тұрағы Ыбыраев атындағы мамандандырылған шаруашылық бірлестігінің орталығы еді. Мен әдейі іздеп барғанымда Ғалекең өзі салдырған мекен-жәйі Ленин ауылының Көктерек бөлімшесіне қарай шығатын орталық көшесінің шетінде тұрады екен. Қарағайдан қиылған төрт бөлмелі үй сырт қарағанда, сол кезде салынғалы біраз жыл болса да көз тартарлықтай.Ғалекең барғанына қарай үйде болып шықты. Амандық-саулықтан кейін:

- Төрге шық балам. Мен қазір бұрынғыдай емес, жүріп-тұрудан қалып барам, денсаулық жеңгеңнің жанынан алысқа жібермей тұр. Әдейі іздеп келген қонақ болсаң, жеңгеңнің асы пісіп, шай қайнағанша әңгімелесе отырайық. Қай елдің баласы боласың, шырағым. Қайдан, қалай жүрсің, аты-жөніңді айта отыр, - деді.

Мен жақын арада көрші Сергеев аудандық мамандандырылған шаруашылығына директор болып

келгенімді, өзімнің «Уақ» жұртынан, руым «Шоға», Сарыбатырдың ұрпағы екенімді айта келіп, қазіргі елім Жамбыл ауданына қарасты Киров ауылы, сол елдегі Қуаныш деген кісінің ұлы Уәлихан боламын деп қысқаша таныстырдым.

- Балам, бөтен болмадық. Керей, Уақ бір атаның баласы ғой. Келіп жатқан жерің менің елім. Келген жерің құтты, қайырлы болсын, жұмысың абыройлы, жемісті болсын. Мен әділетсіздікті құлқым сүймейтін жанмын, сол үшін талай бастықты кешегі колхоз заманында біздей түйреп, шенеген ағаң едім, «Әділ биде туыс жоқ» - дейді ғой біздің қазақ. Әділетсізге туыс болған жан емеспін. Туыс болғанда өз туысым арасында да өсіп, өнген жан емеспін. Елім Жаңажол болса да ел арасында өсіп-өнуге маған құдай жазбаған. Мен нағашы тәрбиесінде өскен жанмын, - деген еді.

- Туыс қартайғанда керек қой, елге баратын ойыңыз болса, мен көмектесейін, - дедім.

- Балам-ай, бәрі дұрыс қой, енді менің ел ішінде мал ұстап, отын әкелуге шамам жоқ. Балалар болса оқуда, оқуын жалғастыра берсе екен деймін. Сол үшін аудан орталығына көшіп, суы, жылуы ішінде бір үйге барғым келеді. Ауыл алыс емес, ағайынмен алыстан сыйласқанға не жетсін қазіргі заманда. Оның үстіне туыстан шет жүріп өстім емес пе? Көңіліңе рахмет. Қайда жүрсең де аман бол.

Ғалекең сол ойына жетті де, Сергеевкадан аудан басшылары оның көңілі қалаған үйін берді. Сол үйде Зураш жеңгеміз қазір де тұрып жатыр. Ғалекең алысты болжайтын дарынды адам еді ғой. Ойында алғы күн болды ма, болмады ма, кім білсін. Сол үй тұрған «Тополиная» көшесі ағамыздың торқалы асы қарсаңында «Ғалым Малдыбаев көшесі» аталатын болды. Өткен қала тұрғындарының жиналысында жерлестері бұл ұсыныстыбірауыздан қабылдады. Қазақ ағайындар қуанысып қалдық. Ғалекеңнің аты мәңгілік жасай берсін дегім келеді.

Ғалекеңнің маған кітабын беріп, қолтаңбасын қалдыруында да бір сыр бар еді. Алғаш рет жүздесіп, танысқаннан кейін, Ғалекеңді үйге шақырып, қонақ еттім. Сол жолы біраз әңгімелескен едік. Ғалекең үйге келіп жайғасқаннан кейін, көңілді күйде:

- Балам, сенде бір ауызы ашылмай жатқан сыр сандық бар ма деген ойға келдім, өзіңді көргеннен бері сол ой мені тыныштыпай қойғаны. Сары батырдың ұрпағымын дедің емес

пе? Сонда сен Сарының қай баласынан өрбідің? Соны білсең айтшы, - деді.

- Ғалеке, ол ұзақ әңгіме. Ұзартып айтайын ба, әлде қысқартып айтайын ба?

- Білсең ұзағы дұрыс болар. Күн бүгін демалыс емес пе?

Мен әңгімемді бастап кеттім. Ғалекең маған таң-тамаша қарап қапты, кірпігін де қимылдатпайтын секілді. Біраздан кейін бір қозғалып:

- Япыр-мау, менің ертегім шын болды ғой. Бұған дейін сенімен қалай кездеспегенмін, қалам тартуды қойып жүрген кезімде кезіктің-ау балам, сөзіңді жалғастыра бер, шындықты естіп-біліп кеткеніме тәуба деймін құдайға, - деді.

Сондағы қысқаша шындықтың сыры мынау еді. Бір кезде Мағжан ағамыз «Батыр Баянды» бір түнде Орынбор қаласында жазған ғой. Сонда Сәкен Сейфуллин Мағжанға: «Сен жай ақын емессің, «төкпе ақынсың» деген екен. Халық сүйіп оқыған «Батыр Баян» поэмасынан жазушы Смағұл Елубаев сценарий жазған да, Сламбек Тәуекелов сол сценарий бойынша кино түсіріп жатқан көрінеді. Алматыда Сламбекпен кездесіп, сөйлескенімде ол қаржының аздығы іске қолбайлау жасап тұрғандығын, әйтсе де еңбектеніп жатқандықтарын, қаржы болса киноны тез аяқтап шығатындарын айтқан еді. Аяулы ағамыз жазған «Батыр Баян» поэмасы Мағжанмен бірге үні өшкендей, бәрінен де екі ғашық Ноян мен Құралайдың жазығы не деген ойға келген Ғалым ағамыз «Қошан қарттың ертегісі» деп, басты кейіпкерлердің атын өзгертіп, «Батыр Баянның» екінші вариантын жазған. Сол поэманы маған қолтаңба жазып берген-ді. Менің әңгімем осы екі поэманың шындығы жайында еді. «Уақ» шежіресінде Батыр Баянмен Сары Батыр бес атадан қосылады. Сары жас жағынан Баяннан көп үлкен. Ауылы аралас, қойы қоралас бір ауылда өсіп, талай қанды жорықтарда жұптары айырылмаған батырлар. Соңғы жаугершілік кездерінде Қостанай облысындағы Обаған өзені мен Қойбағар, Тімтуір деген көлдерді мекен еткен. Сол жерді әлі күнге дейін уақтар мекендейді. Мағжан да өз поэмасында екеуінің туыстығын ажыратпайды. Мысалы:

Арқада бір өзенді дер Обаған,
Сол жерде азғана Уақ қоныс қылған.
Ертеде азғана, өжет сол Уақтың
Ер Көкше, Ер Қосайдай ері болған.

Сол ері. ерте күнніц Ер Көкшенің
Нәсілінен қайтпас алмас Баян туған
Баянның ер ағасы батыр Сары,
Қос қыран тізе қосып жауын қуған.

Басқа жыраулар да екеуінің атын қатар атайды. Баян жаста болса ақылды, айлалы, сонымен қатар ту ұстаған батыр болған. Сары болса айласыз, қара күшке сенген сүзеген батыр болса керек. Айласыз жаудың ортасына кіріп кетіп оңды, солды жауды жотай береді екен. Көбіне-көп Баян ағасының шылбырынан ұстап, жау шетінен енгізетін болған. Ол туралы ел аузында аңыздар бар. 80 жасқа келгенше жауға шабудан қалмаған батыр.

Екі поэмада да өлді деген Ноян Сарының ең кенже баласы. Менің әңгімемдегі шындық сол, Ноянды Баян өлтірмеген. Ноянды өлтірмей Жағалбайлыдағы нағашысына жібереді. Елге өлтірдім деп киімін қанға бояп әкеліп сендірсе керек. Бұл арада екі ақынды да өз поэмаларында Ноянды өлтіргені үшін кінәлауға болмайды.

Енді шындыққа келсек, қысқаша айтқанда Құралайдың шешесі бір жаугершілікте қалмақтың қолына түскен қазақтың қызы. Қазақ-қалмақтың бір соғысында, Құралайдың шешесі бір ретін тауып Құралайды қазақ жағына шығарып жібереді. қызының қалмақ жігітіне барғанын қаламайды.

«Қалмаққа менің қор болғаным да жетер, енді сен теңіңді тап», - деп қызын көндірген екен ел-жұртына адал ару-ана.

Құралай сол кезде 14 жаста ғана болса да өзінің ақылды, дарындылығымен қалмақтардың көзіне түспей, қазақ қолына аман-есен өтіп, Баянның қол астына келіп жеткен екен. Он екіде бір гүлі ашылмаған сұлу қызға кім қызықпайды дейсіз. Сөйтіп, Баянның Құралайға көңілі кеткені рас болса керек. Бірақ Құралай Баянға шығуға үзілді-кесілді қарсылық білдіріп, Баяннан құтылудың жолын іздейді. Баянның ол кезде егде тартып қалған кезі болса керек. Сонда біреу Құралайға:- Баянның ағасы Сарыда жеті ұл бар, бір қызы жоқ. Сен шалға бала қылып ал деп өтінсең, ол кісі қарсы бола қоймас. Егер ол шал «жә» десе, Баяннан оңай құтыларың сөзсіз. Сөйтіп, Баянның ерке бұлаң қарындасы боласың да қоясың. Сүйгеніңді сонда ғана табасың, - деп ақыл берген.

Айтқанындай, қыз тілегін Сары батыр қабыл алып, елге аман-сау жеткеннен кейін, киімшең қызына той жасаған. Сол кезде кенжесі Ноян 12 жасар, өте ерке боп өскен бала екен. Сарының үлкен ұлы Сексенбай, оның ұрпағы қазіргі

облыстық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы Қосыл Омаров. Ең кіші ұлы Қыстаубай (Ноян). Сол Ноянның мен алтыншы ұрпағымын.

Ноянның нағашысына барған жері Орынбор облысындағы Орск қаласынан онша алыс болмаса керек. Ол Жайық өзенінің Қызылжар деген жері. Нояннан Боздақ деген ұл туады. Ол кісі сол жерде дүние салған. Оның ұрпақтары 7 шаңырақ болып 1888 жылы елге оралған. Мен бұл әңгімені ұлы шешем (әжем) Айкүннен естіген едім. Ол кісі аты-шулы Беркінбай қажының қызынан туған. Беркінбай қажының мешіті Орск қаласында. Ор өзенінің бойында сол қалпында, бір кірпіші де сынбаған күйінде тұр.Беркінбайұлы Дедінсәлі Орск қаласының ұлы князі болған адам. Ол 4 әйел алған, соның бірімен бір тамның ішінде жерленіпті. Екі қабат етіп салынған қызыл үйінің төбесі күйіп кеткен екен, мен барғанда қалпына келтірілмеген еді.

Әжемнің өз әкесі Баймағанбет екі әйел алған. Жағалбайдың ішінде Айшерлі Жақияның баласы. Сол жердегі Қосестек өзені бойында Ленин колхозы бар. Ол бұрын аудан орталығы болған көрінеді. Сол өзеннің 100-ден аса шақырым бойын Айшерлі Жақия иеленген екен. Сол колхоздағылар өздерін Жағалбайлы Айшерлі Жақиямыз дейді.

Менің әжем 1940 жылы 77 жасында қазіргі Жамбыл ауданына қарасты Киров ауылында дүние салды. Құралай мен Ноянды әжем көрген жоқ, бірақ та олардың баласы Боздақты көрген. Көзі тірісінде балаларына елді табыңдар деп өсиет айтқан да сол кісі екен.

Әжемнің айтуымен 1985 жылы нағашыларымызды іздеп таптым. Сол жолы Ноянның барған жерін іздемеп едім. Өкініштісі болса да оны іздеу ойым да бар. Ноян Әбілқайырдың белгілі батыры болған. Жоңғарлар мен бір соғыс кезінде 80-дегі әкесі Сарыны қалмақтың жеті батыры қоршап, жеті жерден найза түйреп тұрған жерінен арашалап алған екен. Сонда әкесі баласын танып қалып:- Сен арам сідік тірі ме едің, Баянай, өлтірмесіңді біліп едім, өлтірмеген екенсің ғой,- дейді. Сол жолы найзаға салып елге жеткізген Сарының обасы қазір Булаев ауданына қарасты «Калинин» совхозының жерінде.

Енді оқушы қауымға Баянның Ноянды неге өлтірмекші болып қуғанын түсіндіре кетейін. Жоғарыда Баянның Құралайда көңілі болғандығын айтқан едім, бірақ қыз оған қарсылық білдірген. Сол кезде ағасы Сары батыр, маған бала

болсын деп Құралайға бостандық эперген. Енді сол киімшең қызын өзінің кенже, тентек ұлы Ноян қалмақ жеріне алып қашқан.

Баласының әдепсіздігіне ашуланған Сары батыр өзі қуған да, Баян ере шыққан ағасына.Бірақ әкесінің қуатынын білген Ноян мен Құралай әкесінің тұлпарына мініп қашқан. Сары өте ірі адам болса керек. Оны алыс жолға «Көктұйғын» деген тұлпары ғана алып жүре алады екен. Сарының мініп шыққан торбестісі ұшқыр болғанымен, орта жолда болдырып қалады. Енді өзі қуып жете алмайтын болған соң ол өлтірмей кейін қайтпа деп Баянға бұйырған.

Баян қашқындарды қуып жетеді, сонда оны інісі Ноян бір оғын тістеп, бір оғын садаққа салып, кезеп қарсы алады. 12 жасар інісінің батырлығына сүйсінген Баян «Оғыңды кейін тарт мен сені өлтіре келгенім жоқ, ақыл айта келдім дейді, Әкең қуып жетсе, сені тірі жібермейтін еді. Көктұйғынды мініп кеткендерің әбден дұрыс болды. Ал, енді сендер қалмаққа бармаңдар, онда сендерді қор етеді. Мақпал жеңгем сендерді өлтірмей, нағашысына жіберіңдер деп қан жылап қалған еді. Жағалбайлыдағы нағашыңа бар, анаңның тілегі сол » - дейді Баян.

Сонымен олар аман-есен нағашысына жетіп, екі ғашық мұратына жеткен. Анасының есімі жадымда қалғанда, сол нағашысының аты есімде қалмапты. Әжем өткенді көп айтушы еді, ол кезде мен онға жаңа шыққан бала болатынмын.

Сарының баласын өлімге бұйыру себебі, егер жастардың қосылуын құптаған болса, онда інісі Баянға Құралайды қимайтындай тұрғыда көрінетін болған. Сондықтан да өзінің Баян алдында арының таза екенін дәлелдеу үшін осындай шешімге барған.

Осы әңгімемді кең отырып, тыңдаған Ғалекең таң-тамаша қалып: «Ертегімнің шындығын жаңа естідім-ау. Нояның ұрпағының үйінен дәм татам деген ой өңім тұрсын, түсіме де енбеген-ді»,-деп бір көтеріліп қалған.

Мен поэмада Баянды қаралайтын жерлерін жазбай отырмын. Менің Батыр Баянды екі вариантпен жазғандағы мақсатым: екі ғашықтың жазығы не? Солар есте қалсын дегенім еді,- деген болатын. Поэмада Баянды-Бұлан, Сарыны-Балға, Ноянды-Қыран, Құралайды-Сана, Мақпал-Балғын деп өзгертіп алынған. Сол кездескеннен кейін Ғалекең қолтаңба қойған кітабын маған ескерткіш ретінде қалдырған еді.

Қайырбек Сыздықов,
Қазақстан қарулы күштерінің ардагері.

СЫРҒА ТОЛЫ СҰХБАТ

Ғалым МАЛДЫБАЕВТЫҢ туғанына 90 жыл

Бұрынғы советтік социалистік одақ, қазірде ыдырап кетсе де, Ұлы Отан соғысының тарихи жеңісі, халқымыздың ұлы ерлігі, кейінгі ұрпақтар есінде мәңгі сақталуда. Халық басына қандайда болмасын ауыр жағдайлар төнсе де 9 мамыр Жеңіс күнін жыл сайын атап өтеді.

Бұдан 17 жыл бұрын Ұлы Жеңістің 30 жылдығы мерекесін өткізу қарсаңында «Ленин туы» газетінің редакция қызметкерлерімен соғыс және еңбек ардагерлерінің кездесуі болған еді.

Сол кездердегі соғыс және еңбек ардагерлерінің арасында Ұлы Отан соғысының майдангерлері Есілбай Қазбеков, Сағымбек Ағжанов, Көкен Қопышев, Әшентай Есенбаев, халық ақындары Әшім Меңдібаев, Уақит Темірбеков, Игібай Әлібаев, жазушы Ғалым Малдыбаев тағы басқалар болып кешегі бастан кешірген отты, қаһарлы күндерді еске түсіріп жас ұрпақтарға жеткізу мақсаты көзделген болатын.

Майдангерлер қанды ұрыстарда бастан өткізген қиыншылықтарды еске алып, ерлікті айтса, ақындар Уақит Темірбеков, жазушы Ғалым Малдыбаев өздерінің соғысқа арналған өлең-жырларын оқыған еді.

Ал белгілі халық ақыны Игібай Әлібаев ағамыз соғыс туралы толғауын, жан жолдасы домбырасына қосып, өзінің асқақ даусымен құлақ құрышын қандыра:

Ардагер ерлер жауынгер,
Жеңістің туын тіктіңдер.
Жарқырайды кеуделер,
Айғағы соның ордендер.

Соғысты енді көрмесін,
Кейінгі ұрпақ балалар.
Шертейін бақыт термесін.
Жайнасын дала, қалалар.

Құтты болсын мерекең,
Отыз жыл – Ұлы Жеңістің.
Өрлеп бақыт-берекең
Даңқты халқым ер ісің!-

деп толғаған болатын.

Осы кездесуде болған жазушы Ғалым Малдыбаев пен халық ақыны Игібай Әлібаев жасынан бір-бірін жақсы білген. Ой-сырлары бір-біріне таныс, жас жағынан да құрдасқа жақын, әзіл-оспағы зілсіз, сыйлас өткен ағалар еді.

Иекеңнің кездесуге арналған толғауынан кейін, Ғалекең өзінің замандас досының 70 жасқа толуына байланысты шығарған достық әзіл, сәлем өлеңін оқыды. Достық әзіл өлеңінің аты «Самғай бер!» еді.

Игібай, сен алпыстан аспаушы едің,
Елуменен алпысты мақтаушы едің.
Мініп ап күрең жорға домбыраңа,
Жетпіске қарай аяқ баспаушы едің.

Туып ең тумысыңнан өлең жаттай,
Шапқылап жүрсің әлі дөнен аттай.
Күндіз-түні қолыңнан бір түскен емес
Жасыңнан желіктірген «Жорға тақтай».

Осылай жетпіске де жеттің бүгін,
Ризасың, той-думан мен отті күнің
Тілегім: сол жорғамен жорғалай бер
Тағы да тамсандырып көпті бүгін.

Өлең оқылып болғаннан кейін жиылған азаматтардың ду қол шапалақтап ризашылық көңіл лебін білдірген куәсінің ретінде Ғалекең осы өлеңін Игібай ағамыздың қолына тапсырған-тын.

Кездесу аяқталып Иекең екеуміз үйге келгеннен кейін Ғалекеңнің әлгі әзіл өлеңін оқиын десем, өлең арап әрпімен жазылыпты. Иекеңе қоярда-қоймай оқытып, сол жазып алған

әзіл-өленді Ғалекеңнің 90 жасқа толар мерейтойы алдында, тағы да бір еске түсіріп, қалың қауымға тарту ретінде жариялағанды жөн көрдім.

Тағы да айта кететін бір жәйт, сол кездесуде Ғалекең кеңесінен ұққаным: Москва түбіндегі қанды шайқаста мәңгілік ерліек жасаған 28 жас қыршын батырлар ерлігі туралы алғашқы қалам тартқан жазушы Ғалым Малдыбаев екен.

Ғалекең «Батыр туралы дастан» поэмасында Қазақстандық 28 жігіттің ерлігін сипаттай келе, дастан жырын былай аяқтайды:

... Аспанда жиырма сегіз жұлдыз сөнбес,
Сонбесе жиырма сегіз батыр өлмес.
Советтік біздің туыс, біздің жерлес.

Тарихта мәңгі қалды ерлер даңқы,
Орнатты ұлы ескерткіш совет халқы.
Жырлайды осылайша дастан қылып,
Естіген жер жүзінің жас пен карты.

Жасайды ғасыр бойы батырлық іс,
Жасайды қап тауындай батырлық күш.
Алтыннан дастан жазып, атыңды атап
Орнаттым қабырыңа мен де ескерткіш.

Ғалекеңнің бұл дастаны қазақстандық жауынгерлерге, батырларға, Ұлы жеңіске көлеңке түсірмейтін айқын ақиқат, анық шындық.

Ғалым ағамыздың жазушылық өнеріндегі бір ерекшілігі оның күнделікті өмірдегі жаңалық пен өзгерістерге аяғын нық басатын журналистік жылдамдық қасиеті еді. Бұған өмірімізде болып жатқан өзгерістерді кеш қылмай дер кезінде қалың қауымға жеткізіп отырған көптеген күнделікті мақалалары мен өленлері дәлел.

Ұлы Отан соғысы біте салысымен біреу естіген, біреу естімеген Ұлы Жеңіс дабылын «Қуан елім» деген өленмен «Ленин туы» газетінің бетіне 1945 жылдың 10 мамыр күні жариялапты:

Сүйінші! Қуан елім, қуан жүрек
Қуаныш күнді төрт жыл жүрдік тілеп,
Жеңіспен Ұлы Отандық соғыс бітті
Жеңілді гитлершілер-қара түнек.

Сүйінші! Жеңілді жау жүзі қара
Жеңіске ту көтерді бүкіл дала
Майданда балам жауды құрттың деп
Мұрттан күл, сағыныштьі ата-ана.

Сүйінші, жас бобектер әкең жеңді.
Құлыным бөбегім – деп әлдиледі.
Төбесі көкке тиіп шаттанды Жұрт
Той-думан қызық кернеп бүкіл елді

Сүйінші, жеңге, келін, қарындастар,
Аға-іні, сен де қуан барлық жастар.
Майданда туыс, досың, жарың жеңді,
Құшақ жай, қуанышты сырыңды ақтар.

Ақтаған ана сүтін қызыл қыран
Туыстың сәлем саған кең даладан
Жеңістің құрметіне той тойлауда
Сүйікті туған елің ауыл-далаң

Сендерге қызыл сұңқар ел риза,
Сарыарқа, сыйлы қоныс жері риза,
Ақсақал - Асанқайғы аралаған
Көкшетау, Есіл, Ертіс бел риза

Қуаныш май айымен келді бірге
Сайраңдап бүлбүл қонды орман-гүлге.
Ел-жұртым қуанышың құтты болсын
Сайланып тағы алдымда асқар белге.

Ғалекең ағамыздың көпшілік біле бермеген ән шығаратын әуесқой композиторлық өнері де болған. Ғалекеңнің «Ананың сәлемі», «Есімде», «Анама» атты тағы да басқа өлеңдері өзі шығарған әндерімен ел арасында шын ілтипат. сүйіспеншілікпен айтылып жүрді. Әрине бұл әндер нота әліппесімен жазылып алмағаннан кейін кең түрде тараған жоқ. Әйтседе жерлестерінің жүрегінде бұл әндер жатталып қалған болса Сергеевтік «Ақ бидай» ансамблінің азаматтары тауып алып көпшілік жұртқа жеткізер деген сенімдемін.

Ожан Қали,
жазушы.

ҚАЙРАН АБЗАЛ АҒАЛАР ...

Ақын Ғалым МАЛДЫБАЕВ - 95 жаста

Ей, өмір-ай, десейші! Көк аспанда қалықтай жүзген қаз бауыр бұлттай ақырын жылжып өте береді. Мен сөз еткелі отырған ағалар бұл күндері арамызда жоқ, бақилық болғаны қашан. Көкейде олардың жүріс-тұрысы, ойнақы мінездері мен әзіл сөздері қалған. Уақытта белгі жоқ дейді, белгі болмаушы ма еді, бар ғой, аңғара ескеріп, еске алып жүргендерде. Адамдар бір-бірі мен жүздесіп тілдескеннің өзінен құмар қанар ләззат тапса, белгі қалатынына өз басым имандай сенемін. Оның үстіне мұндай кездесулер облыс орталығында болып жататын не бір айшықты оқиғалармен қат-қабат келсе, тайға таңба басқандай есте қалады.

Бұл жылдар облыс мәдениетінің өркен жаюына айқара есік ашып, дүниедегі небір ғаламаттарды алыстан іздемей-ақ, үйде отырып көретін кезеңнің басталған шағы еді. Адамдар бұл жұмбақтау құбылысты көргенше асыққан шақ. Бүгінгі күндері әдет-ғұрпымыздың ажырамас шарайнасына айналған – теледидар ол кезде таңдай қағып, таңқалатын ғажап та, әр адамға таңсық құбылыс болғанын сол кездің жандары жақсы біледі.

Облыс орталығында 60 – ыншы жылдары 200 метрлік мұнара пайдалануға берілді. Николаевкада күшейткіш ретранслятор көтерілді. Сол тұста бір ауылда бір көгілдір экран болса, дүние байлық сол үйде. Не керек мәре-сәре кезіміз.

Мен облыстық газетте істеймін. Теледидардан тұңғыш рет ақындар айтысы өтетіні газетте жарияланды. Мұндай жағдайда келген қонақтар әдетінде облыстың қара шаңырағы атанған «Ленин туына» соқпай өтпейді. Бұл доданы ұйымдастырушылардың бірі ретінде, сол кездің өзінде аты республикаға мәшһүр ақын-жазушы Ғалым Малдыбаев бірінші болып келді. Ғалым ағамызбен бұрын да редакцияда кездесіп жақын танысқанбыз. Сұрай-сұрай қарын бөле

шығады дегендей, елі Есей-сары болғандықтан маған нағашы болып келетін. Содан болар редакцияға кіргенде Ғалекең мен отырған бірінші есікке бұрылыпты. Амандықтан кейін: «ал жиен, мені жаңа редакторыңа алып бар», - деді.

Бөлмесін келе сала өзгертіп, қос есік салдыртқан жаңа келген редакторымыз Балтабек Асановтың кең кабинетінен бірақ шықтық. Әдетінде әсем киініп, пақ мінезділеу байсалды отыратын редакторымыз Ғалымды көрісімен орнынан асыға тұрып, қарсы келіп, айқара құшақ жая шұрқырай амандасты. Мұндай жақындықтың сырын артынан білдік.

-Алматыда қызметте жүрген кезім болатын, - деді Ғалекең. – Ол кезде партияның солдатымыз. Қайда жіберсе сонда бару керек. Қайырып сөз айту деген болмайды. Кереку елінде Баянауыл ауданы құрылғанда, аудандық газеттің редакторлығынан бірақ шықтым. Келсем, редакция дегенің тастан қалаған ұзынша бір үй. Ол кезде салт бас, сабау қамшымыз. Кішкене бөлмесі әрі редакция, әрі пәтерім болды. Үлкен бөлмесі - баспахана. Газет басатын станокты орнатып жатқан екі жігіттен басқа жан жоқ. Ай бойы дайындық жұмысын жүргіздік. Хабар, мақала ұйымдастыру, оны жазып жүйеге келтіру менің міндетім болды да, әлгі екі жігіттің бірі әріп теруші, екіншісі бет құраушы – метромпаж баспашы. Байқаймын, баспашы жігіт өз ісіне ыждахатты, пысық та, елгезек. Цехтағы барлық жұмысты ұршықтай үйіріп әкетті. Талапты жігіт маған ұнап қалды. «Орныңа кісі тауып, әзірле», - дедім. Бұлжытпай орындады. Оны жер-жерден хабар-ошар жинайтын редакция ісіне араластырып, көмекші етіп алдым. Таныссам – түбі қаракесек болып шықты. Аты-жөні Балтабек Асанов. Орталық мектепті аяқтап келген кезі екен. Балтабек келісімен ауыр жүк жеңілденіп қалды. Сол кездегі саясаттың сан қилы салаларын насихаттауға екеулеп кірістік. Аптасына үш рет шығатын газеттің мехнатын екеулеп тартып, арада бір жыл өткіздік.

Бір күні Балтабек маған келіп: «Аға білім саяз, мені оқуға бастаңыз» демесі бар ма? Расын айтсам Балтабекті тапқанымма шешем ұл тапқандай қуанып едім, босатуға қатты қиналдым. Оның үстіне райкомнан берілген жолдамамен келіп тұр. Амал бар ма, айласын асырып жіберіпті. Азын-аулақ тиын-тебен жинастырып, болашақ атты ұзақ жолға оң батамды беріп аттандырып салдым.

Міне, содан бері де, нелер заман өтті. Балтабек әуелі Алматы да, сосын Мәскеуде оқу тамамдап, журналистік қиын

жолдың талай майданынан мүдірмей өтіп, дегеніне жеткен. Алғашқы бесжылдықтар кезінде Магнитогорскіде жұмысшы табының қалың ортасында шығатын газетті басқарған. Соғыс кезінде қазақтың қара шаңырағы атанған «Социалистік Қазақстан» газетінің бас редакторы болған. Бізге Семей қалалық партия комитетінің бірінші секретарлығынан келіпті. Міне Баянауылда сол бір ажырасудан кейін табысып отырғанымыз осы, - деді Ғалекең.

Жұмыс аяқталысымен редакциядан шыға бере, айтыскер ақын Темірғали Қасеновты кездестірдік. Қолында өзіне лайықты, үлкен шанақты сары домбыра.

-Мына жиен үйіне шайға шақырды,- деді Ғалекең, - бірге жүруге қалайсың?

-О, не дегенің, өзіміздің отау үйіміз ғой. Сөз бар ма, жүре сөйлесейік. – Темең шырт еткізіп насыбай сөлін сыздықтата атқылатты.

Әңгімелесіп отырып, біздікіне жеттік. Ол кезде басымызда өзімдікі деген үй атымен жоқ. Үй деп, отырғанымыз үшке бөлінген пәтер болатын. Кішкенесінде біз, Ортада асхана. Үлкенінде үй иесі Бейсенбек ақсақал жанұясымен. Ақ көңіл қалбалақтаған, жаны жоқ Бейсенбек ақсақал: «Кішкентай деме, екеуіңе жетіп жатыр», - дегенімен енгенбіз.

Келсек Бейсекең үйіне бір қора қонақтар келіп қалыпты. Арасында Игібай ақын бар. Бейсекеңнің бәйбішесі қонақжай, ақжарқын мен дегенге жаны жоқ, қолы ашық жан еді, марқұм. Келіншегім екеуі тілдей ас үйде, қыстан қалған сүрден былқытып, ас дайындап жатыр. Бөлмемізде темір керует пен аласа столдан басқа дәнеме жоқ. Төрде киіз төсеніш, Ғалекең мен Темең төрге келіп жайғасты. Оларды көрген Игібай біздің жаққа ауысқанда, айналымға келмейтін бөлме, лық толды. Баяғыдан бір-бірін білетін үш ақын басы қосылғанда, отқа тамызық жаққандай гүілдей кеулесіп, кетті дейсің.

-Әй, Игібай-ай, сенің де жүрмейтін жерің жоқ екен-ау, - деп қалды Ғалекең.

-Әу, Ғалеке, жүрсің деп құдай екі аяқ, көрсін деп екі көз, айтсын деп өлең берсе неге жүрмеске?

Жүргенің дұрыс, көпсініп отыр дейсің бе? Мына Темең екеуміз қайда жүрсек те, алдымыздан табылатынына таң қаламын. Баяғыда есіңде ме, Арқадағы Арғын елінде үкілі Ыбыраймен бірге жүргенде дәл осылай жолдан қосылғаның. Жарықтық әу дегенде-ақ, талабыңды ұнатып қалып еді-ау,

сонда. «Бірақ дауысың шіңкілдек ащылау шығады екен, бала. Қанша майлы болса да, тұзы ащы сорпаны адам ішпей қояды. Жұмсартса, адам көңілінің қошына лайықтап, жанын аялайтындай әуен болу керек.» дегені есіңде ме? Ертең түңғыш рет көгілдір экранда дүйім жұрт алдында өлең айтқалы отырмыз. Тыңдаушыларыңды шошытып алма. Мұны мен емес үкілі Ыбырай айтқан саған.

-Ойпыра-ай қай-қайдағыны ұмытпайды екенсің, Ғалеке. Жарықтық Ыбырай мұны айтқалы қай заман. Өтіп бара жатқан күн-ай десейші.

-Қалай ұмытылсын, - деді Темірғали, - сол кездің өзінде Ғалекең керегін қойын дәптеріне түртіп жазып алып отыратын. Сонысына орай Ыбекең хатшы бала атап кетті ғой. Мына Игібай екеуміздікі не? Айтқанымыз айтқан жерде, тартқанымыз тартқан жерде қалады. Біз даңғазамен жүрген бір салақ адамдармыз, жинау деген жоқ. Қаншама айтыстар желге ұшқандай болып кете барды. Ал, сенің жалғыз «Қарлығашың» неге тұрады.

-Теме, сіз мақтасаңыз да, жұрт мақтарлық ұшпаққа шыға алмадық. Құр күйбеңмен жүріп көп уақытты босқа өткізіп алыппыз ғой, бауырым.

-Бұл сенің айтар сөзің емес, біздің айтар сөз, - деді Игібай. Сен Ыбырай айтқан хатшылығыңды орындадың. Ал, Темекең екеуміз әншілігімізді орындай алмадық. Тым болмаса, бір әніміз осы уақытқа дейін күйтабаққа түспепті ғой.

-Күйтабағың былай тұрсын. Тым болмаса бір-бір шәкірт ертіп тәрбиелемеппіз.

-Мұндай ниет болды ғой, - деді Иекең, - Сонау жылдары Иманқұлов екеуміз филармония ашып, ел арасында өнер аясын кеңітуге талпыныс жасаған едік. Одан да түк шықпады. Орекеңдердің табағына қол сұққандай болдық, тарлық жасап, оны жауып тастады.

-Тіптен жүнің жығылып, жүдеп бара жатқаныңа жол болсын. Облысымызға Ілияс Омаров хатшы болып келгелі, қазаққа жол ашыла бастады. Филармонияны қайта аш деп жатыр. Оның үстіне екеуіңе халық ақыны деген ат берді, бұл атақ тақияңа тар келіп отыр ма?

Сол тұста ас та дайын болды. Столды дөңгелетіп әкеп, көсіле отырған қонақтар алдына, әзер дегенде сыналай сиғыздым. Бір-екі стақан ақаңды тартып алғаннан кейін, екі жақтағы қонақтар да, араның ұясындай гуілдей ала жөнелді.

Атамыздан қалған сары мейіз аяқтармен, құрт көже берілді. «Апырай, ауылда жоқ құртты қаладан көретін болдық-ау» деп жатыр, қонақтардың бірі.

Ас ішіліп болғаннан кейін, Ғалекең сөз сабақтады. Бүгін жоқ жерден кездесіп, мына жиен отауында бас қосуымыз бір ғанибет болды. Кеше өздерің оқыдыңдар, атымызды дардай етіп, газеттен хабар берді.

Көгілдір экран алдына шығамыз, дайындалайық.

-Сонда не айтпақшымыз?

-Құдай ауызға салғанды айтамыз да.

-Жоқ, олай емес, - деді Ғалекең. – Ауызға келгенді айтамыз деп, ауызды бағып отырғандардың тұзағына түсіп қалмайық.

-Бәрінен соны айт.

-Жоба-жоспары былай болмақ,- деп Ғалекең қолына домбыра алды. Ақындарды таныстырып, мен бастап беремін. Қоңыр жайлы дауыспен теледидардың ашылуын құттықтады. Көгілдір экран өнер-білім, салт-сананың, дүйім дүниедегі жаңалықтардың жаршысы екенін айтты. Болашағында шек жоқ, телегей теңіздей, айдынды екенін әсірелей асқақтатты. Бұған қол жеткізген партияға арнайы алғысын білдірді.

Игібай телестудияның тұңғыш ашылуына орай, арнаулы құттықтауын айтып, сан мыңдаған көрермендерге салем жолдады. Бұрын ауыл-ауылды аралап жүріп, көрсететін қызықты енді жол азабын тартпай бір орталықта отырып-ақ, жұртқа жеткізетінін баян етті. Аңыздағы сиқырлы айнаның нақты жүзеге асқанын жырмен мәнерледі. Кезек Темірғалиға келді. Еңгезердей кесек тұлғалы ағамыз малдасын құрып отырғанның өзінде, орындықтағы Игібаймен иін тірескендей. Дәл өзіндей кебежелі домбырасын құйқылжыта гүмпілдетіп, жаңа жайлы қоңыр үнді қаз дауысын аспандата бір шырқыратып жіберді деңіз.

Темең алдымен Үкілі Ыбырайдың, сосын Ақан сері, Біржан, Мұхит, Балуан шолақ әндерінен жөңкілтті. Әбден бабына келіп, қызып алған әнші-ақын еркін көсілді. Ішінде бұрын естімеген әндер де бар. Шіркін Темеңнің үні де, ән дүниесін емін-еркін меңгеруі де, ешкімге ұқсамайтын, тек өзіне тән ойнақы құбылысы да өзгеше еді ғой.

Күнімен қыздырған пеш, оның үстіне форточкасыз тар үй қапырықтанып ысып кетті. Ол кезде Уәзия қалааралық телефон станциясында істейтін. Жұмыстан бір минут кешігу деген болмайды ол кезде, түнгі сменаға кетіп қалған. Қонақтарға

төсекті өзім салдым. Төсек дегенде жалғыз матрац үшеуіне көлденең төселді, басқа екі жастық, үстеріне жалғыз көрпе жабылды. Қонақтар шешініп сығылыса жатуға кірісті.

Ертеңгі дауыстан көзімді ашсам, үшеуі жүресінен тұрып алған. Дастархан орайтын таяқпен жеребі ұстасып жатыр. Таяқ ұшына қолдары бұрын жеткен Ғалекең мен Темең балаша қуанды. Қолы төмен қалып қойған Игібай көңілсіз.

-Ал, енді бармасаң да барасың, - деп екеуі Игібайға екі жақтан дікілдейді кеп. Иекең амалсыздан далаға шығып, Бейсембектің арбасына отырды. Көп ұзамай арбадан қайтып оралды. Игібай бір үлкен қанар қапты үйге арқалап кіргізді.

-Ал жиен, - деді Ғалекең, - бізге көрсеткен сый-құрметің құдайдан қайтсын. Артық кеткен жеріміз болса кешір. Мына үшеуіміз үйіңде бас қосып бір жасап қалдық, - деп бір мақтап тастады. Шенеуніктер бізді тосып отырған болар. Бейсембектің атымен телестудияға жетіп қалайық. Үшеуі қол ұстасқандай тізбектеле сыртқа шықты.

Үйге кіріп қанар-қапшықты ашсам, үш матрац, үш көрпе, үш жастықты отау үйге сыйға тартып кеткен екен.

Көшкен бұлттай, ақырын жылжып өтіп жатқан, өмір-ай десейші. Қазір олардың үшеуі де арада жоқ. Еркінси еркелеп, ойнақы әзіл-қалжыңдары жарасқан аяулы ағалардың дархан да, ақжарқын бейнелері қалды көңілде.



Тоқтар Зікірин,
Қазақстан жазушылар
одағының мүшесі, ақын.

АҒАШ ҮЙДЕ ТҰРҒАН АҚЫН

Ақын Ғалым МАЛДЫБАЕВ – 95 жаста

Махаббатқа жеңгізген бар мұратын,
Жүрегінде сырлы жырлар тұнатын.
Ауыл шеті, ағаш үйде тұратын ,
Алматыдан көшіп келген бір ақын...

Алматыдан көшіп келген сол ақын,
Ел білетін Ғалым – ақын болатын.
Ауыл оның жырларына қанатын.
Зураш апай тамаша әнге салатын.

Қанбайтұғын бұл өмірден татып мың,
Осы екен – ау шырын дәмі бақыттың.
Баянды боп басқа қонған жақұт күн,
Сындарынан сүрінбеді уақыттың.

Жырлы жүрек қайта қонып шабытқа,
Ұшар болса, қанаты оның талып па?
Талантымен жарып шығып жарықққа,
Мұра болар жырлар жазды халыққа.

Тек ауылда тұрды мына деғенмен,
Алдына оның түскендер аз олеңмен.
«Қырым қызы» толған ерте кемелмен,
Елі сүйер құрметіне бөленген.

Махаббатқа жеңгізген бар мұратын,
Жүрегінде сырлы жырлар тұнатын.
Ауыл шеті, ағаш үйде тұратын,
Алматыдан көшіп келген бір ақын....

Құрмаш Баязитұлы,
білім қызметінің
үздігі, қаламгер.

ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ...

Адам баласының тарихында жаңа өмірге басқан алғашқы қадам – өте қиын қадам, оның ішінде әдебиет үшін жол табу қиынның қиыны. Алдында Абайдан басқа алар үлгісі жоқ, әдеби даярлығы, мектебі болмаған қазақ жастарына әрі қиын, әрі жауапты кезеңді зор талапкерлікпен өткізген ақын-жазушылардың бірі – Ғалым Малдыбаев. Өзінің ақтық өміріне дейін қолынан қаламы түспеген осы бір белгілікті ақынды оқырмандарға кеңірек таныстыруды мақсат етіп отырмын. Атағы Республика көлемінде ертерек шыққанмен денсаулығына байланысты өзінің туып өскен жері Солтүстік Қазақстан облысының Сергеев ауданында ауылдық жерде отырып қалды да, ақын қаламынан шыққан туындылар көбіне облыстық газет бетінде жарияланып, республиканың басқа жерлеріне таратылмады, сондықтан да көпшілік оқырмандар, әсіресе жастар жағы Ғалым Малдыбаевтың атын білгенмен оның шығармашылық жолымен таныс болмауы мүмкін.

Ғалым Малдыбаев қолына қаламды шала сауатты кезінде ұстады да, дәуір талабына сай ақ жүрек, ақ ниетпен партияны, пролетариатты, Советтік ауылды, жалшы-батырақтарды жырлаудан бастады. Қазақстанда беті әлі ашылмай соны жатқан жаңа әдебиетті бастаушы Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлинге, Ілияс Жансүгіровке, Сәбит Мұқановқа ере шыққан Ғалым Малдыбаев өзінің ақындық бар күшін советтік поэзияны нығайту, өсіру жолына арнады. Ғалым Малдыбаевтың 70 жасқа толуына орай белгілі ғалым Бейсенбай Кенжебаев былай деген еді:

«Малдыбаев баспасөзде жазушы бола жүре, жастардың күшімен әр облыстарда, яғни Оралда «Жусан», Павлодарда «Қызыл Баян», Петропавлда «Қарағанды қаламы» атты жинақтар шығарып, қазақтың белгілі ақын-жазушыларына,әдебиетші ғалым адамдарына – Дикан

Әбіловке, Сейтжан Омаровқа, Есмағанбет Ысмайыловқа, Жұмағали Саинға тағы да басқа көптеген адамдарға – ағалық көмек, қолғабыс жасады: Әрине, бұл шындық сөз».

Ғ. Малдыбаев жарты ғасырдан астам жазушылық, журналистік өмірінде көбіне еңбек адамдарын, механизаторларды, малшыларды, диқандарды жырлағанын байқаймыз. Суреткерге тебіреніс салған қазақ даласындағы ірі оқиғаның бірі – тың көтеру еді, өйткені ол тың көтерілген жердің дәл ортасында болды ғой. Бұл жөнінде ақын қаламынан туған «Алтын арқа» поэмасы оқырмандарын рухани, эстетикалық, интернационалдық тәрбиеге бөледі десек, артық айтқан болмаспыз. Сол кездегі заман талабы да солай еді ғой.

Оқиға «Ақсуат» кеңшарында (Солтүстік Қазақстан облысы, Тимирязев ауданы) өтеді. Поэмада қазақ орта мектебін бітірген Қорлан атты қыз тың игеруге көмекке барып, өзінің талабымен трактор жүргізуді меңгерді, тың көтерді. Кейінде өзімен бірге жүрген Иван атты комсомолға тұрмысқа шығады. Орыс – қазақ деп бөлінушіліктің, діни көзқарастың тамырына балта шабады. Расында сол кезеңде қазақ қызының орыс жігітімен некеге отыруы жөнінде бұл тұңғыш көркем де, мазмұнды шығарма. Өзінің көзі тірі кезінде Ілияс Омаров газет бетінде бағалаған болатын. Біз де сол кездің көзқарасымен жазып отырмыз.

Ғ. Малдыбаевтың бұрынғы Солтүстік Қазақстан облыстық «Ленин туы» газетінде жарияланған «Сарыарқаға саяхат» атты соңғы поэмасы да кезінде оқырмандардан жақсы бағасын алды. Ақын мұнда патша заманындағы өңсіз қалашық Петропавлды, құрлысшыларын суреттейді. Солтүстік, одан Орталық Қазақстанды (Қостанай, Павлодар, Қарағанды) аралап, еңбек ерлерімен, даланың шопандарымен кездесіп, сырласады. Отанымызға алтын дән беріп келе жатқан диқандарды бейнелейді. Солардың адамгершілігін, парасаттылығын образбен суреттейді.

Ғалекең тек жыр жазумен шектелген жоқ, ол тамаша фельетоншы да еді. Облыс оқырмандары «Ленин туы» газетінің бетінде жиі жарияланып тұрған Малдыбаевтың идеологиялық, тәрбиелік мәні зор фельетондарын есінде сақтап келеді. Ақын аудармашылықпен де шұғылданыпты, бірақ ол туралы дерек біздің қолымызға түскен жоқ.

Ғалым Малдыбаев драматургия саласына да қалам сілтеген. Оның «Қанды азап» (батырақтар өмірінен), «Тасыған

теңіз» (Соғыс кезіндегі халықтың көмегі) пьесалары көптен мәлім. Ал, очерктері өз алдына бір төбе әрине, жарты ғасырдан астам баспасөзге, әдебиетке еңбек сіңірген қарт ақынның (80 жасында, 1982 жылы болды), өмірі мен барлық шығармаларын бір мақалада түгендеу мүмкін емес. Алайда ақынның әрбір кезеңдерде жазған шығармаларының басты-бастыларын атап өтуді жөн көрдік.

1920 жылдар кезеңі: партия мен үкіметтің социализм үшін күресті күшейткен жылдары. Социализмге қарсы тап дұшпандарына экономикалық және идеологиялық соққы берген кезең. Міне осы жаңа күрес майданында Ғ. Малдыбаев баспасөзде жұмыс істеп жүріп, өзінің жалынды жырларымен күреске аттанғанын көреміз.

Мысалы: «Менің күнім» атты өлеңде:
«Жұмысшы, сенсің күнім жарқыраған,
Таң маған болаты болған жарқыраған
Таңырқап, таңдай қатып шөлдесем де,
Еңбегің күміс бұлақ шөлім қанған» - дейді.

Бұл өлеңді ақынның социализм орнатуды тек жұмысшы тобына сенгендігін сипаттайды. Ақын-жазушы өмірдің айнасы іспеттес, сол қоғамның саяси-әлеуметтік өміріне араласып, өзі байқаған құбылысқа жырмен баға береді. Маяковский айтқандай «көркем сөз адам күшін алға бастатып қолбасшыға айналады». «Социалистік реализм әдісі» деп айтылатын сол кездегі әдебиетке қойылатын талап осылай сипатталушы еді. Міне, осы тұрғыдан Ғ. Малдыбаевтың 1930 жылы басылып шыққан «Балға орақ» жинағындағы «Эмба нефтісі», «Соқ балғаны!», «От арба», «Балға орақ», атты өлеңдері пролетариаттың еңбегін бейнелейді.

Алтын күннің нұрын берген,
Жер жүзінде балға-орақ.
Теңсіздерді шын теңгерген,
Балға – орағым жалғыз – ақ-

деп, пролетариаттың жер жүзі еңбекші табына көсемдігін жырлайды, оларға сенім білдіреді.

Сол сияқты 1913 жылы басылып шыққан «Доңғалақ» атты жинағында бірінші беттерінен бастап «Қазіргі Қарағанды», «№1 шахта», «Балқаш» деген өлеңдерін көреміз. Мұнда да Қазақстанда жаңа типті жұмысшы табы туғанын, олардың Отан үшін жер астында қарулы білекпен, адал жүрекпен көмір шығарғанын бейнелейді.

Кешегі қара түн басқан,
Ағылшын жемқор сұм басқан,

Қараганды босады.
Бүкір белі түзеліп,
Денесіне күш, иық еніп,
Советтік көмір атанды, - дейді.

Жинақтағы «Комсомолдар маршы», «Жаңа ауыл», «Комсомол Отан қорғаны» деген өлеңдері де сол кездегі өмірге ілескенінің айғағы.

Ақын Ғалым Малдыбаевтың құнды да кесек шығармаларының бірі – көпшілікке мәлім – «Қырым қызы» поэмасы. Бұд шығарма өзінің мазмұн тереңдігімен ел көзіне ерте түсті, қазақ әдебиеті тарихынан лайықты орын алды. Бұл сонау ерте замандағы Россия мен Түркия байларының арасындағы феодалдық тартыс, күресті суреттеген трагедиялы аңыз. Қырымда жалшы болып жүрген қазан татарының сұлу қызына Қырымның купеці мен Түркияның ханы таласады. Хан қызды ұрлап әкетеді, бірақ қыз туған жері Ресейге қашып келе жатқанда, ханның қарақшылары қуып келіп, Қара теңізде атып өлтіреді. Бұл ақынның Қырым курортында дем алып жатқанда қаламынан туған туынды екені поэманың басталуында-ақ көрініп тұр.

Қырымға дүниеде жер жете ме,
Өзге тау көңілді ондай тербете ме,
Қырымның тауы, гүлі сыр шертпесе
Көзден жас, көкіректен шер кетер ме?

Барғанда Пушкин ақын сарайына,
Көз салсам теңіз, тау-тас маңайына.
Теңізбен тербетіліп Арзы қыз тұр,
Назданып ғашығындай жаз айына.

Арзы жас бір жетім қыз Қырымдағы,
Жасынан ашылмаған оның бағы.
Әкесін бір жасында оққа ұшырып,
Сұм тағдыр ығырлдатқан бишараны...

деп басталатын көркем де мазмұнды сөз кестесін 30-40 жылдардың мектеп оқушылары жатқа айтып жүрді.

Ақынның «Қалдырған» атты жинағында «Қошан қарттың әңгімесі» атты поэмасы, «Ана әңгімесі» бар. Қошан қарт елін, жерін сүйді. Сонымен бірге қазақ даласына қызығып, шабуыл жасаған қалмақтармен қазақтардың қалай соғысқанын әңгімелейді. Өз отаның, өз жерін қорғаған қазақ халқының батырлығын суреттейді. «Ананың әңгімесінде» жазушының А.М. Горькийге еліктеушілігі байқалады.

Қаламгердің В.И. Лениннің жүз жылдығына арнаған партиялық топтама жырлары да бар. Сондай-ақ Қазақстанның 50-жылдық мерекесіне арналған «Қажымұқан» поэмасы жарық көрді.

Ақын Ұлы Отан соғысы жылдарында тынымсыз еңбек етті, патриоттық рухта көптеген өлеңдер жазды. Халықты қажырлы еңбекке, фашизмді құртуға, Қызыл Армияға көмекке шақырды. Осы кездегі ақынның «28 батыр туралы» поэмасын ерекше атаған жөн.

Отан соғысы жылдарында Ғалекең бір қырынан көрінді. Ол халық ақындары айтысының ұйымдастырушысы «бригадирі» болды. Ауылдарда, аудан, облыс орталығында, Алматыда өткізілген ақындар айтысында Ғалекең әрдайым ұйытқы болып отырды. Сол жылдары жазылған «Ұмытпа мені, ғашық жыр» атты өлең де ел арасына тарап кетті. Мұнымен бірге «Батыр Мәншүк», «Бауыржан Момышұлы», «Атты солдат» өлеңдеріне сол кезде композиторлар Ахмет Жұбанов, Борис Ерзакович, Латиф Хамидилер ән шығарды, ол әндер айтылып жүрді.

Біз жоғарыда айттық, ақын Ғ. Малдыбаевтың соғыстан кейінгі жылдарда көптеген фельетондары «Ленин туы» газетінің әр нөмірі сайын дерлік жарық көріп отырды. Ақынның тілі өткір, әсіресе сықақ, әжуаға шебер-ақ. Бірер үзінді-мысалдар келтіре кетейік.

Ешкімді менсінбейтін, өркөкірек колхоз басқармасын:

Нұрмағанбет Нұрымғожин,
Бір колхоздың басқармасы.
Төрт жыл Отан соғысында,
Өрмелеген өрге тасы.

Басы қара қазандай бар,
Кеудесі кең науадай бар.
Колхоз малын жеген қарын.
Он бес қарыс сабадай бар..., -

деп келкелесе:

Енді бір колхоз басқармасы жөнінде Ғалекең былай дейді:

Баласы Тоқтамыстың Орынбаймын.
Мал жесем колхозшыдан қорынбаймын.
Мойнымда колхоздың 40 қойы бар,
Сұраса ебін тауып орындаймын дейді.

Бұл келтірілген үзінділер ақынның ешкімнен именбей, шындықты шығарып бетке айтатынын байқатады.

Шындығында, ақынның қырағы кезінен ешнәрсе қалтарыс қалмауға тиіс.

Ғалекең шын мәнінде сөз зергері. Әсіресе адамның ерсі мінез-құлқын, іс-әрекетін суреттеуге шебер-ақ. Ол жөнінде мынадай бір мысал келтіре кетейік.

60-шы жылдардың кезінде Ғалекең тұратын ауылдың Мұқанов Жылгелді деген азаматы курортта емделіп жатып, елдегі Ғалекеңе хат жазып, ел амандығын хабарлауды сұрайды. Оған Ғалекең былай жауап қайтарыпты:

Директорымыз қаз-қалпында,
Зам. Директор таз қалпында.
Завхоз екіленіп жүр.
Қошқар мекіреніп жүр.
Главный агроном – қыздан да сыпайы,
Главный ветврач – торпақтан да тұрпайы...

Елдің қазіргі жайы осындай, шырағым, - депті. Жинастырса, Ғалекеңнің қаламынан туған мұндай әзіл-сықақ түрінде жазылған өлеңдері баршылық, көпшілігі ел арасына тарап кеткен. Екінші бір жемқор колхоз белсендісі жөнінде:

...Сағади сұғанақ,
Мал жеуге құмар-ақ,
Семіріп секірме,
Қаларсың тұралап... –

деп, өткір сынға алады.

Ақын Ғалым Малдыбаев өзінің денсаулығының нашарлығына қарамастан ауылдық жерде тұрып, қайнап жатқан әдебиет өмірінен мүлдем алыстап кетсе де, өмірінің соңғы кезеңіне дейін өмірімізде болып жатқан жаңалықтарға өзінің ақындық үнін қосып отырды.

Жарықта қалса жан жарым,
Өлсем дағы жоқ арман.
Ұмытпа, мені, тіріміп
Өлеңім, белгім қалдырған,-

деп ақынның өзі айтқандай, артына өшпес мұра қалдырған Ғалым Малдыбаевты елі, халқы елеусіз қалдырған жоқ. 1992 жылы ақынның 90 жылдық мерейтойы (өзінің көзі тірі болмаса да) өзінің туған ауылы Жаңажолда (Солтүстік Қазақстан облысы Сергеевка ауданы) зор ұйымшылдықпен өткізілді. Оған Алматыдан, облыс орталығынан көптеген ақын-жазушылар, ғалымдар, басшы қызметкерлер қатысты. Туған ауылындағы орта мектепке ақынның есімі берілді. Ақынның туған ауылында басталған мерекелі той аудан орталығы Сер-

геевка қаласында жалғасты. Қаланың бір көшесіне ақынның есімі беріліп, сол көшеде салтанатты жиын өткізілді. Сол мерейтойда ақынға арналған мына жыр жолдарын оқыған едім. ол облыстық «Ленин туы» газетінде жарияланды. онда былай делінген еді:

Ағасы ақындардың, Ғалым ата,
Атағы байтақ жұртқа мәлім ата.
Жарқ етіп, алыптардың көшіне еріп,
Шықтыңыз жыр нөсерін жалындата.

80 жыл өмір сүрдің мағыналы,
Тағдырға кім болса да бағынады.
Тоқтап тұр он жыл бойы қаламыңыз,
Ұрпағың жырыңды ізден сағынады.

Бүгін той, бүгін думан елімізде,
Өзіңнің ата қоныс жеріңізде.
«Тірімін, сендерменен біргемін» деп,
Өзің кеп отырғандай төріміздe.

«Ақынның мерейі өссін!» деп тілекпен,
Бас иіп аруағыңа құрметпен.
Ғалеке, топырағың торқа болсын,
Бұл жырым Сізге арнаған шын жүректен!

Ғалым Малдыбаев үлкен отбасының иесі. Оның кіндігінен тараған 10 баланың бәрі де өнерпаз боп ел құрметіне бөленіп жүр. Осының ішінде Ақбаян деген қызы жастайынан ақындық өнерді пір тұтып, әке жолын қуа бастап еді. Оның шығарған өлеңдері газет беттерінде жарияланып жүрді. Ақбаянның «Қайнағасы мен келіннің айтысы» деген қызықты өлеңі ел арасында әнмен айтылып жүр. Бұл әнді анасы Зураш нәшіне келтіре орындайды.

Шашубайы – «Солтүстік Қазақстан» газеті редакциясында жұмыс істейді. Әке жолын қуған журналист. әнші,композитор.

Ортаншы қызы – Әлия Петропавл қаласындағы қазақ гимназиясында көп жылдан бері ұстаздық етеді, өзінің біліктілігімен, әншілік өнерімен зор құрметке бөленіп келеді.

Абай, Алтай атты ұлдары да өнерден құр емес. Ең кенжесі Сәбит бірнеше жыл Сергеев аудандық «Новатор» газетінің редакторы болып істеп, қазір Астана қаласында «Вечерняя Астана» газетінде қызмет атқарып жүр. «Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей әке мен шеше жолын

қуған ұлдары мен қыздарына өнер өріне өрлей беріңдер дегіміз келеді.

Ғалекеңнің зайыбы Зураш те жас кезінде әншілігімен көзге түскен адам, бір кезде өзі оқыған Ленин орта мектебінің сахнасында тамылжытып салған әнімен тыңдаушыларын талай сүйсінткеніне осы жолдарының авторы куә. Жасының ұлғайғанына қарамастан қазір де ән салады, дауысында бір мін жоқ, аудан орталығы Сергеевка қаласында тұрады.

«Жақсыдан шарапат, жаманнан - кесапат» деген ғой дана халқымыз. Сол сияқты денсаулығына байланысты ауылдық жерде отырып қалған қарт ақын өзінің тамаша туындыларымен өзін қоршаған ортаны сүйсіндіріп, зор құрметке бөленіп отырды. Әрине, тілі уытты ақынды күстәланап, құдалаушылар да болмай қалған жоқ, ондайлар, сөз жоқ, ақынның сын садағына іліккендер. Бірақ, ақын рухы әр уақытта жоғары, ғайбат сөз таратушыларға мойымады, ешкімге жағынып бас имеді.

Ғалекеңе сіресе әдебиетші сүюші жастар бейім болды, олар қарт ақынмен жиі әңгімелесіп, өздерінің туындыларын ақын таразысына салып отырды.

Осыдан біраз жыл бұрын облыстық «Ленин туы» газетінің қызметкері, жас ақын Қошқарбай Жұматаев Ғалым Малдыбаевтың 90 жылдығына арналған естелігінде былай жазған еді. «Менің ақындық өнерді қууыма себеп болған, қанаттандырған қарт ақын – Ғалым Малдыбаев еді. Мен мектепте оқып жүрген кезімде өзімнің тырнақалды өлеңімді Ғалекеңе алып барып оқыған едім. Ол кісі өлеңіме аздаған түзетулер жасап, облыстық газетке ұсынуыма кеңес берді, аталық батасын берді, сондықтан да мен ол кісіні әрқашан құрметпен еске аламын ».

Қарт ақын өзі мекен еткен ауылдағы орта мектеппен тығыз байланыс жасап отырды. Әдебиетті сүюші, қаламының желі бар жастарды тамыршыдай тап басып, қомқорлық жасап, ақыл-кеңес беріп отырды. Қазірде республикаға мәлім болған ақын-жазушылар Зейнел-Ғаби Иманбаев, Ермек Қонарбаев, Жарасбай Нұрқанов, Есләм Зікібаев осы кісінің шығармаларымен сусындап, қиын да жауапты өмір жолына бет бұрды. Бәріне де Ғалекеңнің шарапаты тигені сөзсіз. «Шәкіртсіз – ұстаз тұл» дегендей, Есіл өңірінде көп жыл өмір сүрген қарт ақын Малдыбаев өнерде жалғыз емес, оның жоғарыда аталған шәкірттерінен басқа да әдебиетші, журналист ізбасарлары жетерлік.

Шашубай Малдыбаев,
Қазақстан журналистер
одағының мүшесі, баласы.

ЖАРИЯЛАНБАҒАН ЖЫРЛАР СЫРЫ...

Ғалым Малдыбаевтың туғанына 100 жыл

1.«МЕНІҢ ЕҢБЕК КІТАПШАМ...»

Қазақ әдебиетінің аяғынан қаз тұра бастаған кезі жиырмасыншы жылдардың соңы. Осы кезде қолына қалам алып, ақындық жолға түскендердің бірі – Ғалым Малдыбаев. Алғашқы бетте ауыл молдасы, өзінің немере ағасы Сейтеннің алдынан сауатын ашқан. 1921 жылы Ғалым Қызылжар қаласына келіп, Ямская (қазіргі М. Әуезов) көшесіндегі қазақ мектебіне оқуға түседі. Бір жылдан кейін қалаға ақ бандалардың шабуыл жасауына байланысты мектеп жабылады да, Ғалым елге қайтуға мәжбүр болады.

Ол өзінің туған жері, Ақмола губерниясы, Көкшетау уезіне қарасты бірінші ауылға келіп әкесі Рахметтің үйінде еңбекке араласады. Көп ұзамай осы жерде ашылған мектепке мұғалімдік құрып, ауыл балаларының сауатын аша бастайды. Ал 1923 – 24 жылдары Керей елі ішіне барып бала оқытады.

1925 жыл жас Ғалымды қайтадан білімге жетектейді. Қызылжар қаласына оралған Ғ. Малдыбаев осы кезде ашылған партия – совет мектебіне оқуға қабылданады. Совпартта жүрген кезінде оған Сәбит Мұқанов сабақ береді. Қазақтың ұлы жазушысы атанған Сәбеңмен Ғалым Малдыбаев осы білім ордасында танысып, соңғы демдері таусылғанша екеуара сыйластық, достық, жолдастық қарым-қатынаста болғаны аян.

Осы кезең жайында Сәбит Мұқанов былай деп жазды: «Ғалым Қызылжарда Совпартта оқыған жылдары, мен осы мектепте саяси сабақты жүргіздім. Сол кезде қаланың көркем әдебиетке ынталы жастары әдебиет үйірмесін құрды. Белсенді мүшелері Мәжит Дәулетбаев, Ғалым Малдыбаев,

Есмағанбет Ысмайлов, Абдолла Садуақасов, Зарап Темірбеков, Шахмет Хұсайынов, Сейфолла Биғожин, Мәлік Тәкішов тағы басқалар. Ғалым – ұйымның секретары. Осы ұйым өсе келіп 1928 жылдан ҚазАПП – тың бөлімшесіне айналды да «Жарыс» деген атпен бірер альманах жариялады».

Ғалекеңнің ақындық жолға түсуі де осы жылдар сияқты. Қашан да қоршаған ортаның әсері болмауы мүмкін емес. Шынтуайтына келгенде, бұл тағдырды қалауына Сәбеңнің де септігі тиген болар. Алғашқы өлеңі «Нұрғисаның сәлемі» деген атпен сол кездері жарық көріп тұрған «Әйелдер теңдігі» журналына басылып шыққан.

Сәл шегініс жасап, Нұрғисаның кім екенін айта кетейік. Жоғарыда Ғ. Малдыбаев Керей елі ішінде бала оқытты дедік. Дәлірек айтқанда,Солтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Жамбыл ауданы Талпын ауылында тұрған Сексенұлы Қайнеттің есігінде жүрді. Қайнет байлығымен, іскерлік қабілетімен, ел ішінде беделді болған жандардың бірі. Нұрғиса осы Қайнет байдың туған інісі Байдолланың әйелі Қазидің туған қызы. Өлеңнің тақырыбы әйел теңдігі жайында. Сол күнге дейін қалыңмалға сатылып келген қазақ қыздарының тағдыры сөз болады. Бостандыққа ұмтылған байдың қызы Нұрғисаның атынан сәлем ретінде жазылған бұл өлең жолдары ақынның тырнақалды туындысы еді.

Совет – партия мектебін 1927 жылы ойдағыдай аяқтаған Ғалым жолдама бойынша Петропавлда 1920 жылдан шығып келе жатқан уездік «Бостандық туы» газетіне редактордың орынбасары қызметіне тағайындалады. Сол жылдан бастап Ғалекең өзінің табиғи таланты ақындық өнерімен бірге журналистік қызметті қатар алып жүрген.

Ғалекең өзінің еңбек жолына байланысты жырларын «Менің еңбек кітапшам...» деген жалпы тақырыпқа топтастырған екен. Алғашқы өлеңі былай басталыпты:

Атымды Ғалым қойған соң
Білмей қалай тұрайын.
Замана- бағым болған соң
Жазбай қалай тұрайын.

Қаламға, тілге кең заман
Жақсы өлең-жанның азығы,
Өз елін сүйіп жыр жазған
Малдыбайдың Ғалымы.

Ғ. Малдыбаев өзінің саналы еңбек жолын Қызылжарда бастаған. Ол күндер жайында ақын жырлары төмендегідей:

Қызылжарым, алтынжарым, қымбатым,
Бесігімдей көзіме ыстық сымбатың.
Қырыңнан- дән, ойыңнан-мал өргенін,
Тымбай тілім жамырата жырласын.

Шалқып аққан ығымдағы Есілім,
Сүтті емшегі Сарыарқа төсінің.
Петропавл білген екен әуелде,
Ел ырысы болатынын осының.

Мың сан ұл-қыз ұшты сенен қияға,
Отан ері тұғырында тұра ма?
Өмір үшін ұшқан ара секілді.
Бал жиямын туған қымбат ұяма.

Туған қалам, еңбекпенен жасарсың,
Айым-күміс, күнім-алтын шашарсың.
Сарыарқаны аралап мен кетермін,
Ұмытпассың, сен де атымды атарсың.

Бірер жылдың ішінде газет жұмысына әжептәуір төселіп қалған жас жорналист Ғ. Малдыбаевты орталық комитет Ақмола қаласына қызметке ауыстырады. Мұнда Ғалым сол кезде танымал ақын, қоғам қайраткері Әбдірахман Айсаринге жолығады. Жасы үлкен, еңбек тәжірибесі де мол Әбдірахман жас Ғалымды қамқорлығына алып, іске тартады. Жаңа қалыптасып келе жатқан газет жұмысына үйретіп, нәтижесінде, 1928 жылғы 1 мамыр мерекесіне арналған Ақмола қаласының «Жаңа арқа» газетін шығарады.

Осылайша қазақ жорналистикасына келген Ғалекең өзінің 60 жылға жуық өмірін осы салаға жұмсады. «Жаңа арқа» газетін шығарып жүрген кезінде ол осы жұмысқа көптеген талантты қазақ жастарын тарта білді.

Солардың ішінде есімі әдебиет сүйген қауымға кеңінен танымал болған жазушы Сейтжан Омаров бар. Ұзақ жылдар бойы қарым-қатынасын үзбеген С. Омаров Ғалекеңе жазған хаттарының бірінде былай дейді: «Уақыт, өмір шіркін осылай зымырап өте береді, Ғалеке! Баяғы, 1929 жылы өзіңіз алғаш көрген бала Сейтжан бұл күнде сақал-шашын қырау басқан шал болды. Менің сізге деген пәк махаббатым өле-өлгенше

өшпейді, Ғалеке! Бұған кәміл сеніңіз. Сіз мені сонау бір жас шағымда, кем кезімде Тазтөбе даласында тауып алып, ұядан ұшырып жіберген алғашқы шапағаттым емессіз бе! Менің ойымша Дихан да **(ақын Дихан – баба Әбіловті айтады Ш.М)**» Сіздің жақсылығыңызды ұмытпасқа тиіс. «Жетілдім, жеттім» - деп өзінің тұңғыш ұстазын ұмытқан адам кімнен жақсылық күтеді? Мен мұны жақсы білемін».

Іниіңіз Сейтжан. 17. XII. 1965 жыл. Алматы.

Міне, тәлімді ұстаз көрген тәрбиелі шәкірттің сөздері қандай қымбат! Қартайғанша қарызбын деп өткен Сейтжан Омаров сынды асыл жүректі жандардың адамгершілік қасиетіне қалай ғана сүйсінбессің?! Үлгі, өнеге осы емес пе!

Заманның талабына сай, Қазақстанның әр түкпірінде газет шығару науқаны басталған шақ жиырмасыншы жылдардың аяғы мен отызыншы жылдардың бас кезі. Баспа жұмысын меңгерген кадрлар аз болғандықтан Ғалым Малдыбаевқа ұзамай тағы қызмет орнын аударуға тура келді. Бұл жолы Ғалекең батыстан бірақ шықты! 1929 жылдың шілде айында Оралға келіп, «Қызыл ту» газетін ұйымдастырды. Оның алғашқы редакторы ретінде қол қойды. Қазіргі беделді басылымдардың бірі Батыс Қазақстан облыстық «Орал өңірі» газеті осы «Қызыл тудан» бастау алған. Ақынның «Орал-Жайық» өлеңі осы өлкеде туындаған екен. Енді оқып көрелік.

Ақжайық суың – күміс, отың-ырыс.
Тоғайың-жас келіншек киген бүліс.
Жағаңда талай батыр жауға шапқан,
Көк тұлпар, күміс сауыт сілтеп қылыш.

Еліңді «Кіші жүз» деп атап қазақ,
Өсірген Қыз Жібегін айға балап.
Исатай, Махамбет пен Шернияздар,
Емес пе бұлбұл құстар алтын қанат.

Арқадан, «Орта жүзден» ордаңа кеп,
Оралым сенде тұрдым жемісіңді жеп,
Өзендей тәні таза жан болуға,
Қызымның атын қойдым Ақжайық деп.

Ғалекеңнің батыстан тапқан басты олжасының бірі Ғабдол Сланов болды. Қазақ әдебиетіне ерте келіп, ертерек кетсе де,

өзіндік қолтаңба қалдырған, табиғи талантымен оқырман жүрегіне жол тапқан қаламгердің тұңғыш тұсауын кескен тағы да Ғалым Малдыбаев.

Орал қаласында тура бір жыл еңбек еткен Ғалекең «Қызыл туды» әріптестеріне тапсырып, енді шығысқа бет алды. Орталықтың шешімі бойынша Кереку-Павлодарға ат басын тіреді. Мақсат сол, жаңа газет шығару. Бұрын соңды болып көрмеген Кереку жері, Ертіс елі Ғ. Малдыбаевты жылауық жаңбыры сорғалаған күздің басында қарсы алды. Қазақтың небір тарландары дүниеге келген киелі топырақты тап басқанда ақын жүрегі толқып жүре берді. Жыр жолдары өздігінен өрілді, көкіректен төгілді.

Қандай сұлу көк толқыны Ертістің,
Барын сезем бойында оның көп күштің.
Жөнелгендей жүрегімді міңгізіп,
Дәл өзіндей бетіндегі ақ құстың.

Ертіс өтіп, бардым Майра үйіне,
Әнші апайдың сөнгеніне күйіне.
Суретін-ақ тауып алдым марқұмның,
Орайын деп Сарыарқаның гүліне.

Керекуде Дөнентаев ақын да,
Ауыл десе жазары мол басында.
Қалам, қолын жауыз жотел байлайды,
Ақырғы дем алыс па, әлде жақын ба?

Ақ құс-кеме, алға ұмтыла аққандай,
Толқын тулап, тасқа қылыш шапқандай.
Балық аулап, шаруалары өзенде,
Тіршіліктің қамын жасап жатқандай.

1931 жылдың қарсаңында Керекуде «Колхоз» газеті жарық көрді. Ғалым басы-қасында. Басылымның бірінші редакторы. Жаңалыққа сусап отырған оқырманға рухани азық табылды. Бірақ бір елде көп аялдауға уақыт тығыз. Газет тосып отырған жер көп. Тәжірибелі редактордың ендігі алған беті-Баянауыл. Аты аңызға айналған, ән мен жырдың ортасы әйгілі Баян. Талай ақынның жырына арқау болған Баянтау. Көздің жауын алатын «Жасыбай», сезімінің сырын шерткен «Сабынды көл». Табиғаты тамылжыған шіркін Баянауылы. Егер ақын Ғалым Малдыбаевтың сөзімен айтсақ ол былайша суреттеледі.

Бүгін жүрмін арқадағы Баянда,
Деген оймен газетті мол жаям ба?
«Ленин жолы» жас газетін шығарып.
Сұлу таулар, менде жүрмін саяңда.

Баян-аула, Жаман-аула, Ақбет-тау,
Мың-мың жылқы, жейтін бауырың шие бау.
«Сабынды көл», «Жасыбайды» қыдырсаң,
Қиял ұшқыр, денең сергек, денің сау.

Сұлтанмахмұт, Жаяумұса, Мәшекең,
Туған жері-өлең кені осы екен.
Көркем аймақ сұлу өңір болған соң,
Ақын Абай осылармен дос екен.

Үсті күміс, асты алтын Баянның,
Дей алмаймын әлі қанат жая алдым.
Сен де буаз «ақтүйесі» халықтың.
Сен де отауы арқадағы бай әнің.

«Жуантөбе» Сарытау мен «Жыланды»,
Апан қазып, көміріңді кім алды?
Уа, ағылшын, көпестері қансорғыш,
Саған арам көруге енді бұл маңды!

Баянауыл болды менің үйімдей,
Жылым отті, жұмадай боп білінбей.
Сұлу Баян шығысымда қарап тұр,
Махаббатты жүрегімнен күлімдей.

Ғалекеңнің Баянауылдағы еңбек жолын еске түсіру үшін Қазақстанның халық жазушысы Дихан Әбіловтің «Зергер» атты естелігіне көз жүгіртейік.

«Өлкелік партия комитетінің шешімі бойынша Баянауылда «Ленин жолы» атты тұңғыш рет жас газет-жаңа газет шығатын болып жатқан қуанышты кез. 1931 жылдың күзі. Редактор болып Ғалым Малдыбаев келді.

Мен бұрын сырттай білетін «Балға-орақ», «Доңғалақ» атты өлең-жыр кітаптарының, әсіресе «Қырым қызы» тәрізді поэманың авторы, талантты ақынның Орал, Көкшетау, Павлодар газеттерінің редакторы болып істеген тәжірибелі журналист Ғалымның басшы қызметке келгені-жаңа шығатын

жас газетімізді құдайдың жарылқағаны деп қуандым. Азаматтықта да, ақындықта да. журналистікте де, қызметте де өнегелі ағамен әріптес болуымның сәті басталып кеп берді.

1931-дің 4-қыркүйегінде газетіміз - «Ленин жолының» бірінші нөмерін шығарып қуанышқа кенелдік».

Диқан – Бабаның естелігіне алып қосарымыз мүлдем жоқ. «Ленин жолы» газетінің шығу тарихы осылай басталып, күні бүгінге дейін жалғасуда. Бар болғаны атауы өзгерген.

1932 жыл. Ғалым – Балқашта. Мақсат та, міндет те сол, баяғы газет шығару. Қазақстанда жұмысшы күшінің қайнап жатқан қазаны осы Балқаш. Қарапайым халықтың ішінде сауатсыздық басым шақ. Бұл жердегі басты саясат - қара күштің иелерін жұдырықтай жұмылдырып, үлкен өндіріске тарту.

Ол үшін насихат керек. Ал негізгі насихат құралы-газет. Міне Ғ. Малдыбаев осы шаруаға бел шешіп араласып кетті. Қол ұшын беретін маман мүлдем жоқ. Редакцияның барлық жұмысын тыңнан бастауға тура келді. Өзі жазып, өзі оқыды, тіпті әріп терушінің де міндетін атқарды. Күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмей, жарғақ құлағы жастыққа тимей, маңдай терін төкті. Өлдім-талдым дегенде 1932 нің Мамыр мерекесінде «Жұмысшы» газетінің бірінші саны шықты. Онда редактордың мынандай қолтаңбасы қалды.

Балқаш, Балқаш дегенге,
Бақсам жойқын көл екен.
Бар балығы тереңде,
Ең байлығы сол екен.

Ауылы жоқ, қала жоқ,
Балқашқа газет тасыдым.
Күркеден басқа пана жоқ,
Қашан алам, асылын.

Күш қолда, үміт әлі алда,
Мыс өзені тасуда.
Қозғалды халық осында,
Қоңырат құзын ашуға.

Сәлем, мыстың төріне,
Ол Балқаштың тұңғышы.
Өмір деген – шежіре,
Газетің мынау – «Жұмысшы».

Уақыттың мынау ілгерлеп, өмір талаптарының өзгеруіне байланысты Ғ. Малдыбаев білімін көтеруді ойлайды. Осы мақсатпен 1933 жылы Мәскеудегі Күншығыс еңбекшілерінің университетіне келіп түседі. Аталмыш оқу орнын 1936 жылы тәмәмдап Қызылжар қаласына оралады.

Ғалекең өмірінің ерекше беттерінің бірі 1934 жыл болып табылады. Тарихтан белгілі, бұл жылы ҚСРО Жазушылар одағының 1съезі болды. Ғ. Малдыбаев осы съезге кеңесші дауыспен қатысып, одаққа мүшелікке өтті. Баяндама жасаған Максим Горький қазақ ақын-жазушыларының шығармашылығынатоқталғандаСәкен.Бейімбет,Ілияс,Сәбит, Ғабит, Асқарлардың есімімен қатар Ғалым Малдыбаевтың да атын атады. Мұндай мінбеден айтылған жылы пікір қаламы енді қатайып келе жатқан ақын жігіт үшін үлкен баға болды. Осы оқиғаға байланысты Ғалекең өзінің «Горькийді алғаш көргенім» деген шағын естелік мақаласында былай деп жазады:

«...Оның зор денесі, жуан да сіңірлі саусақтары, ірі, кесек даусы, аламайлы көзі мен оны жабуға жақын тұрған қалың қасы әлі көз алдымда. Данышпан қарияның салмақты, парасатты сөздерін мен тыңдауға да, бет бейнесіне қарауға да тоймадым. Осы съезде көпшілікке жазушыларды сыйлаудың және жас жазушыларға үнемі көмектесудің маңызын айта келіп, тізелесе отырған съездегі ең ақсақал делегат, халық ақыны Сүлейман Стальскийді «Біздің заманымыздың Гомері» деп бағалады.

1937-38 жылдар Ғалым Малдыбаевтың өмірі үшін қауіпсіз болған жоқ деп айта алмаймыз. Жаппай құдалауға ұшыраған қазақ зиялыларының қатарында Ғалекең де болды. Жұмыс барысымен Алматыға барған сапарында басына төнген қауіп-қатерді сезінген ақын бірден елге қайтады. Сол тұста Сәбит Мұқановтан келген хабарға байланысты ішке өтіп, екі жылдан астам уақыт Түмен облысында бас сауғалауға мәжбүр болған. Ал қуғын-сүргін аяқталып, ел іші тыныштал ған 1939 жылы Ғалым өзінің жанұясымен Алматыға оралды. Осы жылы Қазақтың мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне түсіп, 1942 жылы ойдағыдай тамамдайды.

Қаламгер өзінің студенттік шағын да естен шығармай, жырмен жалғайды.

Көзіме ыстық ҚазГУ-дің биік үйі,
Шерткенім мұнда менің білім күйі.
Ғылымның жолын қуған ағалардың
Беретін болды маған үлкен сыйы.

Жүрсем де қырық жастың төрінде мен,
Тағы алдым дипломды өмірге мен.
Мезгілі осы болды, ағайындар,
Жүргенде газет шығару жолында мен.

Мұхтарды сыйладым мен, ұстазым деп,
Ақыл да айтушы еді үнемі кеп.
Алты жыл алдында өзім сабақ алған,
Ұмытылмас Мәулен, Қажым, Есмағамбет.

Алматы ризамын астанама,
Алатау қарт атамдай асқар ала.
Рахмет білім бердің, өнер бердің,
Жолыңа бар еңбегім – жан садаға!

Ендігі әңгіменің арқауы ақынның өміріндегі елеулі оқиғалардың бірі, аяулы Алматыны тастап елге келуге мәжбүр еткен, адам баласының бойындағы ең бір қуатты күш махаббат жырлары жайында болмақ.

2. ҒАШЫҚТЫҚ ЖЫРЛАР

Көп ұзамай ақын Алматымен қоштасты. Оған себеп болған махаббат сезімі. 1943 жылдың күзінде елге демалысқа келген Ғалым Малдыбаев туған ауылы Жаңажолда жас аруға жолықты. Жігіт ағасы атанып қалған Ғалекеңнің жүрек түкпірінде жылт еткен махаббат оты ақынның өмір арнасын басқа жолға бұра жөнелді. Сөз кезегін Ғалекеңмен 38 жыл отасып зайыбы болған, он құрсақ көтеріп, осы шаңырақтың ұйытқысы мен сүйіктісіне айналған адал жары Зураш Малдыбаеваға берейік. Алматылық белгілі ақын Ғалым мен ауыл қызы Зураштың арасындағы махаббат машақаты жайында бұл күнде көзі тірі қарт ана былайша әңгімелейді.

- «1943 – тің оқу жылында Ленин орта мектебінің(қазіргі Шал ақын ауданы, М. Ахметбеков атындағы мектеп. Ш.М.)

оқушылары 7-ші қараша мерекесіне «Қыз Жібек» спектакелін дайындадық. Оны маңайдағы ауылдарға апарып қойып жүрдік. Бірде көршілес Жаңажол ауылына баратын болдық. Бұл ауыл Ғалекеңнің туған жері. Колхоз басқармасы Жақия Мауытбаев деген кісі бізді ойын көрсетуге еліне шақырды. Оның баласы Мұқаш бізбен бірге оқиды. Ол осы пьесада – Төлеген, мен Қыз-Жібек, Халық Мусин – Бекежан, Құрмаш Баязиев - Шеге, Жылкелді Мұқанов - Қорен хан, Темірғали Бектұров -Базарбай болып ойнады. 7-ші қараша күні кешкілік Жаңажол мектебінде ойын басталды. Жұрт көп жиналды. Соның ішінде еліне демалысқа келіп жатқан Ғалекең де болып, ойынымызды көріпті. Бізді бастап алып барған Жақұт апайымыз еді. Ғалекең ол кісіні жақсы білетін таныс екен. Екеуі жолығып, әңгімелескеннен кейін, Жақұттан менің атыжөнімді сұрайды. Маған көңілі ауғанын айтады. Бұл әңгіме менің де құлағыма жетті. Жастықтың желімен ешқандай мән бермей кете бардым. Ойыма ештеңе алғаным жоқ.

Келер жылы егін орағы кезінде Ғалекең қызмет бабымен біздің елге тағы келді. Ол маған сөз салған жоқ, тек қана өлең жазып, жүрегімді жаулады.

З – ға

Ерке Есіл, көркем Есіл жиегінде,
Деп едім: айдай қалқып, күндей күлем,
Самалды құбыла жақ иегінде.
Қанатын қарлығаштың жұлдызға ілем.

Бар еді жалғыз оскен бір қаршыға,
Сол ойым тістеп сүйген тіліңде тұр,
Бұйырар сол қаршыға әлде кімге...
Жер көктен іздерім сен, сені-ақ білем.

Сен бір құс бәйтерекке қонақтаған,
Ғ. Деген қанатыңа жаздым әріп,
Үркітпес жақсы құсты ақылды адам.
Барамын сүюменен таңба салып.

Шошынтай алыстан-ақ орайын деп,
Жетеді ескерткішім өміріңе,
Осыдан бір жыл бұрын хабар салғам.
Балтамен шапсаң кетпес ізі анық!

Ежелден жат біледі жаттың жайын,
Көзіңнен айналайын, қарлығашым,
Түсінсең менің айтар бұйымтайым.
Жалғанда бізді айырған зар жыласын.

Сүйектес Есей, Сәрбел, Қабай, Тұяқ,
Ғ. мен З. екі әріп бір молада.
Жекжат боп араласқан үлемі – дәйім.
Қозы мен Баяндай боп бірге қалсын.

Жақсыға ойым терең, сөзім қысқа,
«Қош!» деуге аузым келмей байланды тіл,
Аз сөзбен жүрегіңе бердім нұсқа.
Көрді оны ерке Есіл, орман, су, гүл.

Махаббат дариясына қанат қақсаң,
Сағынам, сағынамын деп домбырам.
Болармын алтын тұғыр сендей құсқа.
Езілді ет жүрегім, енді өзің біл!

***

Қарлығаш, мен аттандым Алматыма,
Қарлығаш, былтыр сені неге көрдім,
Ән салып сен қаласың ескі ұяңда.
Оттай ыстық тіліңді неге бердің?!

Бір көрген түстей болып, бірге жүрдік,
Егерде мен көрмесем, сен көнбесең,
Күміс су көк Есілдің бауырында.
Қызығы болмас еді бұл өмірдің.

Ой салдың жүрегіме, көңіл сенде,
Есілдің екі беті берді бата,
Сүйегім сені ұмытпас жатсам көрде.
Құс шулап, тоғай бойын сұңқылдата.

Қайратты қарлығашым, өзіңде ерік,
Аттандым қимай-қимай, қарлығашым,
Жүрсең де ойға қарай, шықсаң да өрге.
Махаббат бақшасынан жұлдыз жата.

Сол кезде бұл өлең «Қарлығаш» әнімен елге тарап кетті. Әр жерде бас қосқанда осы әнге салып өзі айтып жүріпті. Ал көпшілік «Қарлығаш» деген қайырмасын өзгертіп:

Құрбы, құрдас, замандас,
Қайран дүние, қайран жас,
Сүйген сәулем, сен Зураш –

деп әнге қосып әкетті. «Ел құлағы елу» деген емес пе, жұрт «Ғалым Зурашты алып кетейін деп жатыр» деп шу ете қалды. Өзім біреудің жалғыз қызы болдым. Бар сырымды шешем Ақыпқа айтамын. Анам байғұс «Уақыт болса, мынау, осының етегінен ұстасаң өлмейсің, ұнатсаң бар» деп ақыл берді. Содан 1944 жылдың 15 қазанында көрші-көлең, ағайын-туғандар мені Ғалекеңмен бірге аттандырып салды» - деп еске алды қарт ана.

Ал Ғалекең болса ғашық жары Зураштың үйіне алғаш барғанда оқушы қыз дәптеріне мына өлең жолдарын жазып қалдырыпты.

3. ТҰҢҒЫШ КЕЛДІМ

3 - ға

Қазақтың кең даласын түгел кездім,
Ақтардым еңбегіңді сенсіз жерде,
Қырымның сарайына талай ендім.
Көргем жоқ тыңғылықты сендей пенде.

Сойткен мен көзім салмай кеткен екем,
Балықтай танауынан тізіп қойған,
Үйіне Ерекеңнің тұңғыш келдім.
Көп өлең жеткендей ақ барлық елге.

Кішкене үй, қол сандықтай, іші жарық,
Жалғыз-ақ көрінбеді өз жазғаның,
Ілінген көп сурет нарттай жанып.
Көкейге қонушы еді салған әнің,

Орындық, шкаф, ыдыс, төсек, орын,
Аузыңның желі бар ед ақындыққа.
Машине, үш шамадан, екі сандық.
Неліктен өз жаныңнан шығармадың?

Айтарым бұлар емес, сөзім кейін.
Ақсұңқар қанат қақса аспан жақын,
Екі адам үй иесі іске бейім.
Талпынсаң ғарышқа да жетер атың.

Алманың ағашындай жандар екен,
Ақындық жүрегімнен бөліп берсем,
Тұрғандай су себілмей бұған дейін.
Зурәшім, болармысың сен де ақын?

Басында сол ағаштың жалғыз алма,
Алмасы әлде мейіз, әлде бал ма?
Алдына күн, артына ай боп тұрған.
Сәулесі қонақ болар қандай жанға?...

Мен жауап бере алмадым бұл сұрауға,
Ұқсаттым сол жалғызын әсем тауға.
Балыққа теңеп оны кейбір жаман,
Жарар ед оралмаса жаман ауға.

4. ҚОШ!

Қош дәптерім, қош қағаз,
Көк есілдің суындай,
Коп жазуға мезгіл аз.
Бетіндегі қуындай.

Тірлік болса келерміз,
Кірсіз көңілім хаққа аян,
Не қыс, не бір жайлы жаз.
Күйді жүрек қуырмай.

Қанат қақсын қоңыр қаз,
Тоқта көңіл, тақ, тақ, тақ,
Жүрегімде айтқан наз.
Тұрған жерің қай алқап?

Тіл сыпайы – қол қалтақ,
Қызып кетпе, сабыр қыл,
Кім ұғар мұны не лаж?
«Бола берме» мінде шап.

Айналама қарасам,
Құбыланың желі есер,
Ала бұлтты көк аспан.
Алқа-қотан кеңесер.

«Сен не ойладың» дейтұғын
Өле-өлгенше жан керек,
Көре алмадым жалғыз жан.
Жақсыға жақсы демесер.

Ұзақ маған енді тақ,
Алма ағашы-бәйтерек,
Көз алдымда майлы шам.
Тыңда саған не демек.

Неге келдім осында.
Тоқсан сөздің түйінін,
Мен бір байғұс есалаң...
Түсініп жауап ол бермек.

3 қазан 1944 жыл.

Қарлығаш құсын қолына қондырған ақын аз ғана уақыт ауылы Жаңажолда тұрып, ұзамай Қызылжар қаласына қоныс аударды. Өзінің журналистік еңбек жолын одан әрі жалғастырды. Алдымен Республикалық «Социалистік Қазақстан», содан соң облыстық «Ленин туы» газеттерінде тілші қызметін атқарды. Ал 1946 жылдың жазында Ғалекең денсаулығына және тұрмыс жағдайына байланысты қайын атасы Ерғали Асылтаев тұратын Ленин ауылына (қазіргі Шал ақын ауданы) көшіп келіп шаңырақ көтерді. Осы елде отыз жыл өмір сүрді. Ерлі-зайыпты Ғалекең мен Зураштың ұзақ жылдарғы махаббаттарының айғағы іспеттес өмірге он ұрпақ келді. Өле-өлгенше «Балаларым-құлындарым» деп өткен ақын оларға арнаған өлең жолдарында былай дейді.

Атыңнан айналайын, айналайын
Көзімнің асыл нұры, АҚБАЯНЫМ.
Ғалымның дәрігер қызы деп атанған,
Секілді жарық жұлдыз елге аяным.

Тағы да айналайын ШАШУБАЙЫМ,
Келісті сен туған соң менің жайым.
Жасынан папасының жолын қуған,
Балама жан жүрегім тұрар дайын.

Тағы да айналайын АБАЙЖАНЫМ,
Сендерге арналды ғой өлең, әнім.
Білім ал жастық шақта, жалқау болма,
Білімсіз ұл мен қыздың соры қалың.

ӘЛИЯМ кеудемдегі жүрегімдей,
Жаз болса қаз ілдірер түлегімдей.
Ақылды білім алған іскер қызым,
Папаң мен мамаңның сен білегіндей.

Сәтенім сәнді балам АЛМАТАНЫМ,
Сен десем елжірейді шыбын жаным.
Жұдырықтай шағында оқысын деп,
Есімде Қызылжарға апарғаным.

АЛТАЙЫМ Алатаудай панам менің,
Толды ғой сеніменен олқы жерім.
Орнықты орта жасқа келсемдағы
Сендердің қызуыңмен білдірмедім.

Оқушым сопақ ұлым, ШӘКІРБАЙЫМ,
Алдымда жарқыраған Шакөн-айым.
«Сопақ»-деп еркелетіп ат қойғанмын,
Ойнақтап шапқылаған сары тайым.

Ойпырмау тентек қызым ГАЛЯМ да бар,
Енші алла, мен емеспін балаға зар.
Артымда атымды атар, сөзімді оқыр,
Ұмытпас бағып қаққан бұл жұлдыздар.

СӘБИТІМ ең көпейім кішкене ұлым,
Әлі жас мамасына ерке құлын.
Маңдайын иіскемесем тұра алмаймын
Бұл сырым айтылмаған бұдан бұрын.

Дәрігер далада өскен АҚЖАЙЫҒЫМ
Аспанда қалқып ұшқан бидайығым.
Қалдырған Алматыда тамшы қаным
Таусылмас айта берсем оның жайын.

Ғалым Малдыбаев өмірінің соңғы жылдарын Сергеевка қаласында өткізді. Денсаулығы төмендеп, төсек үстінде жатқан кезде жазған соңғы өлеңдерінің бірі «ӨЗІМЕ» деп аталды. Тағы да естеріңізге саламын, осы мақалаға арқау болған жыр жолдары бұрын-соңды басылым бетін көрмеген шығармалары. Мүмкін ақын өзінің тірі кезінде сыр етіп бүгіп, жария етпеуді жөн көрді ме, кім білсін, енді жасы 100-ге жетіп, өмірден өткеніне 20 жыл толып отырған шақта, архивін ақтарып, оқырманға ұсынғанның артықтығы жоқ шығар деген ниет көзделді. Бұл мақала Ғ. Малдыбаевтың толық өмір жолына арналған жоқ, тек қана өзі жазып қалдырған өлеңдеріне қатысты тұстарына байланысты жәйіттер жазылды.

ӨЗІМЕ

Өмірге қонақ мендағы.
Жырымменен аттанам.
Шірісе де ақын тіл-жағы,
Өлмейді мәңгі хат-қалам

Анадан анық туған соң,
Суық көрді кім көрмес.
Жаз дымқыл, қыс тастай тоң.
Құшағына кім кірмес.

Топырағым шөккен түйеше,
Жатар мұздап, не қурап.
Ағаш өсіп бірнеше,
Не шөп шығар бір шұмақ.

Жарың, балаң ақырын,
Басыңа келер күрсініп.
«Өлген-тұрмас» нақылын,
Есіне алар жай сұлық.

Төріңде тұрар суретім,
Үнсіз қарап мөлдіреп.
Көзі маған кідіретін,
Әйелім тұрар елжіреп.

Өлдің, қалдың, шірір тіл,
Сезбессің дүние көлемін.
Басымда сайрар бір бұлбұл
Ол бұлбұл менің – өлеңім.

Ғалым Малдыбаев 1982 жылы 21 маусымда 80 жасында дүние салды. Марқұмның денесі өзінің туған ауылы Жаңажолда **(Шал ақын ауданы СҚО)** жерленді. Ақын есімі атаусыз емес. Ол тоқсан жасқа толғанда өзі тұрған Сергеевка қаласында көше аты берілді. Ал Жаңажол орта мектебі Ғалым Малдыбаевтың есімімен аталды.

Ақынның жүз жылдық мерей тойына орай облыс орталығы Петропавл қаласында үлкен салтанатты кеш өтті. Кезінде өзі тұрған Совет көшесі Ғалым Малдыбаевтың атымен аталатын болып шешім қабылданды.

Енді бірер сөз әкемнің жан ұясы ұрпақтары жайында. Анамыз Зураш Ерғалиқызы 2006 жылы 80 жасында о дүниелік болып, жан жары Ғалекеңнің жанынан Жаңажол ауылында мәңгілік орын тапты. Бұл күнде ақынның артында қалған ұрпақтары туралы мынандай мәліметтерді келтіре кетейін.

Бәйбішесі Күлшай Нүрпейісовадан туған Зоя (Ақжайық) Мырзағұлова сау – саламат сүйікті жары Жарқын Мырзағұловпен бірге Астана қаласында тұрады. Еліне еңбегі сіңген Зоя Ғалымқызы медицина қызметінің үздігі, сан түрлі мемлекеттік марапаттардың иесі, Республикалық «Даналық» медицина колледжінің директоры, Марат есімді ұлынан қалған Сана және Дана есімді немерелерін тәрбиелеп отырған ардақты ана.

Зураш Ерғалиқызынан туған ұлдарының үлкені мен Шашубай Малдыбаев әке жолын қуып көп жылдар қаламгер атандым. Мемлекеттік қызмет саласындада еңбек еттім.

Өнерді де өз басыма серік қылдым. Жолдасым Гүлнар екеуміз Мүсілім және Рауан есімді екі ұл өсіріп Ғасыр-Ғалам, Еділ – Жайық (Эдуард) деген немере сүйіп отырмыз. Екінші ұлы Абай, келіні Меңсұслу. Немерелері Жанар, Самал, Дидар Сергеевка қаласында тұрады. Одан кейінгі ұлы Алтай, келіні Маржан, немерелері Ғабит және Дана Астана қаласының тұрғындары. Шетінеген Шәкірбай есімді баласы болды. Ол 1996 жылы 37 жасында қазаға ұшырады. Артында қалған Алмат есімді баласы бар. Алматы қаласында тұрады. Ең кіші ұлы Сәбит Малдыбаев. Жолдасы Айгүл Елубайқызы. Балалары Серуен және Арай. Астана қаласының тұрғындары.

Қыздарының үлкені Ақбаян Талдықорған қаласында тұрып жатыр. Жолдасы Сейіт Қадыров 2007 жылы қайтыс болды. Балалары Бейбіт және Азамат сау – саламат еліне қызмет етуде. Әкемнің үш қызы Әлия, Алма, Ғалия Петропавл қаласының тұрғындары. Бәрі де үйлі – баранды бір – бір шаңырақтың ұйытқысы мен сүйіктісіне айналған аналар. Әкемнің шыққан тегі, ұрпақтары жөніндегі толық мағылұматты кітаптың соңында берілген шағын шежіреден оқып білуге болады.



ҒАЛИЯ МАЛДЫБАЕВА,
қызы.

ӘКЕМЕ

Қайран әкем, мейірімді көлдеткен,
Бесігімді ән-күйменен тербеткен.
Ізеттілікк, адалдықтың тамырын
Бойымызға сіңіріпті жөргектен.

Өлең-жырмен баптап бізді өсірдің,
Еркеледім, төрде жатып көсілдім.
Соның бәрі сенің арқаң, жан әке,
Еңбегің мол, ернеуіндей Есілдің.

Содан болар, жиі есіме алатын,
Айтқан сөзі мұра болып қалатын
Сендей ақын туған шығар, әлбетте,
Сенен артық әке жоқ қой ары-алтын

Терең жетіп анамыздың парқына,
«Қарлығаш» деп таныстырдың халқыңа.
Айырмасы-жиырма төрт жыл жасыңның,
Жиырма төрт жыл қалдырыпсың артыңа

Сезесің бе, сезбейсің бе, ардағым,
Артыңда, әне, біраз ұрпақ қалғанын.
Шіркін, өзің ортамызда отырсаң,
Азан-қазан, базар болып жан-жағың.

Еске түскен сайын сенем сөзіңе,
Сағынамын, жоқтығыңды сезіне.
Өлең жазғым келед кейбір кездерде,
Қыз болсам да, ұқсағым кеп өзіңе.

Сен туралы әлі де бір жазамын,
Тағдырыңның талай тарттың азабын.
Тар жол, тайғақ кешіп едің ел үшін,
Сені есіне сақтаса екен қазағым...

Дуға қылып, қолым жайдым, не етерсің?
Құятты боп, жүрек бәрін көтерсін.
«Балам келді басыма»,-деп тағы да
Әкетайым, аунап түсер ме екенсің?...

АНАМА

Анашым,сені сондай сағынамын
Өмірде сен едің ғой сәнім де,әнім
Әкемнің жыр-жүрегі---Қарлығашы
Алладан иман бер деп жалынамын

Бақиға қимай сені көңіл жарым,
Түсінер мендей болған жанның зарын
Қасымда мәңгі бірге жүретіндей
Көруші-ем,білмегендей,өмір заңын

Өзіңдей мейірлі жан қалмады енді
Өзіңдей жанашырым бар ма менің
Есімде кіргеніңде құшақ жайып,
Бетімнен сүйген ернің,иіс-демің

Көз жасым көл боп,анам,шашылды әнім
Зар болдым бір сипауға шашың ағын,
Күні-түн бір кетпейді құлағымнан
Дауысың атымды атап шақырғаның

Ортайып көңіл қалды,меңдеп мұңым
Қартайып қалғандаймын мен де бүгін,
Ортада әлі бірге жүргендейсің
Оқысам жазып кеткен күнделігің

Өзіңе бағыштайтын Құран --- барым
Тәңірім берер ме екен сұраганым,
Әкем мен Шәкен ұлың бірге жүрген
Түсімде көргеніме қуанамын

Анашым,сені сондай сағынамын,
Алладан иман бер деп жалынамын....

Болат ҚОЖАХМЕТОВ,
ақын

СЫРЛАСЫМ МЕНІҢ

(ГАЛЕКЕҢЕ АРНАЙМЫН)

Өмірім мынау –
Секундын санап зырлайды.

Ал ақын оны мың мәрте тыңдап жырлайды.
Думанды дүние ту тіккен тойы тарқамас,
Жырқұмар жүрек жырламай... сосын тұрмайды!

Жалпыға бердім:
Халқыма бердім қол ұшын.
Азамат деді
Өтелді басты борышым.
Ақындық емес, азамат болу парыз ғой,
Борышқа балап жүргенім жырлап сол үшін!
Сырласым менің,

Құрдасым менің, өлеңім.
Сүрлеуге түспей, соқпақтар салып
Келемін.
Барсам да қайда қалмайды менің
қасымнан,
Уақытқа қарап,
Бақытқа балап еремін.
Ақындар-кенші, қаламы-бұрғы
Өлең-кен.
Өлеңдерімнен көрінбек емес,
Көлеңкем!
Жер басып жүрсем-
Өлеңім менің өлмейді,
Артымда қалса... жаюы мүмкін, мол
Өркен!

ЕРІК АСҚАРОВ,
ақын.



ҒАСЫР ТОЙЫ

Ғасыр тойы асыл бойға жарасар,
Жасын ойың ғасырлардан әрі асар.
Шал ақынның балаларына шалдықтың,
Қасиетін ұғындырған қара шал.

Бір ақындай Алатауға өрледің,
Бір қазақтай елге сіңді еңбегің,
Бір адамдай сүрсеңдағы өмірді,
Он адамға жүк болардай берженің.

Қырандайын шарлар қазақ даласын,
Қарт Ертіс пен Ақ Жайықтың арасын.
Араладың, азаматың таныды –
Алақанға салды сені Алашың.

Арқансыз – ақ сайрандадың жыр бағын,
Шәрбәтінен қанып іштің тұнбаның.
Қазақ қызын сүйе білген жүрекпен,
Қырым қызын мөлдіретіп жырладың.

Қара арғымақ, жыр жолында есіліп,
Шаптың ұзақ ел мерейін осіріп.
Жұрт қалада сенделгенде сен жаттың.
Көшім хандай Сібіріңде көсіліп.

Махаббатқа кәріде мас, жас та мас.
Асыл адам айтқан сөзін тастамас.
Сүйген жарың Зурашыңды сен алдың.
Айырбастап Алматыға баспа- бас.

Ел – жұртыңның кәдесіне жараған,
Мұраң қалды, ұрпақ қалды тараған.
Сәбең де емес, Ғабең де емес – бұл елді
Жидебайға айналдырған Ғалы - ағам!

Тербетуде туған далаң - бесігің,
Жоқтайды әлі оз анаңдай Есілің.
Бір арманым - көре алмадым алдыңды,
Бір бақытым – балаларыңның досымын!..

Сабыр ИБРАЕВ,
кандидат исторических наук

ПОЭТ И СЫН РОДНОГО КРАЯ

К СТОЛЕТИЮ АКЫН АГА

Говорить о нашем замечательном земляке поэте Галыме Малдыбаеве и трудно и легко. Трудно – потому что, его произведения, вошедшие в сокровищу национальной культуры, заставляют крайне тщательно выбирать слова, ибо вопреки кажущейся простоте, произведения таких поэтов сложны и неоднозначны. А легко потому, что суть его стихов остается неизменной, и она красноречивее любых слов, которые можно сказать о нем.

Сын своего народа, своей эпохи Галым Малдыбаев начал свою литературную и журналистскую деятельность в конце 20-х годов. И уже на первом съезде писателей СССР в 1934 году в докладе секретаря Союза писателей Казахстана, имя Галыма Молдыбаева стояло вместе с именем Сабита Муканова, в ряду наиболее талантливых молодых литераторов республики. К этому времени вышли в свет несколько его книг, среди которых современники выделяли «Орак-Балга » (Серп и молот), «Донгелек» /Колесо/, «Караганды» и др. Эти поэмы в стихах, в которых автор описывает непростую жизнь соотечественников – ярко выделялись среди других произведений не только своей эмоциональностью, но и глубокой литературной формой. Содержания стихов отмечены смутной тревогой, страстной мечтой о жизни без зла, глубокой озабоченностью проблемами и тайнами человеческих судеб, где для каждого персонажа, эпизода характерно иное восприятие мира, часто существенно отличное, иное решение нравственных и общественных проблем.

Работая в г. Алмате, в жанре литературной поэзии Г.Малдыбаев тесно сотрудничает с Мухтаром Ауэзовым,

Сабитом Мукановым, Габитом Мусреповым, Иваном Шуховым и другими классиками казахстанской литературы. Такое творческое окружение вдохновляло его новые произведения, которые сразу же замечались любителями поэзии. В 1932г. находясь на лечении в Крыму Г.Маллдыбаев, пишет свою знаменитую поэму «Крым-кызы» /Дочь Крыма/.

Сын степных просторов Приишимья ярко, в сравнении представил красоту седых вечных гор и огромного Черного моря. Красной нитью через поэму проходит мысль о том, что мир сильнее и важнее отдельного человека, что величественная природа – единственная постоянная величина в тревожно переменчивой жизни. И лишь любовь, такая как у Арзы дочери Крыма и Мустафы способна соперничать с постоянной природой. Услышанная легенда о великой любви этих молодых людей настолько воодушевила

Галыма Малдыбаева, что он с упоением, в короткий срок написал большую поэму, которая в последствии была поставлена в ряд с известными произведениями классиков казахской литературы, такими как «Сулушаш» С.Муканова, «Куралай Сулу» Исы Байзакова и была занесена в обязательную школьную программу. По признанию многих современников, поэма стала своеобразным эталоном высокого поэтического слова в казахской литературе.

Своеобразный талант Галыма Малдыбаева раскрывается и на журналистском поприще. Он был одним из организаторов многих областных и районных газет. Являлся первым редактором таких газет, как «Акмолинская», «Алтын Арка», Уральская «Кзыл-ту», Павлодарская «Колхоз», Баянаульская «Ленин жолы», Балхашская «Балхаш жумысшысы».

В начале Великой Отечественной войны Г.Малдыбаев был включен в штат литературных сотрудников при знаменитой Панфиловской дивизии, сформированной в Алма-Ате. Но по пути следования на фронт из-за обострившийся болезни он был комиссован и отправлен на лечение. После лечения, работая собственным корреспондентом «Социалистик Казахстан» часто бывал в командировке по республике и в родных краях, где в 1944г., повстречал красавицу Зураш из аула Теренсай. Эта встреча координально изменила судьбу поэта и писателя Г.Малдыбаева. Ради большой любви и будущей

семьи Галым Малдыбаев не задумываясь, уезжает из Алматы и до конца своих дней остается жить на родине, Шал-Акынском районе, на той земле, которая по праву может гордиться своими талантливыми сыновьями, такими как: Шал-Акын, Молдахмет Тырбиев, Ахметжан Нуртазин, Ермек Конарбаев, Евней Букетов, Какимбек Салыков, Аманжол Кошанов, Жараспай Нурканов, Герольд Бельгер, Александр Викторенко и другие.

В Западной науке появилась новая дисциплина – «Экология этносов», которая всесторонне рассматривает проблему развития и становления личности и как показывают исследования этой науки, – природа является основополагающим стержнем в появлении самородков, талантов, государственных деятелей, героев, колоритных личностей в отдельно взятом районе. И ярким подтверждением тому может служить и наш родной край, район Шал-Акына.

Г. Малдыбаев, живя в с. Теренсай и воспитывая большую семью, активно трудится, сотрудничая с республиканскими газетами и журналами.

Поэтапно выходят в свет сборники стихов и произведения, такие как «Калдырган» /Завещание/, «Желдерме» /Ритм/, «Алтын-Арка», «Ак-Кептер» /Белый голубь/, поэма «Батыр-Искак», посвященная подвигу земляка Героя Советского Союза Искака Ибраева.

В последние годы выходит сборник «Избранное», составленный из лучших стихотворений и поэм поэта.

Во всех его произведениях сквозит огромная любовь к Родине, ее людям, сострадание к заботам и переживаниям, доброте и мире. Ряд его стихотворений по сей день помнят наизусть многие односельчане. Так как они дороги и знакомы им, в стихах есть родной аул и его окружение, край предков, своя малая родина, свой лесок, свое укромное местечко на берегу тихой речки, старицы, знакомая и привычная лавочка возле дома.

В подтверждении этих слов хотелось бы привести одно из стихотворений поэта, наглядно показывающее его любовь к родной земле.

Цветам, распустившимся в райском краю
И зернам степи эту песню пою
Я голос былого и отклики новых времен
Вложу ювелирно я в последнюю песню свою.
Что было, оставило в памяти след
Я вброд перешел глубину моих лет.
Напутствуя тех, кто по жизни вслед мне идет,
Вложу ювелирно я в песенный звон

Что было? оставило в памяти след
Я вброд перешел глубину моих лет
напутствуя тех? кто за мною идет
И верю, в стихах – себе смысл найдет.

Я верою тверд.
В череде лет и дней
Я буду всегда со страною моей слугою
Земли, не щадя своих сил
Все то, пожиная, что когда-то взрастил

Очень примечательно, что в дни 100-летнего юбилея дети Г. Малдыбаева смогли издать юбилейный сборник под названием «Дастандар» куда вошли 16 лучших поэм поэта. Мы переживаем нелегкое перестроечное время, экономический кризис после развала СССР еще не преодолен. Но даже и в эти непростые годы мы должны помнить и чтить своих славных земляков.



Шашубай МАЛДЫБАЕВ,
сын

ОН ВОСПЕЛ ЭТУ СТЕПЬ.

К 110-ЛЕТИЮ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ ПОЭТА

...В детстве это была моя самая любимая история. И хотя я знал ее наизусть, постоянно приставал к отцу с просьбой рассказать ее еще раз. Особенно мне нравилось, когда отец рассказывал ее во время приезда в наш дом известных и почитаемых людей. Мне казалось, что с таким именем в их глазах я выгляжу солиднее.

Это было летом 1949 года. В поезде, следовавшем из Алма-Аты в Моск-ву, ехали участники декады культуры Казахстана в столице Советского Союза. В одном из купе рядом со знаменитым певцом-сказителем из Балхаша Шашубаем сидел моложавый худощавый человек, имя которого тогда было широко известно в республике, а его поэмы в стихах входили в учебники. После обмена мнениями о казахстанской литературе собеседники охотно поменяли тему на воспоминания о домашних.

Признайся, Галым, это казы тебе наверняка молодая келин положила в дорогу, - с улыбкой произнес старец Шашубай, пробуя копченую конину.

Ваша правда, - ответил собеседник, - она с дочкой дома осталась.

Вот к осени, даст Бог, ждем пополнения, надеюсь увидеть сына...

Утешь старика, если родится сын - назови его моим именем...

И действительно, осенью у поэта родился сын, и, верный данному слову, он назвал младенца Шашубаем...

О Галыме Малдыбаеве, как об отце и главе большого семейства, конечно же, я знаю много, как о поэте и писателе - наверное, недостаточно. Увы, сегодня большая редкость и удача найти работы литературных критиков довоенной и даже послевоенной эпохи. Ведь именно на конец 20-х и на-

чало 40-х годов пришелся пик литературного творчества моего отца. Не случайно на Первом съезде писателей СССР в 1934 году в докладе секретаря Союза писателей Казахстана имя Галыма Малдыбаева стояло рядом с именем Сабита Муканова в ряду наиболее талантливых молодых литераторов республики. К тому времени читатели были знакомы с несколькими его книгами, среди которых современники выделяли «Балпа-Орак», «Донгалак» и «Караганда». Эти поэмы, в которых автор описывал непростую жизнь простого народа, привлекали не только своей актуальностью, но и литературной формой. В плеяде первых советских казахских писателей отец был одним из немногих, кто работал в жанре поэмы.

Я вброд перешел глубину моих лет.
Напутствуя тех, кто по жизни вослед мне идет,
Сжигает свечою поющее сердце поэт.
Я верою тверд.
В череде нескончаемых дней
Я буду душою всегда со страною моей.
Я буду слугою земле своей, сил не щадя,
Все то пожиная, что было посеяно в ней.

Талант молодого Галыма к стихотворному творчеству одним из первых заметил в 1920 году известный поэт-революционер Баймагамбет Истулин. Именно он посоветовал тогда начинающему акыну связать свою дальнейшую жизнь с поэзией и познакомил с молодыми литераторами Петропавловска. Отец до конца своих дней с благодарностью вспоминал этого легендарного человека, гордился знакомством с ним.

До войны Галым Малдыбаев жил и работал в Алма-Ате. Находясь в самом центре культурной жизни, он был знаком и дружен с Мухтаром Ауэзовым, Сабитом Мукановым, Габитом Мусреповым, Иваном Шуховым и другими классиками казахстанской литературы. Такое творческое окружение вдохновляло его на новые произведения, которые сразу же замечались любителями поэзии. Но его творческие планы, как и ход всей истории, нарушила Великая Отечественная война. Летом 41-го отец был включен в штат литературных сотрудников при знаменитой Панфиловской дивизии, формировавшейся в Алма-Ате. Однако по-настоящему увидеть, что такое война, он не успел: из-за обострившейся болезни он был комиссован и отправлен на лечение в Крым.

Большая известность к отцу пришла после выхода в свет

знаменитой поэмы в стихах «Крым кызы». Она была поставлена в ряд с известными произведениями классиков казахской литературы, была включена в обязательную школьную программу. По признанию многих современников, поэма стала своеобразным эталоном высокого поэтического слова в казахской литературе.

Заслуги отца как профессионального журналиста не менее значимы, чем писателя и поэта. Он был одним из первых организаторов и руководителей многих областных и районных газет, в том числе акмолинской «Жана арка», уральской «Кзыл ту», павлодарской «Колхоз», баянаульской «Ленин жолы», балхашской «Балхаш жумысшысы».

После знакомства с моей мамой отец, бросив все удобства и перспективное будущее, вернулся на родину и остался жить в ауле Теренсай. Ради семьи и детей он, не задумываясь, оставил все, что связывало его с большой литературой. Однако до конца своих дней не выпускал из руки перо. Тесное сотрудничество с районными и областной газетой позволяло расширить круг почитателей его таланта. Ряд его острых и правдивых стихотворений по сей день наизусть помнят многие односельчане.

Вспоминая сегодня об отце в дни его юбилея, мы возвращаемся мысленно в далекое детство, проведенное в селе Ленино Сергеевского района (ныне район Шал акына), в «сосновый дом на краю аула», о котором писал в своей повести наш замечательный земляк Герольд Бельгер. Вспоминаем аульных аксакалов, приходивших к отцу за советом или просто побеседовать по душам. Мы благодарны землякам за то, что они хранят память о нашем отце. Сегодня имя Галыма Малдыбаева носят средняя школа в его родном селе Жанажол, одна из улиц районного центра. В юбилейный год родные и почитатели таланта писателя надеются, что дань памяти отдадут и жители областного центра, назвав его именем улицу, на которой он прожил много лет.

Уәлихан ҚАЛИЖАНОВ,
филология ғылымының докторы,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

ӨЛЕҢІ ЕДІ ҚАЛДЫРҒАН...

ТУҒАНЫНА 110 ЖЫЛ

Әдебиетке әркім әртүрлі жолмен келеді. Бүгінде 110 жасқа толып отырған Ғалым Малдыбаев кеңестік дәуірдің дүр еткен толқынына қосылып, поэзия айдынына екпіндеп келіп, Сәкен, Сәбит, Бейімбет сынды жарқ етіп көрінген жұлдызды шоғырдың қатарына қосылды. Әрине, бүгінгі күннің ұлық поэзиясының биігінен қарасақ, 1920-1930 жылдары әдебиет әлеміне имене кіріп, өзінің кедей дауысымен жар салған ақынның мұрасы көп те емес, аз да емес. Бірақ оның өмірден көргені мен тоқығаны көп еді.

Қазақ қоғамы қыл үстіндегі бөліністі елестететін. Бір жағынан ескі феодалдық-патриархалдық құрылым құрдымға кетіп, екінші жағынан кеңес өкіметі келіп, оның үстіне саяси қуғын-сүргін орын ала бастады. Мұндай кезеңде әр адамның азаматтық көзқарасы қалыптасады.

Ғалым Малдыбаев жоқшылықта өскенді. Сондықтан да кеңес өкіметін бар жүрегімен қабылдады. Оған адал қызмет атқаруға тырысты. Осылай білімін толықтыру мақсатында 1925 жылы Қызылжардағы партия-совет мектебіне оқуға түседі. Бұл өзін іздеген, өлең іздеген Ғалым Малдыбаевтың бағын ашты. Өйткені, осы партия-совет мектебінде "кәдімгі Сәбит Мұқанов" сабақ беретін.

Сәбит Мұқанов өз шәкіртінің психологиялық, адами қалыптасуына ерекше әсер етті. Және екеуі бір-біріне деген ерекше ілтипат пен сыйластықты соңғы демдері таусылғанша қадірлеп өтті. Бұл ғажайып сыйластықтың сыры неде? Бір елдің, болмаса бір өлкенің адамдары болғандықтан емес, екеуі де қарадан шығып, қалам ұстаған, жалшылардың жырын жырлаған үндестігімен бірін-бірі ұқты, түсіністі, қимас достыққа жетті.

Кеңестік идеология қатты жұмыс істеді. Санаға сіңген бостандық, теңдік, сәулетті болашақ туралы ұғымдар ол кезде ешкімді бейжай қалдырмады. Бұл Ғалым Малдыбаев өлеңдерінің өзегіне айналды.

Ленин аты аузында әр адамның,
Ленин аты салтанаты заманның.
Ленин қуат, Ленин сенім, Ленин күш,
Ленин аты көкірегінде баламның.

Әрине, күн көсемге сенген ақынның бұлай жырлауы орынды болатын. Өйткені, ол өлеңмен саясатқа үн қосуды мақсат тұтты. Мұны өзінің азаматтық парызы санады.

Алтын күннің нұрын берген,
Жер жүзінде Балға-Орақ.
Теңсіздерді теңестірген,
Балға-Орағым жалғыз-ақ, –

деген өлең орамдарынан идеологиялық штамптың мықтылығын көресің. Ақын осы "Балға-Орақка" сену арқылы қазақ елінің болашағына сенеді. Бұл үшін ақынды айыптаудың қажеті жоқ. Ол – заманының, қоғамының үні.

Заман сыны қатал еді. Сондықтан да партия-совет мектебін бітірген соң Ғалекең 1927 жылы Петропавлдағы "Бостандық туы" газетінде редактордың орынбасары болып жұмыс істейді. Ақын өмірбаянын оның өзі жазып қалдырған "Менің еңбек кітапшам..." деген өлеңдер топтамасынан айқын аңғаруға болады. Ол:

Атымды Ғалым қойған соң,
Білмей қалай тұрайын.
Замана-бағым болған соң,
Жазбай қалай тұрайын, – деп толғанады.

Иә, Ғалым Малдыбаев өлең жазбай тұра алмайтын еді. Өз заманының көрнекті ұлдарының әдеби мектебі әсер етпеуі мүмкін еместі. Осы кезеңде Мағжанның "Батыр Баяны", Сәкеннің "Көкшетауы", Сәбиттің "Сұлушашы" елең-алаң қазақ көңілін биіктетіп тастаған. Бұл туындылар іштей ақындық бәйгенің мәресін көрсетіп жібергенді. Оған Ғалым Малдыбаев та қосылды. Осылай "Қырым қызы" поэмасы өмірге келді. Бұл жай ғана поэма емес, өлеңмен жазылған роман еді.

Қырым қызы - Арзының тағдыры талайталай бұралаңдарға толы. Ол жалшылықтың тауқыметін көреді. Мұстапа деген жігітпен тұрмыс құрып, Мүбәрәк атты сәбиі өмірге келеді. Бірақ оны түріктер ұрлап әкетіп, небір бейнетті басынан кешіріп, күндікті көріп, туған ауылы Әйбетерге жетеді. Бірақ ажал оның соңынан қуып келе жатқан. Мұң-зарын айтқан Арзы үшін ұрлап әкеткен Әли жауыздың мылтығы оқтаулы

еді. Арзы мен бейкүнә сәби өлім құшып, теңізге құлап бара жатты.

Жазықсыз екі жұлдыз суға батты,
Жас бөбек су астында иек қақты.
Күңіренткен Қырым қызы қайғы-зарын,
Тау, тас, шың, ақ құс, орман шулап жатты, –

деп келетін бұл поэмада жанама түрде қазақ қоғамының, бұрынғы қазақ өмірінің шындығы бар.

Ғалым Малдыбаев өлеңдерінің сарыны да, әуені де уақытына, қилы заманына қарай өзгеріп отырады. Қазақ даласының сұлу келбеті ақын шабытына шабыт қосады.

Сарыарқа – сары теңіз ұлан-байтақ,
Қазақтың кең даласын тұрсаң байқап.
Даңышпан Абай ақын сол далада,
Жырымен надандықты өткен жайқап.
...Ұлы Отан, даңқы зор Қазақстан,
Білімі, өнері де құстай ұшқан...
Ақын лирикалары әр қырлы.
Бір лирикасы таза табиғат тылсымына тамсану:
Аққу, қазын ұшырып,
Сонау жылы аймаққа.
Бұлт шымылдық түсіріп,
Күз қарайды жан-жаққа.
Бір лирикасы сезім мен көңілдің көрінісі:
Қараңдаршы тоғай қыздай көркті,
Бай табиғат сырлы сипат беріпті.
Сүйген жарын құшақтаған сұлудай,
Көк Есілге ормандары тоніпті.
Ал бір лирикасы мұң мен шер туралы толғаныс:
...Қайда, қайда, қайда кеттің ілезде,
Құлап түскен жұлдыздай боп теңізге.
Найзағайың жарқылдатпай ұрланып –
Осы көктем сені әкетуге келді ме?

Сәбит Мұқанов дүниеден өткендегі осы бір күңіреніс жанжүйкеңді дірілдетпей ме?

Ғалым Малдыбаев – журналист, ақын. Ол Ақмолада "Жаңа Арқа" газетін шығарды (1928 жыл 1 мамыр), ал 1929 жылы Оралда "Қызыл ту" газетін ұйымдастырды. Қазіргі "Орал өңірі" газетінің тұңғыш ұйымдастырушысы – Ғалым атамыз. Осы өлкеде жүргенде ақынның шабытына шабыт қосылады. Атақты "Орал-Жайық" өлеңі өмірге келді.

Ақжайық суың – күміс, отың – ырыс,
Тоғайың – жас келіншек киген бүліс.
Жағалауда талай батыр жауға шапқан,
Көк тұлпар, күміс сауыт сілтеп қылыш.

Еліңді "Кіші жүз" деп атап қазақ,
Өсірген Қыз Жібегін айға балап.
Исатай, Махамбет пен Шернияздар,
Елес пе бұлбұл құстар алтын қанат.

Ақын-журналист өмірі өнегелі де өркенді. Ол Сейітжан Омаровты, Дихан Әбілевті, Ғабдол Слановты, Зейін Шашкинді, Жұмағали Саинды, Есмағамбет Ысмайыловты, Қалижан Бекхожинді, Зейтін Ақышевті әдеби ортаға қосқан ақылшы ұстаз да.

Ғалым Малдыбаев өмірі осылай жарық та тегіс болды деп айту қиын. 1937-1938 жылдары оған да ұлтшылдық шекпені жабылады. Сәбит Мұқановтың көмегімен Түмен асып, екі жыл Ресей жағын паналайды. Бұл жылдар ақын жүрегіне сызат түсірді, ауруға шалдықты. Бірақ қоғамдық азат ойдың орталығы Алматыға келіп, Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне түсіп, оны 1942 жылы тамамдайды.

Отты жылдардың отты жырлары ақын қаламына қуат әкелді. Политрук Клочков туралы қуана жырлады. Мұнда өлім мен өмір парасаттық қуатқа ие.

Майданға ұлы мақсат шақырғанда,
Аттандық риза боп өлім, қанға.
Халық үшін құрбан болу батыр салты,
Өлім жоқ жауды жеңіп өлген жанға, –

деген өлең жолдары қуатты, жалынды. "Отан үшін отқа түс, күймейсің" деген батыр Баукең Момышұлының қанатты сөздері осындайда көз алдыңа келеді. Өйткені, сол кездегі отансүйгіштік рух, туған ел үшін шейіт болу әр жауынгердің жүрегінде қатқан серттей еді.

Бүгінгі күнге дейін Ғалым Малдыбаев ақынның шығармашылығын зерттеуде қағыс келе жатқан бір туындысы бар. Оның аты елеусіз. "Қошан карттың әңгімесі" деген жыры. Поэма десе де болады. Бұл нағыз қызыл империяның

қылышынан қан тамып тұрған идеологиялық қыспақ кезінде жазылды. Аты елеусіз болғанмен, заты салмақты. Онда Қошан қарттың аузымен қазақтың хан Абылайының ерліктері, ұлт үшін жанпида еткен тағдыры баяндалады.

Абылай билеп Арқа сахарасын,
Өрлеткен ұзақ жылдар өрге тасын.
Келгенде хан алдына жер, су сұрап,
Көрші елдің дарға асқан кәрі-жасын.

Осы жолдарды оқығанда бірден озбыр, қанішер Абылайдың бейнесі көз алдыңа келіп тұра қалады. Бірақ тереңдеп оқыған сайын Абылай бейнесі жарықтанып сала береді. Өйткені, Абылай қазақтың жерін сұрап келген жауларды жазалайды екен.

Жер үшін қазақ, қалмақ араз болған,
Жолына орлар қазып, соққан қорған.
Садақтар сағасынан қанға бөгіп,
Оқ тескен қалқан құрап, сауыт тозған.

Бұл жырдың ішінде Қыран мен Сана махаббаты, қарт Бұхар жыраудың зары да өте үйлесімін тапқан. Бұлардың да құнықері – Абылай. Неге? Ол қазақ жігіті Қыранның жоңғар қызы Сананы алуына қарсы. Қос ғашықтың өліміне қалың жұрт жыласулы, қалың жұрт қайғылы.

Жалғыз-ақ аямаған хан Абылай,
Деді ол: "Өле берсін қос сұмырай".
Діні жат, қаны жаттан қыз алмасын,
Қазақтың жігіттері бұдан былай.

Иә, Абылайдың бұл кезде атын атаудың өзі ерлік еді. Оны озбыр ретінде көрсеткенмен, автордың жердің иесі де, киесі де қазақ екенін меңзеп тұрғанын аңғару қиын емес.

Сан рет Сарыарқа үшін тоқтің гөй қан,
Қырылды қалмақтардан мыңдаған жан.
Айғақ боп "Қараоба" мен "Сарыоба" тұр,
Күңіреніп тұрған жоқ па "Қалмаққырған", –

деген өлең жолдарынан ақынның Абылайға деген алғысы мен мақтанышы аңғарылып тұр емес пе?

Ақынның поэмалары да біршама ұлттық рухпен астасып жатыр. "Қырым қызы", "Шахтер", "Қажымұқан", "Қошан қарттың әңгімесі", "Батыр туралы дастан", "Ақ келін",


"Ана әңгімесі" сияқты поэмалары өзінің поэтикалық және формалық ізденісі жағынан ақынның ең таңдаулы, көркемдігі жоғары, бейнелілік пен тарихилық тұрғысынан алғанда ең үздік шығармалары екендігі айқын.

Әрине, 1937 жылдан денсаулығы нашарлап, өмірін Солтүстік Қазақстан облысында өткізген ақын ірі әдеби ортадан алыста қалды. Бірақ өз заманының үнін жеткізіп, қолынан қаламын тастаған жоқ.

Ақын:

Жарықта қалса жан жырым,
Өлсемдағы жоқ арман.
Ұмытпа, мені, тірімін,
Өлеңім, белгім қалдырған, –

деп өлеңін ұрпағына аманаттаған еді. Аманат жүгі ауыр. Елі, жері ақынның туғанына 110 жыл толғанын ұмытпаса екен.



Жақсыбай САМРАТ,
жазушы.

ҒИБРАТЫ МОЛ ҒАЛЕКЕҢ

ТУҒАНЫНА 110 ЖЫЛ

Халықтың рухы жаншылмаған XX ғасырдың басында Солтүстік Қазақстаннан дарын қуаты зор біршама өнер иелері шыққанын жақсы білеміз. Әсіресе, атағы исі қазаққа танымал ақын-жазушылар, сазгерлер шоғыры үлкен еді. Ертеректегі Қожаберген жырау, Сегіз сері заманына бармай-ақ, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағыларды ғана санамалап өтер болсақ, Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Мағжан Жұмабаев, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Иван Шухов есімдері бар қазаққа етене таныс, олардың еңбектері барлық халқымыздың жүрегіне жеткен. Жерлестері олардың есімдерін орынды мақтаныш етеді. Әрине, мол сулы, құнарлы жер болмаса тақыр, шөлейт, ащылы жерге тойымды көк шықпайтыны сияқты осынша дарабоз дарындарды берген өлкеде аса танылмаған есімдердің де көптігін аңғаруға болады. Солардың бірі – ақын Ғалым Малдыбаев.

Ғалекеңді әдебиет сүйер қауым мен оның тарихынан мағлұматы бар адамдар өте жақсы біледі. Өйткені, Ғалым Малдыбаев – XX ғасырдағы қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар, дарынды тұлғаларымыздың бірі. Сонау 30-шы жылдарының ақ оның "Орақ пен Балға", "Доңғалақ" атты жыр жинақтары шыққан. Кейбір өлеңдері мектеп оқулықтарына да енгізілген. Ақынның "Қырым қызы" поэмасы жөнінде белгілі ғалым, филология ғылымының докторы Мырзабек Дүйсенов: "Қырым қызы" Ғалым ақынның өнерін жаңа белеске көтерген күрделі туындысы болды, творчествосының ең шырқау биігі және қазіргі қазақ әдебиетінің тамаша қазынасы болып табылады", – деген пікірін білдірген еді.

Жігіт ағасы жасына келген кезде ақын денсаулығына бай-

ланысты сұлу Алматыны тастап, ұзақ уақыт бойы өзінің туған жерінде өмір сүріп, еңбек етті. Сонау жылдарда Солтүстік Қазақстанда тұрақты түрде өтіп тұратын ақындар айтысының да негізгі ұйымдастырушысы, айғайшысы Ғалым Малдыбаев еді. Оның ұлттық патриоттық рухты өшірмей, жастарға үлгі беріп, халықтың кеудесінің басылмауына жасаған осындай зор еңбектері бар. Ғалекеңнің ұрпақтары да елге сыйлы, тәуелсіз еліміздің іргесінің беки түсуіне лайықты үлесін қосып жүрген жандар.

Ал енді осындай дарынның атын ескеруде облыс жұртшылығы қандай еңбек істеп жатыр дегенге келейік. Түк те істемей жатыр десек, артық болар, бірақ 2002 жылы 100 жылдығына байланысты Петропавл қаласының бір көшесін оның атына беру туралы шешім әлі күнге сиырқұйымшақтанып, орындалмай келеді. Сол кездегі қалалық ономастикалық комиссияның төрағасы, қала әкімінің орынбасары Д.Күтербековтің 2002 жылдың 7 мамырында шығарған мынадай шешімі бар: "Учитывая утвержденный акимом области "план мероприятий к 100 летию Г.Малдыбаева" и ходатайство областного центра "Асыл мұра" городская ономастическая комиссия единогласно приняла решение: 1. Поддержать ходатайство о переименовании ул. Советской в улицу Галыма Малдыбаева. 2. Ходатайство о переименовании улицы Советской в улицу Г.Малдыбаева внести на рассмотрение акима города".

Қош. Енді әкімдік өзі құрған ономастикалық комиссияның шешімін өзі орындауға тиісті еді ғой. Бірақ сол бір жарым жыл бойы орындалмаған. Тек 2003 жылдың қараша айында ғана сол кездегі қала әкімі В.Никандров ендігі тәртіп бойынша бұл мәселені қалалық мәслихаттың II сессиясында қарауға ұсынады. Жасыратыны жоқ, қалалық мәслихаттың сол кездегі депутаттары "Совет" атауына бүйректері бұрып, түрлі сылтаумен оны өзгертуді қаламайды. Кеңес өкіметінің қазақ халқына пайдасы болды, әрине бірақ зиянын атап өтуге ауыз бара бермейтін, өткен ғасырдың 20-шы жылдарында бір, 30-шы жылдың басында екінші рет қолдан аштық жасап, қазақ халқының жартысынан көбін қырып тастағанын мәслихат депутаттары біле бермейді ғой тегі. Олар тіпті ком-

мунистік диктатуралық режімді күшейту мақсатымен 1937-1938 жылдары халқымыздың сүт бетіне шығар қаймағын да түгел қырып тастағанын да білмейтін шығар. Ал біліп тұрып "Совет" деген сөзге жаны ашыса, олардың кім екенін тану қиын. Сөзге емес қазақ халқына жаны ашыса, мұндай сөздің біздің жерімізде мәңгі өшкенін қалар еді.

Сонымен Ғалекеңнің аты II сессияда өтпеген соң 2003 жылдың желтоқсанында болған III сессияға да ұсынылады. Бұл жолы да өтпеген соң 2004 жылы тағы ұсынылады. Бірақ бұл жолы депутаттар қаладағы көше атауларын өзгертуге мораторий жариялайды. Бір қызығы, Ғалекеңнен кейін ұсынысқа түскен бұрынғы обкомның бірінші хатшысы В.Демиденко, облатком төрағасы Н.Болатбаев сияқты азаматтарға көше атаулары еш қиындықсыз берілген.

Ал Ғ.Малдыбаевқа келгенде түрлі кедергілер шыға берген.

Соның ішінде 2008 жылдың 1 шілдесінен 2009 жылдың 1 сәуіріне дейінгі аралықтағы моратрийге де киліккен.

Ұзын сөздің қысқасы, Ғалым Малдыбаев сынды тұлғаның есімін қастерлеп, кейінгі ұрпаққа үлгі қылу ісін бұдан әрі кейінге қалдыра беруге болмайды деп ойлаймыз. Биыл аталып өткелі отырған 110 жылдық мерейтойы қарсаңында атақты жерлестеріне лайықты сый көрсету солтүстікқазақста ндықтарға үлкен сын.



Жанар ТАЛАСПАЕВА,
Ф.ғ.к., доцент, М. Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан
мемлекеттік университеті.

АҚЫННЫҢ ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫ

Ұлы Қазан төнкерісінен кейін қазақтың кең даласында ұлы өзгерістер толқыны өріс алып, жаңа өмірдің екпінді белгілері бой көрсеткені аян. Әдебиетте де, мәдениетте де жаңа қадамдар қаулап, жаңа үндер естіле бастады. С.Сейфуллин, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов сынды көркемсөз шеберлерінің есімдері халық аузында аңыздай жатталып, олардың жаңа туындылары қараңғылықтан оянған халықтың жүрегінде ой тербеп, қиял самғатып жатты.

Осындай алыптардың ізін басып, олармен бірге халық мұңын, халық қуанышын жырлап, шабыт туын көтерген ақын-жазушылардың ортасында Ғалым Рахметұлы Малдыбаев болды. Ақын шығармашылық өмірінде көркем әдебиеттің әр саласына араласып, туған әдебиетіміздің барша жанрының дамуына сеп тигізіп, ат салысқан. Атап айтқанда алғаш әдебиетке қысқа өлендермен келген ол, поэма жанрын меңгере жүре, драмалық шығармалар жазып, сын-сықақ жанрының қазақ әдебиетінде дамуына қызмет еткен болатын. Қазақ әдебиетінің көгінде өмір бойы жемісті еңбек еткен ақынның қаламынан біршама сүбелі туындылар «Қырым қызы», «Батыр туралы жыр», «Ақ келін», «Шахтер», «Ана әңгімесі», «Қажымұқан», «Қошан қарттың әңгімесі», «Жиырма сегіз батыр», «Көрұғылы», «Қорқыт батыр», «Сарыарқаға саяхат» т.б. оқырман қауымынан лайықты бағасын алған. «Ғ.Малдыбаевтың қай поэмасын алсаңыз да, ерлікті, батырлықты, батылдықты шабыттана жырлайтыны рас. Ол поэмалардың кейіпкерлері ары таза, сезімтал жандар болып келеді. Ақынның туындыларының қай-қайсысы да сюжеттік шығармаларға жатады, демек, автордың жүйелеп

ұтар ситуациялары бар, шешім бар. Қайсыбір поэмаларын өлеңмен жазылған роман деуге де болатындай» [1,60б.].

Қазіргі тіл білімінде адамзат қауымының ғасырлар бойғы тіл арқылы дүние бейнесін тануға ұмтылған талабынан келіп, шындық болмысты танудың белсенді формасы болып табылатын тілді тұтынушы, дүниетаным өзегі – тілдік тұлғаны зерттеу проблемасы бой көтерді. Осы тектес жұмыстардың антропөзектік бағытына сәйкес ұлттық мәдени құндылық ретіндегі ұлттық тілдік мұраны, ұлттық ділді, ұлттық психологияны терең меңгерген Ғ.Малдыбаевтың тілдік тұлғасын зерттеу – ұлттық болмыс пен халықтың дүниетанымын тануда маңызы зор.

Ақын әдеби тіліміздің баюына, жетілуіне, соның ішінде көркем әдебиет тілінің, бейнелі тілдің өзіндік қолтаңбамен молығуына зор үлес қосты. Оның қаламынан ұлттың жанына жақын небір өлең-жырлар, поэмалар туды. Соның барлығында ұлттық тілдің көркемдік бояуы өшпеген, өзіне тән көркемдік мәнермен баяндалған күйде жетті.

Ақынның поэзиялық мұралары қазақ поэзиясындағы өзінше бір көркемдік әлемді қалыптастырған – үлкен бір белес. Бұлайша бағалауымызға ақынның поэзиясының тілі, ондағы көріктеу құралдарының қолданылу ерекшеліктері негіз болады.

Суреткердің тілдік-мәдени құзіреті оның поэтикасынан көрінеді. Егер тілдік тұлғаның қаруы – сөз, жан-дүниесі – өз ұлтының, халқының аяулы перзенті бола алуы десек, ақын осы талаптардың қайсысына болсын толық жауап бере алатын, соған сай шебер қаламгер ретінде бағалаймыз. Оның қаламынан ұлттың жанына жақын небір өлең-жырлар, поэмалар туды. Соның барлығында ұлттық тілдің көркемдік бояуы өшпеген, өзіне тән көркемдік мәнермен баяндалған күйде жетті.

Қаламгер ақындығының бастау көзі – халықтық жырдастандар, хиссалар болды. Халықтық дәстүрлі поэзиялық қолданыстар ақын өлеңдерінің көркемдік негізін құрады десе де болады. Ақын өзінің поэмалары мен лирикалық өлеңдерінде қазақ халқының дәстүрлі сөз өрнектерін шеберлікпен пайдаланып отырған. Авторлық көркемдік ізденістер мен дәстүрлі қолданыстар жымдаса өріліп, ақын өлеңдерінің көркемдік бейнесін жасайды.

Ақын өзінің таным-түсінігін, қиялын, болмысын белгілі бір ассоциация арқылы береді. Оның өлеңдеріндегі «өмір», «өлім», «табиғат», «сұлулық», «махаббат», «қайғы», «ашу», «ерлік» т.б. концептері дүние бейнесін суреттеуде өте жиі қолданылып, ақынның өзіндік көзқарасын қалыптастырған. Соның бірі – адамзатқа ортақ, өмірлік мәні бар концептілердің бірі – «өмір» концептісі. «Өмір» концептісі ақын өлеңдерінде негізгі тірек-бірлік болып саналады. Адам үшін ең басты құндылық, ең бағалы нәрсе – өмір болса, сол өмірді танып-білуде ұлттық сипат басым болып келген. Тілдік тұлғаны зерттеуге қатысты жұмыстардың мақсаты оның мағыналық және тілдік доминанттарын табу болса, Ғ.Малдыбаев көркемдік мұрасының негізгі концептілерінің бірі ретінде өмір концептісін атауға болады. Өмір концептісінің көркем дискурс шеңберінде әрбір нақты семантикалық, психологиялық және эмоционалдық-эстетикалық түрде жүзеге асуы тұлғаның тілдік санасының ерекшелігімен айқындалады.

Әдетте, концептіге негіз болатын тірек сөз болады. Мысалы, «өмір» концептісіне «өмір» сөзі кілт сөз ретінде негізгі тірек ұғымын атқарады. Өмірді тану тәжірбиесі «өмір» концептісін көркемдік тұрғыдан бейнелеуінен көрінеді. авторлық қолданыстарда әлем туралы білім жинақталған. «Өмір» концептісі Ғ.Малдыбаевтың тілдік тұлғасында аса жиі қолданылатын лексикалық бірліктің бірі. Оның тезаурусы ақын поэзиясында көбінесе мынадай ассоциация арқылы танылған: сұм өмір, қонақ өмір, меңіреу өмір, қатыгез өмір, өмір - дауыл, өмір - теңіз, өмір - керуен, өмір - өткел, өмір - алтын тұғыр, өмір - ескі мен жаңаның көпірі т.б. Ақын поэмаларында кейіпкерлерінің ащы тағдырын көрсетуде төмендегі концепілерге жүгінеді: Өмір-тағдыр: Сұм тағдыр шырылдатқан бишараны; Өмір-қонақ: Тірлік-қонақ, кімдер мәңгі тұрмақшы; Өмір-қатыгез: Арзының өмірі тас, серігі тас; Өмір-меңіреу тұрмыс: Алды жар, арты тұйық меңіреу тұрмыс; Жегізіп тар тұрмыстан күдер үзгіз; Қамады қасқыр болып тұйық өмір; Өмір – қоғам: Болғанда қоғам дауыл бұрқыраған, Мұстапа қаңбақ болып түскен орға; Өмір – заман, дәуір: Ысқырған айдаһардай ол бір заман; Түйені түгіменен жұтқан дәуір; Бұл дүние көшіп кетер керуен болып т.б. Поэмаларындағы «өмір» концептісі кейіпкерлерінің

тағдырымен өзектес, олардың көңіл-күйлерімен, күйзелу, мұң, аянышты тағдырларын танытатын ұғымдармен байланысты алынған. Ол негізінен «Қырым қызы», «Шахтер» поэмаларында жиі көрініс береді де, көбіне «қиындық», «ашу», «ажал» концептілерімен астасып жатады. Ақын өмірді бірде қаумалаған қасқырға балап метафора тәсілін пайдаланса, бірде ысқырған айдаһармен салыстырып теңеу әдісімен берген.

Ақын шығармаларындағы концептілерді талдау оның өмір, әлем, тіршілік жөніндегі концептуалды тұжырымдарын анықтайды. Ғ.Малдыбаевтың авторлық танымын байқататын лирикалық өлеңдерінде «өмір» концептісі адам өмірінің күнделікті қажырлы еңбегі, қайратты білегі мен еліне жасайтын адал қызметі. Ғ.Малдыбаевтың поэзиясындағы концептілердің қалыптасуының бейнелі сипатын талдай отырып, ақынның кең арналы лирик-ақын екендігіне көзіміз жете түседі.

Өмірдің құндылығын, мәнін анықтаушы – өмірмен диалектілік бірлікті құрайтын ажал, сонымен қатар, өмірге қарама-қарсы ассоциативті концепт «Өлім». «Өлім» концептісін білдіруде теңеудің образы ретінде көбіне – күн тұтылды, ай сөнді, тау түнерді, толқын тулады, жер қайғырды деген сияқты табиғат құбылыстарымен астасқан ой-суреттермен беріп отырған. Автор көркем туындысының эмоциялық әсер қуатын арттыру мақсатында табиғат көріністерін жанды етіп суреттеуге, кейіпкерлерінің тағдырымен бірге өріп бейнелеуге жиі барады.

«Контраст концептілер - бірінсіз-бірі болмайтын, бірін екіншісі толықтырып отыратын немесе бірінен кейін бірі жүретін, тіпті бір - біріне қарама - қарсы тұратын ақиқат дүниелердің жұптасып қана танылуы» [2,37б.]. Өмірдің ақыры өлім. Оның үстіне қатал тағдырдың ырқынан шыға алмаған кейіпкерлерінің басынан кешкендерін суреттегенде «өлім» концептісінің көрінуі де түсінікті. Көбіне ақын өлім ұғымын «иек қақты» эвфемизімен беріп отырған. Мысалы, Қаны ағып, сүйретіліп, иіскей беріп, «Қош, Арзы, Аман бол!» - деп иек қақты. Өлім - жылан: Мойнына ажал жылан оралған соң, Зарланды барлық күшін жиып алып; Мойнына оралғанда қара жылан. «Өлім» концептісін беруде автор «қара» түсін қолдануға жиі барған. «Қара» лексикалық бір-

лігі қазақ халқының ұғымында өлімді, қайғы-қасіретті, азаны білдіреді. «Қара жамылды», «Қаралы үй» тұрақты тіркестері осындай салт-дәстүр, ұғым-түсініктерден қалыптасқан болуы керек. Поэмада «өлім» концептісі қара жылан эпитетті метафорамен беріліп, өзіндік прагматикалық семантикаға ие болған.

Ақынның тілдік тұлғасында қайғы семантикасының лингвокогнитивтік деңгейі тереңдей түседі. Қоғамдық-әлеуметтік мәселені қозғаған, кедейлердің ауыр тұрмысын, әйел тағдырын жырлаған поэзиясында «қайғы» концептісі адамның күйінішімен, шерімен, уайымымен бір мағынада жұмсалады. Ақын поэзиясының концептуалды әлемінде «қайғы» концептісі субъективті дүниетаным нәтижесінде «уайым, қасірет, мұң, шер» семаларымен анықталады. Ақын шығармалары бойынша «қайғы» концептісін шартты түрде мынадай когнитивтік модельдер арқылы танылады: Қайғының салмағы зор. «Ah»десем отты жалын шашырайды, Ай-Петри тауымен тең жүрек шері;

Осылай ой-образға құрылған қайғы концептісі, ақын танымында динамикалық тынымсыз қозғалыста, іс-әрекет үстінде болады. Қайғы тіршілікте кездесетін мұң-шерге байланысты қозғалып, түрлі сыртқы әсерлерге байланысты асқына түседі. Уақыт өткен сайын адам бойындағы қайғы да ұлғая түсіп, салмағы арта түседі. Мысалы, Ай-Петри қара тасты көтергендей, Қайғыдан жүре алмаймын белім ұйып, Телегей теңіз жасым шын тұңғиық, Құйылған бұлақ болып көздің жасы.

Қайғы - азап уы. Қайғыны сусын қылып уын іште; Қан жұтқан қайғыменен жетім қызың; Ай-Петри қара тасты көтергендей, Қайғыдан қансыраған Арзы ару; Қиналып қабырғасы күйреген қыз; Құйылған бұлақ болып көздің жасы. Деп келіп, күнім қараң, күнім қараң т.б. Қайғы жан азабымен, іштегі шермен бірге өрілетін адамның сезім-күйі. Оның үстіне бірде қан жұтқан, бірде қансыраған жанның сонша қайғыға берілуі кейіпкердің азабын одан сайын күшейтіп, оқырманның аяныш сезімін туғызары сөзсіз. Берілген концептілер шығарманың мазмұнын ашып, ой жетелеуге қызмет атқарады. Ақын көркем туындысында кейіпкер тұлғасының шебер бейнеленіп, ашылуына көп көңіл бөлген. Яғни

автордың ішкі толғанысы, әлемі, аяныш сезімі кейіпкердің мінез-құлқымен, іс-әрекетімен, жан азабымен бірге беріледі. Осының нәтижесінде автор, кейіпкер, оқырман арасында байланыс орнап, дискурстық жүйе қалыптасқан. Бұл автор мен оқырманның арасындағы қатысымдылықтың нәтижесі.

Суреткердің сюжетке құрылған туындыларында кейіпкер алдыңғы қатарға шығады. Оның тағдыры, мінез-құлқы, сезім-күйі экспрессияны туғызбай қоймайды. Сол себепті эмоционалды концептілердің ішінен ашуға байланысты фреймдік құрылымдар біршама жиі жұмсалған. Мысалы: Долданып өзін-өзі шашын жұлды, Бұрқанып өз маңдайын өзі ұрды, Қанталап екі көзі оттай жанды; Ұрлады дүниемді қандай доңыз, Жау қайда, ішем қанды, ішем қанды; Бойларын ашу кернеп дірілдетті; Жараған бурадай боп екіленіп; Түтіккен қабақтары қаны қайнап; Кіжініп жұмысшылар тасынады; Бұрқанды бурадай боп қылмай тұрақ тағы басқа осы сияқты қайнаған ашу-ызаны білдіретін өлең жолдары поэмаларының сюжетімен үндесіп, қазақтың ұғымына, танымына сай түсініктермен шебер суреттелген. Ақын осылайша өзгеше бітім-болмысымен, көркемдік қуатымен көзге түсетін, бейнелеу машығымен ерекшеленіп тұратын жыр-дастандарын дүниеге әкелді.

Табиғат аясында туып өскен әрбір ақынның туған жер тақырыбына қалам тартпауы мүмкін емес. Туған мекенін, оның табиғатының әсемдігін жырлау – барлық ақынның перзенттік парызы. Ақын туған жер табиғатын ерекше махаббатпен, шабыттана жырлайды. Жалпы ақын табиғатты суреттегенде өзінің не кейіпкерлерінің көңіл - күйін, сезім иірімдерін шынайы жеткізу үшін фон ретінде жиі пайдаланады. Ол қай шығармасында болмасын кейіпкерімен бірге қуанады, шаттанады, немесе күйзеледі, қайғырады. Сондықтан оның шығармалары шынайы, кейіпкерлері таныс болып, оқырмандарын бірден баурап алады.

Ақын поэзиясындағы «Туған жер» концептісінің концептілік құрылымы: Туған жер – ата-ана; Туған жер – тың дала; Туған жер – сұлу тоғай; Туған жер – қарақатты, мойылбасты, жемісті, шөпті, иісті, келісті тоғай; Туған жер – сары теңіз Сарыарқа; Туған жер –Қызыл гүлді Қызылжар т.б.

Еліміздің солтүстігін алып жатқан егінді алқапты, жемісті

тоғайды жырларына қосып жырлау осы өңірде туып өскен ақын-жазушыларға тән ерекшелік. Кір жуып кіндік кескен туған жерінің байлығын, жайлылығын шынайы көрсеттегін тіркестер ақын шығармаларында мейлінше мол.

Ғалым Малдыбаевтың тұлға ретіндегі танымы осы концептілік құрылымдар арқылы танылады. Концепт тудырудың метафоралық жолы – көркем ойлаудың нәтижесі деп түсінуге болады. Метафораның жасалу тетігінде бұрыннан белгілі сөздер мен жаңа мағына қосылатын сөздер салыстырылып, ассоциацияланады, тың мағыналы жаңа тіркес пайда болады. Ақын көріктеу құралдарын жұмсағанда құр әсемдік үшін емес, поэзиялық шығармаларына ұлттық көркемдік болмысты сіңіре, жаңаландыра, түрлендіре пайдаланады. Көріктеудің түрлеріне ақын ретінде өзіндік көзқарасымен, үнімен қарап, қазақ поэзиясындағы дәстүрлілікті шығармашылық тұрғыдан кеңейткен. Ғалым Малдыбаевтың тілдік тұлға ретінде қалыптасуының поэтикалық негізі берік, ол өзінің көркем тілімен, қазақ әдебиетіне әкелген тың туындыларымен тілдік тұлға деңгейіне көтерілген ақын.

Тіл – ұлттың айнасы, жан-жүрегі, оның күллі рухани, имани, табиғи ырыс-игіліктерінің негізі десек, сол ұлттың айшықты тілі көркем әдебиетте көрініс тауып, сол арқылы ұлттың шынайы болмысын бейнелей алары сөзсіз.



Әлия МАЛДЫБАЕВА,
ҚР оқу ісінің құрметті қызметкері,
педагогикалық еңбектің ардагері.

"ҚЫРЫМ ҚЫЗЫНЫҢ" ҚЫРМЫЗЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ

ТУҒАНЫНА 110 ЖЫЛ

Әлі есімде... Ауылдағы үйде әкемнің жазу үстеліне қарама-қарсы қабырғада керамикадан жасалған бір әдемі сурет ілініп тұрушы еді. Әкем бір нәрсеге қатты ойланған кезінде немесе жазудан бойын жазған кезде сол суретке үнемі қарап отыратын. Суретте мынадай көрініс бар: толқыны жағаға ұрып жатқан теңіз. Теңіздің ортасында биік жартас. Жартастың үстінде кеудесіне сәбиін қысқан әйел. Оның үрейлі кескіні. Бала күнімізде әке-шешеміз оны бізге: "Қырым қызы", – деп түсіндіретін. Одан әрі оның байыбына біз бара бермейтінбіз.

Мектеп бітіретін жылы әкемнің "Қырым қызы" поэмасын оқыдым. Содан кейін барып үйдегі ілулі тұрған суреттің мәнін түсінгендей болғанмын.

Одан бері де қаншама жылдар өтті! Бүгінгі күні өзім де әке жолын қуып әдебиетші болған соң, қолым қалт еткенде әкемнің әр шығармасына жете үңіліп, қадір-қасиетін ұғына түскендеймін.

Сонау 30-40-шы жылдары қазақ әдебиетінің іргетасын қаласқан көрнекті қазақ ақындарының арасында Ғалым Малдыбаевтың есімі де ерекше аталады. Қиын-қыстау кезеңдерде Павлодарда, Баянауылда, Балқашта, Орал өңірінде журналистік жұмысымен бірге газет орындарын ашып, редакторлық қызмет атқарумен қатар "Қырым қызы" сияқты поэмасымен жарқ етіп танылған талант та болатын.

1934 жылы ақын Қырымға курортқа барады. Қырымның әсем табиғаты ақынға шабыт, өнеріне өріс сыйлайды: оның ой-қырын, таутасын, Қара теңізді асықпай тамашалайды.

Қырымға дүниеде жер жете ме,
Өзге жер көңілді ондай тербете ме?
Қырымның тауы, гүлі сыр шертпесе,
Көзден жас, көкіректен шер кете ме? – деп тартымды басталады поэма.

Оның қысқаша сюжеті:

Оқиға Қырымдағы Месқор деген қалада өтеді. Қазаннан келген ерлі-зайыпты Таһир мен Зейнеп Ғазиз деген байдың есігінде күнелтеді. Олардың Арзы атты 1 жастағы қызы болады. Таһир Ғазиз байдың қазынасы мол сарайын күзетеді. Бір күні түн ішінде ұрылар Ғазиз байдың бар байлығын тонап кетеді. Қатты ашуға булыққан Ғазиз: "Сен де ұрылармен біргесің", – деп, Таһирді алтыатармен бірақ басады. Кінәсіз Таһир тіл тартпай кетеді.

Одан әрі Зейнеп пен Арзының аянышты өмірі басталады. Ай-Петри тауын мекен еткен олар ау құрып, балықпен күндерін көреді. Сөйтіп Арзы 16-18 жасқа келеді. Месқорда Мырзақ деген бай екі әйелдің үстіне Арзының сұлулығына қызығып, алмақшы болады. Сол себепті ол қыздың сүйген жігіті Мұстапаны өлтірудің қамын ойлайды. Осы кезде түркі елінде Ғұсман деген патша: "Қырымда Арзы деген асқан сұлу қыз бар", – дегенді естиді. Сөйтіп Әли деген жігіт арқылы Арзыны ұрлатып алдырады. Бірақ патша қанша асты-үстіне түссе де, Арзының қабағы бір ашылмайды. Шыдамаған ол барлық шындықты патшаға жайып салады: Қырымда Мұстапамен көңіл қосқанын, іштегі бала сонікі екенін айтқан кезде Ғұсман қаһарына мініп, Арзының көзін жоюға тапсырма береді. Бір түнде біреулердің көмегімен Қырымға кемемен қашқан Арзыны Әли қуып жетіп, атады. Арзы сәбиімен бірге Қара теңізге суға кетеді.

Поэманың бар оқиғасы Арзы мен Мұстапаның төңірегіне құрылған. Яғни, екі жастың сүйіспеншілігі, бір-бірін жантәнімен жақсы көрген, адал, албырт сезімдерін үстемдік қара күш аяққа таптап жаныштайды. Бірақ ақын аянышты өткен екі жастың тағдырын қызықтау, оған тамсану мағынасында жырламайды: поэмаға күшті әлеуметтік арқау беріп, ол арқылы қазақ даласында да болып өткен әділетсіздікті әшкерелейді, кіршіксіз таза екі жанның арманына жете алмай қыршын кетуі сол заман кесепінен деген ойды уағыздайды, жастардың азаттығын аңсайды.

Ескі өлең, қиссаларда, эпостық жырларда кездесетін бейнелер де өз алдына сұлулық, көркемдік, ұнамдылық қасиеттерімен көзге түсетіні рас. "Қырым қызында" да осы ерекшеліктер айрықша жарасымдылықпен, нанымдылықпен әрі идеяның терең мазмұнымен көрінеді. Оның үстіне

Ғ.Малдыбаевтың поэмасында атам заманғы жайттар емес: халықтың таяу мерзімдегі хал-күйі, қоғамдық, әлеуметтік жайы, қарама-қарсылық сияқты саяси мәні зор оқиғалар көтеріледі. Басты кейіпкерлердің бірі – Мұстапаның бар іс-әрекеті бас бостандығы үшін, теңдік үшін күрес. Сүйген жары Арзыға қосылу жолында ол үлкен өмір азабын бастан кешеді, таяқ жейді, ақырында үстемдіктің салдарынан қаза табады.

Арзы – кедейдің қызы. Оған төңірегінде қызыққандар аз емес. Ол – ақылына көркі сай, сұлу қыз. Ақын оны былай суреттейді:

Ақ жүзді, бота көзді, қара қасты,
Қыр мұрын, алма ерін, жібек шашты.
Қаз мойын, қаршыға төс, кептер иық,
Сабырлы, жарқын мінез, ықыласты.

Болса да құдай сұлу сырын ашпас,
Құлпыра сынғырлаған шолпы тақпас.
"Ержеттім, қандай жігіт қырындар", – деп,
Байлардың қызындай ойлап жатпас.

Өйткені Арзы еңбекпен қайнап өсті,
Таста ойнап, тірлік үшін суды кешті.
Көбігін Қара теңіз шолпы қылып,
Тулаған толқындарда қайық есті.
Арзы жастайынан бірге өскен, еңбекпен шыныққан балықшы Мұстапаны жақсы көреді. Ол үшін жанын қиюға әзір:
Мұстапа, балдан тәтті сені сүйгем,
Жалғанда жарым сенсің, саған тигем.
Тәңірім, бұл сөзіме болсын айғақ,
Өмірде сен деп өлем, сен деп күйем...

Арзы қанша қиыншылық көрсе де, қайсарлық, табандылық, ақылдылық көрсетумен оқушыны сүйсіндіреді. Жаны таза, махаббатына берілген, адал көңілді Арзы қара түнек заманның осылай құрбаны болады.

Мұстапа поэмада батыл, өжет, еңбексүйгіш, қиындыққа төзімді, сертіне берік жан боп суреттеледі. Оның да бар өмірі теңіз бетінде өтеді, ау құрып, балықты ғана қорек етумен өткен. Көрген азабы ұшан-теңіз. Сондықтан да кек пен өш оған айрықша күш береді:

Мұстапа өмір бойы бейнет шеккен,
Жоқшылық жас басынан еңіреткен.
Анасын жесір қалған асырап ол,
Теңізден балық аулап, кәсіп еткен.

Мұстапа көптің бірі зәбір көрген,
Ежелден жоқтық, шіркін, бұған ерген.
Алды жар, арты тұйық, меңіреу тұрмыс,
Кигізген жас балаға отты жүген.

Поэмадағы оқиғаның өрбу барысында Мұстапа мінезі айқын көріне түседі. Қайсарлық, табандылық – оның басты қасиеті. Сүйгені Арзымен бірге болу мақсатымен оның істемеген әрекеті қалмайды, бірақ алдынан кедергілер шыға береді. Арзыны алмақ болған Месқордағы Мырзақ бай Мұстапаны құдалаудың астына алады, терең зынданға тастатады. Одан достарының көмегімен құтылған Мұстапаның соңынан Мырзақ тағы да қалмайды. Ақыры, Мұстапаның құтылып кеткенін сезген ол адамдарымен келіп, оны өлтірмекші болғанда, ашу-ызаға булыққан Мұстапа Мырзақтың өз қанжарын өзіне сұғып, қан қылады. Сөйтіп, одан кегін алады.

Осы кезде Қырымдағы жұмысшылардың озбырлардан зорлық көріп, хал-ахуалы өршіп тұр еді.

Бұл кезде Қырым елі күнде жанжал,
Төбелес теңіз басы шулы қамал.
Шығады жанжал, айқай жұмысшыдан,
Жолыққан жоқшылыққа қандай амал?

Аңы аз, жұмысшыға тамақ та жоқ,
Күні-түні дамыл көрмейді жұмыс та көп.
Алатын еңбекақысын талап етсе,
Үстем тап ұрып-соғып жаудырды оқ.

Үстемдікке қарсы күш көрсеткені үшін Арзыдан айрылған Мұстапаны Қырымның озбырлары дарға асып өлтіреді. Байдан, дәулеті асқандардан кек алу оның басты мақсаты еді. Өзінен басым күшпен арпалыста ол мерт болады. Бірақ поэманың жалпы мазмұнынан болашақ теңдікке, жарық күнге сенім мол байқалады. Қазақ жастарына үлгі болған бұл поэма азап пен қорлықтан біржола азат болуды уағыздайды.

"Қырым қызы" – реалистік шығарма. Оның қаһармандары ойдан жасалған, қиялдан шыққан жансыз, қансыз бейне-

лер емес, өмірдің қайнар бұлағынан алынған таза жанды, ыстық қанды, халық ортасынан шыққан. Мұстапаның ауыр тұрмысы, көрген зорлық-зомбылығы – бәрі нанымды суреттелген. Әсіресе, Мұстапа мен Арзының ішкі жан толқынысы, көңіл серпілістері, оттай лаулаған сезімі мен аңсаған арман-дары – поэманың асыл сөздермен көркем де шебер қиюласқан тұстары.

"Қырым қызы" – сюжетті поэма. Оқиғаның басталуы, шегіне жетіп, шиеленісуі, кейін шешілуі – бәрі де классикалық шығармаға тән заңдылықпен өсіп-өрбіп отырады. Қай қаһарманның болса да кейпінде, сөзінде жасандылық жоқ, қайта олардың әрбір қылығының орындылығы, нанымдылығы оқушыны сүйсіндіріп отырады. Бұл – жоғары көркем туындыға бірден-бір тән қасиет.

"Қырым қызы" идеялық мазмұнының тереңдігі жағынан, сюжеттік құрылыс, поэтикалық шеберлігі жағынан қазақ әдебиетінің қорына үлкен үлес болып табылады.

Енді "Қырым қызының" көркемдік тілі туралы бір-екі ауыз сөз.

20-шы жылдары (XX ғасыр) С.Мұқанов, С.Сейфуллин, Б.Майлин, т.б ақын-жазушылар поэзияға жаңа түр енгізуге тырысқаны мәлім. Олар қазақ поэзиясын біршама сатыға көтерді. Ғ.Малдыбаев та адам мен қоғам өмірінің жаңа мазмұнын таныту үшін көп ізденіп, өз поэзиясын жаңаша сөйлетуге ұмтылыс жасады. Онысы осы "Қырым қызы" поэмасында ұйқас буын, ырғақ саласында ғана болмай, көбіне ақынның теңеу, метафора, эпитет, кейіптеу сияқты шеберлік кесте-өрнектерінен көрінеді. Мысалы, мына бір әдемі эпитеттің орайласып келуін қараңызшы:

Сылдырап сүйреңдеген, сыңғырлаған,
Ақ күміс бал ләззатты аққан бұлақ.

Ақын Мырзақ байдың іс-әрекетін суреттеуде теңеу сөздерді де қиыстыруға шебер.

Мысалы:

Тауықтың қоразындай қоқырайып,
Қарайды айбаттана шақырайып.

Немесе:

Мысықтай сирек мұртын сипап кезек,
Сықситып шегір көзін оқтай кезеп.
Тепкілеп, шаштан жұлып арсылдайды,
Жараған бурадай боп еңіреніп.

Сонымен бірге шығарманың өн бойында кейіптеу мен әдемі эпитеттің араласып келуі жиі кездеседі.

Күрсініп көк толқындар тулап жатты,
Арзының жібек шашын кезек өріп.

Немесе:

Жыртқыш аң бір кемпірді көкпар қылып,
Салып ап ыңғына кетті жүріп.
Ананың айқайлаған дауысына,
Сояу тіс бара жатыр сылқ-сылқ күліп.

Арзының Қырыммен қоштасуын (дәстүрде бар) ақын сұлу сөздермен өрнектейді.Метафораларды дәл тауып жұмсап, поэзияның экспрессиясын күшейтеді:

Қош, Қырым, көркем Қырым, гүлді Қырым,
Қоштасам деп ойлап па ем бұдан бұрын?
Қызылшыл құзғындарға тұтқын болды,
Бауырыңда киігіңдей жүрген қызың.

Қош Қырым, етегің – жаз, басың – мұнар,
Кеудең – қар, көкірегің – сенің ызғар,
У ішкен су орнына мен бір сорлы,
Әлсізді азық қылды арсыз мұндар.

Қазақ ауыз әдебиетінде қыз бен жігіттің өлеңмен қағысу үлгісі бар екені белгілі. Сол әдемі көрініс бұл поэмада да кездеседі. Мысалы:

Әли: – Сұлу қыз, гүлді жүзің неге солған?
Қасірет жас басыңнан неден болған?
Қайғыңның, қарашығым, жөніңді айтшы,
Жанбысың шыға алмаған құрған тордан?
Арзы: – Уа жігіт, халім жаман, өмір ботен,
Жөніңді айт, нашарды аяр доспын десең.
Жоғалтқан Мұстафаны мен Арзы қыз,
Сөйлеп бер, сол жоғымды тауып берсең.
Әли: – Шырағым, таба алмайсың Мұстафаны,
Бұлақтай көз алдында аққан қаны.
Қырымда байлауда көп жүре алмассың,
Мекен қыл бұдан былай Түркияны.
Арзы: – Бармаймын мақтасаң да Түркияңа,
Ит бармас Ғұсман патша сұрқияңа.
Таяныш қаһарлы жұрт өрісім бар,
Өлемін Қырымның мен құшағында.

Поэмаға көрік беретін бір әдемі көрініс – көңілі қаламаған Ғұсман патшаның алдында Арзының жай-күйін ақынның аллегориялық тәсілмен беруі:

Ей, патша, мен Қырымның киігімін,
Оқ тиген жүрегіме күйіндімін.
Ай едік бір уақытта тұтас туған,
Мен содан ұшып түскен қиындымын.

Суреткер ақын әр ойды, әр сөзді бейнемен мүсіндейді. Осындай сөзді құбылту тәсілі шығармаға көрік бере түседі. Ел сұлулығы мен ақылдылығына қызыққан Арзының басындағы хал-ахуалын "Мен содан ұшып түскен қиындымын", – деп, кішірейтіп те жібереді (Литота).

Ақын кейіпкерлерінің ойын әдемі айғақтау үшін қазақтың мақал-мәтелдерін де шебер қолдана біледі: Көп әйел – пайғамбардың сүндеті; Ел құлағы елу; Сау басқа – сақина; Бөрі мен қозы жолдас болмас; Сыйға – сый, сыраға – бал; Жалғыздың жары – Құдай; Аңдыған жау алмай қоймас, т.б.

Поэманың 30-40-шы жылдардағы қазақ поэзиясының таңдаулы шығармасы болып саналуына ақынның көркемдік ізденуі, сюжет тартымдылығы, тіл шеберлігі және оның халықтық сипаты себеп болды. Рас, поэмаға арқау еткен оқиғаның таптық мәні зор еді: әлдінің озбырлығы мен әлсіздің көрген қорлығы, әсіресе, адамның бас бостандығының жоқтығы суреттелген. Поэманың өлеңдік, поэзиялық тартымдылығы да оқушыларға айрықша әсер етеді. Осы поэмасы арқылы Ғ.Малдыбаев қазақ поэзиясын жоғары көтере білді.

Енді бұл поэманы кезінде "өлеңмен жазылған роман" деп атаған әдебиет сыншысы М.Қаратаев, филология ғылымының докторы М.Дүйсенов сияқты ғалымдар бар. Өзім ҚазМУ-де 3-курста оқып жүргенімде, "Әдебиет сыны" курсынан сабақ берген ұстазым Мұхамеджан Қаратаев дәріс үстінде: "Қазақ әдебиетінде өлеңмен жазылған романдар санаулы-ақ: бұлардың қатарында И.Байзақовтың "Құралай сұлу", С.Торайғыровтың "Кім жазықты?", С.Мұқановтың "Сұлушаш", Ғ.Малдыбаевтың "Қырым қызы" поэмалары жатады", – дегені бар еді. Сол кезде алдында отырған Қазгелді Әбдірахманов деген қостанайлық курстас жігіт: "Ғалым Малдыбаевтың қызы әне отыр, бірге оқимыз", – деп, М.Қаратаевтың назарын маған аударып еді. Содан кейін ол кісімен жете танысып кеттім. Маған ол кісі 3 томдық еңбегін

сыйлады. Онда мынадай жазу бар: "Қадірлі Ғалекеңнің қызы Әлияні өз қызымдай көріп".

Ол ғалымдардың мұндай пікірге келу себебі мынада болар: қазақ әдебиетінде роман шытырман оқиғалы, сом туған, бір бүтін көркем шығарма болып табылады. Сюжет, композиция, тіл, бейне жүйелері, оқиғалардың өрбуі, өсу, аяқталу кезеңдері болады.

Оның сюжеті қиыннан қиыстырылатыны да белгілі. Оқиғалары бірінен-бірі өрбіп, өніп, белгілі бір шегіне жеткен соң шешімін тауып, заңды аяқталып отырады. Басында белгілі азды-көпті оқиғадан басталып, кейін кең арналы дариядай ұлғайып, жағасынан аса барып тынады. "Қырым қызы" өлеңмен жазылса да, жоғарыдағы аталған әдеби ұғымдарға толығымен жауап бере алады. Сондықтан "Өлеңмен жазылған роман" деп атауға да құқығымыз бар.

Осы мақаланы жазудағы мақсатым: көзі жұмылғанша қолынан қаламы түспеген әкемнің атышулы осы шығармасына көкірегі ояу бүгінгі ұрпақтың назарын аудару еді.

Аяулы елім, маған қалам алдырған,
Ұлым, қызым келешек жас балдырған.
Бәйтеректің басындағы ұядай,

Ескерткішім осы менің қалдырған, – деп өзі айтпақшы, "Қырым қызы" нағыз "қалдырғаны" болып, елінің есінде жүрсе екен.



Ғалым Малдыбаевтың шыққан тегі туралы шағын шежіре:

АРҒЫН – АТЫҒАЙ – ДӘУІТ – ҚАЛҚАШ – ҚҰДАЙБЕРДІ – ЖЕМЕТ – ЖҰМЫҚ - МЕҢДІБАЙ – ЕСЕЙ – КҮШІК – ҚЫСЫРБАЙ – МЕҢДІ – МАЛДЫБАЙ – дан тараған үш ұл: РАХМЕТ, МЫРЗАХМЕТ, СЕЙДАХМЕТ (СЕЙТЕН)

РАХМЕТ МАЛДЫБАЕВ (1880-1946 ж. - бәйбішесі Бәден Бағанатықызы (Керей), Ғалым Малдыбаевтың шешесі.

Екінші әйелі-Рахима-қарындысы Балапан Рахметқызының анасы.

ҒАЛЫМ МАЛДЫБАЕВ (1902-1982 ж)-бәйбішесі Құлшай Нүрпейсова (1912-1975 ж. 1928 жылы қосылған), қыздары Зоя (Ақжайық 1934 ж.) Мырзағұлова, күйуі-Жарқын Мырзағұлов (1936 ж.Керей-Көшебе, Айымжан ауылы). Балалары- Марат Мырзағұлов (1970-2010 ж.) келіндері –Светлана Мырзағұлова, немерелері- Сана, Дана.

Екінші әйелі: Зураш Ерғалиқызы Малдыбаева (1944 жылы қосылған, 1926-2006 ж)

Ұл-қыздары:

Қызы- Ақбаян (1947 ж) күйеуі-Сейіт Қадыров (1943-2007 ж. Албан Талдықорған обл.),балалары – Арман (Бейбіт), Азамат. Келіндері-Лаура, Сәуле. Немерелері –Томирис, Темирлан, Таис және Аиель.

Шашубай (1949 ж) әйелі-Гүлнар Исенова (Қыпшақ, Павлодар обл.) Балалары- Мүсілім, Рауан. Келіндері – Балжан Беркімбаева (Тама, Жамбыл обл). Немерелері – Ғасыр-Ғалам, Еділ-Жайық (Эдуард)

Абай (1951 ж.) әйелі-Меңсұлу Малдыбаева (Сәпенова), балалары- Жанар, Самал, Дидар. Жиендері – (қыздары Жанардан) Камила, Мадина, Наргиз.

Әлия (1953 ж) күйеуі-Серік Қалдыбаев (Ысты, Шымкент обл.) балалары – Алмаз, Ерназ, Гүлсая. Алмаз келіншегі Айжан Аубәкір(Мұратбекова Көкшетау) немерелері Аңсар, Айлана.

Алма (1955 ж) күйеуі- Бейбіт Құдабаев, (Керей-Көшебе, Жамбыл ауданы, СҚО) балалары – Балым, Илияс.

Алтай (1957 ж) әйелі – Маржан Малдыбаева (Есебаева) балалары – Ғабит, Дана. Келіндері – Гүлжан Жапашева (Дулат, Жамбыл обл), немерелері – Сабина, Санжар.

Шәкірбай (1959- 1996 ж) әйелі – Света, баласы – Алмат.

Ғалия (1961 ж) күйеуі- Мейірхан Жұмағұлов (Бабасан, Петропавл қаласы) балалары – Азат (1981 – 2010 ж), Тимур.

Сәбит (1964 ж) әйелі – Айгүл Малдыбаева (Бабасан ,Оразалина) балалары – Серуен, Арай.

БАЛАПАН РАХМЕТҚЫЗЫ БЕКСУЛТАНОВА (1926-1996 ж) күйеуі- Жұсұпбек Бексұлганов (1924 -2002 ж) қызы – Роза (1951 ж) күйеуі- Көбеген Мусин, Балалары – Рустам, Дастан, Самал, Әйгерім, Айнаш. Жиені Самал –күйеуі Қанат Ертурин

Ұлы – Мәулен (1957–1999 ж) әйелі – Рахимадан Молдір, Барысбек, екінші әйелі – Ақбурадан- Алмаз, Асыл.

МЫРЗАХМЕТ МАЛДЫБАЕВ бәйбішесі – Қант, екінші әйелі – Күлән. Балалары (бәйбішеден) Жанғали (1918–1942 ж), Оразғали (1924-1997 ж)

Оразғали әйелі – Орынбасар Малдыбаева (Тұрсынбаева, Сарман ауылы Есіл ауданы) балалары – Марат, Рашида, Мурат, Дулат(1961-2008 ж)

Марат – әйелі Шолпан Малдыбаева (Салықова) бала-

лары – Нурым, Сырым, Гүлім, Гүлжан, Бауыржан, Гульмира.

Сырым – әйелі Ажар, балалары – Құралай, Сұңқар.

Гүлім –күйеуі Жанболат, баласы – Ербол.

Бауыржан – әйелі --Жұлдыз, баласы – Назымбек.

Гүлжан – күйеуі --- Жаслан,баласы Айзере

Гульмира - күйеуі – Нұрбол,баласы Нұрқан

Рашида- күйеуі Талғат Әлібеков балалары – Арман, Жұлдызай, Нұрбек, Дәулет, Дана.
Арман-әйелі Динара Есниязова (Балуан ауылы)

СЕЙДАХМЕТ (Сейтен) МАЛДЫБАЕВ – әйелі Ажар.
Баласы – Қайролла (1930-2001 ж) әйелі Базар
Балалары: Нұрғайша, Мәриям, Абат, Руслан, Дастан, Айдын, Тұйғын, Рүстем (197,-1981 ж)

Қызы – Нұрғайша (1958 ж) күйеуі – Құрман Аманбаев (Қыпшақ, Омбы обл.) балалары – Гульмира, Темірхан, Айдар.

Гульмира - күйеуі Мұхтар Бектұрғанов (Тама, Атырау обл.), балалары - Томирис, Индира, Наргиз

Темірхан – әйелі Айгерім, баласы – Темірлан

Мәриям – күйеуі Хамит(Қыпшақ Омбы обл.), балалары Айгерим, Ерлан.

Абат – әйелі Сәуле, балалары - Толғанай, Жанерке.

Руслан – әйелі Әлия, баласы – Ринат.

Дастан – әйелі Бақыт, балалары Ермек, Ержігіт.

Айдын - әйелі Әлия балалары Арыстан, Мадина

МАЗМҰНЫ

1-бөлім. ӨЛЕНДЕР.

ОҚЫ, ОҚЫ ЖӘНЕ ОҚЫ....7
БАЛҒА - ОРАҚ....8
МОСКВА....9
ЖҮКШІНІҢ ЖЫРЫ....10
МЕНІҢ КҮНІМ....12
КЕЛ, ТУЫСҚАН!....13
МАЙ СУРЕТІ....14
ӨЛКЕНІҢ ӨРКЕНІ....16
АҚ ТЕҢІЗ....17
ТҮРКІСТАН ҚЫЗЫ....18
ТРАКТОРШЫ ҚАРЫНДАСҚА....19
КОМБАЙНШЫ ЖЫРЫ....20
АЯЗ АТА ТЫҢ ТӨРІНДЕ....21
КОМБАЙН....22
ЖҮГЕРІ....23
ТАРТУ....24
КҮЗДЕ....26
МҰЗ ЖАРҒЫШ....27
ЛЕНИНГРАД....28
ЖЫЛҚЫШЫ ЖЫРЫ....29
ЖАҢА ЖЫЛМЕН ӘҢГІМЕ....31
ЖАЗ....32
ҚОЙШЫҚҰЛ КҮЙШІ....33
ӨССІН ДОСЫМ ҰРПАҒЫ....36
АНА АРМАНЫ....37
КӨСЕМ ТУҒАН ЗАМАНДА....39
АНТ....41
АҚ КӨГЕРШІН ҰШЫРДЫҚ....42
КӨРКЕЙТКЕН БАЙТАҚ ЕЛДІ....43
КОМСОМОЛ — МЕНІҢ МЕКТЕБІМ....44
БІЗДІҢ КЕЛЕШЕК....45
ОН КҮН....46
АҒАСЫҢ....47
ЕГІН ЖЫРЫ....48
БЕС ЖЫЛДЫҚТЫҢ БАЛҒАСЫ....50

ЖЫЛДАР СЫЙЫ....52
БАҚЫТ ЖОЛЫНДА....54
ӨМІР ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ....55
ҰМЫТПАШЫ, ҰРПАҒЫМ....60
ТЫҢ ЖЫРЫ....63
ТОҒАЙ....65
КӨКТЕМ ЖЫРЫ....66
КҮЗ....67
КОМБАЙНШЫҒА ХАТ....68
ҚАЙРАН БАУЫР....69
ЕГІНШІГЕ....70
БІЗДІҢ ЕЛ....72
ЕСІЛ ӨҢІРІ....73
ЖЕҢІС....74
КӨКШЕТАУ....75
ЕСІЛ....77
АРҚАДАН ШЫҚҚАН АҚЫНДАР....78
ШУБАЙ АҚЫНҒА....79
ЖЫЛ ҚҰСЫ....80
АҚ КӨГАРШЫН....81
ДОМБЫРА....82
КҮЗГІ КӨРІНІСТЕР....83
БҮРКІТШІ....84
ҚАРАӨТКЕЛ....85
БАЛАЛАРЫМ – БАЗАРЫМ....87
ЫСҚАҚ БАТЫР (Поэма)....89
КАРТА КАЗАХСТАНА....98
МЕЧТА МАТЕРИ....99
ХЛЕБ И ЖИЗНЬ....100
ПАМЯТНИК....101
ПЕСНЯ ШАХТЕРА....102
КАРАОТКЕЛ....104
ӨЗІМЕ....106

2-бөлім. МАҚАЛАЛАР.

ӨМІРДЕН ЕРТЕГІ....145
ӨЛЕҢДЕРІ ӨМІРШЕҢ....170
ҒАЛЕКЕҢЕ....174

ЗЕРГЕР.....175
БИЛЕТ № 2.....180
АҒАЛЫМ АҒА.....189
ЖҮЙРІК ҚАЛАМ ҚҰРҒАМАС.....196
ҚАЖЫРЛЫ ҚАЛАМГЕР.....199
ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!.....202
УАҚЫТПЕН ҮНДЕС ЖЫРЛАР.....203
ЖЫЛДАР МЕН ЖЫРЛАР.....205
ҚАРЫМДЫ ҚАЛАМГЕР.....208
ДҮЛДҮЛ АҚЫН, АБЗАЛ АҒА.....211
ТУҒАНЫНА 90 ЖЫЛ.....216
АЗАМАТ АҚЫН.....222
ШЫНАЙЫ ҚАЛАМГЕР ЕДІ.....227
ӨЗДӘУІРІНІҢ ҮНІ.....231
ҚОЛТАҢБА.....237
СЫРҒА ТОЛЫ СҰХБАТ.....243
ҚАЙРАН АБЗАЛ АҒАЛАР ... .247
АҒАШ ҮЙДЕ ТҰРҒАН АҚЫН.....253
ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ... 254
ЖАРИЯЛАНБАҒАН ЖЫРЛАР СЫРЫ... 262
ӘКЕМЕ.....280
АНАМА.....281
СЫРЛАСЫМ МЕНІҢ.....282
ҒАСЫР ТОЙЫ.....283
ПОЭТ И СЫН РОДНОГО КРАЯ.....284
ОН ВОСПЕЛ ЭТУ СТЕПЬ.....288
ӨЛЕҢІ ЕДІ ҚАЛДЫРҒАН... 291
ҒИБРАТЫ МОЛ ҒАЛЕКЕҢ.....297
АҚЫННЫҢ ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫ.....300
“ҚЫРЫМҚЫЗЫНЫҢ”.....307
ҚЫРМЫЗЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ.....307
ҒАЛЫМ МАЛДЫБАЕВТЫҢ ШЫҚҚАН
ТЕГІ ТУРАЛЫ ШАҒЫН ШЕЖІРЕ.....315

